

БЕК 65 (65)
БЕК 65

ӘДІЛХАН ПІРМАНОВ
АЙЖАН ҚАЛАЕВА

КАЗАК ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ

ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН

АТАМУРА
АЛМАТЫ, 1997

80308

ББК 63.3 (5 каз)
П 95

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ – ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ Ш. Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

Жауапты редакторы – ҚР FM – FA-ның корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы профессор

К. Н. Күнгейсів
тарих ғылымдарының кандидаты
К. С. Алдажуманов

Пірманов Э., Капаева А.

П 95 ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ (Ұлттық интеллигенцияның қалыптасу тарихынан). Монография. – Алматы: «Ата-мұра», 1997. – 160 бет.

ISBN 5-7667-4655-5

Кітапта қазақ интеллигентиясы қалыптасуының алғышарттарына нақты тарихи деректер негізінде тиянақты талдау жасалған. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде үлт зияльыларының алатын орны мен атқарған рөліне лайықты баға берілген.

Зерттеуде зиялы тұлғалар өмір сүріп, қызмет еткен дәүірдің шындығы негізге алынып, қазақ интеллигенциясының тарихы ұлттық ерекшеліктермен, оның өзіндік қадир-қасиетімен және рухани мәдениеттің дамуымен тығыз байданыстықтарастырылған.

Кітап ата тарихымыздың қоғамдық-саяси және руханиемірі қызықтыратын калың оқырман қауымға арналған

П 0503020905-013 Без объявл.
418(05)-97

ББК 63.3(5 каз.)

ISBN 5-7667-4655-5

© Пірманов Әділхан, 1997.
© Қапаева Айжан, 1997.
© «Атамура» 1997

XXI күн көнтәркішіндең нағызынан XIX-күндердің шарттардағы
многатасын туғызып көтті. Бұл мәшиғидағы нағыз жағдайында
шілдес жітілдегіннен едінілекшем мәселе ғана емес, сауда
сауда мен мансарда, оның оның мөлжілігіндең нағызынан
— біз әдіна салып соғып көтті. Гүлмін, тәрізге тоғынан
подесттейнедем нағызынан жағдайдағы жітілекшем, ал да мансар-
данындағы ең жағдайлы болып тұнады.

КІРІС ПЕ

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде, жаңаша ой-пікір мен көзқарастың қалыптасу белесінде халқымыздың өткен жолы мен оның рухани түлеуін тану құралы ретіндегі тарих ғылыминың қекейкестілігі, мән-мағынасы күрт көнегіп, тольға түсуде. Отандық тарихнамада тарихты бұрынғыша түсінуден арылып, оны қайта қарап, соны талдау жасау белен алып келеді.

«Осындағы жағдайда өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау, – деп атап өтілген Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында, – жалпыұлттық бірлігіміздің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бітімі қалыптасуының, оның егемендігін нығайтудың, азamatтық пен отаншылдықты тәрбиелеудің ең бас-ты факторларының бірі болып отыры»¹

Соңғы онжылдықтарда тарихшылардың революцияға дейінгі тарихымызға көп назар аудара бермейтіні, онда еш-қандай елеулі проблемалар болмаған сияқты орынсыз әсер туғызыатыны аңғарылып жүр, сейтіп көптеген мәселелерге лайықты бағасын аларлық ғылыми талдау жасалмай, әтken кезең таптаурын болған конъюнктуралық-идеологиялық түрғыдан көрсетіліп келеді. Тарихи танымды түп-тамырымен және сапалық жағынан жаңартып, ең алдымен оның ілгері басу процесін терендете түсудің қажет болып отырганы сондықтан, ал мұның өзі әтken жолымызға жан-жақты ой жүгіртіп, қоғам дамуының зандалықтары негізінде тарихтың сан алуан құбылыстарын ұғынуға көмектеседі. Бұл – ғасырлар бойы патша өкіметінің отаршылдық бүғауында болып келген бұрынғы Ресей империясы халықтарының тарих ғылымы ушін мейлінше көкейкесті мәселе.

¹«Егемен Қазақстан», 1995, 30 маусым.

Зерттеушілерге XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңі ерекше ынта-ықылас туғызатыны даусыз, өйткені Ресей мемлекетінде капиталистік қатынастардың дамуы орталықтағы ғана емес, сонымен қатар бүкіл отарлық шет аймақтардағы өмір салаларында да – экономикада, мемлекеттік құрылымда, мәдениетте болған ғаламат өзгерістермен сипатталып келді. Жаңа экономикалық укладтың объективті заңдарының ықпалымен қазақтың қоғамдық санаасында елеулі өзгерістер қалыптасты, ал мұның өзі қоғамның дамуын айқындады. Бұл – таяудағы уақытқа дейін талап етіліп келгеніндей, идеялардың, көзқарастардың, теориялардың бір сарынды емес, керісінше алуан түрлі болуынан көрінеді, осы тұрғыда қазақ интеллигенттері дүниетанымының елеулі орын алған даусыз. Сол кездегі қазақ қоғамының тарихи өмір шындығы мен 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы идеяларының ықпалымен қалыптаскан жас қазақ интеллигентиясы өз халқының ұлттық сана-сезімін жетілдіруде зор рөл атқарды.

Алдыңғы қатарлы қазақ интеллигенттері қызметін айқындал берген ең басты нысана төрөндө жатқан тарихи, саяси, ұлттық және мәдени дәстүрлерге сүйенетін бостандық, тәуелсіздік және отаршылдық езгіден құтылу идеясы болды. XX ғасырдың басындағы ұлттық-демократиялық жас қазақ интеллигентиясы бүкіл қазақ халқы атынан іс-қимыл жасай отырып, отарлықтың нәтижесінде территориялық тұтастығы мен ұлттық мемлекеттілігінен айырылып қалған елді экономикалық және рухани дағдарыстан шығару жолын іздестірді, өз халқының мемлекеттігін қалпына келтіріп, халықты жалпы адамзаттық қазыналармен таныстыруға ұмтылды.

Біздің қоғамдық ғылыммызыда кеңес өкіметі кезінде үстем болып келген таптық көзқарас дейтін ұғым оқиғалар мен құбылыстарды бағалағанда бірден-бір дұрыс, бұлжымас әдістемелік принцип ретінде қарастырылды. Мұндай таптық қағида әрбір адам мен әрбір халықтың жеке өзінің бостандығы, бүкіл адамзат мәдениетінде жетістіктерге еркін қол жеткізу құқығы сияқты жалпы адам баласына тән өркениетті игеру жолында қажырлылықпен күрескен XIX-XX ғасырлардағы қазақ интеллигентиясының қызметін объективті зерттеуге кедергі жасады.

Әсіреле осы енбекте зерттеліп отырған кезеңде қазақ интеллигентиясының қалыптасу тарихы, осы процестің тарихи-мәдени алғышарттары бір жақты қарастырылды. Қазақ интеллигентиясы алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің ықпа-

лымен қалыптасып, дамыды деген сынаржақ қағида қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарда мықтап орын алды. Қазақ интелигентиясын қалыптастырудың ұлттық рухани бастау-көздер, қоғамда орын алған әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлардың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ интелигентиясының жаңа легінің пайда болуы мен оның нақтылы іс-әрекетіне жасаған әсері зерттеушілер назарынан тыс қалды. Ал Алаш қозғалысының пайда болуына үйіткі болып, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің белсенді қайраткерлері болған Әлихан Бекейхановтың төңірегіне топтасқан ұлт зиялышары «халық жаулары» деген жалған жалалармен айыпталып, соңғы 6-7 жылға дейін олар туралы айтуға да жазуға да ресми түрде тыйым салынды. Осынау қүрделі тарихымызың кезінде зерттеуге тыйым салынған «ақтандак» беттерін саралау бүгінгі күн тарихшыларының алдындағы үлкен міндеттердің бірі. Демек, қарастырылып отырған тақырыбымыз арнағы ғылыми зерттеу объектісі болуға әбден лайық, тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі деп білеміз.

• Зерттеушілер интелигентияның пайда болған кезінен бастап, осы уақытқа дейінгі қалыптасу кезеңіне ерекше назар аударып, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуында олардың атқарған рөлін анықтауға ұмтылуда.

Ғылымда қоғамдық-саяси тарихтың ерекше құбылысы ретінде интелигентия ұлттық және аумактық құрылымдар мен белгілі бір тарихи мерзім ауқымы аясында зерделенеді.

Алғашқы қауымдық құрылыштан құл иеленушілік құрылышқа өту кезеңіндегі еңбек бөлінісі нәтижесінде ой енбегімен айналысатын адамдар тобы белініп шықты. Ол кезде олар жөнінде «интелигентия» термині әлі де қолданылмаған болатын. Термінді алғаш рет таным процесінің ерекшеліктерін сипаттай келе көне грек ойшылы Цицерон қолданды. Термин XIX ғасырдың екінші жартысында социологиялық мазмұнмен толькты: интеллектуалдық қызметпен айналысқан білімді адамдар интелигентия тобын құра бастады. XIX ғасырдың 80-жылдарында халықтың мұдделерін қорғаған азаматтар соған дейінгі «сыни ойлы тұлғалар» деген ұғымда қолданылғанының орнына «интелигенттер» деп аталағын болды.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының жемісі болумен бірге интелигентия әрбір тарихи дәуірде белгілі бір қызмет атқарып отырды. Қоғамдық өндірістің белен алып, феодалдық жүйенің ыдырауы, капиталистік қатынас-

тардың орныға түсіуі барған сайын интеллигенция қатарының толыға түсіуін қажетсінді. Механикалы техникаға негізделген ауыл шаруашылығы мен капиталистік өнеркәсіптің өркендеуі үшін білікті мамандар жетіспеді. Өмірдің саяси және рухани салалары да жаңа тұрпаттағы идеологтардың, капиталистік тәртіп аположтерінің, жаңа саяси институттарды бағамдаушы қайраткерлердің, ғылым, мәдениет және білім саласындағы мамандардың пайда болын талап етті. Сонымен, әлеуметтік-экономикалық дамурың объективті қажеттеріне сәйкес кәсіби ой қызметкерлерінен жаңа әлеуметтік топ қалыптаста бастады.

Проблеманы терең байыптай келе, зерттеушілер арасында «интеллигенция» үғымын анықтауда бірыңғай тұжырымының орнықлағанын аңғарамыз. Батыс Европа елдерінде «интеллигенция» түсінігіне кәсіптік мән беріледі, ал Ресейде ол ақыл-ой, рухани, адамгершілік негізді білдіреді. Әлбетте, интеллигенттілік пен интеллигенция үғымының мәні бірдей емес. Интеллигенттілік – адамның жеке басы – жан дүниесінің жай-күйі, рухани, ішкі және сыртқы мәдениетінің кемелдену дәреже-денгейі. Ал интеллигенция – қоғамның таптық құрылымындағы әлеуметтік категория. Бұл категорияға ой еңбегін, дәлірек айтқанда, оның үш түрін: 1) нәтижесін товарға айналып, рухани қазына құратын интеллектуалдық қызметті (жазушылар мен суретшілердің т. б. шығармалары); 2) еңбектің нәтижесін шығармашылық іздену процесімен ұштастыратын қызметті (ғалымдар, дәрігерлер т. б.); 3) нәтижесінде материалдық қазыналар жасалатын ой қызметін (инженерлердің, агрономдардың және т. б. еңбекі) кәсіп ететін ақыл-ой иелері жатқызылады.

Демек, әлеуметтік құбылыс ретінде интеллигенция дегеніміз ой еңбегімен кәсібі түрде шүғылданатын, шығармашылық қызметінің нәтижесінде материалдық және рухани қазыналар жасайтын адамдардың қоғамдық құрылымы.

Интеллигенция тақырыбы әрбір дәуір тынысы, оқиғалардың ықпал-әсерімен қоғамтанушылар еңбектерінде әр қырынан қарастырылып келді. Интеллигенцияның пайда болуы мен қалыптасу тарихына, қызмет ету механизміне, қоғамдағы рөліне арнап шетелдік тарихшылар да, кеңестік ғалымдар мен бүгінгі зерттеушілер де бірқатар еңбектер жариялады. Құрамы мен қызметінің сипаты жағынан интеллигенция қатарының ауқымды келетіні, оның атқаратын қызметінің аясы аса кең екені анық. Сондықтан да бұл проблема әр түрлі тұрғыдан алынғып зерделенеді.

Кеңестік тарих ғылымында интеллигенцияның қоғам дамындағы рөлін бағалауда ұзақ жылдар бойы сынаржақ таптық көзқарас, қатып-семіп қалған конъюнктурашылдық үstem болып келді, мемлекеттік идеологияда да, ресми ғылымда да тап күресі түсінігі басымдық етті. Адамдардың санасына бұрынғы, ескі интеллигенция өкілдері буржуазиялық идеологияны таратушылар, кеңес өкіметінің ең зұлым қас жаулары, демек, бар бітім-болмысымен олар көртартпа күш деген пікір біртінде сіңіріле берді. Проблеманы зерттеуге іс жүзінде осылайша тыйым салынды да, оның көптеген көрнекті өкілдері ғаласталып, жексүрін, халық жаулары етіп көрсетілді, олар туралы тек жағымсыз тұрғыдағы пікір қабылданды.

Тарихшылардың күш-жігері негізінен жұмысшы табы мен шаруалардың «жасампаз» тарихын талдауға, әрбір бесжылдықтардағы экономикалық және мәдени «дамуды» дәріптеуге бағытталды, ғалымдар белгілі бір әдістемелік құрсау шенберінен шыға алмады. Тек 60-жылдардан бастап Ресейдің революцияға дейінгі интеллигенциясы тарихының әр түрлі қырларына арналған еңбектер баспа жүзінде жарық көре бастады.

Осындағы алғашқы еңбектердің бірі – Л. К. Ерманның монографиясы¹, онда проблеманы интеллигенцияның қалыптасуы, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайы және қоғамдық-саяси қозғалысқа қатысу мәселелерін қамти отырып қарастыруға әрекет жасалды. 1970 жылдар мен 80-жылдардың бас кезінде П. С. Гусятниковтың, А. В. Ушаковтың және В. Р. Лейкина-Свирскаяның, С. А. Федюкиннің XIX-XX ғасырдың басындағы орыс интеллигенциясының тарихына арналған зерттеулері жарияланды². П. П. Амелиннің, В. Л. Соскиннің, В. П. Филатовтың, О. Н. Знаменскийдің үжымды түрде жарық көрген

¹Ерман Л. К. Интеллигенция в первой русской революции. М., 1966.

²Гусятников П. С. Революционное студенческое движение в России. 1899–1907. М., 1971; Ушаков А. В. Революционное движение демократической интеллигенции в России. 1895–1904. М., 1976; Сонықи. Демократическая интеллигенция периода трех революции в России. М., 1985; Лейкина-Свирская В. Р. Интеллигенция в России во 2- половине XIX вв. М., 1971; Сонықи. Русская интеллигенция в 1900–1917 г. М., 1981; Федюкин С. А. Великий Октябрь и интеллигенция. М., 1972; Сонықи. Социалистическая революция в России и интеллигенция. М., 1980.

еңбектерінде революцияға дейінгі Ресей интеллигенциясын сипаттауға едәуір орын берілген¹.

Бұл еңбектердің бәріне қоғамның әлеуметтік құрылымы, тап күресі мен таптық ымырасызың, қоғамды күш қолдану (революция) жолымен қайта құру, большевиктер партиясы, ғылыми социализм идеясын дамыту, оны жұмысшы қозғалысымен терен үштастыру, революция ісіне интеллигенцияның қосқан үлесі туралы Лениннің сын-наржақ, түрлаусыз тұжырымдары теориялық негіз етіп алынған. Дей тұрсақ та, бұл еңбектер интеллигенция тарихын зерттеушілер үшін айтарлықтай деректемелік мәнге ие.

Үлттық интеллигенция тарихы кеңестік және жаңа кезеңдегі Қазақстан тарихнамасында замана шындығымен жаңасынды зерттеліп отыр. 20-30-жылдары кеңестік болмыс өктемдігі салқының тигізген бірқатар ғылыми еңбектер жазылып, оларда күні бүгінге дейін кесімді шешімін тап-паған проблемалар, атап айтқанда қазақ интеллигенциясының пайда болуы мен қалыптасу жағдайлары қарастырылды. Халқымыздың біртуар ұлы Т. Рысқұлов қазақ интеллигенциясының тарихи тағдырына зор көңіл бөліп, оның пайда болуы мен қалыптасуының хронологиялық ауқымын XIX ғасырдың аяғына жатқызды. Ол қазақ интеллигенциясы өкілдерінің қызметін саяси, әлеуметтік, үлттық бағдарды негізге ала отырып саралаудың дәйектілігін атап өтті². Қазақстандағы тарих ғылымының негізін қалаушылардың бірі С. Ж. Асфендияров та өлкеде интеллигенцияның қалыптаса бастауын XIX ғасырға жатқызды³.

Алайда кейін қатаң таптық методологияға негізделген кеңестік тарихнамада революцияға дейін қазақ интеллигенциясы болғанын теріске шығаратын тұжырымдама берік орнықты⁴. Үлттық интеллигенцияның пайда болуы мен қалыптас-

¹Амелин П. П. Интеллигенция и социализм. Л., 1970; Соскин В. Л. Ленин, революция, интеллигенция. Новосибирск, 1973; Борьба за массы в трех революциях в России. М., 1981; Филатов В. П. Об общем и особенном в дооктябрьском опыте КПСС. М., 1983.

²Рысқұлов Т. Из прошлого казахской национальной интеллигенции. – Избранные труды. А., 1984, 159-б.

³Асфендияров С. Д. История Казахстана (с древнейших времен). М.-А., 1935, 215-216, 228-229-б.

⁴Тастанов Ш. Ю. Советский опыт формирования и развития интеллигенции ранее отсталых народов (на примере Казахстана). А., 1975, 6-б.

суын қарастыратын алғашқы бір арнайы еңбектің атының өзі осыны дәлелдейді¹.

60-жылдардың орта шеніне қарай отандық, ғалымдардың еңбектерінде Қазақстандағы социалистік құрылыштың түрлі кезеңдерінде интеллигенцияның қалыптасуын, даму мәселелерін, олардың қызметі мен атқарған рөлін негұрлым кең ауқымда талдаушылық сипат алды².

Үлттық интеллигенция тақырыбын зерттеудің 70-жылдардан бастап едәуір жандана түскені байқалады. Проблеманың жекелеген қырларын зерделеуге арналған, қазақ интеллигенциясы өкілдерінің өмірбаяндық материалдарына, олардың саяси және дүниетанымдық көзқарастарына теренірек бойлаған еңбектер шығады (К. Бисембиев, С. Бейсенбаев, Қ. Жаманбаев т. б.). Солардың ішінен Р. Б. Сүлейменовтің орыс тілінде жарық көрген «Мәдени революцияның лениндік идеялары және олардың Қазақстанда жүзеге асрылуы»³ деген іргелі еңбегін атап өткен жән, оның екінші тарауы Қазақстанның революцияға дейінгі мәдени мұраларына, «қазақ интеллигенциясының қалыптасуына» арналған. Бес томдық Қазақ ССР тарихының үшінші томында XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы орыс демократиялық мәдениетінің қазақ халқының мәдениетіне тигізген ықпал-аясын сипаттауға маңызды орын берілген⁴.

Қазақ интеллигенциясы қалыптасуының күрделі проблемаларын жаңаша зерделеудің егеменді еліміздің тарихнамасындағы айтулы кезеңі 80-жылдардың соңынан басталды. Осы жылдардың жарияланған басылымдарда «интеллигенция» үғымы мен оның тарихы бір қырынан, қоғамды жаңыртудағы интеллектуалдық еңбектің рөлі екінші қырынан екі басқа айқындаға тұрғысынан қаралып, интеллигенция мен өкіметтің, интеллигенция мен халықтың өзара қарым-қатынасы туралы мәселелер көтерілді⁵.

¹Карагусов Ж. Казахская советская интеллигенция, рожденная Октябрем. А., 1960.

²Канапин А. К. Культурное строительство в Казахстане. А., 1964; Канапин А. К., Яндаров А. Д. Расцвет культуры казахского народа. А., 1977; Сүлейменов Р. Б., Бисенов Х. И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. А., 1972.

³Сүлейменов Р. Б. Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане. А., 1972.

⁴Қазак ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. III том. А., 1982.

⁵Амрекулов Н. А., Масанов Н. Э. Казахстан между прошлым и будущим. А., 1994; Абжанов Х. М., Гуревич Л. Я. Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность. А., 1992; Гуревич Л. Я. Тоталитаризм против интеллигенции. А., 1992.

XIX–XX ғасырлардағы Қазақстанның қоғамдық өміріне арналған В. З. Галиевтің еңбектерінде қазақ арасынан шыққан алғашқы оқыған, көзі ашық, білімді азаматтар – зерттеушілер мен публицистер, аудармашылар мен жолнұсқаушылар хақында құнды мәліметтер кеңінен қамтылған¹. Х. М. Әбжанов пен Л. Я. Гуревич өз зерттеулерінде қазақ интеллигентиясының, оның мәні мен атқарған қызметінің бірқатар проблемаларын қарастыруды, интеллигентияның қалыптаса бастаған кезеңі туралы айтылған жаңсақ пікірлерді сынға алды. Авторлар мынадай тұжырымға келген: «Бүгінгі таңда тарих ғылымы қазақтар халық ретінде XIV–XV ғасырларда қалыптастыруға болмайтындығын» атап көрсетеді. Атамыш кітапта әрбір жеке тұлға мен әрбір халықтың өз бостандығы және бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен женістеріне еркін қолжеткізу құқығы сияқты жалпы адамзатқа тән қазыналар жолында қарескен алаш интеллигентиясының қызметіне талдау жасалған.

Негізінен осы дұрыс тұжырым мәдениет тарихын зерттеуші ғалымдар тарарапынан нақтыландырыла, дәлелдеме түсіү қажет деп санаймыз.

Соңғы жылдары интеллигентия тарихының қадау-қадау проблемаларын жаңа тарихи таным мен методология тұргысынан саралауда қыруар істер тұндырылды. Академик М. Қ. Қозыбаев өз еңбектерінде³ интеллигентия тарихындағы «актаңдақты» беттердің сырын ашып, оның жазықсыз жазаға ұшыраған қайраткерлерінің мұрасын зерттеудің бағыт-бағдарламасын айқындал берді.

Белгілі ғалым К. Н. Нұрпейісовтің дәйекті зерттеулері қазақ интеллигентиясына таңылған қатал, әділетсіз бағаның ақыратын анықтап, тарихи шындықты қалпына келтіруге арналған⁴. «Алаш һәм Алашорда» (А., 1995) атты еңбегінде автор қазақ интеллигентиясы қалыптасуын XIX ғасырдың соңы

¹Галиев В. З. Жол нұсқаушылар // Жұлдыз, 1970, № 3; Сонықі. Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане (вторая половина XIX века). А., 1982; Сонықі. Караванные тропы. А., 1994 т. б.

²Әбжанов Х. М., Гуревич Л. Я. Көрсетілген еңбегі, 16-б.; Сонымен қатар қараңыз: Әбжанов Х. Қазақ интеллигентиясы қашан туған? «Қазақстан коммунисті», 1991, № 2; Әбжанов Х., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигентиясы мен мәдениеті туралы. А., 1992.

³Козыбаев М. К. История и современность. А., 1991; Сонықі. Актаңдақтар ақыраты. А., 1992.

⁴Нұрпейісов К. Тұтындалған «Оян, қазақ» Алматыда. «Қазақ әдебиеті», 1990, 16 қараша; Сонықі. Әлімхан Ермеков ОГПУ тергеушілері алдында. «Ақиқат», 1993, № 4; Сонықі. Қылы заман құжаттары. Сонда; Нұрпейісов К. және басқалар. Халел Досмұхamedұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. А., 1996.

мен XX ғасырдың бас кезіне жатқызып, «1917 жылғы революцияға дейінгі қазақ интеллигентиясының тарихы мен Алаш партиясының тарихын шатастыруға болмайтындығын» атап көрсетеді. Атамыш кітапта әрбір жеке тұлға мен әрбір халықтың өз бостандығы және бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен женістеріне еркін қолжеткізу құқығы сияқты жалпы адамзатқа тән қазыналар жолында қарескен алаш интеллигентиясының қызметіне талдау жасалған.

Егеменді еліміздің жаңа тарихи танымын қалыптастырудың тұндырымды ізденістерімен танымал М. Қойгелдиевтің докторлық диссертациясында және соның негізінде жариялаған монографиясында¹ қазақ демократиялық интеллигентиясының XX ғасырдың алғашқы 20 жылындағы қоғамдық-саяси қызметі жан-жақты, терең қамтылған.

Кешегі тоталитарлы жүйенің жазықсыз жазалауына ұшыраған Алаш ардагерлері, халқымыздың көрнекті ғылым мен мәдениет қайраткерлері туралы әдебиет зерттеуші ғалымдар мен тілші, публицистердің қалам тартқанын атап өткен абыз. Кер заманда өктем зұлымдықтың құрбаны болып кеткен боздақтар, қазақтың зиялғы азаматтарының асыл мұралары бүгінде том-том бол басылып, рухани мәдениетімізді байыта түсті.

1989 жылы жарық көрген А. Байтұрсыновтың шығармалар жинағында жазған алғы сөзінде Ш. Сәтбаева: «Оның өмірі мен қоғамдық, шығармашылық қызметінде Қазан революциясы алдында қалыптасан қазақ интеллигентия өкілдерінің тынымсыз тынысы, әр саладағы рухани ізденістері, олардың бағыт-бағдары мен сәтті-сәтсіз нәтижелері, жеке өмірінің трагедиялық жағдайлары бой көрсеткенін» атап өтеді². Р. Нұрғалиевтің құрастыруымен шыққан «Ақ жол» жинағында Ахмет Байтұрсыновтың ардақты есімі, өмір жолы мен қоғам қайраткері санатында жасаған істері жан-жақты зерделеніп, Ақаңың көзі тірісінде-ақ «революциялық рухтағы алғашқы сөз» деп бағаланған атақты шығармалары, қазақ жұртын өнер-білім шүғыласына, рухани жетілуге үндеген көсем сөздері топтастырылған³.

Алаштың саяси көсемі, кең ойлы, жан-жақты терең білімді ірі қайраткері Әлихан Бекейхановтың өмір тарихын, саяси-әлеуметтік қызметін, ғылыми-ағартушылық еңбегін

¹Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. А., 1995.

²Байтұрсынов А. Шығармалары. А., 1989, 3-б.

³Байтұрсынов А. Ақ жол. А., 1991.

әдебиетші ғалымдар М. Базарбаев пен С. Аққұлыұлы «Ә. Н. Бекейхан. Тандамалы» басылымының кіріспе мақаласында байыпты түрде түгендеп баяндап берген¹.

«Оян, қазақ!» деп жар салған азамат ақын, жазушы, жалынды журналист, қазақтың саяси көсемдерінің бірі М. Дулатовтың әдеби-тариhi мұрасын зерттеуде ақынның қызы Гүлнар Дулатова, әдебиетші ғалымдар З. Ахметов, Ү. Субханбердина, Ж. Ысмағұлов т. б., арнайы диссертация қорғаған М. Әпсәметовтер өз үлестерін қосты. Алашорданың көрнекті қайраткері, қазақтың тұнғыш құқық магистрі Жақып Ақбаевтың өмірі мен қызметі, саяси-құқылық көзқарастары М. Құл-Мұхаммедтің зерттеу енбекінде бар қырынан сараланған². Қазақ халқын оқу-білім, өнер жолына үлт-азаттық идеясына үндеген, елдің бас көтерер азаматтарынел қорғаны болуға шақырған Ж. Аймауытовтың қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихындағы алатын орны С. Қирабаевтың еңбектерінде егжей-тегжейлі айқындалған³.

Сонымен қатар қазақтың алғашқы оқығандары, Алашқозғалысына қатысқан тарихи тұлғалардың өмірі мен олардың әдеби, ғылыми мұралары жайлы Ш. Елеуkenov, Т. Кекішев, Ә. Қайдаров, Қ. Мұхаметханов, С. Негімов, Р. Сыздықова, Қ. Сыдықов және тағы басқа тілші, әдебиет зерттеуші ғалымдар мен публицистердің шығармашылық ізденістері баспа жүзінде жарық көрді⁴.

Республика ғалымдарының интеллигенция проблемаларын талдап шешудегі осындағы жемісті ізденістеріне қысқа-ша тоқтала келіп, Қазақстан тарихнамасындағы осы маңызды тақырыптың көптеген мәселелеріне, атапайтқанда қазақ интеллигенциясы қалыптасуының тарихи-мәдени алғышарттарына бүгінгі күнге дейін ғылыми тұрғыда тиянақты талдау жасалмағанын және оның арнайы ғылыми зерттеуде егжей-тегжейлі көрініс таптағанын ескертіп өткен жөн. Сондықтан да бұл диссертацияның тақырыбы кездейсоқ, алынбаған.

Әдеби деректерге талдау жасау қазақ интеллигенциясы қалыптасуының алғышарттарын арнайы зерттеп, ой елегінен өткізу міндеттін алға қойып отыр. Осыған орай, зерттеу жұмы-

¹Бекейхан Ә. Тандамалы (избранное). А., 1995, 5-29-б.

²Құл-Мұхамед М. Алаш ардагері. А., 1996.

³Аймауытов Ж. Шығармалары. А., 1989; Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. А., 1993; Сонықі. Әдебиеттіміздің актаңдақ беттері. А., 1995.

⁴Кекішев Т. Санадағы жаралар. А., 1992; Мұхаметханов Қ. Абай мұрәгерлері. А., 1995; Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. А., 1990; Сыдықов Қ. Халқымен қайта табысқандар. А., 1997 ж. б.

сының басты мақсаты – қазақ интеллигенциясы пайда болуының тарихи-мәдени алғышарттарын анықтау, оған нақты тарихи құжаттар негізінде талдау жасау, үлттық интеллигенцияның XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде алатын орны мен атқарған рөліне баға беру болып табылады. Алға қойған мақсатты жүзеге асыруда тақырыпты төмөндегідей жекелеген мәселелерге бөліп қарастырамыз:

- зерттеліп отырған кезеңдегі дәстүрлі қазақ қоғамы шаруашылығындағы өзгерістер;
- қазақ интеллигенциясының әлеуметтік-саяси негіздері;
- қазақ халқы мәдениетінің, даму ерекшеліктері және оның рухани өмірінде орын алған соны құбылыстар;
- қазақ интеллигенциясының әлеуметтік құрамы, саны, білім алған оқу орындары, мамандық дәрежесі;
- Қазақстанның қоғамдық өміріндегі қазақ интеллигенциясы қызметтінің нысандары мен бағыт-бағдарлары.

Осылайша байыпталған мақсатымызға жетуде заманың көрнекті тұлғалары болған, XIX ғасырдың екінші жартысында патша өкіметтің әр түрлі әкімшілік орындарында, орыс армиясында және т. б. салаларда қызмет атқарған қазақтың оқыған азаматтары – ғалымдар, ағартушылар, ақын-жазушылар, жоғары шенді офицерлер, қоғам қайраткерлері хақында зерделей келе, зерттеуімізге қазіргі үақыттың саяси конъюнктурасын емес, сол тұлғалар өмір сүріп, қызмет еткен дәүірдің шындығын негіз етіп аламыз.

Қазақ интеллигенциясының тарихы үлттық ерекшеліктермен, оның өзіндік қадір-қасиеттімен және рухани мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Осы тұрғыда бұл еңбекте желісі үзілмей келе жатқан тарихымыздың ерекшеліктерін, үақыт пен үрпақ байланысын айқындауға зор мән берілді, мұның өзі қазақ интеллигенциясының сипаттамасы, оның демократиялық дәстүрлерді таратушылар ретіндегі, үлттық ой-пікірді жетілдіруге, үлттық сананың қалыптасуына шешуші ықпал жасайтын күш ретіндегі менталитеттің анықтау үшін өте маңызды.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шегі – XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезін қамтиды. Бұл кезеңде қазақ интеллигенциясы пайда болуының әлеуметтік-экономикалық, тарихи-мәдени алғышарттары қалыптасты. Капиталистік қатынастардың орнығы дәуірінде білікті кадрларға деген сұранымның арта түсүі зандағы құбылыс еді. Қоғамның тарихи дамуының объективті барысы ин-

төллигенцияның әлеуметтік категория ретінде қалыптасуына қолайлы жағдай туғызыды.

Тарих ғылымында белгілі бір оқиғалар мен құбылыстарды зерттеуде объективтілік, диалектикалық таным, нақты тарихи жағдайды саралау, салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылады. Бұл енбекте жоғарыда аталып өткен 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы методологиялық басшылыққа алынды. Ал онда былай деп атап көрсетілген: «Тарих ғылымының болашағын ойласақ, оны әдістемелік жағынан қайтадан жарактандыру керектігі бірден көзге түседі, бұл үшін әлемдік тарихнаманың әдістері мен амалдарын кеңінен пайдалану қажет. Проблемалық, суреттеп жазу, салыстырмалы, құрылымдық... әдістерді, тарихи және сыйни тұрғыдан талдауды, аналогиялық тәсілді т. б. әдіс-амалдарды қолдану – тарихтың түйінді тұстарына аса бай фактологиялық материалдарды шоғырландыруға жағдай туғызып, белгілі деген тарихи жағдаяттардың өзін жаңаша талдал-түсіндіруге мүмкіндік берер еді, сөйтіп зерттеу жұмыстарына соны серпін туғызыар еді»¹.

Ғылыми жұмысымыздың арқауы саналатын тарихилық принципі – қарастырылып отырған кезеңнің тарихи жағдайын, процестер мен құбылыстардың бүкіл жиынтығын, олардың даму серпінділігін сол проблемалардың өзекті де түйінді тұстарымен тығыз байланыстыра отырып ой елегінен өткізе зерделеу болып табылады.

Монографиялық еңбегіміздің ғылыми жаңалығы ретінде автордың идеологиялық таптаурынан, бір сарындылықтан, үстірттік пен үстемелеуден ада, жалпы адамзат қазыналарына сүйенетін, шынайы зерттеу әдісіне дең қоюын атауға болады. Тақырыптың отандық тарих ғылымында арнағы зерттелмей келгенін де ескертіп өтеміз. Еңбегіміздің ғылыми жаңалығының тағы бір қыры: бұрын жарияланбаған архив материалдарының жаңа қатпарлары ашылды, сипаты алуантүрлі деректемелер зерттелінді, осы көзге дейін беймәлім болып келген құжаттар ғылыми айналымға енгізіліп, кейбір қағидалар жаңа тарихи таным тұрғысында зерделенді.

Зерттеудің негізгі қайнар көзі етіп Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің құжаттары алынды. Архив қорынан қазақ интеллигенциясы қалыптасуының тарихи-мәдени алғышарттарын анықтайдын, патшалық Ресейдің отарлау саясатының түпкі мәнін ашып көрсететін және қазақ оқығандарының қызметін саралай-

¹«Егемен Қазақстан», 1995, 30 маусым.

тын т. б. сирек кездесетін бағалы құжаттар қарастырылды. Зерттеуге қатысты нақты деректер жинақталды, атап айтқанда: 4-қор – Орынбор қырғыздарының облыстық басқармасы, 19-қор – Жетісу облыстық қоныстандыру басқармасының мәңгерушісі; 25-қор – Торғай облыстық басқармасы; 33-қор – Сырдария облыстық қоныстандыру ісінің мәңгерушісі; 78-қор – Ішкі қырғыз ордасын басқару жөніндегі уақытша кеңес; 64-қор – Дала генерал-губернаторының кеңесі; 90-қор – Түркістан өлкесі Жетісу жаһылқұралы қарастырғандағы қарастырмалы, құрылымдық... әдістерді, тарихи және сыйни тұрғыдан талдауды, аналогиялық тәсілді т. б. әдіс-амалдарды қолдану – тарихтың түйінді тұстарына аса бай фактологиялық материалдарды шоғырландыруға жағдай туғызып, белгілі деген тарихи жағдаяттардың өзін жаңаша талдал-түсіндіруге мүмкіндік берер еді, сөйтіп зерттеу жұмыстарына соны серпін туғызыар еді»¹.

Сонымен қатар бұл зерттеуімізге түрлі жинақтарда жарияланған деректер мен статистикалық мәліметтерді де, мерзімді басылымдар ақпараттарын да кеңінен пайдаландық. Тағы бір және өте маңызды деректемелік негізіне XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстан мен Түркістанның әр түрлі қалаларында шығып тұрған үлттық мерзімді баспасөз беттерінен алынған түпнұсқалық жарияланымдарды жатқызуға болады. Осы баспасөз қатарында 1899–1902 жылдары Омбы қаласында қазақ және орыс тілдерінде шығып тұрған «Дала уалаятының газеті» («Киргизская степная газета») революцияға дейінгі Қазақстанның рухани өмірін толығырақ көрсетіп отырды. Бұл газеттерде жарияланған әдеби нұсқалар соғы жылдары «Фылым» баспасынан Y. Субханбердинаның көп жылдық қажырылы еңбегі нәтижесінде бес томдық жинақ болып жағырылған. Жинақта біздің тақырыбымызга тікелей қатысы бар қазақ елінің саяси өмірі, шаруашылығы, мәдениеті мен тарихы жөніндегі газет беттерінде жарияланған құнды деректер топтастырылған¹.

Ал XX ғасыр басындағы үлттық баспасөз дегенде 1913–1918 жылдары Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетін, сол сияқты әр жылдарда жарық көрген «Сарыарқа» (Семей), «Бірлік тұы» (Ташкент), «Жас азамат» (Қызылжар) газеттері мен «Абай» журналын атар едік. Бұл басылымдарда қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихы мен

¹«Дала уалаятының газеті» - «Киргизская степная газета». Адам, қоғам, табиғат. 1899–1902. Құрастырыған Y. Субханбердина. А., 1994.

Нақтылық қофамдық-саяси қызметі жөнінде аса құнды мәліметтер кездеседі.

Сонымен қатар ардақты есімдері жоғарыда аталып өткен, халқымен қайта табысқан қазақтың аса көрнекті зиялышлары мен қоғам қайраткерлерінің шығармалары да зерттеу енбегіміздің құнды деректік қайнар көзі саналады¹. Бұл шығармаларда басқа күрделі мәселелермен қатар қазақ интеллигенциясының калыптасу ерекшеліктері мен бастау көздері жөнінде және оның қоғамдық-саяси өмірдегі қызметі мен күрделі тағдыры туралы айтылған.

¹Бекейханов Ә. Шығармалар. Құрастырып кіріспесін және өмірбаяндық ғылыми мақаласын жазған Мәмбет Қойгелдиев. А., 1994; Дулатов М. Шығармалары. А., 1991; Дулатұлы Міржақып. Шығармалары. 2 томдық. 1-том, А., 1996, 2-том, А., 1997; Шоқай М. Түркістанның қылы тағдыры. А., 1992; Шоқай М., Шоқай Мария. Естеліктер. Istanbul, 1997 т. б.

I tapay

ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ ҚАЛЫПТАСУНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

1. Қазақтың дәстүрлі шаруашылық өміріндегі өзгерістер

Мал шаруашылығы. Б. з. б. I мыңжылдықтың басында-ақ Қазақстанның даласында, шөлейт жерлері мен таулы аудандарында көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы шаруашылықтың негізгі үстем түріне айналды. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына ету қоғамның өндіріш күштері дамуында алға қарай жасалған қадам болды, ол алғашқы ең ірі қоғамдық еңбек бөлінісін көрсетіп, шаруашылықта артық өнімнің өсуіне әсер етті, ал мұның өзі малшылар мен егіншілер арасындағы экономикалық және мәдени алмасуға жағдай жасады.

Мал шаруашылығы үлгілерін топтастыруда елеулі пікір алалықтары болуына қарамастан, зерттеушілердің басым кепшілігі әр түрлі тарихи дәүірлерде, оның үстінек Қазақстан үшін ғана емес басқа да аумақтарда шаруашылық түрлері мен дәстүрлерінің біршама тұрақты болғанын әділетті түрде атап көрсетеді. Қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылығына алғашқы анықтамаларының бірін қоныстандыру басқармаларының материалдары негізінде А. Кауфман ұсынды. Қазақ этнографиясының көрнекті білгіре С. И. Руденко мал шаруашылығы үлгілеріне неғұрлым кең, көлемді сипаттама берген-ді. Шаруашылықтардың үлгілерін табиғи-климаттық факторларға байланысты көшіп журу сипатына қарай анықтаудың осы зерттеушілер ұсынған өлшемдері, шынына келгенде,nomadizm проблемаларына арналған кейінгі еңбектердің бәріне негіз етіп алынды. С. И. Руденко көшпеліліктің негізгі белгілерін: халықтың негізгі кәсібі ретіндегі мал шаруашылығын; малды жайылымдардың ыңғайын ескере отырып, жыл бойы тебіндеп жаюды; маусымдар бойынша көшіп журуге байланысты халық

көпшілігінің көшпелі тұрмыс салтын үстанатының тұжырым-
дап берді¹. А. М. Хазанов тағы бір белгіні – көшпелілерде ша-
руашылықтың натуралды түрі басым болғанын қосып,
«көшпелілік (номадизм) дегеніміз өндіруші шаруашылықтың
ерекше түрі, бұл жағдайда басты кәсіп жылжымалы
экстенсивті мал шаруашылығы болады да, халықтың көпшілік
бөлігі мезгіл-мезгіл қоныс аударып отырады» деген анықта-
ма ұсынады².

Көшпелі мал шаруашылығы қатаң континенталдық кли-
мат, атмосфералық жауын-шашынмен және басқа да су
көздерімен нашар қамтамасыз етілу жағдайында шаруашы-
лық, кәсіптің бірден-бір ынғайлыш түрі болды. Ол мекендеу ор-
тасының қатаң жағдайларында адамзат қоғамының индусти-
рияға дейінгі дәуірге үйренісінің ен ұтымды түрі еді³.

Археологиялық және этнографиялық материалдар
Қазақстан аумағындағы мал шаруашылығының негізгі үш
түрін: көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы тұрларін
бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

XIX-XX ғасырлар шебінде Қазақстанның Ресей экономикалық жүйесіне тартылуымен және капитализмнің көнеші
де кеулей өрістеуімен байланысты көшпелі мал шаруашылы-
ғының дағдарысы мейлінше шиеленісе түсті. Ресей имperi-
ясының құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан Ресейде болып
жатқан процестерден шет қала алмады. Шаруашылық өмірдің ішкі жағдайларының ықпалымен мал шаруашылығы
едеуір өзгерістерге ұшырады. Жердің қоныстардыру басқ-
армасына жаппай тартып алынуы, егіншіліктің дамуы дәстүрлі
көшпелі шаруашылық жүйесін бұзды. Қазақтар арасында жер
жыртуудың өріс алуы мал санының мулдем кеміп кетуіне әкеп
соқты. Малдан негізінен жылқы, түйе, қой есірліді, ірі қара-
ның саны көшпелі шаруашылық жүйесінің бұзылуына,
егіншіліктің неғұрлым кен дамуына, соның салдарынан жар-
тылай көшпелі және отырықшы тұрмыс салтына көшуге бай-
ланысты ауытқып отырды.

Көшпелі шаруашылық жүйесінде болған өзгерістерге
қарамастан, қазақтардың шаруашылығында мал өсіру
бұрынғысынша негізгі орын алды.

Қазақтар негізінен көшпелі тұрмыста қала бергенімен,

¹Руденко С. И. К вопросу о формах скотоводческого хозяйства и о кочевниках // Географическое общество СССР. Материалы по отделению этнографии, ч. I. Л., 1961, 3-5-б.

²Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. А., 1980.

³Казахи. Историко-этнографическое исследование. А., 1995, 3-б.

көшпелілерде шөп шабудың пайда болуы олардың өміріндегі
жана кезенді, отырышылыққа қарай алғашқы қадам жаса-
лғанын білдірді. Қазақтың шаруашылығына шөп шабудың
көнінен тарай бастауды орыс экономикасымен неғұрлым ты-
ғызы байланыс жасау нәтижесінде қазақтардың мал шаруа-
шылығының интенсивтілікке түсінің айқын айғағы болды.
Қыстық мал азығын, жемшөп қорын дайындаудың орнығы
мал шаруашылығы өнімділігінің артуына жәрдемдескен
прогрессіл құбылыс еді⁴.

XIX ғасырдың аяғына қарай Қазақстанда мал санының
кемігеніне қарамастан, табын құрылымы өзгерді (көй мен
жылқы саны азайғанымен, ірі қара саны көбейді), шөп
шабудың таралуына байланысты жемшөп базасы жақсар-
ды. Бұған Қазақстан экономикасы құрамдас бөлігі болғ-
ан Ресей экономикасында капиталистік қатынастардың
құлаш жауына байланысты мал шаруашылығы өнімдеріне
деген ішкі рыноктың дамуы ігі әсер етті. Қазақстан өз
малын Сібір линиясында, Орынбор-Ташкент темір жолы
бойында, Миасс-Челябі участкесінде, әр жерлердегі
жәрменекелерде сата бастады.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында
Қазақстанның ұлан-байтақ аумағында құрылыс салынбаған
тұрақты қыстаулары жоқ «таза көшпелілер» тек Маңғыстау
түбегінде, Жем бойында, Қызылқұм мен Шу өзенінің төменгі
ағысында ғана қалды.

Көшпелілер мен жартылай көшпелілерге қыстың
қақаған аяздарында жемшөптің жеткіліксіздігінен мал
жаппай қырылатын жұттар зор ауырталықтар әкелетін.
Ал жұттарға мал шаруашылығы үшін ауарайы, табигат жағ-
дайларының қолайсыздығы: жазда қуаныштық, дала-
да әرت, қар қалың жауғандағы қатты аяз, көп күнге созы-
лған боран болуы себеп болатын еді. Жұттар мал шаруа-
шылығының дамуын тежеп, оны тоқырауға ұшыратты.
Жалпы алғанда жұттар халықтың әл-ауқатына аса қатты
тиіп, оның экономикалық жағдайын күрт нашарлататын.
Мәселен, 1879 жылы Торғай облысында әрбір шаңыраққа
57 малдан келген болса, 1881 жылғы жұттан кейін 27 мал ғана
қалған, яғни орташа көрсеткіш екі еседен астам кеміп кет-
кен. Титықтатып кететін жұттардан кейін мал шаруашылы-
ғының даму деңгейі өте баяу қалпына келтіріліп отырды.

Қазақтардың экономикалық жағдайының нашарлауына
жайылымынан жер участекелерін самодержавиенің тартып алуы
да себепші болды.

⁴Обзоры Уральской области: 1896, 2-б.; 1900, 8-б.; 1901, 7-б.

1906–1910 жылдары қазақтардан 17,4 млн десятина шұрайлы жайылымдық жер тартып алғанған¹. 1896–1902 жылдар арасында Торғай, Ақмола, Семей облыстарынан «артық» жер іздеген Ф. Шербина экспедициясының қорытындылары бойынша Қостанай уезі қазақтарынан 510 063 десятина құнарлы жер тартып алғанын айтсақ та жеткілікті².

Соның салдарынан қазақ халқының мал жаятын өрісі едәүір кеміп кетті, бұлда жалпы қазақ даласында мал санының азаюына өкеп соқты. Мәселен, бір ғана Торғай облысында қазақтардың мал саны жаппай қоныстандыру басталғаннан кейінгі 1890–1915 жылдар арасындағы 25 жыл ішінде 1 миллионнан астам кеміді, мұның өзі қоныстандыру басталғанға дейінгі мал санының 31 проценті болатын³.

Қазақтардың көшпелі мал шаруашылығы экстенсивті сипатта және жайылымдық жүйеге байланысты болды, яғни малдың басым көпшілігін жыл бойы немесе сондай уақыт дерлік өз аяғымен тебіндеп жаюға негізделді. Көшпелі мал шаруашылығы жағдайында жыл ішінде маусымдық жайылымдардың барлық түрлері: қыстау, көктеу, жайлau, күзеу түгел пайдаланылатын.

Бұл жайылымдардың бірінен кейін біріне, рет-ретімен көшіп журу өндіріс процесінің негізгі нысанын құрды. Кешіп-қону әрбір маусымда өндіріс процесінің бір сатысын түзіп, жалпы алғанда түйікталған жылдық цикл құрайтын-ды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында, әдеби деректерге қарағанда, Маңғыстау, Темір, Атбасар, Қазалы, Ұрғызы, Торғай уездерінің, ішінәра Қапал уезінің және басқа да бірсыптыра уездердің қазақтары таза көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі тұрмыс құрган. Дегенмен де жалпы алғанда аталған уездермен шектелуге болмайды, қазақтардың басым көпшілігі көшпелі болғаны ежелден мәлім. Бұл арада көшпелі мал шаруашылығының қазақ даласындағы таралу деңгейі, түрі әр түрлі болғанын атап өткен жен.

XIX–XX ғасырлар шегінде таза көшпелі емес, экстенсивті жартылай көшпелі мал шаруашылығы мейлінше кең таралды. Оған малды жайылымда да бағып, жартылай бір орында ұстау, егіншілікпен, шөп шабумен айналысу, қыс кезінде тұрақты қыстауда отыру, осыған байланысты көшіп жүрге қолайлы киіз үймен қоса қытайтын тұрақты тұрғын үйлер

¹ Царская колонизация в Казахстане. А., 1995, 14-б.

² Әсіп С. Қазақ қасиreti. А., 1994, 99-б.

³ Хозяйство казахов на рубеже XIX–XX вв., 81-б.

салу тән болатын. Нағыз көшпелілерге қарағанда, жартылай көшпелілер оншама ұзак көшіп бара бермейтін.

Көктем, жаз, күз кезінде, ішінәра қыс кезінде де жартылай көшпелілер малын тебіндеп жайып, ен, қолайсыз кездерде (қатты аяз, боранда) малды үй маңында ұстап, жемшөп беріп бағатын. Жартылай көшпелі мал шаруашылығы жағдайында маусымдарға ғана емес, олардың пайдаланылу түріне қарай көшіп-қону шенбері қысқарып, жайылымдардың ауқымы азая тусти.

Замана лебінің жаңалығы ретінде жартылай көшпелі мал шаруашылығының ең ерекше белгілерінің бірі шөп шабу екенін жоғарыда атап өттік. Шөп шабу қазақ әміріне кең тарапала бастады. Мәселен, бір ғана Петропавл уезі қазақтарының жинақ алатын шөбі, жеті жыл ішінде (1901–1908 жж.) жылына 925 мың майдан 3263 мың маяға дейін артқан¹. Пішіндеңе дайындаудың арта түсүіне Қазақстанның бірқатар уездерінде, әсіресе далалық аудандарында ауқатты қазақтардың пішен шабу үшін шалғы-орақты ғана емес, шөп шабатын машиналарды қолдана бастауда иғі әсер етті. Бір ерекшелігі, қазақтар жекелеген шаруашылықтарға бекітіп алуға тырысқан ауыл шаруашылығына қолайлы жерлер нак осы шабындықтар еді.

Жартылай көшпелі мал шаруашылығын көшпелі шаруашылықтан ерекшелендіретін елеулі белгі егіншілікпен айналысу болды. Қарастырылып отырған кезенде егіншілік барған сайын тез таралып, кеңейе тусти.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақтардың жартылай көшпелі мал шаруашылығында алып жүргуге қолайлы, жазда отыратын киіз үйлердің де, тұрақты қыстауларының да болуы тән. Алайда тұрақты тұрғын жай жартылай көшпелі қожалықтардың бәрінде бірдей бола берген жоқ.

XIX–XX ғасырлар шегінде қазақтар малды қолда ұстап жайып бағатын тұрақты, отырықшылық үлгідегі мал шаруашылығын да жүргізді. Олар жыл мезгілінің бәрінде де бір орында тұрақтанды, сейтіп мал шаруашылығы біртіндеп жетекші рөл атқарудан қала бастады. Шаруашылықтардың бұл үлгілері қоныстандыру басқармасының материалдарында Кекшетау, Лепсі, Қазалы, Перовск уездері мен басқа да уездерде болғаны атап өтілген. Шаруашылықтардың мұндай тұрларынің пайда болуына әлеуметтік-таптық факторлар, ен алдымен мал шаруашылығымен айналысатын ауыл адамдарының кедейлену барысы елеулі ықпал жасады.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында

Хозяйство казахов на рубеже XIX–XX вв., 81-б.

қазақтарда мал шаруашылығының негізгі үш түрі – көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы түрлері болды, әрине, олардың жекелеген уездер, тіпті болыстар шенберінде де нұсқалары мен нысандары көп кездесетін. Мұның езі бірқатар факторлардың: табиғи-географиялық, әлеуметтік-экономикалық және тарихи факторлардың ықпалымен қалыптасқан еді. Сол кездеңі өндіргіш күштер дамуының төмен деңгейі жағдайында табиғи-географиялық фактор белгілі бір шаруашылық үлгісінің тіршілік етуін айқындал берген маңызды факторлардың бірі болды.

Шаруашылық үлгісіне әлеуметтік фактор да барған сайын елеулі ықпал жасай түсті. Мал шаруашылығының табиғи жағдайлардан туындағын барлық ерекшеліктеріне қарамастан, Қазақстанның бүкіл аумағында шаруашылық үлгісі мен мал басының қамтамасыз етілуі арасында іс жүзінде төуелділік байқалды.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында қазақтардың мал шаруашылығы үлгісінің эволюциясына қазақ жерлерінің Ресей құрамына енүі де көп ықпал жасады. Жаңа әкімшілік-аумақтық құрылыш пен басқарудың орнатылуы, қазақ даласына буржуазиялық қатынастардың сыйналап енүі, патша әкіметінің жерді жаппай тартып алып, жайылым алқабын тарылтуы, салық жүйесі қазақтардың мал шаруашылығы үлгілеріне және олардың арасында егіншілікті таралына әсер етті. Сөйтіп, XIX-XX ғасырлар шегіндеңі әлеуметтік және тарихи факторлардың жынытығы қазақтардың мал шаруашылығы үлгілерінің өзгеруіне ықпал жасады.

Егіншілік. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезінде Ресейде аграрлық мәселе ерекше шиеленіскең сипат алды. Империяда капитализмің кеңеңе де кеүлей дамуына байланысты шаруалар үлесі үздіксіз тарыла берді, ал бүгін халық санының табиғи өсімі, жыртқыштықпен пайдалану себебінен шаруашылыққа қолайлы жердің тарыла түсі де жағымсыз әсер етті.

Осында жағдайда патша үкіметі столыпиндік реформалар дейтін атпен белгілі болған жаңа аграрлық саясат жүргізу жолына түсті. Бұл саясат, негізінен, алғанда үш бағытта: шаруалар қауымын (орыс шаруаларының селолық общинасын) құйрету, хуторлар мен отрубтардың көбейту және шаруаларды ішкі губерниялардан жаңа жерлерге көшіру бағыттарында жүргізілді.

Бұл саясатты жүзеге асуру кезінде халқы аз қоныстанған

Хуторлар мен отрубтар - жеке шаруа қожалығынан тұратын шағын селолық қоныстар.

ан, кеңбайтақ Қазақстан жеріне зор мән берілді. Патша әкіметінің шаруаларды Қазақстанға қоныстандыру саясатының басты мақсаты Ресейдің орталығындағы аграрлық дағдарысты бәсендету және сонымен қатар өлкені орыстандыру еді. Қазақстанға орыстарды көшіру мәселесі жөнінде орыс үкіметі тарапынан екі көзқарас ұсталды. Олардың біріншісі, ең алдымен, қазынаның мұдделерін алға қойып, жергілікті халықтың мұдделерімен санаспай, қанша жер қажет болса, соншасын алу керек деп есептеді. Ал екінші топ қазақ жерлерін тартып алу мәселелерінде сақтық жасалғаны жөн, ейткені оны тез арада тым тарылтып жіберу қазақтардың мал санын азайтады да, ол мемлекет мұдделеріне салқынын тигізеді, сөйтіп, қазақ даласынан малдың аз әкелінуі салдарынан Ресейде еттің рыноктың құны артып кетеді деп санады.

Патша әкіметінің аграрлық саясатының құрамдас бөлігі ретінде орыс шаруаларын көшіріп қоныстандыру құрделі де сансалалы іс болатын. Ол қазақ қоғамының дамуына екі жақты ықпал жасады. Бір жағынан, қазақтардың шұрайлы жерлерін жаппай тартып алға олардың көшпелі мал шаруашылық жүйесін құйретті. Екінші жағынан, бұл қазақтарды шаруашылық қызметінің жаңа тұрларынан іздестіруге мәжбүр етті.

Шаруаларды қоныстандыру орыс және қазақ енбекшілерінің енбек ету жөнінен бір-бірін байытуы арқылы шаруашылықтың неғұрлым озық үлгілерін игеруіне жәрдемдесті, сөйтіп өндіргіш күштердің дамуын едәуір ілгері бастирып, өлкенің егін шаруашылығын өркендедті.

Қазақ жерін Ресей рыногына қосу оның дамуындағы жалпы сарын, егістік жердің көбеюі, құрылымдық, өзгерістер болып қана қойған жок, сонымен қатар өндірістік-техникалық, егіншіліктің неғұрлым жоғары агротехникалық мәдениеті бағытындағы өзгерістерді де қалыптастырыды.

XIX ғасырдың орта тұсындағы (екінші отыз жылдығындағы) қазақ егіншілігінегі тән маңызды белгі оның барған сайын товарлы сипат ала бастауы және диканның жеке өз қажеттерін қанағаттандырып қана қоймай, рынок үшін де өнім өндіруі болды.

Егіншілікпен айналысатын және шет жерден кесіп ізделеп кетуші кедейленген халықтың үлесі арта түсті.

Ерте заманнан XIX ғасырдың аяғына дейінгі қазақтың жер өндеу кәсібін зерттеу жұмыстары егіншіліктің дәстүрлі және сабактастық байланысы бар екенін, сондай-ақ Қазақстанның Ресей құрамына енүінен туындаған экономикалық және саяси факторлар ықпалымен оның XIX ғасырда үздіксіз өссе түскенін көрсетеді.

Қазак ауылдарында мулік теңсіздігінің күшесінде, қауым мүшелерінің малынан айрылған бұкарасының кедейленуі, самодержавиенің жерді жаппай тартып алуы көшпелі және жартылай көшпелі малышларды отырыштырықта, жартылай отырыштырықта және егіншілікпен айналысуға мәжбүр етті. Ауылда товар-ақша қатынастарының және рынокпен байланыстың дамуы егіншіліктің кедейлер арасындағанда емес, ауқатты малышлар арасында да дамып, оның товарлы сипат алудың түрткі болды.

ХХ ғасырдың басында Қазақстанда: а) егіншілік товарлы сипат алған және шаруашылықтың маңызды саласына айналған; ә) шамамен алғанда егіншілік пен мал шаруашылығының маңызы бірдей болған және б) егіншілік негізгі шаруашылықта – мал шаруашылығына қосалқы сипатта болған немесе ол мүлде болмаған аудандар қалыптасты. Олардың бірінші тобына Сырдария облысының Шымкент, Әулиеата уездері мен Жетісудың Қапал уезі жатады. Қазақстанның солтүстік-батысындағы Торғай облысының Ақтөбе және Қостанай уездері де сол топқа қосылады. Ал екінші топтағы аудандарға Павлодар, Семей, Зайсан уездерін жатқызуға болады. Үшінші топқа Торғай облысының Торғай және Үргез үездері, Бекей ордасы, Закаспий облысының Манғыстау уезі, Орал облысының Гурьев уезі мен Семей облысының Қарқаралы уезі енеді.

Қазақ егіншілерінің ауыл шаруашылық құралдарының түрлері топырақ-климатты жағынан әр түрлі өнірлерде егіншіліктің әркелкі дамуымен, оның мал шаруашылығына қатынасы жөнінен оған бағынышты маңызы болуымен, әлкенің экономикалық жағынан артта қалуымен анықталды.

ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында қазақтардың көлік жегіп жер жыртатын құралдары негізінен алғанда соқа және доңғалақты түрлен түріндегі ағаш соқалар (сабандар) болды. Ресей экономикасының ықпалымен ағаш соқаларды біртіндеп фабрикада шығарылған бір түріндегі темір соқалар алмасыра бастады, олардың жалпы жер жыртатын құралдар қатарындағы үлесін үақыт өткен сайын ұлғайып, Қазақстанның солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарында едәүір мөлшерге ие болды. ХХ ғасырдың бас кезінде қазақтардың егіншілігінде веялкалар қолданыла бастады.

Қазақтардың егіншілікте қолданған еңбек құралдарын өз кезінде көптеген ғалымдар суреттеп жазған. Мысалы, А. Е. Алекторов былай дейді: «Торғай облысының оңтүстігіндегі қырғыздар жерді тіс деп аталаған құралмен жыртады. Тіс – ете жеңіл, бір түріндегі соқа сияқты тым жұпның, жерді бір вершок терендіктеге аударуға шамасы әрең жетеді және одан

терен жыртуға мүлде жарамайды»¹. Өлкенің, Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі егіншілік аудандары жапсарлас жатқан оңтүстігінде және Қазақстанның оңтүстік аудандарының біртұтас Туркістан әкімшілік жүйесіне енүіне байланысты неғұрлым жетілдірілген еңбек құралдары қолданылды. Алкетпен оңтүстікте де, солтүстікте де негізгі ауыл шаруашылық құралдарының бірі саналды.

Қазақстанның жекелеген аудандары егіншілікпен ежелден бері айналысқан, мұны қарапайым болса да, қолданылып келген еңбек құралдары, сондай-ақ дәнді дақылдардың жергілікті сорттары дәлелдейді; екіншіден, Орта Азияның егіншілікті аудандарымен тығыз байланыста болған қазақ егіншілері жер өндеудің үрпақтан үрпаққа сақталып келген мол тәжірибесін үйренді. Сонымен қатар ХХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында егіншілік аш қалмаудың амалы ретінде де таралған еді.

Сауда мен өнеркәсіптің дамуы. ХХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында жаңа қалалардың, қоныстануышылар поселкелері мен басқа да елді мекендердің пайда болуына, Қазақстанда тасымал жолдарының игерілуіне байланысты товар-ақша қатынастары одан әрі дами түсті.

Патша әкіметі мен оның жергілікті жерлердегі әкімшілігі, Ресейдің буржуазиялық-помещиктік топтары Қазақстанды арзан шікізат көзі және өз товарларын тиімді сататын қолайлар өнім өткізу рыногы ретінде пайдалануға тырысты. Сондықтан патша самодержавиесі империялық мұдделерді көздей отырып, отар шет аймақтарда сауданың ерістеуіне барынша қолдау жасады. Бұл жоспарларда Қазақстанға зор көңіл бөлінді, өйткені бұл аймақ товарларды Орта Шығыстың жапсарлас жатқан елдерінеге тасымалдауда маңызды рөл атқаратын еді.

Осылың әбәрі Қазақстан халқының капитализмге бет алған Ресейдің қызмет аясына тартылуына, шаруашылық жүргізуін заттай негіздерінің бұзылуына, мал шаруашылығы мен егіншілік товарлығының артуына, көшпелі өндіріс әдісінің қойнауына товар-ақша қатынастарының енүіне, ауылда мүлкі тенсіздігінің, таптық сараланудың артуына және қазақ қоғамында әлеуметтік-экономикалық қатынастардың одан әрі орнығына себеп болды.

Қарастырылып отырган кезеңде қазақ даласында сауданың үш түрі: арапал жүріп айырбастау, ара-тұра болып тұратын жәрменеке және тұрақты сауда тұрларі орын алды.

¹Алекторов А. Е. Тургайская область. Естественные и производительные силы области. Оренбург, 1891, 52-6.

Сауданың бұл негізгі үш түрі шаруашылықтың түрлі үлгілеріне сәйкес келді: көшпелі аудандарда сауда аралап жүріп айырбастау арқылы жүргізілді немесе ол тасымалды сауда деп аталды; жартылай көшпелі аудандарда ара-тұра жәрменекелер өткізіліп тұрды; ал отырықшы шаруашылықтар басым аудандарда тұрақты сауда дүкендері, қоймалар жұмыс істеді¹.

Көрсетілген сауда түрлерінің ешқайсысы да таза күйінде кездеспейтін.

Саяси үстемдік орнатқаннан кейін Ресей үкіметі, сөз жоқ, өлкенің бүкіл экономикалық өмірін, соның ішінде сауданы да уысынан шығармай бақылап отырды. Қазақстандағы саудаға ерекше көніл бөле отырып, Ресей бірінші кезекте оның дамуынан пайда табуға ұмтылды. 1867 жылғы «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы» Ережелерге сауда туралы алғашқы заң жарлықтары енгізіліп, оған сәйкес «сауда жасайтын байырғы халық, өкілдерінен, сауда капиталынан жылына 2,5% мөлшерінде зекет жинау белгіленді². Уезд бастықтары баж төленіүін мүқият қадағалап отырды.

Жалпы капиталистік дамуды сауда орындарының түрлері және қала мен деревня арасындағы рыноктық байланыс үлгілерінің эволюциясы арқылы байқауға болады. Алғашқы сатылар кезінде сырттан келетін көпестер арасында коммерциялық мәмілелердің айырбастау түрі мейлінше көн таралды.

Айырбас сауданы даланы аралап жүріп, товарын мал өнімдеріне айырбастайтын ұсақ саудагерлер немесе ірі сауда фирмаларының приказчиктері жасайтын. Товарды апарып айырбастау саудасы көпестердің жергілікті халыққа көп жаңып қалған, сапасыз товарды олардың шынайы құнынан әлдеқайда артық жоғары бағамен өткізуіне мүмкіндік берді, ол келімсек көпестерге қыруар пайда келтіріп, олардың қазақтарды талап-тонауына жол ашты. Деректемелерге жасалған талдау рыноктық коньюнктураны білмейтін қазақтардың екінің бірінде алдап-арбауға түсіп қалып отырғанын көрсетеді. Соңықтанда айырбас сауда біртіндеп жойылып, жергілікті халық өз өнімдерін жәрменекелерде сатуға тырысты.

XIX ғасырдың 60–90-жылдарында Қазақстанда жәрменеке саудасы одан әрі дамыды. Жәрменекелер ел өмірінде үлкен

¹Сүндетов С. А. Торговля в Казахстане в начале XX в. // Казахстан в канун Октября. А., 1968, 216-б.

²Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1, А., 1960, 307-б.

рөлатқара бастады. Мәселен, уезд бастығының Торғай облыстық губернаторына жазған рапортында былай деп көрсетілген: «Торғай қаласында жәрменеке үйымдастыруда жергілікті қазақтар Сүйін Атабаев, Досжан Тоқтабаев, Мерғали Қошанов, Ишан Шоқамановтар үлкен еңбек сіңірді. Олар көпестердің жол қараждатын өз есебінен төлеп төвар әкелуін қамтамасыз етті. Жәрменеке 1898 жылғы 25 мамырдан 10 маусым аралығында өтіп, сауда айналымы 500 мың сомға жетті¹. Қазақ жеріндегі ең ірі Ботов жәрменекесінде бір ғана 1897 жылдың өзінде 1.403.409 сомның товары сатылған².

Патша әкімшілігі ашылған жәрменекелерді сауда айырбасы мен қазақ халқының ауыл шаруашылық өнімін апаратын маңызды орынға айналдыруға тырысты. Бұл жәрменекелердегі товар айналысының құрылымы «мешеу аграрлы шет аймақтың өнеркәсіп жағынан дамыған орталық пен өзара қарым-қатынасының мәнін бейнеледі³, ал өнеркәсіпті орталық далаға өнімнің негізгі үш түрін: өлкенің мал шаруашылығымен айналысатын халқы әрқашан мұқтаж болатын кездемені, астық пен металл бүйімдарын жеткізіп отырды. Астық көбінесе үнтүрінде, металл (шойын, мыс және қалайы), бүйімдар (қазан, табак, құман, самаурын т. б.) түрінде сатылды. Сонымен бірге орыс көпестері далаға өндөлген былғары, бояғыш заттар, керосин, шам, шыны, сквидар, әк және т. б. әкелетін. Жәрменекелер Қазақстанда сауданың дамуында оң рөл атқарды. Алайда, аралап жүріп айырбас жасайтын тасымал сауданың да, жәрменеке саудасының да үлес салмағының төмендеуі табиғи процеске айналды, өйткені тұрақты сауда Қазақстанның XX ғасыр басында қалыптасқан ішкі рыноктық байланыстары жағдайына мейлінше сәйкес келетін-ді. Мұның өзі халықтың отырықшылануы, қалалар мен поселкелер желісінің дамуы, келімсектер ағысының артуы, тұрақты немесе үақытша табыстар есебімен тіршілік ететін қазақ халқының кедейленуі жағдайларымен байланысты болатын. Ақшамен сауда жасау жетекші орынға ие бола бастады.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында қазақ және орыс көпестерінің жәрменекелер мен аймақтағы тұрақты сауда орындарында тікелей байланыс жасауын аумақтың ұлан-байтақтығы, халықтың онда сирек қоны-

¹ҚР ОМА, 25-к., 1-т., 1375-іс, 42-п.

²Сонда, 427-к., 1-т., 84-іс, 52-п.

³Қазақ ССР тарихы. Бес томдық. З-т., А., 1979, 302-б.

стануы, товар айналымының заттай түрінің басым болуы, сондай-ақ тасымал жолының жай-күйі көп жағынан қынданат түсті.

Қазақтардың капиталы мен кәсіпкерлік қызмет тәжірибесінің жеткілікті болмауы, Қазақстанның экономикалық тәуелділігі, Ресейдің бұл аймақтағы саясатында аграрлық-шикізат бағытын ұстануы, техниканың даму деңгейінің төмөндігі өнімнің көшілік белгігінің европалық Ресейге тасып әкетілуіне әкеп соқты да, мұның өзі мал мен өсімдікten аныттын шикізатты ұқсату салаларында өнеркәсіптің дамуын тежеді. Өлкені өнеркәсіптік жағынан игеру экономикалық көп шығын жұмысауды талап етті, ал мұндай жағдайда қыруар еңбекті қажет етегін пайдалы қазбалар өндіру тиімсіз болатын. Сондықтан ол кезеңде Қазақстанда астықпен және мал өнімдерімен сауда жасау тез қарқынмен дамыды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қазақстанда өнеркәсіп өндірісі қалыптаса бастады. Сол ғасырдың орта шенінде-ақ Қазақстанда пайдалы қазбалардың көптеген түрлері бар екени анықталды. XIX ғасырдың 60-жылдарында Ресей кәсіпкерлері қазақдаласына капитал жұмысап, бірқатар пайдалы қазбалар кеніштері негізінде өнеркәсіп орындарын үйімдастыруды. 70-80-жылдарда ауыл шаруашылық шикізатын ұқсату жөніндегі өнеркәсіп, яғни май шайқайтын, тері өндейтін, ұнтартастын және т. б. орындар едәуір тез қарқынмен дамыды. Солтүстік-Батыс және Шығыс Қазақстан өндеуші кәсіпорындардың негізгі орталықтарына айналды. Тері өндейтін өнеркәсіптің дамуы едәуір деңгейге жетті: «Ереккетер тері өндеумен, одан аяқ киім тігумен және ұсталық-құюшылық шеберлікпен айналысты. Ағаш ұсталары киіз үйдің сүйегін (кереге, уық, және басқа бөліктерін), ер, ыдыс-аяқ, арба, шана жасады. Зергерлер ұлттық зергерлік бүйімдардың ғажайып үлгілерін нақыштады»¹.

Шымкенттің сантонин заводын отандық химия өнеркәсібінің бастауы деп санауга болады. 1882 жылы негізі қалаған бұл завод өз өнімін Англия, Германия, Америка, Үндістан мен Жапонияға үнемі дерлік жіберіп отырды. Оңтүстік аудандарда, негізінен Шымкент пен Түркістанда мақта тазартатын бірнеше завод жұмыс істеді. Темекі өнеркәсібі бойынша 1875 және 1900 жылдары Верный қаласында қуаты шағын екі кәсіпорын ашылды.

Аралтенізі, Қарабас көлі, Павлодар уезінде түз кеніштері іске қосылып, өнім өндіру қуаты арта түсті. Басқұншақ

кәсіпшілігінде 1867 жылы – 54 847, 1870 жылы – 1267 994, 1880 жылы – 2 800 000 пүт тұз өндірілді.

Жайық, Жем, Ертіс өзендерінде, Арал және Каспий теңіздерінде балық аулау едәуір артты. Бұл кәсіпшілік салаға айналды. Зайсан мен Балқаш көлдері дәстүрлі балық аулау орталықтары болды. Ас тұзы өндірілетін көлдердің басым көшілігі Қазақстанның солтүстік-батыс аудандарында орналасты. Далалық Солтүстік округте (Ақмола облысында және Семей облысында солтүстік-батыс бөлігінде) тұз Үлкен Қалқаман, Кіші Қалқаман, Жамантуз, Коряков, Қарасу, Шақшак көлдерінен өндірілді!

Қазақстанда техникалық жағынан артта қалған ұсак кәсіпорындар ұзақ уақыт бойы жұмыс істеді, оларды өндіріс көлемі мен жұмысшыларының саны жөнінен қолөнер кәсіпшіліктері қатарына әбден жатқызуға болатын. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында 300–500 жұмысшысы бар едәуір ірі кәсіпорындар: Спасск мыс балқыту заводы, Успен руднігі, Қарағанды кеніштері, Екібастұз және Риддер кәсіпорындары жұмыс істеді. Кен өндіру өнеркәсіптің едәуір дамыған, жетекші саласына айналды.

Қазақстан өнеркәсібіне, әсіресе оның кен-руда, көмір және мұнай саласына шетелдік кәсіпкерлер назар аудара бастады. Спасск-Успен, Атбасар мыс рудниктері, Риддер руднігі, Қарағанды және Екібастұз тас көмір кеніштері, бірқатар мұнай кәсіпшіліктері шетелдік капиталистерге сатылды. АҚШ, Германия, Бельгия, Швеция және басқа елдердің кәсіпкерлері Спасск мыс рудалары акционерлік қоғамы акцияларын сатып алды.

XX ғасырдың басында өлкедегі кен өнеркәсібі басты салаларының бірі алтын өндіру болды. Екібастұзда, Қарағандыда, Саранда көмір кен орындары игерілді, өндірілген көмір темір жолмен және су жолымен Пермь губерниясына, Омбы мен Барнаулға, сондай-ақ Павлодар мен Петропавлға және өлкенің басқа да қалаларына жеткізілді.

Батыс Қазақстанда, Орал-Жем ауданында мұнай өндірілді. 1912–1914 жылдарда мұнай шығатын жерлерді игерумен ағылшын кәсіпкерлеріне қарайтын «Батыс-Орал мұнай қоғамы», «Орал-Жем қоғамы» және «Солтүстік Каспий мұнай компаниясы» айналысты. Арзан жұмыс күші, бәсекенің болмауы, мұнай қорының молдығы жыртқыштық қанау жағдайында қожайындарға орасан көп пайда келтірді.

¹Игибаев С. К. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана (1861–1917 гг.). А., 1991, 41-б.

Ал жалпы өлкө өнеркәсібінде ауыл шаруашылық, шикізатын үқсататын: тері өндейтін, тоң май дайындастын, сабын жасайтын, шарап ашытатын, май шайқайтын және басқа кәсіпорындар жетекшілік етті.

Жетісу, Ақмола және Семей облыстарында әскери ведомство ерекше мұдделілік білдірген жүн-мәуіті фабрикалары мен ет-консерв заводтары, сондай-ақ ұн-жарма тартастын өнеркәсіп дамыды.

Оңтүстік Қазақстанда шикізат өндейтін ұсақ кәсіпорындармен қоса, мақта тазартатын өнеркәсіпті өркенді түсті. XX ғасырдың басында Шымкентте – төрт, Түркістанда екі мақта тазарту заводы салынды.

Балық қесіпшіліктері, жоғарыда аталып өткендегі, Еділ-Каспий бассейнінде, Жайық-Жем өлкесінде, Араптенізінде, Ертісте, Балқаш және Зайсан көлдерінде дамыды.

Қазақстандың капиталистік өнеркәсіптің шикізат көзі мен өнім еткізурына айналдырудан темір жолдар салу елеулі рөл атқарды. XX ғасырдың басында Қазақстанда Орынбор-Ташкент, Троицк, Алтай және Жетісу темір жолдарының құрылышы өріс алды.

Темір жолдардың салынуы өлкенің экономикалық өміріне серпін әкелді, жол қатынасының жақсаруы өлкені Ресейдің өнеркәсіп орталықтарымен байланыстырып, жалпыресейлік экономикалық рынокқа тартты. Қазақстаннан әр түрлі өнеркәсіп шикізаты, мал шаруашылығының өнімдері, мал, астық өкетіліп, өлкеге фабрика- завод бүйімдары, галантерея, бакалея товарлары әкелінді.

Сонымен Ресей экономикалық жүйесіне тартылуына қарай Қазақстан шаруашылығының дамуы оның құрамадас бір белгілі ретінде жалпы Ресей экономикасымен тығыз байланысты жүрді. Мұндағы шаруашылық кешені, қалыптасқан өнбек белінісін және оның одан әрі терендеуін ескергенде, Ресей экономикасының бір белгілі ретінде қалыптасты.

Зерттеліп отырған кезеңде Қазақстан экономикасында айтарлықтай он өзгерістер орнықты: бұрынғысынша қазақтар өндірісінің жетекші саласы болып қала берген көшпелі мал шаруашылығы ет-заттай бағыттағы саудаляр қалыптасқан өнбек белінісін және оның өнімдерін қарастырып, Қазақстандың табиғи қазбалар мен мал шаруашылық өнімін көп мөлшерде беретін шылауға айналдырыды.

Егіншілік кәсібі де дамып, егіс көлемі үлгайды, ауыл шаруашылық құралдары жетілдіріле түсті. Ол кезде егіншілік әлі

де товарлы сипат ала қойған жок, бірақ табиғи-климат жағдайы неғұрлым қолайлы өнірлерде фабрика- заводта өндірілген өнбек құралдарын, неғұрлым озық агротехниканы пайдалану нәтижесінде егін шығымдылығының жақсарып, сатуға арнапартық астық өндіру пайда болғаны байқалады.

Сонымен бірге қазақтың құнделікті шаруашылық өмірінде одан әрі өнбек белінісі жүріп жатты – мал шаруашылығының егіншіліктен белінүіне себепші болған жаңа өндірістік салалар қалыптаса бастады (ауыл шаруашылығы өнімдерін үқсату жөніндегі кәсіпорындар, балық қесіпшіліктері және т. б.).

Қазақ қоғамының ішінде натуралды шаруашылықты товарлы өндіріспен ығыстырып шығару процесі жүріп жатты, өндірістің мамандану дәрежесінің тереңдей түсіү түрлі шаруашылықтарды товар айырбасы аясына тартты.

Бірақ жалпы алғанда прогресс шектеулі сипат алды. Үдемелі қозғалыс үстіртін, нашар дамыған, тәуелді нысаннан ары аса алмады. Ресей Қазақстандың екінші дәрежелі шет аймақ деңгейінде құштеп ұстау, оған белгілі бір шектеулі экономикалық рөл беру арқылы үдемелі формациялық процесс шенберін объективті түрде тарылтып отырды.

Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясаты осы үлттық шет аймақ жөніндегі империяның ұлы державалық, ғаламдық-саяси ниеттерін жүзеге асыруға келіп саятын еді. Бұл ең алдымен патша үкіметінің мұдделерін қазақтар мұддесінің есебінен қанағаттандыру бағытын қатаң жүргізгенінен көрінді.

Әз мұдделеріне қол жеткізу мақсатында шаруашылық жағынан «мамандандыру» саясаты жүргізді, мұның өзі индустрияландыруға, өңдеуші өнеркәсіптің, егіншіліктің дамуына нұқсан келтіре отырғып, Қазақстанды табиғи қазбалар мен мал шаруашылық өнімін көп мөлшерде беретін шылауға айналдырыды.

Алайда, жоғарыда аталған шаруашылық процестерінің нәтижесінде қазақ қоғамы Ресей деңгейіндегі экономикалық айырбас жүйесіне тартылды, мұның өзі тұтас алғанда оның жалпы ақыл-ой парасатына әсер етті, сейтіп білімге және неғұрлым озық мәдениетке жол ашыла бастады.

Көшпелі мал шаруашылығынан отырықшылыққа көшуғе байланысты ел өмірінде қалалардың маңызы арта түсті. XIX ғасырдың 60-жылдарынан бірқатар уездік қалалар мен селоларда бастауыш білім беретін мектептер ашылып, ғасырдың ақырғы онжылдықтарында бірнеше мың қазақ балалары бастауыш білім алды. Олардың бірқатары

кейіннен Ресейдің ірі қалаларында гимназиялар мән семинарияларда, жоғары оқу орындарында өз білімдерін одан өрі жалғастырды.

Қалаларда азаматтық сипаттағы оқу орындары, мәдени-агарту мекемелерінің қатары барған сайын толыға түсті. Мәселен, Семей қаласында 1903 жылы 1570 оқушысы бар 16 бастауыш оқу орны, орта оқу орындарынан ерлер мен әйелдердің гимназиясы болған¹.

Қалалар қалыптасып келе жатқан жас қазақ интеллигенциясының шоғырланған жеріне айналды. Сөйтіп, басқару аппаратына адаптациялар, аудармашылар мен мұғалім, дәрігерлер даярлап шығаруға үмтүлған Ресей әкіметінің отаршылдық мақсатына қарамастан, елдің шаруашылық өміріндегі өзгерістер қазақ интеллигенциясын қалыптастыруға белгілі бір жағдайларды әзірледі. Бұған қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси өміріндегі орын алған жаңалықтар да ықпал-әсерін тигізді.

2. Қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайы

Қазақ қауымы. Көшпелі тұрмыс салтының ерекшелігіне байланысты қалыптасқан қазақ этносына тән өзіндік белгі алып бәйтеректей тармақталған ішкі этникалық құрылым болып табылады, ол қазақтардың бүкіл әлеуметтік организмін жоғарыдан тәмен қарай көктей өтетін тәрізді көрінеді. Қазақтардың рулық-тайпалық құрылымы тым курделі және көп сатылы. Әрбір тайпа иерархиялық жағынан үйімдасқан этникалық топтарға және қоғамдық қатынастардың курделі жүйесімен өзара байланысты неғұрлым ұсақ белімшелер мен тармақтарға бөлінеді. Рулық-тайпалық құрылымның әрбір буынының өзіне тән генеалогиялық аныздары мен шежірелері болды, олар әдette өз тегін бір ортақ батыр бабамен байланыстырып отырды.

Қазақ этносы XX ғасырдың басына дейін үш жүзге – Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүзге белініп, олардың әрқайсысы рулық-тайпалық үйімдердан құралды. Қазақ жүздерінің шығу тегі мен қалыптасуына өлкедегі этникалық-мәдени, нақты тарихи процестің ерекшеліктері негіз болды, ал мұндай ерекше өнірлер табиғи-климат жағдайлары мен шаруашылық циклдары үйімдасуының сипаттына байланысты қалыптасты.

¹Өуезова Л. М. М. О. Өуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. А., 1977, 161-б.

Рулық-тайпалық үйімфа тән белгі идеология және этникалық сана-сезім саласындағы ерекше дәстүрлердің айрықша тұрақтылығы болып табылады, мұның өзі тайпалық (құрылымдық) үрандар мен таңбалардан, шығу тегінің бірлігі туралы генеалогия мен азыз-әңгімелерден көрінеді. Әлеуметтік-экономикалық қатынастарда иерархиялық жолмен үйімдасқан құрылымдар әдette тұтастықты білдірmedі, өйткені қазақ қоғамының әлеуметтік үйімі ұясының негізі қауымы саналды. Көшпелі қоғамының экономикалық негізін өзіндік дәстүрлермен ерекшеленетін аумақтық-қауымдық құрылым құрады. Көшпелі қауым дегеніміз – ең алдымен индивидтердің іс жүзінде интеграцияланған үйімі, еңбек кооперациясы принциптеріне негізделген әлеуметтік құрылым. Қауымның тіршілігі мен қалыпты өмір сүру үшін ең алдымен еңбекші индивидтердің бірлесіп күш-жігер жұмсауы арқылы өндіріс процесін қамтамасыз ету факторы алынды¹. Негізгі шаруашылық қызметтің бәрі соның ауқымында жүзеге асырылды. Рулық-тайпалық үйім дегенмен де қоғамының әскери-саяси жағынан үйімдасуына, әулеттік-тыстық қатынастарға, алжекелеген жағдайларда жерді пайдалану және жайылымдық жердің маусымдық бөлініү жүйесіне елеулі ықпал жасап отырды. Рулық-тайпалық ірі топтардың аумақтық жағынан тұтастық құруы міндетті саналмады. Әдette тайпа ішіндегі неғұрлым ұсақ рулардың басқа ру-тайпалардың құрамына енуі, көбінесе аралас-құралас орналасуы жиі кездесті. Жекелеген жағдайларда рулық-тайпалық ірі топтар дербес саяси үйімфа бірігіп, ортақ билік органдарын т. б. құрды. Қазақстанды Ресей құрамына қосып алу кезеңінің бастапқы кезінде орыс самодержавиесі қазақ халқын басқарудың мемлекеттік-әкімшілік жүйесін нақ сол тайпалық негізде үйімдастыруға тырысты, алайда ол XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап-ақ саяси басқарудың аумақтық үйімімен алмастырылды.

XX ғасырдың 20-30-жылдарында қазақтардың отырышынан және көшпелі тұрмыс салтының жойылуы барысында өзінің объективті негізінен – қоғамдық өндірісті үйімдастырудың көшпелі сипаттынан айрылған рулық-тайпалық қауым өз маңызын жоғалтты².

Жер көшпелі мал шаруашылығы жағдайында қауымның

¹Бутинов Н. А. Первобытнообщинный строй // Проблемы истории докапиталистических обществ. I-кітап. М., 1968, 110-б.

²Жданко Т. А. Специфика этнических общностей в Средней Азии и Казахстане (XIX–XX вв.) // Расы и народы. Вып. 4, М., 1974, 10–26-б.

ортак мешігі саналды. Отрықшылық пен егіншілікке көшіп, соған байланысты меншіктің жаңа түрлері, жер жеке меншікке айналғаннан кейін ғана көшпелі мал шаруашылығы феодализмнің басыбайлы, барщиналық жүйесі бар неғұрлым дамыған деңгейіне жете алады.

Қауымның ыдырауы жағдайында жерді жеке пайдалану мен иеленудің дамуы арқылы жерге жеке меншік Қазақстанда XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында қалыптаса бастады, мұның өзі Қазақстанда қарастырылып отырған кезде болған товарлы өндірістің дамуы мен экономикадағы өзгерістерге (егіншіліктің дамуы, отрықшылық, орыс шаруаларын қоныстандыру салдарынан жайылымдық жерлердің тарылуы және т. б.) байланысты жүзеге асты.

Әдетте, көшпелі мал шаруашылығында жер алаптарын шектеу болмады, ал жерді пайдаланудың өзі де мүлде тұрақсыз болуымен ерекшеленді.

Көшпелілердің жерді еркін пайдалануы халық саны мен мал саны көбейгенде және жерді пайдалануға шек қойылған кезде бұзылатыны анық. Жер қатынастары жөнінен XIX ғасыр бұрынғы меншіктену нысанының баяу болса да, үздіксіз қирытылып, көшпелі өндірісте бұрын болып көрмеген жаңа үлгілер қалыптастырылған кезеңге айналды.

Көшпелі мал шаруашылығы жағдайында жайылымдардың жекелеген адамдар мен әүлеттердің меншігіне көшуі өндіріс сипатына қайшы келді, негізгі өндіріс құралы болып табылатын мал санының шектеулі жер участекелерінде көбеюі шын мәнінде әрбір жеке қожайын үшін өндіріс алаңының қысқағанын білдіріп, жалпы алғанда мал мен өндірістің өсу қарқының тежеді. Қазақстанда жерді қауымдастып пайдалану ғасырлар бойы қалыптасып, үстемдік етті және ол көшпелі мал шаруашылығы басым болып тұрған кезге дейін өмір сүрді. Қауым құрамы бір тектес болған жоқ: ол 3-5 бай адам шаруашылықтарынан және ондаған орташалар мен кедейлер шаруашылықтарынан құралды. Қауымдар әлеуметтік жағынан мейлінше әр түрлі шаруашылықтарды, соның ішінде орташа феодалдарды да, яғни байлар мен билерді де қамтыды. Сұлтандар қауым құрамына кірмедин, олар қазақ ауылдары мен руладының негізгі бұқарасына қосылмай, өз туыстарымен бірге бөлектеніп жүрді.

Жайылымдық-көшпелі қауымға мал өсіру жөніндегі кейбір еңбек үжымдастыры тән болды, ол көшпелінің жерге қатынасының тікелей емес, қауым арқылы жүзеге асатынымен анықталды. Сонымен қатар мұндаид қауымға натуралдық томаға-тұйықтық сипатта тән болып келеді.

XIX ғасырдың аяғында, ал кейбір аудандарда одан да

ертерек жайылымдық жер тарылған кезде байларға қауымдық жерлерді пайдаланудың шектелу қаупі төнді. Қауымдарда адам саны есіп, олардың малы көбейді, ал бос жерлер азая түсті. Осында жағдайларда байлардың өзі жерді қауымдық нысанда пайдалануға алдымен қарсы шығып, жерді жекеше пайдалану мен жеке жер иеліктері үшін қресті.

Сөйтіп қалыптасқан бойдан-ақ жайылымдық-көшпелі қауым экономикалық өмірдің дамуы мен Ресейдің сыртқы экономикалық әсері туғызған ішкі қайшылықтардың ықпалына үшірай бастады. Натуралдық томаға-тұйықтық қиратылып, жер пайдаланудың жаңа нысандары қалыптасты және қауымның ыдырауы жеделдей түсті.

Көшпелі мал шаруашылығы мен жайылымдарға жеке меншік бір-бірімен сыйыспайтын үғымға айналды.

Егіншілік пен отрықшылықтың, отрықшы мал шаруашылығының дамуына, қалалар мен басқа да елді мекендердің өсуіне қарай және патша өкіметінің жерді тартып алу саясатының салдарынан көшпелі мал шаруашылығының ауқымы барған сайын тарыла берді, жайылымдар көп мөлшерде жеке иеліктегі және жеке пайдаланылатын егістіктер мен мал өрістеріне айналдырылды. Жайылымдардың тарылуымен бірге мал саны жалпы алғанда кебейе түсті де, мұның өзі көшпелі мал шаруашылығының өндіріс алаңын одан сайын тарылтты. Көшпелі мал шаруашылығын одан әрі дамыту мүмкін болмай, дағдарыс пісіп-жетілді. Мұның өзі шаруашылықтың басқа тұрларіне, атап айтқанда егіншілік пен отрықшы мал шаруашылығына кешуді тездете түсті. Қазақстанда басталған бұл процесті Қазан революциясы тоқтатып таставы да, оны кейінгі жылдарда өзінше шешті.

1867–1868, 1886 және 1891 жылдардағы реформалар. XVIII ғасырдың 30-жылдарында қазақ қоғамы Ресеймен тікелей байланыс жасай бастады. Ресей мен Қазақстан арасында өзара қатынастардың пайда болып, дамуы сөзсіз және табиғи-тариhi қажеттілік еді, өйткені ол Ресей мемлекетімен шектес өңірлерде қазақтар тұратын аумақтардың географиялық жағдайына байланысты болды.

Бұл байланыска өуел бастан-ақ өзара іс-қимыл жасайтын жақтардың теңсіздігі негіз етілді. Бір жағында жоғары үйимдасқан, біртіндеп капиталистік даму жолына түсіп келе жатқан Ресей феодалдық-монархиялық мемлекеті, екінші жағында экономикалық базисі көшпелі мал шаруашылығына негізделген қазақ қоғамы тұрды. Шаруашылық жүргізу ерекшелігінін, өндірістік күш-куатының шектеулігі себепті көшпелі мал шаруашылығы экстенсивті өндіріс әдісі болатын.

Қазак қоғамы Ресей «бодандығына» өтуінің бастапқы кезеңінде, шамамен XIX ғасырдың 20-жылдарының аяғына дейін Ресей мемлекеті өзінің алдына қазақтар мекендейтін аумақты Орта Азия мен Қытайрыноктарына транзиттік сауда байланыстарын жасау үшін пайдалануды мақсат етіп қойған. Кейінректе, шамамен алғанда 40-жылдарда сол аумақтың өзін экономикалық жағынан тежеусіз пайдалану міндеті қойылды. Ал 60-жылдардан бастап Ресейдің тұпкі мақсаты бұл аудандарда Ресей мемлекетінің сенімді экономикалық, саяси және өскери базасын құру еди.

Аталған мақсаттарға жету жолындағы құралдар орыс самодержавиесінің саяси институттары: армия, полиция, өкімет органдары мен басқару аппараты болғаны әбден табиғи жағдай.

Патша өкімшілігінің 1822–1824 жылдардағы реформалары, басқару жүйесінің қайта құрылуы өлкеде отаршылдық режимді түпкілікті орнықтырды. Соның салдарынан ел өзінің бостандығы мен тәуелсіздігінен мұлде айрылды. Қазак қоғамының әлеуметтік-саяси тұрақсыздығына және оның Ресейге бодандығының саяси-құқықтық, бұлыңғырылығына себеп болған ең елеулі қылмыс түрлері бойынша қазақтарды Ресей зандарына бағындыруға қол жеткізілді. Бұл шаралар орыс мемлекетінің осы аудандардағы салық саясатын айтارлықтай тәртіпке көлтіруге, Орта Азия мемлекеттерімен, Қытаймен, қазақтардың өздерімен сауданы тұрақтандыруға, қазақ жерлеріне экономикалық жағынан одан өрі терендей ену және жалпы алғанда Ресейдің Азия аймағындағы тактикалық және стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін негіз дайындауға мүмкіндік берді.

XIX ғасырдың орта шенінде Ресей мемлекетінің Орта Азиядағы саясатында жаңа кезең басталды. 60-жылдардың бас кезінде Орта Шығыс пен Орта Азия мемлекеттеріне үстемдік ету жолындағы құресте ағылшын-орыс бақталастығы шиеленісті де, ол Ресей тарапынан батыл да терең ойластырылған іс-қимыл жасауды талап етті. Сол кезеңге қарай белсенді сыртқы экономикалық қызмет жүргізу нәтижесінде Ресей қазақдаласының онтүстігіне, қырғыздар мекендейтін жердің солтүстік бөліктеріне, Ташкент және Самарқанд аймақтарына үстемдік етіп, Бұхара өмірлігі мен Қоқанхандығы жерінің едәуір бөлігін бөліп алды.

Ресей үкіметінің Орта Азиядағы саясаты оның өзіне бірінші кезекте жаңадан қосып алғынған аумақтарда Ресей саяси үстемдігін орнықтыруды міндет етіп қойды. Бұл үшін бұрын қосып алған қазақ жерлерінде (Солтүстік, Батыс, Ор-

талық және Шығыс Қазақстан аудандарында) әкімшілік жүйені жетілдіру қажеті туды. Ресей империясының негізгі бөлігіне әлеуметтік-экономикалық және саяси жағынан қосуды женілдешу үшін аталған аумақтарда жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, Ресейдің экономикалық саясатын жүргізе алатын, сондай-ақ өлкені Орта Азияға одан өрі тереңдей енудің сенімді алғы шебіне айналдыру үшін ондағы саяси жағдайды барынша тұрақтандыруға қолжеткізе алатын құшті әкімшілік билік қажет болды.

Ресей үкіметі 1864 жылдың басында қазақ жерлеріндегі әкімшілік өзгерістердің жобаларын және жаңадан қосылған Түркістан өлкесіндегі әкімшілік құрылыштың негіздерін өзірлеуге кірісті.

Дала Комиссиясының екі жылдан астам уақыт жүргізген жұмысының нәтижесінде 1868 жылғы 7 мамырда Приурал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы Ереженің жобасы аяқталып, ол 1868 жылғы 21 қазанда заң жүзінде бекітілді. Министрлер комитеті бұл Ережені 1869 жылғы 1 қаңтардан бастап тәжірибе түрінде екі жылға енгізу туралы шешім қабылдады. Жаңадан құрылатын басқару органдары далалық облыстардағы басқару жайында түпкілікті Ережені жасап шығару үшін жобаға енгізілетін қажетті өзгерістер туралы Министрлер комитетіне екі жыл бойы баяндап отыруға тиіс болды. Сондықтанда ол «Уақытша Ереже» деп аталды.

1868 жылғы «Ереже» бойынша, қазақ жерінде осы кезеңдегі дейін өмір сүріп келген «Орынбор қырғыздары», «Сібір қырғыздары», Семей облыстары, Орал және Сібір казак әскерлерінің жерлері сияқты әкімшілік-аумақтық бөліністерден төрт облыс: Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары құрылды. Әр облыс төрт уезге бөлінді.

Жалпы алғанда басқару жүйесі үш буын: облыстық, уездік және жергілікті басқармалар болып құрылды.

Облыстық басқармалар. Оралжәне Торғай облыстық басқармалары тікелей Орынбор генерал-губернаторына, ал Ақмола және Семей облыстық басқармалары Батыс-Сібір генерал-губернаторына бағындырылды. Облыстардың әскери губернаторы мен облыстық басқару билігі облыстық басқармаға біріктірілді. Орал және Торғай облыстарының әскери губернаторларының құқықтары мен міндеттері жалпы империялық мекемелер бойынша, ал Ақмола және Семей әскери губернаторлары – арнаулы Сібір мекемесі бойынша Ресейдің ішкі губерниялар губернаторларының құқықтары мен міндеттеріне теңестірілді. Облыстық басқарманың төрағасы мен вице-губернаторды генерал-губернаторлармен

келісе отырып, ішкі істер министрі тағайындағы. Облыстық басқарма жаһында кеңсе құрылды.

Уездік басқармалар. Уезд басқармасын басқаруға уезд бастығы лауазымы енгізілді. Ол қызметке үкімет орыс чиновниктерін ғана тағайындалап, билемшілікке билігі біржола жойылды. Уезд бастықтарының, құқықтары мен міндеттері жалпы империялық мекемелер бойынша Ресейдің ішкі губернияларындағы полиция исправниктерінің құқықтары мен міндеттеріне теңестірілді.

Жергілікті басқармалар. Бұл буын уездердегі қазақ халқы арасында азаматтық-құқықтық процестерді әкімшілік жағынан тікелей реттеп отыру қызметін атқарды. Уездер болыстар мен ауылдарға бөлінді, әр ауылда 100-ден 200-ге дейін, әр болыста 1000-нан 2000-ға дейін шаңырақ (түтін) болды. Соған сәйкес болыс басқарушылары мен ауыл старшындары лауазымдары енгізілді. Болыс басқарушылары – болыс «съездерінде», ал ауыл старшындары «ауыл жиындағында» сайланды. Бұл лауазымды адамдарды ұстауға арналған қаражатты оларды сайлаған болыстардың халқы қосымша міндеткерлік ретінде төлең отырды. Шынына келгенде, орыс әкімшілігі қазынадан ешқандай да материалдық қаражат шығармай, патша чиновниктерінің барлық талаптарын жергілікті жерлерде тікелей жүзеге асыратын болыс басқарушылары мен ауыл старшындары түрінде төменгі буындағы әкімшілікті құрды.

«Уақытша Ереже» арқылы құқық және сот жүйесіне елеулі өзгерістер енгізілді. Жалпы алғанда, сот жүйесі мен сот ісін жүргізу үш категорияға: Әскери қаулылар жинағы негізінде сот ісін жүргізетін әскери соттарға, империяның жалпы зандарына негізделген соттарға және қазақтардың дағдылы құқықтарына негізделген халық соттарына бөлінді. Сонымен қоса олар әлеуметтік және үлттық, белгілері бойынша, яғни отырышы және көшпелі халыққа, орыстар мен қазақтарға және халықтың пұрсатты топтарына бөлек етіп құрылды.

XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап-ақ жұмыс істеп келген әскери-сот комиссияларының, облыстық басқармалардың, уездік судьялар мен билер сотының сот билігі қалдырылды. Билер бұл қызметке «болыстық съездерде» әрбір болыстан 4-8 адамнан үш жылға сайланып отырды.

Билер соты да үш буынға: жеке би соты, билердің болыстық съезінің соты және билердің төтенше съездері болып бөлінді.

1868 жылғы «Ереже» нәтижесінде енгізілген әкімшілік жүйесіндегі ең елеулі кемшіліктер жергілікті басқарудың төменгі буынын, яғни қазақтардың қоғамдық басқару орган-

дарын үйимдастыру принциplerінен айқын аңғарылды. Ауылдар мен болыстарды шаңырақ саны мен қысқы қыстауларының көршілігі бойынша үйимдастыру принциплі қазақтардың дәстүрлі қоғамдық үйимдарына, олардың билік пен басқару жөніндегі түсініктеріне мүлде сай келмейтін, жасанды әкімшілік бөліністер құруға әкеп соқты. Соның салдарынан Ресейдің мемлекеттік мекемелерінің әкімдерін тікелей орындаушылар, яғни болыс басқарушылары мен ауыл старшындары өз міндеттеріне сай келмеді. «Уақытша Ережеде» жобаланған, идеясы жағынан шаруалардың ауылдық қоғамына сәйкес келуге тиіс болған «ауыл» әкімшілік бөлінісі (100-200 шаңырақ) шын мәнінде қазақ үйымдағы бірнеше ауылдың жиынтығына айналды. «Уақытша Ереже» бойынша алғандағы «ауылдарға» қосылған әрбір қазақ ауылының мұдделері бір-біріне қарама-қарсы болып шықты. Көктем және жаз мезгілдерінде бұл «ауылдар» («Уақытша Ереже» бойынша алғанда) ыдырап кететін де, жаңа әрбір «ауыл» бір-бірінен тым алшақтап, өздерінің дәстүрлі қоныстарына баратын. Сейтіп басқарушылар өз қарауындағылардан «адасып қалатын». Осыған байланысты болыс басқарушылары мен ауыл старшындарын қазақ халқының өз ортасынан сайлау принципінің өзі де шынына келгенде теріс зардаптарға әкеліп соқты.

80-жылдарда қазақ жерлерінің әкімшілік-аумақтық құрылышына қосымша елеулі үйимдық өзгерістер енгізілді. 1881 жылғы 11 шілдеде Орынбор генерал-губернаторлығы таратылды. 1891 жылғы 25 наурызда заң жүзінде бекітілген «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ережемен» әкімшілік, сот құрылышы, салық жүйесіне де өзгерістер енгізілді.

1891 жылғы «Ереже» төменгі әкімшілік-аумақтық бөліністердің үйимдастырылу принциplerін өзгертті. Біріншіден, Облыстық басқармасы болыстар мен ауыл қоғамдарының көлемін жергілікті жағдайларға қарай белгілеу құқығы берілді, ал 1868 жылғы ережеде бұл мәселеге қатаң шек қойылған-ды. Екіншіден, ең төменгі әкімшілік-аумақтық бөлініс ретінде ауыл ортақ жер меншігін пайдаланатын шаңырақ иелерінен құралуға тиіс болды. Қазақтардың уезд шегінен көшіп шыққан кезіндегі әкімшілік-полициялық бағыныштылығы нақты белгіленді, мұның өзі уездік басқару органдарына әрқашанда қындық, туғызып келген еді. Көшпелі қазақтардың ендігі жерде «жоғалтып» алмау үшін олардың қай уездік әкімшілікке бағынатыны туралы «куәліктер» беру жүйесі енгізілді. Жалпы алғанда 1891 жылғы 25 наурыздағы «Ереже» де 1885 жылғы Комиссияның алдына қойылған көптеген мәселелерді реттей алмады. Мәселен, әкімшілік және сот

билігін белу, жер қатынастары, әскери және азаматтық басқару органдары арасындағы өзара қатынастар проблемалары шешілмеді.

Жаңа әлеуметтік-экономикалық құбылыстар: қазақ далаына қоныстандыру қозғалысы, оның әсіресе XIX ғасырдың соңғы онжылдығында күшіне түсі, көшпелі қазақ халқының отырықшылыққа көшу процесі, Сібір темір жолының салынып, пайдаланылуына байланысты экономикалық қатынастардың интенсивтіндірілуі, қалалық қоныстардың көбеюі – әкімшілік алдына жаңа міндеттер қойды.

Сөйтіп, 50–60-жылдары басқару ісі ішінара қайта үйімдастырылды. Орынбор әкімшілік-саяси жүйесі қамтыған қазақ жерлері 1859 жылы Ресей империясының «ішкі облыстарына» айналды. Оларды аталған кезеңге дейін жоғарыдан басқарып келген Сыртқы істер министрлігінің қарауынан алғынан, ішкі істер министрлігінен берілді. Қазақ жерлерінде Батыс-Сібір әкімшілігі үйімдастырылған әкімшілік-аумақтық бөліністер түрі жағынан сол қоғамның дәстүрлі қоғамдық-үйімдық құрылымына сәйкестендірілді. 1822 жылғы Жарғыда жергілікті басқарудың теменгі буындарын үйімдастыру ісінде қазақ қоғамына біршама дербестік (Ресей үкіметінің мүдделері үшін) берілген еді. Жарғы бойынша округтік және бөлістік басқару органдарының аппаратына сұлтандар арасынан қазақ ұлты өкілдерін «ұсыну» құқығы қалдырылған болатын.

1891 жылғы заң ережелері уездік және облыстық басқару органдарының әскери-полициялық сипатын күштеп түсти. Азия аймағындағы әкімшілік саясаттың мұндай бағыты XIX ғасырдың 80-жылдарындағы Ресей әкімшілік жүйесінің жалпы көртартпа піғызына сай келетіні анық. Ресейдің қазақ әлкесіндегі мемлекеттік әкімет пен басқару органдары бүкіл даму кезеңдерінде әкімшілік, полициялық, сот және әскери міндеттерді бір мекемеге шоғырландырумен сипатталды.

XIX ғасырдың ортасынан ғасыр аяғына дейін қазақ жерінің бүкілаумағы Әскери министрлікten ерекше ережелері бойынша Орал, Сібір, Жетісу, Орынбор казактары әскерлерінің «далалық басқару аудандары» дейтінге бөлінді. Аумақтарды анықтау үшін «дала қанаттары» (сол қанат, он қанат және т. б.) сияқты әскери терміндер қолданылды.

Бірінші кезекте казак әскерлерінің мүдделері қанағаттандырылып отырды. Мәселен, Сібір және Жетісу казак әскерлерін орналастыру үшін қазақтардың ең таңдаулы 5 000 000 десятина егістік және шабындық жерлері орман-тоғайымен қоса тартып алынған¹.

¹Мұқанов М. С. Қазақ жерінің тарихы. А., 1994, 24-б.

Қазақ қоғамының өз ішінен әлеуметтік тірек іздестірген Ресей әкімшілік-саяси жүйесі белгілі бір әлеуметтік күштерді бөліп шығарып, оларға заң арқылы билік берді, Ресей заңдары талап ететін міндеттерді орындау үшін оларға әскери-саяси күштерді тапсырып, міндеттерін регламенттеді. Осының салдарынан қазақ қоғамының дәстүрлі саяси институттары (білер соты, рубасы, тайпа көсемдері және т. б.) сол қоғам өміріндегі өз орындарынан айрылыды. Дегенмен олар орыс әкіметі құрған жаңа институттармен ұзақ уақыт бойы қосарласа жұмыс істей берді, бірақ бұл енді заңдан, қоғамдық өмірді айқындастын механизмдер өрісінен тыс болатын. Осыған байланысты қазақтың бұрынғы ел билеу жүйесі (дәстүрлі саяси институттар) қоғам өміріндегі азаматтық-құқықтық үрдісті реттеп келген табиғи-тариhi қүшінен, сондай-ақ билікті шектеп, бақылап отыратын қабілетінен де айрылды, яғни патша әкімшілігі жаңадан құрған саяси институттар түрі жағынан дәстүрлі сияқты көрінгенімен, шын мәнінде Ресей мемлекеттік механизмінің құрамдас бөлшегіне айналды. Мұндай жағдай аталған саяси институттарға екі жақты теріс сипат берді. Олар орыс әкімет орындарының атын жамылдып, халықты қатаң қанап-тонады, жоқшылыққа ұшыратып, оның үлттық дамуын тежеді. Демек, олар қазақтарды физикалық жағынан қалжырап, әлсіреген, жарлы-жақыбайларға айналған элементтер емес, қайта салық төлеуге, қазақ әскерлерін асырауға, өнім өткізетін рынок пен шикізат беретін көз ету мақсатын көзделген орыстың саяси жүйесі үшін де мейлінше тиімсіз, нашар құрал болып шықты. Орыс әкімет орындарының барлық басқару буындарындағы лауазымды адамдарды бірте-бірте орыс чиновниктерімен алмастыруға ұмтылғаны да сондықтан, оларға Ресей зандарының бақылаушылық қүшін белгілі бір дәрежеде ойдағыда қолдануға болатын еді.

Жалпы алғанда Ресейдің әкімшілік-саяси жүйесі қазақтардың дәстүрлі қоғамдық қатынастар құрылымына тереңдей ене отырып, мәселен, дағдылы құқық пен билер сотын жоюды өздері қаламағанына қарамастан, оларды құйретпей қоймады. Ресей үкіметі билер соты арқылы өзі арзан және көшпелі халыққа мейлінше лайықты сот жасағысы келді, бірақ объективті жағдайларға байланысты оны біртіндеп регламенттеуге, өзінің юрисдикциялық қүшіне және іс жүргізу құрылышын өз мақсаттары мен міндеттеріне бағындыруға мәжбүр болды. Мұның, өзі сайып келгенде бұл сотты жұмыс істей мүмкіндігінен айырды, сөйтіп XIX ғасырдың аяғында, үкімет пен жергілікті әкімет орындары билер сотының заң шығарушылық міндеттін біршама әлсіретіп, оған дәстүрлі қүшін қай-

тарып беруге ниеттенген кезде енді бұл мүмкін болмай шықты. Ресей 60-90-жылдардағы реформалардың барысында қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жүйесін өзінің экономикалық мүмкіндігіне бейімдей қайта құрып, олардың ішкі мазмұнын өзгертіп, қирады. Ресейдің экономикалық және саяси ықпалының нақосы қирадушылық зардалтары қазақ қоғамына XIX ғасырда апатты салқынын тигізгеніне қарамастан, бұл қоғамның одан ері дамуына қозғау салды.

Болашақта самодержавиенің, экономикалық және әкімшілік саясаты көшпелі мал шаруашылығының негіздерін қирада отырып, көшпелі қазақтардың отырықшылыққа, барлық туындастырылған салдарымен қоса, өнеркәсіп өндірісімен айналысуга көшуін қажет етті. Реформалар феодалдық-патриархаттық тәртіптердің негізін шайқалтып, қазақ ауылдарын капиталистік қатынастардың ауқымына тартты, өлкеде мәдениет, оқу-білім ісі өркен жая бастады.

3. Қазақтардың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі мәдениеті

Оқу-ағарту ісі. Орта Азия халқы ислам дініне кірген кезден бастап мұсылман мектептері мен медреселері байырғы үлттардың балалары мен жастарына білім беру және оларды тәрбиелеу жүйесінің негізгі, ал оны Ресей отарлап алғанға дейін бірден-бір буыны болды. Бұл мектептер мен медреселерге негізінен діни білім беру міндеті қойылғанымен, олардың бағдарламаларында өзге пәндер де елеулі орын алғанын атап өткен жөн. Қеңестік кезеңдегі желікпе атеистердің мұсылман мектептері мен медреселерінде оқыту схоластикалық, үстіртін сипатта жүргізілді деген пайымдаулары көпекеріне негізсіз болатын. Бұл мектептер мен медреселер оқыту және тәрбиелеу әдістерінің қаншалықты жетілмегеніне қарамастан, мешіттің ғана емес, қоғам мен мемлекеттің де мудделеріне қызмет етті. Нақосының арқасында мұсылман мектептері мен медреселерінен түрлі дәүірлерде Мұхаммед әл-Хорезми, Әл-Фараби, Бируни, Үліқбек, Науай және басқа әнциклопедист-ғалымдар, ойшылдар, ағартушылар тәрбиеленіп, білім алғып шықты¹. Қазақтың ұлы ақыны, данышпан перзенті Абай Құнанбаев та кезінде Семей қаласындағы Қамали қазіреттің мешіті жанындағы медреседе оқыған².

¹Сенбес жұлдыздар. А., 1989.

²Абай. Энциклопедия. А., 1995, 513-б.

Әдебиеттерде мұсылман мектептері күні бүгінге дейін діни мекеме ретінде ғана қарастырылып келді, оның білім беретін мекеме ретінде гөрінегі рөліне көніл белінбеді. «Мектептердің жергілікті халықтың сауаттылығын қалыптастырудағы рөлін теріске шығару, – деп жазды профессор П. Г. Ким, – ғылымдағы тарихи ықпалының принципін бұзу. Бұл рөлді білмейінше, мұндағы (Түркістандағы) кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы да, одан кейінгі де мәдени құрылышты диалектикалық тұрғыдан түсіндіріп беру мүмкін емес»¹.

Мұсылман мектептерінің пайда болу тарихы VIII ғасырдан, өлкеде ислам діні мен араб жазуы тараған кезден басталады. Бастауыш білім беретін мектептер әрбір елді мекенде болған. Әдette оларды мешіттер жанынан сол мешіттердің имамдары немесе басқа да сауатты, дәулетті адамдар ашып отырған.

Мектептер өздері жанынан ашылған мешіттердің вакуфтық мұлкі саналып, солардан түскен кіріс есебінен ұсталды. Сонымен қатар мектептердің көпшілігі тауап етушілердің қайыр-садақалары есебінен де қаржыландырылды. Оқыту үшін акы төлеудің белгілі бір түрі нәмесе мөлшері белгіленеді, әдette акы ақшалай, заттай, тамақ өнімдері және т. б. түрінде төленді. Жеке адамдар ашқан мектептер де аз болған жоқ.

Басқа аймақтардағы сияқты, Қазақстанда да медреселердің пайда болуы мен дамуының тарихы ислам дінінің тараулуымен және мешіттер салынуымен тығыз байланысты. Бастапқыда мешіттер салынып, кейіннен олар оқу орындарына айналды, қосымша бөлмелер, аудиториялар түркізылып, осылайша медреселер қалыптаса бастады. Сонымен бірге олар миссионерлік міндет те атқарып, дін тарататын орталықтарға айналды. Медреселерде дін жолын үстанушылар мен азаматтық өкімет орындарын жақтаушылар арасында пікірсайыстар, айтыштар өткізіліп, қайшылықтар шешіліп отырды, бірте-бірте олар теологиялық мәселе-лер мен мұсылман құқықтарын зерттейтін орталыққа айналдырылды. Қазақстанда салынуы мен қаржыландырылу көзі және құрылышының аумағы, кімге қарайтындығы жағынан медреселердің (хандардың, ишандардың медреселері, жекеше, қауымдағы медреселер) түрлі ұлгілері құрылды. Медреседегі оқу үш сатыға – төмөнгі (бастауыш), орта және жоғары сатыларға бөлініп, 9–12 жылға созылды.

Медреселерде 13–15 жастағы жасөспірімдермен

¹Ким П. Г. Неграмотность в Туркестане? Миф и факты языком документов // Правда Востока, 1991, 13 маусым.

қатар жас шамасы әлдеқайда үлкен, ересек адамдар да оқыған.

Медреселердегі оқу бағдарламаларына пәндердің мынадай топтамалары (циклдары) енген: 1) араб тілі – грамматика, морфология, синтаксис, этимология, араб риторикасы, араб тарихы, Құран оқу туралы ғылым және мәдени-ғылыми пікірсайыстар; 2) дін ілімі мен заңтану – Құранның мазмұны мен маңызы, құқық, діни ережелер, мұраны бөлу тәртібі туралы ілім, заңтану негіздері; 3) философия, логика, математика, география, астрономия, химия және жаратылыстану ғылымы.

Қазақстанның барлық медреселеріндегі оқу-тәрбие жұмыстары барысында шәкірттер көрнекті ғалымдардың, ислам діні мен мұсылман құқығы ғұлама білгірлерінің жазған оқулықтары мен оқу құралдарын пайдаланған.

XIX ғасырдың бас кезінде Орта Азияда 600-дей медресе бала оқытқан, олардың саны 1908 жылы Түркістан генерал-губернаторлығында – 268, соның ішінде Ферғана облысында – 176, Сырдария облысында – 44, Самарқанд облысында – 38-ге жеткен. Н. Сабитовтің деректеріне қарағанда 1897 жылы Жетісу облысында 88 мектеп пен медресе болып, оларда 12 835 бала оқыған. Семей облысында 1895 жылы 900 оқушысы бар 17 мектеп пен медресе; Торғай облысында 1911 жылы 340 оқушысы бар 13 мектеп пен медресе; Ақмола облысында 1907 жылы 970 оқушысы бар 15 мектеп пен медресе; Орал облысында 1898 жылы 4 113 оқушысы бар 198 мектеп пен медресе; Сырдария облысында 1895 жылы 28 898 оқушысы бар 2409 мектеп пен 34 медресе болған¹. Ал осылардан өлкеде 1916 жылға қарай 186 медресеғана қалған.

Дегенмен де, Қазақстан халқының жалпы санында көшіп келуші халық үлесінің едәуір артқанына және орыстандырушылық, мұсылман дініне қарсы саясаттың, медреселер жүйесін қысқарту бағытының көң өріс алғанына қарамастан, ел өміріндегі медреселердің ықпал өрісі сакталып қалды.

Отарлау кезеңінде, әсіресе XIX–XX ғасырлар шебінде патшалық әкімет орындары сөз жүзінде мұсылман мектептерінің өміріне араласпау туралы мәлімдей отырып, іс жүзінде орыс-түземдік мектептерінің желісін кеңейту және басқа шаралар арқылы медреселерде оқытын балалар санын азайтуға қол жеткізді. 1867 жылғы реформаның өмірге енуімен қатар ашыла бастаған орыс-түземдік аралас мектептерінің отаршылдық мүддеден туындастырылған түпкі сая-

си-миссионерлік мақсаты неғұрлым бұратана балалары орыс балаларымен араласып оқыса, соғұрлым орыстандыру үрдісі де жылдамдайды деген тұжырымға негізделген болатын².

Оқыту жүйесі орыстандыру міндетіне бағындырылып, отаршыл үкімет тарапынан медреселер қатаң бақылауға алышында. Жетісу облысы халық училищелерінің инспекторына 1910 жылғы 27 қыркүйекте жіберілген Түркістан өлкесі училищелерінің Бас инспекторының нұсқауында: «...мектептер мен медреселерді қадағалап отырудан мүлдем бас тартуға болмайды, оның үстінен халықты да бақылауға біртіндеп дайында беру қажет. Мектептерді, әсіресе медреселерді оларда не оқытылатынын білу үшін бақылап отыру керек. Бақылау құнделігін жүргізіп, оны маған әрбір жарты жылда тапсырып отыруды талап етемін»³, – делінди. «Жоғары бастықтардың татар медреселері мен мектептерінде қырғыздардың татар молдаларынан оқуына тыйым салған әкімі бар. Сіздер оларда оқуға қырғыз балаларын жібермеуге тиіссіздер» деген талап қойылған келесі бір нұсқау хатта⁴. Патша әкімшілігінің Бекей ордасында Жәнгір ханға мектеп ашуына рұқсат етуінің түп астарында татарлардың қазақтарға тигізіп отырған ықпалын тежеп, бәсендету мақсаты жатқаны да анық⁵.

Ресейде капиталистік қатынастардың дамып, олардың үлттық шет аймақтардың шаруашылық өміріне терендей енуіне байланысты балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың «жаңа әдісі» жолындағы қозғалыс пайда болды. Бұл қозғалысты жақтаушылар мұсылман оқу орындарына география, тарих, арифметика, жаратылыстану сияқты азаттық пәндерді енгізуі талап етті. Қазақстан аумағында жаңа әдістемелі алғашқы мектептер мен медреселер өткен ғасырдың басында, оның алғашқы онжылдығында қалыптаста бастады. Әсіресе, 1905–1915 жылдар аралығы жаңа үлгіде оқытатын мектеп пен медреселердің кеңінен тарала бастаған кезеңі саналады⁶.

Бұрынғы әріп жаттататын, кейбір мектептердегі сөзді буын-буынға бөліп, дауыстап та оқытатын әдіс келмеске кетті, яғни мектептер қайта үйімдастырылып, таза дінің кон-

¹Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. А., 1993, 32-б.

²ҚР ОМА, 90-к., 1-т., 773 а-ic, 63-п.

³Бұл да сонда, 78-к., 9-т., 479-ic, 7-п.

⁴«Қазақ әдебиеті», 1991, 27 қыркүйек; «Өркен», 1991, 14 қыркүйек.

⁵Сабитов Н. Мектеби и медресе у казахов, 31-б.

⁶Сабитов Н. Мектеби и медресе у казахов. А., 1950, 17-б.

Фессионалдық мазмұнынан арыла түсті, оларға жалпы білім беру сипатындағы пәндер енгізілді. Дін ілімі барлық мектептерге енгізіліп, басты пән саналса да, оған қоса ана тілі, арифметика пәндері оқытылатын болды.

Медреселердің екі үлгісі: дәстүрлі ескі әдіспен және жаңа тәсілмен оқытатын түрлері қалыптасты. Дәстүрлі, таза конфессионалдық мектеп саналатын медреселерде мұсылман дін басылары мен мешіт қызыметшілері даярланды. Оларда негізінен алғанда діни ілімдер, қасиетті кітаптар оқытылып, зерттелді, ал жалпы білім беретін пәндерді оқытуға онша көп орын берілмеді. Медреселердің жаңа үлгілеріне елеулі ерекшеліктер енгізілді: оларда дін ілімін, қасиетті кітаптарды оқытумен қатар деңгейі гимназияның төрт класы болатын жалпы білім беру пәндері де оқытылды. Қапал уезіндегі ағайынды Маманов пен Тұрысбековтердің мектебінде оқыту ісі жаңа әдіспен жүргізілді. Верныйдағы Әбдуәлиевтердің 1883 жылы ашылған ерлер мектебі 1904 жылдан жаңа әдіспен оқыту үлгісіне көшірілген. Сабак мына пәндер бойынша өтілген: дінтану, татар тілі, араб тілі, тарих, арифметика, құран, география, әліппе, пайғамбарлар тарихы, бастауыш физика курсы, орыс тілі. Оқушылар саны 136-ға жеткен, оның татары – 116, қазағы – 11, басқа үлгілі – 9 (1913 жылғы есеп бойынша)¹. Торғай облысының Ақтөбе, Үрғыз, Торғай, Қостанай уездерінде 1912 жылы жаңа үлгіде оқытатын 121 медресе болып, оларда 1810 бала оқыған². Сөйтіп жаңа және ескі әдіспен оқытатын медреселердің оқу бағдарламаларында елеулі айрымашылық орын алды.

1906 жылғы 31 наурызда бұратаналарға арналған училішшелер жөнінде ереже қабылданды, оны мұсылман халықтары ұнатпады, ол, бір жағынан, мұсылмандардың оқу-ағарту саласындағы қажеттеріне сай келмеді, ал екінші жағынан, мұсылмандар шектен тыс жасанды шаралар арқылы орыс мәдениетіне кеңінен тартылды.

Мұсылман мектебінің тәрбие беру ісіндегі мақсаты ең алдымен дін іліміне негізделген болатын, сондықтан олар жаңа ереже бойынша Халыққа білім беру министрлігінң қаруында болуға келіспеді³.

Діни мектеп ретінде мұсылман оқу орындары тек қана діни мекемелерге бағынышты болуға тиіс еді, сондықтан да діни мектептерді азаматтық мектептермен қосуға наразылық білдірілді. Алайда бұған қарамастан 1874 жылы

Қазақстанның барлық мұсылман мектептері Халық ағарту министрлігіне тікелей бағындырылды. Империялық үкімет мұнымен де шектелмей, 1876 жылы мұсылман мектептеріне орыс кластарын енгізу арқылы орыстандыру жөнінде тағы бір ірі қадам жасады. Халық ағарту министрлігінің реңи мандатын алған орыс әкімшілігі мұсылман мектептері жаңынан орыс кластарын ашуға белсene кірісті, бұл мұсылман мектептері жаңында енгізілген орыс кластары қазақ сахарасында орыс мемлекетінің үстемдігін орнықтыруға қажет деп санаған отаршылдық әкімшілдіктің қалың тобына қатты ұнады. «Кешпелі болса да, мұсылман болса да қырғыз орыс тілін білуғе тиіс, өйткені бұл – Мемлекеттік тіл, үкіметтік және сот орындарында іс сол тілде жүргізіледі. Демек, кез келген қырғыз үшін орыс тілін білу пайдалы»¹. Патша үкіметі жаңа әдістемелі мұсылман мектептерін қазақ халқы арасында панисламизм мен пантюризмді тарату жөніндегі негізгі қамал деп қарап, олардың қызыметін бейтараптандыру жөнінде белсенді шаралар қолданды.

Патша чиновниктері мұсылман мектептерінеге көзқарас ұстанды. Олардың ойынша: «Мектептерде оқушыларды кластар бойынша дұрыс топтау да, курсан өтуге арналған белгілі бір кезеңде жоқ. Баланың ақыл-есіндамыту және оған алғашкы қараптайым білім беру жағынан мұсылман мектептерінде дәйекті бағдарлама қалыптаспаған. Соңдықтан оған үзақ уақыт барып жүрген адамның өзі шын мәнінде сауатсыз сияқты қаранғы... Оқыту бір ғана схоластикалық мазмұнмен шектелген, осының өзі-ақ, халыққа діншіл казуистерден басқа бірде бір білімді адам бере алмайтын тар еріс болып табылады»².

Орыстардың мұсылмандармен жақындаусы оларды христиан дініне кіргізу арқылы ғана мүмкін болады деген пікірді ежелден ұстанып келе жатқан орыс үкіметі өзінің мұсылман мектептеріне көзқарасын түгелдей полициялық кадағалауға әкеп тіреп, оларды жабуға дейін баратын.

«Торғай облысының, байырғы үлт мектептерінің нақты бағыныштылығын анықтау жөніндегі шаралар туралы» ереже бойынша, оқу ісін менгерушілерге бұл мектептерде оқытудың орыс цензурасы макұлдан басып шығарылған кітаптар арқылы ғана жүргізілуін, басқа тілде басылған кітаптарға немесе қолжазба дәптерлер мен кітаптарға рұқсат етілмеуін,

¹КР ОМА, 90-к., 1-т., 7730-іс, 11-п.

²Сонда, 25-к., 1-т., 375-іс, 6-п.

³Сонда, 369-к., 1-т., 3713-іс, 29-п.

КР ОМА, 369-к., 1-т., 871-іс, 25-п.

²Обзор Семипалатинской области за 1886 г. Семипалатинск, 1887, 87-б.

тілпі олардың тәркіленуін мұқият қадағалап отыруға жарлық берілді.

Балаларын облыстың дәстүрлі мектептері мен медреселерінде оқытқысы келетін барлық адамдар бұған уезд бастықтарынан арнағай белгілеген күөлік түрінде рұқсат қағаз алуға міндеттелді. Мұндай күәліктер Ресейде білім алған орыс бодандарына ғана берілетін (Халық ағарту министрінің 1892 жылғы 10 шілдедегі № 12328 жарлығы). Күөлік алудан жалтарған адамдарға айыппұл салынды, ал одан бас тартқан жағдайда 5–15 тәулікке қамалып, балаларын оқытуға мүлде тыйым салынды¹. Жергілікті қауымдардың қаражатына ұсталатын мектептер мен медреселер өз қызметін орыс тілінің мұғалімі бар орыс класы ашылған жағдайда ғана жалғастыра алатын.

1877 жылы Халық ағарту министрлігі башқұрт, қырғыз және татар мектептерінің инспекторларына арналған нұсқаудың жобасын жасады. Инспектор: а) оку округіндегі инспекторға қарайтын басқа ұлт мектептері мен христиан емес бұратаналарға – башқұрттарға, қазақтарға, татарларға арналған училищелерді; ә) бұратаналарды жеке және үйінде оқытумен айналысадын адамдарды бақылауға тиіс болды. Халық ағарту министрлігі уезд бастығының рұқсатының мұсылман оку орындарын ашуға қатаң түрде тыйым салды.

Медреселер мен мектептердегі мұдәріс (мұғалім) атағына күөлікті оку инспекторлары мынадай жағдайларды ескере отырып берді: бұл атаққа ұмтылатын адамдардан практикалық білім немесе орыс тілін білу (анық жазу мен оку), не медресе жаһындағы орыс класының толық бағдарламасы бойынша қанағаттанарлық білімі болуы талап етілді. Мұғалім қызметінде істеген немесе мектептің меншерушісі болған адамдарды инспектор, ал медресе меншерушілерін округ тәрбиешілері бекітіп отырды.

Мектептер мен медреселердің меншерушілері инспекторларға жыл сайын оку орындарының адам құрамы туралы дәлме-дәл статистикалық мәліметтер тапсырып отыратын. Молдалар немесе медреселерді басқаратын адамдар инспекторға өз сабактарының оку құралдары мен басшылықтары айқын көрсетілген бағдарламасын табыс етуге мәжбүр етілді. Жаңа мектептер мен медреселер ашу туралы өтініштерде инспекторға берілетін болды. Ол өз кезегінде бұларды округ тәрбиешісінегі табыс ететін, егер өтініш жасаған кезде: а) мектептерді немесе медреселерді құрушылар есебінен орыс класын ұсташа туралы міндеттемелер; ә) ашылатын

мектептерді немесе медреселерді материалдық жағынан жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етуге арналған қаражат көрсетіліп, тілек білдірілген жағдайда ғана мұсылман оку орнын ашуға рұқсат етіletтін.

Көріп отырғанымыздай, мұсылман оку орындарына қатаң талаптар қойылды, олардың бұзылуын отаршыл әкімшілік қатаң қудалады. Бірақ осының бәріне қарамастан Қазақстан аумағындағы мектептер мен медреселер саны үздіксіз есе берді, өйткені оқуға тілек білдірушілер саны бағран сайын кемімей, көбейе түсті.

Қазақ медреселеріне оқушылар емтихансыз қабылданды, білім алуға жүрттың бәріне әрқашанда есік ашық болды. Мектеп өмірі Құранның адамгершілік нормаларымен реттеліп отырды, олардың бұзылуы кез келген діндар мұсылман үшін күнә деп саналды. Мектептер мен медреселерде белгілі бір табыс көзінің, демек, жылдық бюджеттің де болуы мүмкін емес еді, өйткені қазақ халқының өз мемлекеттілігі патшалық Ресей тарағынан жойылған-ды, ал отарлаушы әкімет орындары орыстандыру саясатын көңілдердегі жүргізді, мұсылман оку орындарының мұқтаждарына қаражат бөлмеді.

Сонымен Қазақстандың қаратып алғаннан кейін патша самодержавиесі өз үстемдігін ынғайту шараларын жүргізді. Саяси және экономикалық экспансиямен қоса құлдыққа түсірушілердің мәдениеті күштеп таңылып, қазақтың төл мәдениеті тұншықтырылды, зорлықпен ассимиляция жасауға ұмтылды. Патша әкіметінің көртартпа саясаты Қазақстандағы халыққа білім беру ісінен мейлінше айқын аңғарылды.

Орыс әкімет орындары бастауыш мектептерді әсте де қазақтардың толық және жан-жақты білім алуы үшін емес, болыс басқарушылары жаһында тілмаш, сұлтандардың іс жүргізушилері және т. б. болып жұмыс істеуге жааралықтай аздаған білім беру үшін ғана ашты. Бастауыш мектептің басты мақсаты оқушы қазақтарды Ресей империясының нағыз бодандары етіп дайындау болатын. Бастауыш білім беретін оку бағдарламаларының мазмұны да қазақ халқының экономикалық және мәдени дамуы мұдделерін негізге алмай, отаршыл әкімшіліктің қажеттері мен талап-тілектеріне бейімделді.

Алайда осындағы қыншылықтарға қарамастан, исламдық ағарту ісі дами берді. Мұсылмандардың бастамасымен жер-жерде оқушы мұсылмандарға қамқорлық жасау жөніндегі қоғамдар құрыла бастады. 1907 жылы Омбыда бірінші мектеп жаһынан осындағы Қоғам құрылып, оның алдына Омбыда 1906 жылғы 3 қыркүйекте ашылған алғашқы мұсылман мектебін қаражатпен қамтамасыз ету мақсаты

¹КР ОМА, 360-к., 1-т., 3713-ic, 29-п.

көйилди. Қоғам ең мұқтаж бірнеше оқушыны толық өз қамкорлығына алғып, 35 шәкіртті оқу үшін ақы төлеуден босатты.

Қазақстан аумағында мұсылман оқу орындары – мектеп, медреселермен қоса миссионерлік мақсатты мықтап ұстанған шіркеу-приход мектептері де ашылды.

Мұсылман оқу орындары және православиелік шіркеу-приход мектептерімен бірге Қазақстан аумағында иуда дінін ұстанатын балаларға арналған мектептер де жұмыс істеді. Басқа мектептермен салыстырғанда олар өлдекайда аз еді. Әдette ғибадатханалар жаңынан құрылған еврей мектептерінде Көне Өсіет, Талмуд, Тора оқытылды, сонымен бірге оқушыларға жазу, оқу, санау үйретілді.

Сөйтіп конфессионалдық мектептер душар болған қындықтарға – материалдық қараждаттың тапшылығына, үй-жайдың болмауына, мұғалімдердің жеткіліксіз даярлануына қарамастан, олар өздеріне жүктелген міндетті хал-қадерінше орындал, өз шәкірттеріне діни-адамгершілік тәрбие берумен ғана шектелмей, қарапайым білім де бере білді.

Әдебиет. Қарастырылған отырған кезеңде қазақ халқының рухани өмірінде бұрынғысынша халықтың ауыз әдебиеті негізгі орын алды. Алайда XIX ғасырдың 70-жылдарынан қазақ жазбаша әдебиетінің қалыптасу процесі басталып, кітап басып шығару ісі дами түсті.

Қазақ халқының әдебиеті сан ғасырлар бойында ауыз-ша-эпикалық түрде дамып, өзінің тамаша дәстүрлерін сақтап қалды. Халықтың ауызша шығармашылығы мазмұны терең, түрі жаңынан бірегей алуан түрлі шығармалармен ерекшеленетін, ол халық мұраттарын бейнелейтін хикаялар мен аңыздардан, қиял-ғажайып шығармалардан тұратын, онда алуантүрлі жұмбақтар, ертегілер, қанатты сөздер, мақалдар мен мәтеддер болды. Қазақтың ауыз әдебиетінде эпикалық, лиро-эпостық, дастандар мен тарихи жырлар кең тарапталды¹. Оларда қазақ халқының өмірі мен тұрмысының барлық жақтары, оның тарихында орын алған барлық ірі оқиғалар бейнелепті; халық тарихының түрлі кезеңдеріндегі қазақ қоғамының сан алуан өлеуметтік топтарына жан-жақты сипаттама берілді. Ауызша халық шығармашылығының туындыларын сурып салма ақындар жасады. Олардың ең тандаулылары мазмұнының аса терең болуы арқасында ауыздан-ауызға, үрпақтан-үрпаққа тарапып, халық зердесінде ғасырлар бойы сақталды. Қазақ халқының ауыз

әдебиетін алғаш жинап, зерттеушілердің бірі Ш. Ш. Уәлиханов халық әдебиетінің бұл үлгілерінің түп-тамыры «халықтың ақыл-парасатында жатыр» деп санаған². Олар халықты рухани жағынан байытып, адамгершілік мұраттарға тәрбиеледі.

«Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу», «Қызы Жібек», «Айман-Шолпан» және басқалары сияқты эпикалық дастандар қазақ халқының асқақ поэтикалық дарынының теңдесі жок ескерткіштері болып табылады. Олар орта ғасырлар кезінен бері өздерінің тарихи-әдеби құнын жоғалтпай келеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында «Жанғожа батыр», «Бекет батыр» (екінші нұсқасы), «Ерназар мен Бекет»², «Сұраншы батыр» сияқты тарихи-эпикалық дастандар, «Исатай-Махамбет» сияқты тарихи жырлар туды. Ишкі Ордадағы қазақ халқы көтерілісі (1837–1838 ж.) жетекшілерінің бірі Махамбет Өтемісовтің, сондай-ақ осы оқиғаға қатысушы Шерняз Жарылғасовтың жырлары қазіргі уақытта тарихи нақты дүниелер ретінде үшіншілікке жеткілік берілгендей, Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» сияқты жорыққа, ерлікке шақырған жырларында халық бақыты үшін күресушілердің алдында түрған қындықтар мен жоқшылық-таршылықтар баяндалады. Исатай батыр туралы және басқа жырлары көтерілістің шырқау шегіне жетуін және оның женіліске үшіншілікке жеткілік берілгендей, Махамбет Исатайдың тұтас бейнесін жасаған. Ал Шерняз өлендерінде халық батыры Исатайдан басқа тағы бір тарихи тұлға – Баймағамбет көрінеді, ақын оның арамзалауы әрекеттерін әшкерелейді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының ұлтазаттық күресі тарихының аса маңызды оқиғалары суреттеген эпикалық сипаттағы жаңа дастандар да туды. «Бекет батыр» эпикалық дастанында басты кейіпкер – қазақ кедейлерінің мұдделерін көзделеп, күреске шыққаны үшін патша әкіметінен құғын көрген Бекет Серкебаевтың қайғылы тағдыры шынайы бейнеленеді. Ол – қазақ шаруаларының отаршылдыққа қарсы, әлеуметтік және отаршылдық езгіге қарсы қозғалысына белсенді қатысушылардың бірі, сол қозғалыстың басшысы Есет Көтібаровтың серігі. 1855 жылдың жазында Бекет Орынбор ведомствосы орта бөлігінің билеуші сұлтаны Арыстан Жантөріннің отрядын талқандап, оны

¹Жұмалиев Қ. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. А., 1967, 7-6.

²Аничков А. В. Киргизская былина о героях Ир-Назаре и Бикете. Казань, 1896, 1-2-б.

³Жұмалиев Қ. Қерсөтілген еңбегі, 135-б.

өлтіреді¹. Патша жасауылдары оны қамауға алып, Сібірге айдайды. Алайда Бекет батыр одан амалын тауып қашып кетеді. Тұған еліне келген соң ол өз жауларынан өш алады. Бұл дастанды И. В. Аничков жазып алғып, Торғай уезінің мұғалімі А. К. Бірімжанов қарап шыққан². Бір жылдан кейін Қазан университетінің «Ученые запискинде» бұл дастанның Ә. Диваев жазып алған негұрлым толық басқа бір нұсқасы жарияланған.

Карастырылып отырған кезенде халықтың ауызша шығармашылығын талантты ақындар (жыршылар), эпикалық және басқа да дастандар мен әндерді орындаушы жыраулар сақтап қалып, одан әрі жалғастырды. Мысалы, олар Абыл Өтембетов (1777–1864), Махамбет Өтемісов (1804–1846), Мергенбай жырау (1831–1901), Нұрыс Шыржықов (1831–1908). Олар демократиялық сарынның ең жарқын екілдері және еңбекшілердің мүдделерін қорғаушылар болатын. Бұлақын жыраулар өз жырлары мен қиссаларында еңбекші халықтың құқықсыз жағдайын ашып көрсетіп, феодалдық-бай үстем топтар тарарапынан жасалған қанаушылықты, отаршылдық езгінің көптеген көріністерін шыншылдықпен көрсете білді.

Орыстың Қазақстанда болған озық ойлы жазушылары, этнографтары, тарихшылары, географтары қазақ халқының ауызша шығармашылығына дең койды. Оның идеялық және көркемдік жақтарын зерттей келе, олар халық әдебиетінің үлгілерін жоғары бағалады. А. Харузин қазақ өлеңдері «сезім мен нәзіктікке толы»³, қиялышың ұшқырлығы мен поэтикалық шығармашылығы жағынан «көшпелілер отырықшы тұрғындардан әрқашанда асып түседі...»⁴ деп пайыздады.

Қазақтардың халықтық ауызша шығармашылығы мен олардың тілін зерттеуде орыстың шығыстанушысы, этнограф, Петербург Ғылым академиясының академигі В. В. Радлов (1837–1918) аса көрнекті рөл атқарды. Қазан оқу округінің қазақ, татар және башқұрт мектептерінің инспекторы қызметін әтқарған кезінде ол Ішкі ордада, Орал, Торғай облыстарына талай рет келіп, байырғы халықтың ауыз әдебиетін зерттеді. Көп жылдық зерттеу нәтижесінде В. В. Радлов жалпы алғанда «Түрік тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» деп аталатын 10 томдық

¹Диваев Ә. Ә. Киргизская былина о Бикет-батыре. Казань, 1897; Сонықи. Тарту. А., 1992, 97–110-б.

²Аничков И. В. Көрсетілген еңбегі, 2-б.

³Харузин А. Киргизы Букеевской орды. Т. 1, СПб., 1889, 135-б.

⁴Бұл да сонда, 215-б.

ғылыми еңбек дайындалған шығарды, оның 750 беттен тұратын үшінші бөлімі қазақтың халық шығармашылығына арналған. Бұл бөлімге қазақтың 67 жыры, ертегілері және басқа шығармалары енгізілген, олар орыс транскрипциясымен қазақ тілінде басылған. Халық әдебиетіне терең талдау жасау негізінде ғалым қазақ фольклорын: диактикалық, эпикалық және лирикалық жанрларға бөліп, тұнғыш рет кең көлемді топтауды ұсынды. В. В. Радловтың сіңірген зор енбекі оның халық әдебиеті үлгілерін алға тарта отырып, орыс және дүние жүзі жүртшылығын қазақ халқының әдебиетімен таныстыруды болып табылады.

Ұлттық интелигенцияның қалыптасу процесінде халықтың ауыз әдебиетіне қазақ халқының оқыған, білімді өкілдері ерекше дең қойып, көніл аудара бастады. ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясына» қазақтың халық ертегілері, аныз-әнгімелері, жырлары, айтystары, мақал-мәтедлері енгізілді. Солармен бірге ол К. Д. Ушинскийдің оқу құралынан («Тұлқі мен теке»), Л. Н. Толстойдан («Үәзір Абдул», «Патша мен көйлек» және т. б.) алған фольклорлық сюжеттерді аударып берген¹. Алғашқы қазақ зангерлерінің бірі Жанша (Жиһан-шах) Сейдалин (1877–1923) қазақ ертегілерін, мақалдары мен мәтеддерін жинаумен айналысты.

XIX ғасырдың 60–70-жылдарында орыстың алдыңғы қатарлы демократиялық әдебиетінің игі ықпалымен және оның өкілдері қызметінің нәтижесінде Қазақстанда қазақ халқының жазбаша әдебиетінің негізі қаланды. Өткен ғасырдың бас кезінде тың жазба дәстүр қазақ мәдениетінде екі үдай қос арыс торапқа тоқайласты: а) фольклордың шынайы таза үлгілері баспа жүзін көре бастады; ә) жеке қалам қайраткерлерінің еңбектері де жазу қағидасына сай қадам басты². Оның туып, дамуында шығыстанушы-ғалым, фольклор жинаушы Ш. Үәлиханов, аса талантты педагог әрі жазушы ы. Алтынсарин, ұлы ақын, ойшыл А. Құнанбаев және олардың ізбасарлары С. Торайғыров, ы. Шереков, М. Сералин, С. Кебеев, Е. Өттөлөуев, С. Дөнентаев, А. Байтұрсынов және басқалар аса көрнекті рөл атқарды.

ы. Алтынсарин қазақтың көркем әдебиеті тарихында да халық ағарту ісіндегі сияқты құрметті орын алады. Ол қазақтың жазбаша әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі болды. Алтынсарин оқу-әдістемелік еңбектерін есеп-

¹Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. Оренбург, 1879, 130–140-б.

²ҚазССР Ғылым академиясының хабаршысы, 1991, № 6, 8-б.

темегенде, аудармаларымен қоса үлкенді-кішілі 115 шығарма жазды¹. Оның үш томдық шығармалар жинағына 21 өлең, 57 әңгіме, мысал мен ертегі, қазақтардың ауызша халық шығармашылығының 11 үлгісі, 13 мақал мен жұмбак енгізілген. Ана тілінде хрестоматия құрастыру жөніндегі игілікті міндетті тұңғыш рет ойдағыдан орындаш шыққан ол қазақ әдебиетіндегі демократиялық бағыттың алғашқы соқпағын салды.

Оның шығармашылық ізденістерін XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында жас қазақ интеллигенциясының екілдері жалғастырыды. Мұның өзі қазақ және орыс халықтарының әдеби алыс-беріс, араласу дәстүрлерінің нығаюына себепші болып, қазақ әдебиетінің, қазақ баспасөзінің тузы мен қалыптасуына тікелей ықпал жасады.

XX ғасыр басында оған дейінгі жекелеген интеллигенция екілдерінің орнын қазақ зияллыларының жана, сапалы білім алған қуатты буыны басты. Олар қазақтардың рухани өміріндегі қуатты шоғыры еді. (Бұл туралы келесі бөлімнің II-III-тарауларын қараңыз).

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында орын алған маңызды өзгерістер қазақ халқының рухани өміріне терең әсер етті. Бұл салада байқалған маңызды өзгерістер көріністерінің бірі шығармашы интеллигенцияның қазақ әдебиеті қалыптасуына өз үлесін қосқан жаңа еркендерінің қоғамдық-мәдени қызметі «аясының кеңейіп, мазмұнының тереңдей түсү» болды.

Әдет-ғұрпы. XIX ғасырдың өзінде де мұсылман діні қазақ халқының өміріне Орта Азияның ежелден отырықшы халқындағы сияқты теренде ене қойған жоқ. Тұрмыс-салтының ерекшелігіне (кіз үйде тұру, маусым сайын қөшіп-қону) байланысты қазақ әйелдері үйден шықпай қалған жоқ. Олар беттеріне паранжы жаппады, жасөспірім ұлдар мен қыздар едәуір еркін араласып, сөйлесе алатын. Алайда, біріншіден, сырт қозғе қазақтардың діни тіршілігінің сыртқы көріністері ғана байқалатын, сондықтан олардың ислам діні негіздері жөнінен қазақтарды қаранды, надан деген пайымдалары өмір шындығын нақты білуге негізделмеді. Екіншіден, істің жайы тез өзгерді. Ислам дінінің позициясы жылдан-жылға мейлінше нығая берді.

Б. Дауылбаев «Торғай облысы Николаев уезі қырғыздарының 1830 жылдан 1880 жылға дейінгі өмірі туралы әңгіме»

¹Жумагулов К. Т. Ибраї Алтынсарин и развитие культуры казахского народа. А., 1984, 79-б.

деген еңбегінде байла деп жазады: «1840 жылдан кейін халық арасында сауаттылықтың таралуы себепті халық діни және қандай да болсын рухани салт-жораларды ықыласпен орындағы бастады: сол кезге дейін екі жыныстағы кәмелетке толған шамамен жұз адамның бес мезгіл намаз оқумен біреуі ғана айналысадын еді, қазіргі уақытта (1880 ж.), керісінше, қабілетсіз және жұмыста жүрген адамдарды қоспағанда, жұз адамнан намаз оқымайтын бір адам табыла қояр ма екен»¹.

Қазақстанның барлық бөліктерінде қазақтардың идеологиясы мен тұрмысында соғылық дін басылары – ишандардың діни практикасына байланысты нанымдар мен әдет-ғұрыптар бірте-бірте орныға берді. Өзін рухани тәлімгер – пірдің (ишандар сондай пір болатын) қамқорлығына тапсыру дәстүрі қазақтардың бабалары арасында, сірә, Алтын Орда кезінде-ақ орныға бастаса керек, ал XIX ғасырда ол енді дәстүрге айналып, берік ірге тепті. Әдетте ишанды тутас бір ру өзінің қамқоры және ұстазы деп танитын. Белгілі бір рудың немесе ірі ру тармағының рухани ұстазы болған әрбір қожа XX ғасырдың бас кезінде де жыл сайын немесе жылына 2-3 рет өзін құрмет тұтатын ауылдарды аралап, үйіне жүрт сыйлаған мәлді айдалап, астық пен басқа да азық-тұлік артқан көліктерді жетелеп қайтатын. Осының бәрі оған қызмет көрсеткені үшін төленетін ақы және айт бойынша құрбандық (нәзір) ретінде берілетін. Қожалардың халық түсіндірғеніндей, бұл дүние-мұліктің белгілі бір белігін олар өздері тұратын жерлердегі мешітке, медресеге немесе мазарға, сондай-ақ басқа да әр түрлі қайырымдылық мақсаттарға беруге тиіс болған.

Мұсылман дініне кірген басқа халықтардағы сияқты, қазақ арасында да ислам діні өзі пайда болғаннан көп бұрын қалыптасқан жергілікті діни дәстүрлермен тығыз ұштасып кетті.

Қазақтар өздерін мұсылманбыз деп сезінді және атабабаларынан мұраға қалған әдет-ғұрпын мұсылмандық әдет-ғұрып деп санады. Ертедегі көптеген дәстүрлер исламдық түсінік алып үлгірді. Мәселен, XX ғасырдың басында қазақтарда киелі саналатын қойдың кәрі жілігіне құрметпен қарау Манғыстау халқы арасында байла деп түсіндірілді: бұл сүйек «молдалардың пікірінше, Мұхаммед сезінің белгісіне үқсас, демек, ерекше бақыт әкеледі. Оны әсіресе жылқының мойнына байлаап, киіз үйдің керегесіне іліп қояды»².

¹Записки Оренбургского отдела Русского географического общества. Вып. IV. Оренбург, 1881, 103-б.

²Каруц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб., 1910, 127-б.

Жалпы алғанда қазақтарда мұсылмандық нанымдардың және мұсылман дініне дейінгі нанымдар мен әдет-ғұрыптардың арақатынасы өзгеріссіз қалған жок, ислам дінінің нығаюына қарай бұрынғы дәстүрлер жойылды немесе көрінеу пүтқа табынушылық сипатын жоғалтты.

Өткен ғасырдың орта шенінде де халық арасында бұрынғы космогониялық түсініктердің қалдықтары сақталып қалды, ол бойынша ғалам үш дүниеден – аспандағы, жердегі және жер астындағы дүниелерден тұрады. «Аспанда тұрғындар – адамдар бар. Олар белдікті мойнына тағады, біз дененің ортасында тұрамыз, ал өздерінің құні, айы мен жүлдіздары бар жер асты адамдары белдікті аяқтарына тағады»¹.

Қазақтардың бұлтты қамшымен сабап, соларқылы қунді құрқіретіп, наизағай ойнататын періште туралы нанымы табиғат құштерінің ғажайып иелері туралы ертедегі түсініктердің сарқыншағы болуы мүмкін.

Қазақтардың егіншілік салт-жоралары олардың тарихының ертедегі қезендерінде қалыптасып, басқа халықтардағы сияқты діни сипат алды. Қазақтардың жер жыртуға, егіс егуге, астық бастыруға және өнімді сақтауға, суландыруға байланысты салт-жоралары мен нанымдары өзбектер мен тәжіктердің сондай салт-жоралары мен нанымдарына жақын келеді. Мұндай жақындық барлық жерде дерлік қазақтардың да, Орта Азиядағы басқа халықтардың да аңыздағы егіншілік иесі ретінде Диканбабаны тануынан көрінді. Қазақтардың егіншілікке байланысты салт-жоралары мен нанымдарында басқа бір аңыздағы кейіпкер – еңбеккерлер мен жолаушылардың қамқоры, қандай істің де сәтін түсіретін Хазыр (қазақша, Қыдыр) елеулі орын алды.

Оңтүстік аудандарда егіс наурызек (наурыз торғай) үшін келетін наурыз айында басталып отырды. Жер жыртууды бастайтын қунді әдетте бір-бірімен алдын ала ақылдастырапып, қарттар белгілейтін. Бұл қундер аптаның бақыт әкелетін қундерінің бірі, былайша айтқанда, сәтті қун (сәрсенбі, бейсенбі, сенбі) болуға тиіс еді. Жер жыртуға шығар алдында бір үйдің қазанына наурыз қәже пісіріліп, олауыл сыртындағы тәбе басына апарылатын. Тамак берілгеннен кейін қожайын ертең жер жырта бастауға ниет етіп отырғанын хабарлайтын да, қарттар оған бата беретін.

Дәнді (тұқымды) кез келген жер жыртуши емес, тәжірибелі адамдарғана себе алатын еді. Дән себуді баста-мастан бұрын дән себуші дәнді сепкенде қамти алатын жер

белгіленіп алынды. Дән себуге кіріскең кезде оны себуші Алла мен Диқанбабага арнап қысқаша құран оқитын. Жер жыртууды, дән себу мен тырмалауды аяқтағаннан кейін егінші қазақтар суландыру жүйесін тазартуға және жаңа арықтар қазуға кірісетін. Оңтүстік аудандарда бұл қундерде құдайы көже (наурыз қөже, құдайы қөже, қос қөже), нан пісіріп, оларды жұмыс басына апарып, жұмыскерлерге беріп отырған, бұл орайда әйелдер рәсімдік өндер айтатын болған. Арналар мен арықтарды тазарту жұмыстары аяқталып, оларға су жіберетін кезде ежелгі ғұрып бойынша мал (әдетте егізше) сойылған. Құрбандықша шалынған малдың қаны жерге емес, сол суға ағызылған.

Егер қуаңшылық болса, егінші қазақтар құрбандыққа мал шалып, тасаттық жасаған, оны жұртқа таратып, құдайдан жауын тілеген.

Жер-жерде қазақ егіншілері арасында жылқының, түйенің (кейде сиырдың) бас сүйегін сырғауылға кигізіп, сырғауылдың екінші үшін жерге шаншып, қарақшы қойған, ол қарақшы егісті пәле-жаладан және көз тиоден сақтайды деген наным кен таралған еді.

Ислам дінінің келуімен байланысты бұрынғы құдайлардың орнын мұсылман әулиелері басты. Әулиелер қабірінің басына ұзын сырғауылдар қағылып, оған тауап етушілер шүберек байлап кететін.

Қазақтардың діни дәстүрлеріндегі ислам дініне дейінгі дәүірден сақталып қалған ең елеулі құбылыстардың бірі шаманизм болып табылады. Оның негізінде аруақтар туралы кене заманда қалыптасқан түсінік жатыр. Ислам діні қазақ тіліне «жын» деген араб сөзін әкелді, ол жалпы алғанда рұхтардың атауына айналды, ал кейде рұхтардың ерекше категориясын көрсету үшін де қолданылды. Құранда жындар мұсылман және көпір болып бөлінеді. Осыған сәйкес қазақ нанымдарында да жындар мұсылман және көпір болып бөлінген. Жындар ерек және әйел бейнелерінде көрсетілген. Шамандық (бақсылық) – жекелеген адамдардың рұхтармен ерекше байланысына сену. Шамандардың (бақсылардың) ауру адамдарды емдеуге, сөүегейлік жасауға, жоғалған заттар мен малды табуға қабілеттілігін рұхтардың кемегімен түсіндіруге болады. Шамандар табиғат құбылыстарына да ықпал етіп, кереметтер жасай алады деп санауды. Шын мәнінде абыздар болған шамандар қоғамда маңызды орын алды. Қазақ даласына ислам діні таралғаннан кейін де шамандар тайпаластарының өміріне зор ықпалын сақтап қалды. Кейір бақсылардың есімдері туған жерлерінен алыстағы елдерге де мәлім болды. XIX–XX ғасырларда шамандар

¹Уәлиханов Ш. Ш. Тәнірі. Шығ. жинағы. 1-т. А., 1961, 480-б.

негізінен еректер арасынан шықкан. Орта Азияның басқа халықтарындағы сияқты, қазақтарда да шамандар ерекше киім кимеген. Жалпы алғанда бақсылардың сырт көрінісі әдетте айналасындағылардан ерекшеленбegen. Шаманның негізгі дәстүрлі аспабы жылқының ту құйрығынан жасалған қос ішегі бар қобыз болған, халық нанымында оның керемет қасиеттері бар деп есептелген. Қобыз тарту рухтармен байланыстың белгісі санаған. Бақсылардың тағы бір ерекше аспабы – жоғарғы жағына темір шығышықтар мен салпыншашсылдырмақтар тағылған асатаяқ. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап бақсылардың қамшы мен пышақ сияқты дағдылы белгілері алдынғы қатарға шыға бастады.

Қазақтар арасында шамандық атадан балаға аудысатын құбылыс санауды, алайда бұл өнермен үрім-бұтағында бақсы болмаған адамның айналысқан реттері белгілі. Бұл істің басталуы әр түрлі елестер көзге елестеп аурумен байланысты. Бақсылар өздерін шаман болуға мәжбүр еткен рухтарды көреді-міс. Рухтар ерекше алып болады деп ұғынылған және олар жануарлар мен құстар (жылан, ат, қасқыр, бүркіт) түрінде түсінліген. Шаман ресімдері бақсының рухтармен тіл қатысуын керек еткен, сондықтан да ол әдетте аруақтарды шақырудан басталатын. Соңан соң ол арнаулы әнін айтып, аруақтармен қоштасып отырған. Ен күрделісі әр түрлі іс-әрекеттерге толы емдеу салты болатын, ол кейде бірнеше құнғе созылған. Шаман өз диагнозында аурудың себебі рухтардың қаскөйлік әрекетінен деп түсіндірген. Ол рухтарды қыуып шығу керек дейтін түсінкітен салт-жора жасалған. Рухтардан құрбандық шалып, рақым сұраған. Сонымен бірге ауруға шалдықтырған рухтарды қыуып шығу үшін бақсылар пышақтарын онды-солды сілтеп, науқастарды немесе киіз үйдің керегесін қамшымен сабалаған, оларды жерге лақтырып тастап, аяқпен таптаған. Кейбір әрекеттердің тікелей «емдік» мақсаты болған жоқ. Дегенмен көптеген авторлар бұлайша емдеуден көп жағдайларда науқастың сауығып кеткенін атап көрсетеді. Сірә, науқастардың оған сенуі организмнің ауруға қарсыласуын қүшетуғе жәрдемдесетін болса керек. Сонымен бірге, кейбір шамандардың емшілік тәжірибесі болғаны да рас.

Қазақ шамандығының ең басты ерекшеліктерінің бірі – оның ислам дінімен ұштасуы. Салт-жора өткізгенде қазақ шамандары әдетте Аллаға, мұсылман әулиелеріне сыйынған. Салт-жора жасау кезінде жиналғандардың бәрінен шамандар мұсылман намазы алдындағы сияқты дәрет алуды талап етіп отырған.

Мұсылман дінбасылары әсіресе XIX ғасырда шамандар әрекетін айыптаған, молдалардың бақсыларды ұнатпайтын

көзқарасының айғақтары сақталған. Алайда шаманға сыйындың, ислам дініне бет бұрыу дінбасыларына шамандықты сыйнауға елеулі негіздер берmedі. А. Левшиннің өзі де діндар адамдардың шамандармен өзінше бір ынтымақтастық жасақандығын атап етті. Кейбір жағдайларда деп жазған ол, ауырған қазақтар «өзіне бір мезгілде молдаларды да, бақсыларды да шақырады... Біріншілері екіншілеріне кедергі жасайды; соғылары олардың қайсысымен болса да татулықта тұрады»¹.

Бабаларға сыйыну қазақтар нанымында елеулі орын алды. Ш. Ш. Үәлиханов былай деп атап еткен: «Қазақтар өмірінің қыын сәттерінде өздерінің ата-бабаларының есімдерін атап сыйынады... Қандай да бір сәті түскен істі аруақтардың қамқорлығы деп сарайды... Аруақтардың құрметіне әр түрлі мал сойып, ас береді, ал кейде құрбан шалып, олардың молаларына әдейі тауап етуге барып, олардан бір нәрсе, мысалы, баласы жоқтар ұл сұрайды»².

Қазақтар ата-бабаларының зираттарына құрметпен қараған. Зираттарға барып тәубеге келген, ант берген.

Қазақтардың ежелгі кәсібі – мал шаруашылығына байланысты нанымдар мен салт-жора да аз емес. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында қазақтардың тұрмысында мал шаруашылығына қатысты ежелгі, діні дәстүрлердің болмашы белгілі сақталып, өмір сүре берді.

Сонымен, қаралып отырған кезең – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы – қазақ халқы тарихының дамындағы бетбұрыс кезең. Ресейдің қазақ даласын отарлауды қүшетуі, қазақ жерлерін тартып алушың өрістетілуі қазақтардың өз жерлерін «шаңырақ бойынша алым» төлеп жалға алушыларға айналуына әкеп соқты. Аграрлық мәселе бұрынғысынан да ушығып, халықтың барлық санаттары арасындағы қатынастар шиеленісіп кетті. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында ресми түрде де, ресми емес түрде де жүргізілген қоныстандыру ісі қазақ қоғамының көптеген әлеуметтік және саяси мәселелерін ете қатты шиеленістіріп жіберді, қазақ ауылындағы жіктелісті барған сайын тереңдете түсті.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Қазақстаның бүкіл ау мағында мал шаруашылығының сипаты бірtektes болған жоқ. Жалпы алғанда қазақтардың мал шаруашылығы

¹Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. А., 1996, 320-б.

²Үәлиханов Ш. Ш. Қырғыздардағы шамандық іздері. Шығ жинағы. I-т. А., 1961, 473-б.

көп жағынан табиғат жағдайына тәуелді, экстенсивті, қаралайым деңгейде қала берді. Шаруашылық жүргізудің дәстүрлі түрлерін өзгерту көп жағынан жер меншігінің белінүүне, жайылымдық алқаптардың ауқымына байланысты болатын. Қарастырылып отырған кезеңде мал бірте-бірте товарға айналып, көшпелі халықта да, отырықшы жерлерде де мал шаруашылығы жаңа сипат ала бастады. Шөп шабумен, мал шаруашылығына қосымша егіншілкпен айналысу, тұрақты жайлар мен қора-қопсылар салу және т. б. экстенсивті мал шаруашылығын интенсивті түрге айналдыруды маңызды кезең болды. Қазақтардың жайылымдық-көшпелі шаруашылығындағы жіктеліс мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырау кезеңдері ретінде қаралады. Малдың феодал-байлар қолына және қоғамның ауқатты бөлігіне шоғырлануы жер пайдалану мен жер иеленуде товар-акша қатынастарының біртіндеп неғұрлым айқын көрінуіне әкеп соқты. Бұл XX ғасырдың басында ерекше айқын аңғарылады.

Қарастырылып отырған кезеңде Ресейде капиталистік қатынастардың дамуы өмірдің барлық салаларындағы – экономикадағы, мемлекеттік құрылымдағы, мәдениет пен және басқаларындағы ғаламат өзгерістерімен сипатталды. Жаңа экономикалық укладтың обьективті зандарының ықпалымен қоғамдық санада өзгерістер туып, мұның өзі жеке адамның рухани құлдықтан арылуына жәрдемдесті және қоғамдық қозғалыстардың кең қанат жаюына бастап, олардың ішінде ұлт-азаттық қозғалыс ықпалды құшке айналды. Экономикалық және мәдени мешеулікті жоюды жақтап, өз мемлекеттігін қалпына келтіру немесе оларды құру жолындағы күрес туын көтерген азаттық идеялары патша өкіметінің ұлттарға іріткі салу және халықтарды құштеп орыстандыру арқылы Ресей империясының бірлігі мен тұтастырын нығайтуға бағытталған ұлт саясатының негіздеріне қайшы келді.

II тарау

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫң РУХАНИ ӨМІРІ

1. Халықтың наым-сенімі. Діни конфессиялар

Кеңестік кезеңге дейінгі және кеңестік кезеңдегі тарихи әдебиеттерде өлкенің көшпелі халықтары, ең алдымен қазақтар тек шамамен ғана мұсылмандар деп аталған деңгендайымдаулар кездеседі. Алайда қолда бар әдебиет пен деректемелерді мұқият ой зердесінен еткізу мұндай пайымдаулардың жағдайды оншама дұрыс бейнелемейтіндігін көрсетіп отыр. Әрине, діншілдік дәрежесі жәнінен қазақтардың, әсіресе көшпелі тұрмыс салтындағы қазақтардың Орта Азияның отырықшы халықтарынан айырмашылығы болған, бірақ олардың мұсылман екендіктеріне ешқандай күмән келтірілмеуге тиіс. Түркі халықтарының арасында және Түркістанда ислам діні сонау X ғасырда-ақ тарала бастаған¹. Қазақстан даласындағы көшпелі тайпалар арасында жаңа діннің таралуы шынында да бірнеше ғасырға созылды. Бірақ орыс зерттеушілерінің өздері айтқандай, XIX ғасыр – Қазақстанда ислам діні түпкілікті және толық жеңіске жеткен ғасыр. Бүгінгі таңда зерттеушілер сол кездің рухани жағдайын обьективті көрсетуге әрекет жасауда. XIX ғасырдың аяғында Қазақстан толығымен ислам дінінің ықпалында болды. Бірақ мұсылман миссионерлерінің қаншалықтың құш-жігер жұмсағанына қарамастан, ол, Орта Азияның жазираларымен салыстырғанда, ортаазиялық ислам картасында провинция болып қала берді.

Ислам дінінің Қазақстанда біркелкі дамымағаны белгілі және қазақтардың дәстүрлі тұрмыс-салтына оның ықпал ету қүші Қазақстанның түрлі аудандарында өсті де бірдей болған жоқ. Егер Қазақстанның онтүстік аудандарында ол X

¹Бартольд В. В. Культура мусульманства. Шығ. жинағы. 6-т. М., 1966, 193-б.

ғасырдың өзінде-ак орнығып алса, оның солтүстік ауданда-
рында ислам XIX ғасырда ғана құш алды¹.

Қазіргі отандық философия мен көркем публицистикалық
әдебиетте дінге, оған баға беруге үстіртін көзқарас біртіндеп
жойылып келеді. Бірақ бұл процесте едәуір қайшылық бар,
көп нәрседе дінді, жалпы алғанда оған байланыстылардың
бәрін сыйнамай, тек мадақтау жағына ойысу байқалады. Бұл
қазақ халқының діни санасының проблемаларына да қатысты.
Бұл мәселе революцияға дейінгі зерттеушілер ы. Алтынсарин,
Ш. Ұалиханов, Ә. Диваев, М. Миропиев, Қ. Қостанаев, К.
Кастаңелердің және Х. Арғынбаев, О. Сегізбаев, Қ. Шулем-
баев, А. Төлеубаев, Р. Мұстафина тағы басқалар сияқты қазіргі
ғалымдардың еңбектерінде едәуір кең зерттелген.

Дін мәнінің, Қазақстанда ислам дінінің ену және таралу
ерекшеліктерінің ғылыми сипаттамасы, қазақ қоғамындағы
діни санаңың өзіндік ерекшелігі – бұл мәселелер О. Сегізбаев
пен Қ. Шулембаевтың зерттеулеріне арқау болған.

XIX ғасырдың бас кезінен Ресейдің патша үкіметі ха-
лыққа идеологиялық шабуылын едәуір жандандыра түсті
және алғашында мұсылмандың дініне ерекше иек артты. Осы
мақсаттың жүзеге асыру үшін патшалық әкімет орындары дала
өнірінде мұсылмандың діні мекемелері – мешіттердің және дін
қызметшілерін даярлау жүзеге асырылатын әр түрлі оқу
орындарының санын көбейту үшін барлық шараларды қол-
данды. Әсіресе Қазақстанның оңтүстігінде мешіттер саны
күрт көбейді. Мысалы, 1864 жылы Түркістанда 20 мешіт бол-
ған, оның ішінде Қожа Ахмет Иассаудің атақты мешіт-
кесенесі бар, ал 1910 жылы олардың саны 41-ге жеткен. 1868
жылы Шымкентте 18 мешіт болса, 1910 жылы олардың саны –
36-ға жетті². Бастауыш діни мектептер мен шәкірттер мұсыл-
мандардың дін ілімі мен мұсылмандың құқығының негіздерін
оқып-үйренген жоғары оқу орындары – медреселер саны да
көбейді. Мектептер мен медреселердің ізін ала қазақ дала-
сына діни әдебиет те келді. Қысқа мерзім ішінде ислам дінінің
догматтары насиҳаттаған 200-ден астам ислам әдебиеті
шығарылып, таратылды. Бұл жұмысты патшалық және
жергілікті әкімет орындарының қамқорлығымен дін
қызметшілері, ишандар мен қожа, молдалар жүзеге асыр-
ды.

Қазақстанның Ресейге толық қосылуына байланысты
патша үкіметі қазақ халқын рухани жағынан құлдыққа түсіруге

ұмтылды. Оның құралдарының бірі дін болатын. Бастапқыда
патша әкіметі қазақ халқын өзінен бірден үркітіп алмау үшін
оны христиандініне енгізуі абылап жүргізді. Патша әкіметінің
ислам дініне көзқарасы күрт өзгеріп, оның ықпал-аясына шек
қоя бастады.

Жаңа жағдайларда қазақ халқын татар молдалар-
дың ықпалынан қорғау ниеті 1868 жылғы 21 қазандағы
«Орынбор генерал-губернаторлығының далалық облы-
старын басқару туралы Ұақытша ережеге» де тән бол-
ды. Бұл «Ереже» бойынша, мұсылмандың дінбасыларының
құқықтары мен артықшылықтары шектелді¹.

Орынбор Рухани жиналысы ведомствосына бағынды-
рылған қазақтардың рухани істері оның қарауынан алы-
нып, азаматтық басқаруға берілді. Мешіттер мен мектеп,
медреселер құрылсына бақылау орнатылды. Қазақтар-
дың әрбір ауылда қалағанынша мешіт салып, молда
ұстау мүмкіндігіне шек қойылды, бір ауылда әскери гу-
бернатор бекітіп, жұмыстан босататын бір ғана молда
ұстауға рұқсат етілді. Шетелдік гибадат етушілердің ру-
хани істері департаментінен Торғай облысының әскери
губернаторына жіберілген хатта (1883 жылғы 7 желтоқ-
сандағы № 5831) былай деп атап көрсетілген: «Үкімет
қырғыздар арасында ислам дінінің одан әрі дамытылуын
шектеуге үнемі ұмтылып отырғандықтан, оларға арнап
жаңа мешіт салу керек емес деп санаймын»². Мешіттер
мен намаз оқитын үйлерді өз бетімен салғаны үшін 1891
жылдың өзінде-ак жазалау туралы Заңдар жинағының
1073-бабы бойынша түрлі адамдарға қарсы бірнеше
куғындау ісі қозғалған.

Патша үкіметі татар мәдениеті мен ықпалына қарсы
әрекеттің сенімді әдістерінің бірі орыс тілін тарату мен орыс-
ша сауаттандыру болуға тиіс деп шешті. Патша әкіметі өз
мақсатына жету құралы етіп орыс-қазақ мектептерін ашуды
таңдап алды, өйткені халық бұқарасының идеологиясы мен
мәдениетіне оқу орындары арқылы ықпал етуге болатын еді.
Сол сияқты патша үкіметі өз мақсатына жету үшін мектеп
және орыстандыру саясатын қатар ұстанды. XIX ғасырдың
екінші жартысында орыс емес халықтарға білім беру
мәселелерімен миссионер-ғалым Н. И. Ильминский айналы-
сты. Ол халыққа білім беру ісінде өз жүйесін ұсынды. Бұл
жүйенің мәнін ол бірқатар еңбектерінде (Самоучитель рус-

¹Мұстафина Р. М. Представления, культуры, обряды у казахов. А., 1992, 6-б.

²Бұл да сонда, 29-б.

¹Материалы по истории политического строя Казахстана. А., 1960, 339–340-б.

²ҚР ОМА, 25-к., 1-т., 461-ic, 1-п.

ской грамоты для Киргизов. Казань, 1874; Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. Казань, 1883 т. б.) баяндаған. Ильминский жүйесінің негізгі мақсаты – орыс емес халықтарды орыстандыру және оларды діні жөнінен де, тілі жөнінен де орыстармен мұлде қосып жіберу болды. Оның үстіне орыстандыруды ол христиан дініне кіргізуден бөліп-жармады, православиені орыстандыруды таратушы, оның жетекші буыны деп білді. Ильминскийдің пікірінше, мектепті жазу мен цифр үйрететін орын деп қана қарамай, сонымен қатар пәрменді миссионерлік христиандық ағарту орны деп білу керек болтын¹. Ильминский жүйесіне орыс емес халықтардың ана тілі негіз етіп алынды. Оның жүйесі бойынша оқыту тәртібі мынадай: окушылар әуелі ана тілінде сауатын ашып, содан соң орыс тілінде діни оқуға көшірілуге тиіс. Н. Ильминскийдің ұсыныстары 1870 жылғы 26 наурыздағы «Ресейді мекендейтін бұратаналарға білім беру жөніндегі шаралар туралы» ерек-ғасырдың 70–90-жылдары бойындағы саясатын белгілеген, бұратаналар мектептерін орыстандыру көзқарасының бағдарламасы осылайша дайындалды.

Үкімет мақсаттарының қандай екендігіне қарамастан дала өнірінде орыс-қазақ мектептерінің ашылуы қазақтар арасындағы сауаттандыруды тарату ісінде ілгері қарай жасалған қадам болды. 1871 жылы татар, башқұрт және қырғызы (қазак) мектептері жөніндегі инспектор қызметі белгіленді. Ірі ориенталист-ғалым В. Б. Радлов инспектор болып тағайындалды. Ол орыс-бұратана мектептерінің ашылуына жәрдемдесуге, мұғалімдерді тағайындал, олардың қызметін бақылап отыруға, байырғы тұрғындар арасынан мұғалім кадрларын даярлау, окушыларға арналған оқулықтар шығару ісіне қамқорлық жасап отыруға тиіс болды.

Татар мәдениетінің ықпалын шектеу жөнінде патша үкіметі жасаған келесі қадам – татар тіліндегі оқулықтарды таратуға тыйым салу. Нәк осы мақсатпен патша үкіметі бірқатар шаралар жүргізуге, атапайтқанда, барлық іс қағаздарында қолданылып келген татар тілін қазақ тілімен алмастыруға: соған сәйкес дала өніріндегі татар тілмаштарын бірте-бірте көбінесе орыс тілін білетін қазақ тілмаштарымен алмастыруға бет бұрды². «Орыс оқу орындарында курстар бітірген жас қырғыздарды облыстың барлық уездерінде жазу

¹Ильминский Н. И. Сборник статей. Казань, 1916, 45-б.

²Чичерин Г. У приволжских инородцев. Путевые заметки. СПб., 1905, 23-б.

кәсібіне дайындау және татарлар мен башқұрттардан шыққан, сондай-ақ шала сауатты әрі өмірді білмейтін орыс хатшыларды олармен ауыстыру жөнінде шаралар қолданылды. Оларды (жас қырғыздарды) көтермелеу үшін бұл кәсіpte олардың ақшалай наградалар мен сыйлықтар, сондай-ақ мақтау қағаздарын алуына, аса ынталылығымен ерекшеленгендерінің орысша білім алуына құқық беруге болады¹. 1882 жылғы 20 маусымдағы № 136 аса жоғары өмірмен дала өніріндегі татар тілмаштарын «табиғи қырғыздармен» алмастыруға өкім берілді. Бұл өмірдің бүкіл мән-мағынасы мынада: «Қырғыздарға олардың өздері онша түсінбейтін татар тілінің таралуын тоқтатып және іс қағаздарына олардың орыс әріптегінен ғана жазылған табиғи тілін енгізіп, қырғыздардың татарлануына шек» қою. Торғай облысы әскери губернаторының пікірінше, қазақ халқын орыс халқымен жақындастыру факторларының бірі – «... қырғыз тілінде орыс әріптегімен басылған кітаптар басып шығару»². Бұл кітаптар мазмұны жағынан діни сипатта болуға тиіс.

Ұлттық шет аймақтардың капиталистік қатынастар айналымына тартылуы бұрынғы мектептер мен медреселердің орынна мұсылмандарға арналған, жалпы білім беретін бағдарламалары неғұрлым кең жаңа әдістемелі оқу орындарының ашыла бастауына себепші болды. ХХ ғасырдың басында Қазанда, Уфада, Орынборда шәкірттерді жаңа әдіспен оқытатын медреселер пайда бола бастады. Мәселең, Орынбордағы белгілі «Хусайния» медресесінің негізін Қазан губерниясының бірінші гильдиядағы татар көпесі Хусаинов қала-

ды. Ал патша өкіметі мұндай оқу орындарын орыс мемлекетінің жауы деп бағалады, сейтіп ХХ ғасырдың басында татар халқын түркі тілдес басқа халықтарға қарсы қоюдың жаңа кезеңін бастайды. Ішкі істер министрі облыс губернаторына 1911 жылғы 12 желтоқсанда жолдаған құпия хатында былай деп атап көрсеткен: «Белгілі бір молданың көрінеу панисламдық бағытты таратудың басты ошақтары болып табылатын мұсылмандар орталықтарының бірінен діни білім алғанын анықтауға ерекше назар аудару керек. Бұл жағынан орыс боданы емес немесе шетелде діни білім алған адамдарды молдалар қызметіне бекітуге мұлде жол беруге болмайтындығын атап өту қажет.

Сонан соң Ресейдегі кейір мұсылман діни-оқу орындары, мысалы, Қазан қаласындағы жаңа әдістемелі Галеев

¹ҚР ОМА, 25-к., 1-т., 592-іс, 17-п.

²Бұл да сонда, 33-п.

медресесі, Орынбордағы Хусаинов медресесі және Уфа қаласындағы екінші дәрежелі мешіт жанындағы Фалия медресесі, тәжірибелі көрсетіп отырғаныңдай, осы училищелерде қалыптасқан жалпы бағыттың арқасында жеткілікті дәрежеде сенімді деп санауға болмайтын молдалар шығармайтынына. Сіздің назарыңызды аудару қажет деп есептеймін»¹.

Қазақша кітаптардың басып шығарылуы қазақ тілі мен әдебиетіне деген ынта-ықыластың дамуына себепші болды. «Хусаиния» медресесінің қазақ шәкірттері кейбір оқытушылардың қатысуымен «Қазак тілін үйрену жөніндегі қоғам» құрды, бұл орайда олар өздеріне қазақ әдебиеті ескерткіштерін басып шығаруды, мектептерге арналған оқулықтар, қазақ тіліндегі кітаптар құрастыруды, болашакта қазақ тілінде газеттер шығаруға жәрдемдесуді мақсат етіп қойды².

1906 жылы Уфада ашылған «Фалия» медресесінің атағы әйгілі болды, онда татар тілі мен әдебиетінен татарлардың белгілі жазушысы Фалымжан Ибрағимов сабак берді. Онда Мағжан Жұмабаев, Жиенғали Тілепбергенов, Бейімбет Майлін сияқты көрнекті қазақ жазушылары оқыды³. Медреседе тәрбиеленушілер алдыңғы қатарлы демократиялық идеялар ықпалына тусты. Олар сабак берудің есکі әдістеріне, артта қалушылық, пен надандыққа қарсы шықты. Шәкірттер арасында үлтты түлету, өз елінің тарихын, әдебиеті мен тілін үйрену идеялары кеңінен тарапталды. «Фалия» медресесінің қазақ шәкірттері 1915 жылы шәкірттерді әдебиетке тарту мақсатымен «Садақ» деген қолжазба журнал шығара бастады⁴. «Садақ» атпа сайын шығарылып тұрды, оның редакторлары сол жылдарда медреседе оқыған Б. Майлін мен Е. Тілепбергенов болатын. 1915 жылы «Фалия» медресесінде жұмыс істеген татар жазушысы F. Ибрағимов қазақ шәкірттерінің бастамасын қызу қолдады. Шәкірттердің жалпы жиналысында сөйлеген сезінде F. Ибрағимов «Садақ» журналы туралы мәселені қазақтың әдеби тілін дамыту, үлттық әліпбиді қалыптастыру проблемасымен штастырыды. Елдің көзін ашып, рухани түлеуге үндеген осындағы озық ойлы азаматтардың соңына түскен полициялық бақылаудың құпия хабарында былай деп жазылған: «Осы келімсектердің бері қырғыздарды орыс-жергілікті халық мектептерінің керегі

¹КР ОМА, 90-к., 1-т., 773 а-ic, 55-п.

²Бұл да сонда, 25-к., 1-т., 1546-ic, 1-п.

³Кудаш С. По следам юности. М., 1968, 104-б.

⁴Кәкішев Т. Садақ. А., 1986, 23-б.

жоқ, ейткені орыс тілін оларда өздігінен білім алатын татар оқулықтарынан да үйренуге, ал басқа пәндерді түрік тілінде оқытуға болады деп сендіреді. Оның үстіне олар қырғыздар арасына Уфада таза қырғыз тілінде басып шығарылған, теріс бағыттағы кітапшаларды апарып, таратып жүр. Кітапшалар арасынан «Оян, қазақ!», «Тұр, қазақ!» және «Маса» деген мысалдар жинағы мәлім, атап шығарылған басылымдарда қырғыздардың құқықсыз ауыр жағдайлары көрсетіледі, аграрлық мәселе қозғалып, қырғыздар пайдаланатын жер көлемінің тарылғаны айтылады¹.

Жаз кезінде медресе шәкірттері қазақ даласына барып, балаларды оқытуып жүрді, мұның өзі орыс әкімшілігін қатты аландаататын еді. «Сырдария облысында және Түркістан өлкесінің басқа да облыстарында соңғы бірнеше жыл ішінде жазғы бос кезінде Уфа қаласындағы «Фалия» татар медресесінен жас татар «мұдәрістері» барып, жергілікті қырғыз халқы үшін көшпелі киіз үй мектептерін ашып жүр. Бұл мектептерде оқыту ешқандай рұқсатсыз ашылып, нақты әдіс бойынша жүргізіледі, бірақ әсте де орыс мемлекетінің мұдделері көзделмелдейді», – деп атап көрсетілген 1913 жылғы Гақпандары Сырдария облыстық ішкі істер бөлімінің құпия нұсқау хатында².

Практикалық қызмет нәтижесінде «Фалия» шәкірттері қазақ балаларына арнап «Әліппе немесе женілдетілген оқыту» құралын шығарды³.

Қазақстанның Ресей империясы құрамына қосылуы қазақ халқын христиан дініне кіргізуге алғышарт жасады, ал мұның өзі патша әкіметінің отарлау саясатының құрамасы бөлігіне айналды. Отарлаудың бас кезінде патша әкіметі қазақ халқы арасында христиан дінін насиҳаттауға тыым салды. Сөйтіп патша әкіметі мен православие шіркеуі барынша айлакерлік пен сақтық, көрсетті. XIX ғасырдың екінші жартысында патша әкіметі қазақтардың ислам дініне одан әрі кіру процесіне өзінің көзқарасын қайта қарағанын айттық, сөйтіп қазақтарды христиандын дініне кіргізуге бетбұрыс жасап, қарудың құшімен жаулап алғандарын идеологиялық құралдармен нығайтуға ұмтылды. Сол кезден бастап православиелік шіркеу қазақтарды рухани және саяси жағынан құлдыққа түсіру ісінде патша әкіметінің одақтасына айналды.

¹КР ОМА, 90-к., 1-т., 773 а-ic, 78-п.

²Бұл да сонда, сол құжат.

³Какиев Т. Поступь. А., 1988, 25-26-б.

Орыстардың ықпалын күшету үшін 1846 жылдың аяғында Қазан діні академиясының жаңынан «Противомусульманское отделение» кафедрасы ұйымдастырылып, онда миссионерлер даярлау жүзеге асырылды. Белгілі миссионер Н. И. Ильминский осында 1847 жылғы 2 маусымда құрылған «Тілмаштар комитетін» басқарды. Комитеттің алдына православиелік діни кітаптарды бұратаналар тіліне аударып шығару міндепті қойылды. Белгілі миссионерлер, осы комитеттің мүшелері Н. Я. Блесковский, Е. А. Малов, В. Т. Трофимов, Н. Н. Остроумов, Н. И. Золотницкий және басқалар аударған 307 кітаптың ішінен 288 кітаптың мазмұны таза діні сипатта болған. Бұл аудармалардың арасында тарих, география, арифметика жөніндегі еңбектер мен басқа да пайдалы танымдық кітаптардың болмауы комитет қызметінің идеологиялық бағытын айқын көрсетеді. 1861 жылы Ильминскийге профессор атағы беріліп, оған Оралдың, Сібірдің, Еділ бойының және қазақ даласының бұратаналарын орыстандыру жөніндегі жұмыс тапсырылады. Оның бұратаналарды «ағарту» жөніндегі екі мақсатты көздеген жүйесінен көп нәтиже күтілді. Оның біріншісі – бұратаналардың христиан дініне кіруін женілдету, оларды неғұрлым тезірек орыстандыру және мұсылман дінінің ықпалын жою үшін ана тілінде сауат беру қажет болды, бірақ жазуға орыс әліпбін негіз етіп алынды. Осы арқылы Ильминский араб әліпбін ығыстырып шығаруға, өзі қатты қауіптенген мұсылман дінінің ерістеуіне тойтарыс беруге үміт артты. Ильминский былай деп жазған: «...Бұратаналардың христиан дінін нақты және терең игеруі үшін ең сенімді де пәрменді құралана тілі болып табылады»¹. Ильминский «бұратаналардың тілдерін мектеп пен шіркеуге рұқсат ету орыс халқы мен мемлекетіне ешқандай зиян келтірмейді, керісінше, орыстандыру процесін жеделдете түседі, өйткені мұндай үсақ, бытыраңқы халықтар мәңгі өмір сүре алмайды және сайып келгенде, олар өмірдің тарихи барысының өзінде орыс халқымен сіңісп кетеді» деп дәлелдеп бақты².

Бұл процесті жеделдешу үшін Ильминский орыс жазуын қазақ тіліне енгізуге ерекше көңіл бөліп, бұл процесті барынша көтермелеп отырды. Бұл (орыс әліпбін қолдану туралы) мәселе Санкт-Петербург университетінің Шығыс тілдері факультетінде талай рет қаралып, талқыланды. Орынбор генерал-губернаторы басқармасы кеңесесінің Торғай губернаторына 1878 жылғы 24 тамыздағы хатын-

¹Ильминский Н. И. Письма. СПб., 1899, 298-б.

²Бұл да сонда, 399-б.

да Санкт-Петербург университеті Шығыс тілдері факультетінің пікірі келтірілген, атап айтқанда, онда байлай делінген: «...орыс азбукасы Европа және Азия тілдері арасындағы түркі-татар тілдеріндегі дыбыстарды араб тіліне қарағанда әлдеқайда жақсы бере алатын ең қолайлыларының бірі, орыс жазуының түркі-татар отбасылары арасына енгізілуі табиғи қажеттілік, бұл шараның саяси мәні айтпаса да түсінікті»¹. Факультеттің үш мүшесінің ұсынысымен орыс әліпбіні «түрк тілінің «и» және «еи» (французша айтылуы бойынша) дауысты дыбыстарын беру үшін орыс тілінде таңбасы жоқ «ү» және «ө» әріптеріне, ал үнді «ң» (латынша айтылуы бойынша) енгізілгенін атап еткен жөн². Алайда, Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультеті орыс азбукасын нақ сол түрінде түркі-татар тілдеріндегі дыбыстарды транскрипциялау үшін әбден жарамды деп тапты (9 адам жақтады, 3 адам қарсы болды)³.

1869 жылы Түркістан епархиалдық қазандық-богородицалық бауырластығы ұйымдастырылып, ол өзіне «Түркістан епархиясындағы бұратаналарға рухани-адамгершілік жағынан ағартуды тарату және оларды православие дініне тарту жөнінде қамқорлық жасауды» міндеп етіп қойды⁴. Бауырластық Жарғысына сәйкес (§5, 6) Кеңес: «Верный қаласының тұрғындарына діни-адамгершілік мазмұндағы кітаптар окуға тегін берілсін; бұратаналарды қасиетті шоқындыруға арнайтын священниктерге мүмкін болған құралдармен кемек көрсетілсін; бұл өлкеде миссионерлік қызметке қабілетті священниктер қызметке тартылысын» деп міндetteлді⁵.

1899 жылғы 20 қарашада Верный қаласында «Православиелік Миссионерлік қоғамының Епархиалдық комитеті» ашылды, оның да мақсаты бұратаналар арасында «мұсылмандарға қарсы насиҳатты» кеңейту мен күшету болатын. «Орыс-православиелік дінінің мұсылман дін ілімдерінен артықшылықтарын және олардың кейбіреулерін христиан дініне қабылдауға болатынын» уағыздап⁶, көптеген миссионерлер бүкіл қазақ даласын аралап кетті. Жаңадан шоқынған қырғыздарға бірден-ақ, ақшалай жәрдемақы, тегіннен-тегін жер үлесі мен мүлік берілді. Мәселен, Орынбор және

¹КР ОМА, 25-к., 1-т., 2267-іс, 2-п.

²Бұл да сонда, 25-к., 1-т., 2267-іс, 2-п.

³Бұл да сонда, 25-к., 1-т., 2267-іс, 4-п.

⁴Бұл да сонда, 44-к., 1-т., 1507 іс, 1-п.

⁵Бұл да сонда, 44-к., 1-т., 659-іс, 185-п.

⁶Бұл да сонда, 44-к., 1-т., 1507-іс, 1-п.

Орал уездері епископының хатында былай деп жазылған: «Торғай облысының жаңадан шоқынған қырғыздарына тұрғын үй, қора-қопсы салу үшін, ауыл шаруашылық құралдары мен мал сатып алу үшін (бір жылды 30 сомға жуық тұратын еді) әрбір отбасына 200 сом, барлығы 26 отбасы үшін 5200 сом, беруді өтінемін»¹. Жаңадан шоқындырылғандар үшін қора-қопсысы бар арнаулы үйлер салынып, ауыл шаруашылық құрал-саймандары мен мал сатып алғанды, олар жеке «Православиелік-қыргыз колонияларында» тұрды. Олар осы жаңа колонияларға орналасып алып, уақыт өте келе өздерінің христиан дініне кіргісі келетін тайпаластарына баспана беруге тиіс болды. Миссионерлік конвейерге қазақ халқы емес, сонымен қатар өлкө аумағын мекендейтін басқа халықтар да салынды. Мұны Жетісу Православие бауырластығының қызметі дәлелдейді. Осы бауырластық қызметінің 1874 жылғы есебінде былай деп атап өтілген: «Верный қаласындағы шоқындырылған қалмақтар христиан дініне кірген. 1877 жылы дереу Жетісу әскері қазактарының құрамына қосылып, оларға қоныстану үшін қаланың шетінен қазір қалмақ, слободкасы деген атаумен белгілі болып отырған арнайы жер белінді, сондай-ақ егіс егуге жер берілді. Әрбір отбасына жергілікті жоғары әкімшілік 60 сомнан бір жолғы жәрдемақы берді, ал қалмақтарды қадағалап отыратын казак офицері тағайындалып, бұған олардың үй шаруашылығын құруын бақылау міндеттелді. Бауырластық өз тарапынан жаңадан шоқынғандарға адамгершілік және материалдық көмек көрсетеді»².

Егер қазақ халқы XIX ғасырдың ортасында патша үкіметінің енгізген жаңалықтарына, көптеген жарлықтары мен бүйіректерге амалсyz төзіп келсе, ғасырдың аяғына қарай қазақтар жүргізіліп отырған саясатқа өздерінің көзқарасын ашық білдіре бастады. Мәселен, Семей облысы Қарқаралы уезінің қазақтары «жоғары мәртебелі Министрлер Кенесінің терағасы мырзаға» петиция жіберді, онда, атап айтқанда, былай деп көрсетілген: «Орыстандыру саясатының салдарынан соңғы уақытта қырғыздардың діни-рухани істері жағынан қысым көріп отырғаны сонша, олар әкімшіліктің рұқсатынсыз аттап баса алмайды. Мешіттер салуға, мұсылман мектептерін ашуға, Меккеге тауап етіп баруға және басқаларына рұқсат ету немесе рұқсат етпеу құқығы заң бойынша әкімшілікке берілген. Соңғы уақытта қырғыздардың діни-рухани істерінә жасалған қысымның бәрін айтып тауысу қын. Әкімшіліктің мұндай

¹КР ОМА, 25-к., 1-т., 1426-іс, 148-п.

²Бұл да сонда, 234-к., 1-т., 4-іс, 7,8-п.

зорлық әрекеттерінің зардаптары өлкенің халық бұқарасы діни ой-пікірінің саласына өте ауыр әсер етуде, сенім мен ар-оқдан мәселелеріне енжар қарауға болмайды. Халықтың мұдделерімен де, оның тарихи құқықтарымен де санаспай, бір ғана орыстандыру саясаты көзделуде.

...Сөйтіп нашар түсінілген және орынсыз орыстандыру саясаты мұсылман мектептеріне тыйым салып, халық сеніміне ие болмай, халықтың рухани күштері дамуын төжеп, орыс мектептеріне зиян ғана келтірді»¹.

Патша екіметінің барынша күш салғанына қарамастан, қазақтардың негізгі көвшілігі дінге енжар болып қала берді. Мұны Ш. Уәлихановтың, А. Левшиннің, Н. Рычковтың және басқаларының еңбектерінде қазақ халықтың даму тарихынан келтірілген көптеген фактілер дәлелдейді. Қазақтарда діни құлшының болмауының себептері қандай?

С. Асфендияровтың пікірінше, бұл көшпелі тұрмыс салтымен байланысты. Егіншілікпен шұғылданатын халықтардан айырмашылығы – көшпелі халықтарда «шаруашылықпен байланысты діни наным-сенімдер кең таралмаған»².

Қазақтар діншілдігінің дәрежесін басқа бір зерттеуші И. Гейер көшпелі тұрмыс салты құдайға құлшылық етуге арналған арнаулы құрылышы салуға мүмкіндік бермеді, ал тұрақты жұмыс істейтін діни мекеме мен тұрақты дінбасыларының болмауы оларда діни ой-өрістің дамуы мен исламды оның канондық түрінде нығайтудың қынадатты деп санайды³. О. А. Сегізбаев қазақ қоғамының көвшілігі үшін ислам дінінің таптық жағынан жат идеология болғанын, еңбекшілердің өмірлік мұдделеріне сай келмегенін, олардың армандары мен үміттерін білдірмегенін атап көрсетеді⁴.

Дәстүр де аз рөл атқарған жоқ. Қазақстанда XIX-XX ғасырдың басынан қарай қазақ халықтың сана-сезіміндегі еркін ойлаушылық пен атеизмнің алғашқы элементтерінің қалыптасу кезеңіне тән болған көптеген белгілер сақталып қалды. Халықтың аузынша шығармашылығы бұрынғысынан да көп тарапалды, онда халық немесе халық атынан жырау-жыршылар дінге және дін өкілдеріне өз көзқарастарын білдірді.

¹КР ОМА, 427-к., 1-т., 120-іс, 37-п.

²Асфендияров С. Ислам и кочевое хозяйство // Атеист, 1930, № 58, 7-б.

³Гейер И. Ишаны // Материалы к изучению бытовых черт мусульманского населения Туркестанского края. Ташкент, 1891, 70-б.

⁴Традиции свободомыслия и атеизма в духовной культуре казахского народа. А., 1973, 128-б.

Мақалдар мен мәтелдер, ертегілер, аңыз жырлар, халық туғызған тұрмыс-салт жырлары, дала ақындарының өлеңдері діннің мәнін және надан молдалар қызметін өткір сынады. Оларда діни сана-сезімің негізгі белгісі – құдіреті күшті жан иелері мен күштердің, қасиеттер мен қатынастардың нақты тіршілік етуіне сенім болған жоқ.

Халықты діннен бездірудің стихиялы үрдісі қалыптаса бастаған қазақ интеллигенциясының көзқарастарына ықпал жасады. Мерзімді баспасөзде дінбасыларының ұстанған бағытының кертарапта сипатын өшкөрелейтін мақалалар жариялана бастады. Бірақ баспасөз беттерінде мұндай жарияланымдар үздіксіз беріліп тұрмады және оларда дін жөнінде айқын тұғырнама болмады.

Мұсылман дініне және кертарапта мұсылман дінбасыларына қарсы курес XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ интеллигенциясының озық ойлы екілдерінің шығармашылығында, атап айтқанда, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың енбектерінде басты орын алды. С. Торайғыров дінге және дінбасыларына жүйелі сынайтты деуге болмайды, бірақ оның ой-пікірлері сайып келгенде «...жаксы ойластырылып, жеткілікті дәрежеде негізделген бір ғана ағартушылық принциптен» туыннады¹. Оның шығармаларының дінге қарсы мәні «Мағынасыз мешіт», «Айт», «Дін», «Намаз», «Жұмақ» деген және басқа өлеңдерінен ерекше көрінеді. Бұл туындыларында ол діннің кертарапталық мәні мен негіzsіздігін өшкөрелеп, о дүниелік тіршілік пен жанның мәнгілігі идеясын әжуалайды, молдалардың екіжүзділігін, аярлығын, арамзалығы мен топастығын дәлелдеуге тырысады.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының діни сана-сезімінде белсенді түрде таратылған ислам діні мен христиан діні идеологиясы қамтылды, мұның өзі діни идеологтардың саналы түрде күштігер жұмсауының нәтижесі болатын. Қазақстанда ислам түсініктерінің өміршеш және нақты екендігімен, яғни «жұмыс істейтіндігімен», адамдардың тұрмыстық мәселелеріне сәйкес келетіндігімен, адамның өмірлік бағдарлары мен ой-мақсатының сыңдарлы жүйесін жасап, оларға ынта-жігер бере отырып, іс-қимылына басшылық жасауға қызмет ететіндігімен түсіндіруге болады. Ал мұнда құдіреті күшті дүние идеясы шешуші рөл атқарды. Соңдықтан нақтылы, жер бетіндегі мұдделер екінші кезектегі, шынына келгенде көктегі жоғары пайымдауларға бағынышты деп жарияланды. Ислам

діні адамдардың ішкі дүниесіне рухани ықпал жасаудың тиімді құралы болып табылады және ол бұқараны белгілі бір саяси құрылыштың аясында ғұмыр кешуге уағыздайтын идеологиялық қондырығы рөлін де атқарады. Патша үкіметі мен жергілікті әкімет орындарының оны кезінде белсене қолданғандығы да соңдықтан еді.

Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстанның мәдени өмірінің өзіндік ерекшелігі болған сипатты белгі – мұсылман дінінің өзінше бір қауалап дамуы. Бұл отарлаушы әкімет орындарының орыстандыру саясатына енжар қарсылықтың тағы бір түрі болатын. Қазақ қоғамындағы ислам дініне ден қоюшылық ұлттық бірегейлікті сақтап қалуға ұмтылысты білдірді. Дін қоғамының рухани бірлігінің негізіне айналып қана қойған жоқ, сонымен қатар ұлттық рухтың құрамдас бөлігі деп те қарастырылды. Діннен безіну ұлттан да безіну деп есептелді.

Өткемдіктің, рухани қысымның қыспағында болу қазақ халқын өз тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, тілін, дінін, мәдениетін сақтап қалу жолындағы куреске шығуға мәжбүр етті. Ресей империясының қуатты мемлекеттік машинасына қарсыұлт азаттығы жолында ашық курес жүргізу мүмкін болмағандықтан негізінен тұп-тамыры төрөнде жатқан өз мәдениетін сақтауға баса көніл бөліне бастады.

2. Қазақ халқы зايырлы өмірінің нысандары

XIX ғасырдың екінші жартысында орыстың демократиялық мәдениетінің ықпалы күшіне түсті. Бұл процесс орыстың прогрессіл ғылым, мәдениет және әдебиет қайраткерлерінің есімдерімен байланысты. Қазақтың ұлы ғалымы, шығыстанушы, тарихшы, географ, фольклорист, ағартушы, этнограф Шоқан Ұәлиханов, аса көрнекті педагог-ағартушы Ұбырай Алтынсарин, ұлы ақын, ойшыл-демократ Абай Құнанбаев, аса көрнекті ақын Шекерім Құдайбердиев өз халқын орыстың алдыңғы қатарлы демократиялық мәдениетінің жолымен жүргүре шақырды. Олардың шығармашылығын ағарту қызметінен ажыратып қарауға болмайды.

Еліміздің мәдениеті мен қоғамдық ой-пікірінің тарихында тұнғыш қазақ ғалымы, аса көрнекті ағартушы-демократ Шоқан Шыңғысұлы Ұәлиханов құрметті орын алады. Оның қоғамдық-саяси, ғылыми және әдеби қызметі орыс және қазақ халықтарының достығын нығайтуда игі рөл атқарды және қазақ даласында прогрессіл идеялардың таралуына себепші болды.

Ұбырай Алтынсарин – аса көрнекті ағартушы, қоғам

¹Сегізбаев О. А. Көрсетілген еңбегі, 137-б.

қайраткері, жаңашыл-педагог, этнограф-ғалым, қазақтың жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі, орыс графикасы негізіндегі қазақ әліпбій жасаушы. Ы. Алтынсарин өз халқының жарқын болашағын армандағы. Ол өлеңдерінде ғана емес, прозалық шығармаларында да арта қалушылықтың, мешеуліктің зиянын әшкереlep, ғылымның қоғамдық мәнін ашып айтты.

Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы, өз шығармаларында әмір шындығы, адами әділ еттілік жолындағы күресті жақтаушы Абай қазақ жазба әдебиетінін, қазақ әдебиетіндегі сыйныш реализмнің негізін салушы болды. Абай өз шығармаларында жоғары адамгершілік мұрраттарды насиҳаттады, білім алуға шақырып, ағарту тақырыбына орасан зор әлеуметтік мән берді. Ақын білім таратуды прогресшіл даму жолына түсідін ең басты құралы деп білді. Оның шығармаларының ұлттық сана-сезімнің дамуына зор ықпал жасады. XX ғасырдың басындағы кезеңде аса ірі тарихи оқиғалар орын алды. Өлкеде, әсіреке, мерзімді баспаса з ісі өрістеп, газет, журналдар шығарыла бастады. Мәселен, Орынборда бірқатар газеттер шығарылды; рас, олардың кепшілігі саяси пікірлері бойынша үш-төрт нөмірі шыққаннан кейін жабылып қалды.

Орта Азия халықтарының тарихындағы тұнғыш басылым «Түркістан уалаятының газеті» 1870 жылдан Ташкент қаласында жарық көре бастаған. Газет бетінде сол кездегі Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағын мекендейтін қазақтардың өткентарихын, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын бірқатар құнды мәліметтер жарияланды. Қазақтың алғашқы оқығандары, олардың әміrbаяндық деректері мен еңбектері, өлкедегі оқу-ағарту ісі, т. б. жайлы мақалалар басылды. «Түркістан уалаяты газетінің» өз дәүірінде халқымыздың мәдени-әдеби дүниетанымы қөкжиеңінің кеңейіп, қоғамдық-саяси санасын оятуға иғі ықпалын тигізгені анық.

Омбы қаласында 1888–1902 жылдары шығып тұрған «Дала уалаятының газеті» елдің тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық өмірі, мәдениеті мен әдебиеті жайлы толығырақ жазып отырды. Ресейдің жергілікті отаршыл басқару аппаратының ресми органы болғанына қарамастан, газет халықты отырықшылық салтқа көшуге, өнер-білімді менгеруге, өркениетке үндел, қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастыруды өзіндік үлес қосты.

Қазақ тілінде бұдан да басқа бірнеше газеттер мен бір журнал шығарылды, бірақ, жоғарыда айтылғаныңдай, олардың кепшілігі аз уақыт қана өмір сүрді. Тек «Қазақстан» газеті ғана екі жыл бойы, ал «Қазақ» газеті 1913 жылдан 1918

жылға дейін шығып тұрды. «Қазақстан» газетінің 1912 жылғы 2 қантардағы 4-нөмірінде Бақытжан Қаратасевтың мақаласы шықты, бұл мақаласында ол жас қазақ интеллигентиясын газет шығарушыларды барынша қолдауға шақырды, атап айтқанда, былай деп жазды: «Қырғыздар білімсіз және мәдениетсіз болып қалып отыр, ескексіз қайықтағы сияқты надандық теңізінде жүзіп келеді... Қырғыздарды бейқам үйқыдан ояту үшін Троицк қаласында Мұхамеджан Сералин «Айқап» журналын, Орал қаласында Елеусін Бұйрын «Қазақстан» газетін ашты, бұған ізгі ниетті қырғыздар қуанышты. Біз бұл жастардың таланттылығын жоғары көтеріп, оларды толық мағынасында дәріптейміз. Олардың екеуі де білім мен мәдениет туын қолға ұстап отыр. Біз оларды сөзсіз қолда-мақшы болып үйғардық. Мұны өзіміздің бірінші міндеттіміз деп санаймыз»¹. «Қазақстан» газетінің басқа бір нөмірінде Бақытжан Қаратасев былай деп жазады: «Айқап» журналының ашылуына Троицк мұсылманды Яушев ақша беру арқылы жәрдемдесті, ал «Қазақстан» газетін шығаруға Баку қаласында мұсылманды генерал Зейнелғабиден Тагеев көмек берді және Жәңгір ханның Немересі Сұлтан Шәңгерей 1000 сом сыйлады. Генерал Тагеев – әзіrbайжан татарларының үрпағы, Яушев Қазан татарларынан шыққан, ал сұлтан Шәңгерей – қазақ сұлтанды (Әбілқайыр хан мен Нұралы ханнан тарайды, Сейіткөрейдін ұлы)»².

Қазақ мәдениетін қалыптастыруды 1911–1915 жылдары шығып тұрған «Айқап» журналының (шығарушы-редакторы – М. Сералин) зор маңызы болды. Соңдай-ақ «Айқаптың» қазақ әдебиеті мен қазақтың әдеби тілін дамытуда атқарған рөлі де аз емес. Оған XX ғасырдың басындағы аса көрнекті қазақ жазушылары мен көсемсөзшілері белсенді тұрде жазып тұрды, оқу-ағартуға насиҳаттайтын, егіншілік пен малшаруашылығының жай-күйін, қазақ ауылдарының өмірі мен тұрмысын көрсететін, қазақтардың отырықшылық тұрмыс салтына көшуін жақтаған мақалалар жарияланды.

1900 жылдан 1917 жылға дейін Қазан, Омбы, Орынбор, Петербург, Ташкент, Троицк, Семей, Орал және басқа қалаларда қазақ тілінде екі жүзге жуық кітап жарық көрді. Қазақ мәдениетінің дамуында Абай Құнанбаев өлеңдері алғашқы жинағының басылып шығуы (Петербург, 1909) ерекше маңызды болды. Оның өлеңдері көптеген ақындар мен жазушыларға тікелей ықпал жасады, қазақтың әдеби тілінің дамуына жәрдемдесті. Сол жылдарда әдебиетке келген жас автор-

¹ҚР ОМА, 470-к., 1-т., 120-іс, 39-п.

²Бұл да сонда, 58-п.

лар Абайға барынша еліктеп, оның көркемдік шеберлігінен көп үйрәнді, оның данышпандығынан, озық ойлары мен идеяларынан қанаттанды.

Ол кездегі қазақ әдебиеті тар өристі ұлттық мұдделер шеңберімен шектеліп қалмады. Ол өзінің алдыңғы қатарлы орыс мәдениетімен, сондай-ақ татар, өзбек, қыргыз, түрікмен, қарақалпақ, әзіrbайжан және басқа халықтардың әдебиеттерімен байланыстарын нығайтты.

Ел өміріне капиталистік қатынастардың ене бастауымен туындаған қайшылықтар әдебиетте зар заман ағымын қалыптастыруды.

«Зар заман» – Шортанбай Қанайұлының (1818–1881) ел тағдырына, қылыш кезендері оның тарихына күйініп, заман сипатына арнаған толғау өлеңі. М. Әуезов Шортанбайдың өлеңі бұрынғы-соңғы ірі ақындардың барлық күй-сарының бір арнаға құйып, тұтастығандай өлең болғандықтан, бүкіл бір дәүірде бір сарынмен жырлаған ақындардың барлығын «зар заман» ақындары деп атаған¹. Абылай заманы Бұқар жыраудан басталатын зар заман ақындарының соны Нарманбетке келіп тіреліп, жұз жылға дейінгі кезендері қамтиды. Абылай тұсында-ақ, орысқа қараған күнде ел басына құлдық, зорлық, ауыртпалықтың қанды бұғауы орнайтыны белгілі болып, мүмкін болса, патшалы Ресейге бағынбай, елдің өз іргесін белек сақтау түбегейлі ниет етіліп қойылған болатын. Истатай, Кенесары көтерілістері осы мақсаттан рухани нәр алып, тарих сабактастырын жалғастыруды. Алайда, XIX ғасырдың орта кезінен ата-бабаның қаны тамған қасиетті жері түгелдей орыс бодандығына қарап, ел көсемдері мен батырларының азаттық күрестері патша үкіметі тарапынан аяусыз қатаң жазаланып, елдің тауы шағыла, еңсесі түсіп, болашақтан күткен жарық сәуле түмшаланғандай күйге енді. Қазақ тарихының трагедиялы осы бір қайғылы кезені зар заман ақындарының қалың шоғырын қалыптастыруды. Шернияз Жарылғасұлы (1807–1867), Кудерікожа Қөшекұлы (1820–1858), Мұрат Менкеұлы (1843–1906), Базар жырау (1842–1911), Әбубекір Кердери Шоқанұлы (1861–1905) т. б. ақындар осы тақырыпта өлең-толғаулар шығарды.

Зар заман ақындары адамгершілік идеясын уағыздап, үлгі-әнегелі нақыл сөздер айтты, халықты ұлттық салт-дәстүрлер мен дінді құрметтеп, оқу-білімді менгеруге шақырды. Ел мінезінің бұзылғанына, береке-бірліктен айрылғанына күйініп, жердің орысқа қарап, жайлаудың тарылғанына шағынды, өткен заманды көкседі.

¹Әуезов М. Әдебиет тарихы. А., 1991, 192-б.

Халқының тағдыр-талайына, қылыш замандағы тарихына қабырғасы қайыса, қасіретті күй шерткен құрделі тұлғана қын, бірі – Шортанбай Қанайұлы. Кеңестік жылдарда Шортанбайға толып жатқан айыптар – феодалдық өмірді көксеуіші, байшыл, ескішіл, сарыуайымшыл, заршыл, діншіл т. б. таңылып келді. Ол бағаның не себептермен, қалай берілгені бүгіндегі түсінікті жай.

Шортанбай өз толғауларында қазақ өмірінің барлық жағын суреттеді¹, ол «...өз уақытының, қазақ қоғамындағы қасіреті мол дәүірдің қалың қара бояуын өлеңге көшірді. Халқының айдағанда көнбес асау мінезін ансады, ар-намысын жоқтады. Қатпар-қатпар сұмдығы көп зымиян үстемдікке бар дауыспен қарсылық айтты»².

Зар заманың Шортанбайдан кейінгі аса көрнекті ақыны – Мұрат Менкеұлы. Мұраттың толғауларында XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың қоғамдық өміріндегі орын алған іргелі өзгерістер жан-жақты сипатталады³. Мұрат ақын Ресейдің қазақ халқын отарлау мақсатында жүргізген орынстандыру саясатының түпкі мәнін түсіне білді. Ол патша өкіметінің қазақ жерін мемлекеттің жеке мәншігіне айналдырып, шұрайлы жайылым мен өзен-көлдерді тартып алуын әшкөреледі. М. Әуезов байыпты бағалағандай ақын «қоныс пен ерістің жоқшысы болды»⁴.

Зар заман ағымы заман зарының ең ақырғы күйін шерткен Нарманбет Орманбетұлының (1860–1918) толғауларымен аяқталды.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде азаматтық, сарын күшайді, жаңа, прогрессіл мұрраттар үшін ескі сарындарға қарсы құрес өуендері барған сайын берік орныға түсті. Озық ойлы жазушылар өмірді шыншылдықпен, сын көзімен қарал көрсетті. Олар өз шығармаларында қазақ халқының бостандық пен бақытқа ұмтылысын білдірді.

Әдette ақын-жазушылар Шәді Жәңғиров (1855–1933), Мәшіһүр Жүсіп Көпееев (1857–1931), Нұржан Наушабаев (1859–1919), Мәкіш Қалтаев (1865–1916) ерекше әдеби топ ретінде қарастырылады. Олар ұзақ уақыт бойы «кітаби-акындар» дейтіндерге жатқызылып келді.

XX ғасырдың басында жас қазақ журналистикасы тез дамыды. Оның негізін қалаушылардың бірі Мұхаметжан Седамыды.

¹«Жұлдыз», 1991, № 3; 1992, № 12; Бес ғасыр жырлайды. I т., А., 1989, 274–295-б.

²Шортанбай. А., 1993, 9-б.

³Алқаласа әлеумет. А., 1991, 107–142-б.

⁴Әуезов М. Қөрсетілген еңбегі, 215-б.

ралин (1872–1929) болатын. Оның «Айқап» журналының редакторы болған кезіндегі қызметі, көптеген көсемсөздік мақалалары қазақ әдебиетінің тарихында елеулі із қалдырыды. М. Сералин өзінің көсемсөздерінде аса маңызды қоғамдық проблемаларды көтерді. Ол егіншілікке көшуді, мәдениетті дамыту мен халық ағартуды, оқу орындары жүйесін кеңейтуді жан сала жақтады.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің аса ірі тұлғасы – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ол сол кездегі өмірдің қайшылыштарын терең ашып көрсетіп, жастарды білім алуға шақырды.

Қазан революциясының қарсаңында дүниеге келген жас қазақ драматургиясы елеулі табыстарға жетті. М. Әуезовтің алғашқы туындысы – «Еңлік-Кебек» қазақ драматургиясындағы жаңаңылқи болды. М. Әуезовтің трагедиясы классикалық туындыға айналып, үлттық драматургияның негізін қалады.

Қазақтың халық ақындарының ақсақалы Жамбыл Жабаев қарапайым шаруаларды дәріппет, жемқор атқамінерлердің әділетсіздігін масқаралап, әшкереледі. Оның шығармалары көркемдік шеберлігімен, идеялық жағынан тереңдігімен ерекшеленеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақстанның музика өнерінің гүлденген кезеңі болды. Музика өнері халықтың рухани өмірінде ерекше орын алғып, асқан шеберлігі, көркемдігі және мазмұнының тереңдігімен ерекшеленеді. Оның сан ғасырлық тарихы бар және көптеген ғасырлар бойында әбден елеп-екшеліп, сұрыпталған еді.

Қазақ халқының музика өнерінің тарихында қарастырылып отырған кезеңінің алатын орны бөлек. Бұл кезеңде қазақ халқының музика өнері Құрманғазы Сағырбаев (1818–1889), Дәүлеткерей Шығаев (1820–1887), Қазанғап Төлепбергенов (1837–1921), Сейтек Оразалин (1851–1923), Дина Нұрпейісова (1861–1955) және басқа талантты да дарынды халық сазгерлері әрі орындаушыларының шоғыр жұлдыздарының шығармашылығы арқасында шырқау бигіне жетті. Қасіби музикалық білім алмаса да, табиғи дарындылығының, халық шығармашылығын терең білуінің арқасында аса біктен көрінген бұл төлтума күйші-сазгерлер қазақ халқына ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан мәнгі ешпес музикалық мұра қалдырыды.

Қазақ музикасы тарихын зерттеуші ғалымдардың көрнектілерінің бірі Б. Г. Ерзакович былай деп әділ атап көрсетті: «Олардың шығармаларында әлеуметтік наразылықтақырыбы айқын бейнеленді, әділетсіз заңдарға және билеуші-сұлтандардың, чиновниктердің, байлар мен судьялардың оз-

бырылғына қарсы курсес ұраны естіледі. Оларда халықтың патриархаттық-феодалдық ауылдың құқық тәртібі мен негіздерін өзгертуге деген үмтілісі көрсетілген¹. Жырлар мен күйлерде еңбекші халықтың арман-мақсаттары бейнеленді.

Қазақ, далаына келіп қайтқан орыстың музикатанушы ғалымдары мен этнографтары халықтың музика өнерін жоғары бағалады. Орыс мәдениетінің көптеген прогресшіл қайраткерлері халықтың рухани байлығына қамқорлықпен қарады. XVIII ғасырда – XX ғасырдың басында қазақ, далаына жолы түскен орыс саяхатшылары мен ғалымдары И. Г. Андреев, Ф. Назаров, И. Добровольский, Ф. С. Ефремов, А. И. Левшин, И. П. Иангин, С. Б. Броневский және басқалардың жазбалары мен зерттеулерінде қазақтардың музика өнеріне деген ынта-ықыласы мен олардың музикалық аспаптары мейлінше айқын суреттелген².

Алайда олардың кейбіреулері, мысалы, А. И. Левшин мен С. Б. Броневский қазақ музикасының терең нәзіктігін, мағынасы мен кемелділігін түсінбей, байыргы халық әндерін «мән-мағынасыз және жабырқанқы, мұнды әуен»³, ал қазақ биін «жиіркенішті қисаңдау» деп санады⁴. Мұндай теріс пікірлер кейінгі көптеген жеңіл ойлы авторлардың Қазақстан туралы еңбектерінде қазақ музикасын сынаржақ бағалауға негіз болды. Мұндай үстіртін көзқарасқа К. Солдаткин мен Шейкіннің «қырғыз әндері ешқашанда дерлік жатталмайды, демек, бірінен екіншісіне ауыспайды. Бірақ кез келген ән шығаруыш өзінің мүлде үйқаспайтын, мән-мағынасыз әнін шығарып айта береді»⁵ деген сияқты пікірі үлгі бола алады. Орыс мәдениетінің демократиялық бағыттағы көптеген әкілдері күйлер мен әндердің идеялық мағынасы мен ішкі поэтикасын түсінуге негұрлым терең қарай отырып, әлгіндей сынаржақ және үстіртін пікірлердің негіzsіздігін жазды, олар қазақ халқының музика-ән мәдениетін жоғары бағалады. Г. Н. Потанин «қырғыздар әлемдегі ең жақсы әншілер» деген⁶.

¹ Ерзакович Б. Г. В созвездии музыкальных культур. А., 1978, 7-б.

² Аравин П. Степные созвездия. А., 1979, 17-б.

³ Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. А., 1996, 352–353-б.

⁴ Записки генерал-майора Броневского // Отечественные записки. СПб., 1830, № 124, 226-б.

⁵ Очерки Зауральской степи Внутренней или Букеевской орды. М., 1859, 64-б.

⁶ Потанин Г. Н. В юрте последнего киргизского царевича // Русское богатство. СПб., 1896, № 8, 85-б.

Орыстың этнограф-музыканты С. Г. Рыбаков қазақ музыкасы туралы ерекше жылы пікір айтты. Ол бұратаналардың, соның ішінде қазақтардың әндері мен музыкасы «...олардың рухани жан-дуниесін, ойлау салтын, ниеттері мен көніл күйлерін туғын кілтін береді» деп пайымдады¹.

Халық сазгерлерінің орыс тақырыбына неғұрлым жиежүгіні қазақ және орыс халықтарының арасындағы байланыстардың нығаюына жеткізді. Орыс халқы қазақтың ұлттық музыка өнерінің байи тусуіне ігі ықпал жасады. Орыстың алдыңғы қатарлы мәдениетінің қазақ халқының музыкалық өміріне осындай ықпал жасағанын аса көрнекті халық сазгері Құрманғазы Сағырбаевтың шығармалары дәлелдейді.

Құрманғазы орыстың прогресшіл жұртшылығы өкілдерінен қолдау тауып, терен құрмет сезіміне бөлөнді. Н. Ф. Савичев Құрманғазының орындаған күйлерін тыңдал, оның орындаушылық өнері мен тенденсі жоқ таланттына тәнгі болған. «Мен, – деп жазды Н. Ф. Савичев, – қос ішекті, атам заманғы ете қарапайым аспаптан музыкаға үксас бірнәрсе шығуы мүмкін деп ешбір күтпеген едім, адам қабілетінің күш-күдіреті сондай – домбырадан асқантаза музыка төгілді... оны үлгілі музыка шығармаларымен қатар қоюға болады, өйткені Сағырбаевтың ойнауы нақ сол көзден – дарын мен шабыттан шығып жатты... Қысқасы, Сағырбаев – сирек кездесетін музыкалық жан, алегер европалық білім алса, ол музыка әлемінде бірінші дәрежелі жүлдзіз болар еді»².

Орыстың музыка танушы ғалымдары XX ғасырдың басында қазақ музыкасын, соның ішінде қазақтың өн өнерін белсенді түрде зерттей бастады. Орынбор ғылыми архив комиссиясының 1906 жылғы отырысы хаттамаларының бірінде былай деп көрсетілген: «Комиссия өмір сүрген барлық уақыт ішінде осы мақсат үшін арнайы ірікеп алынған жыршы-қырғыздардың айтуымен қырғыздардың жырлары мен өлеңдерін жазып алуға бірінші рет тәжірибе жүргізілді. Өте зор маңызы бар әуендер де жазып алынды»³.

Біржан Қожағұловтың, Мұхтар Мералиевтің, Ақан сері Қорамсаұлының, Жаяу Мұса Байжановтың, Құлтума Сармұ-

¹Рыбаков С. Г. Музыка и песни уральских мусульман с очерком их быта // Записки Императорской Академии наук. СПб., 1897, 11-т., № 2, 6-б.

²Савичев Н. Ф. От форпоста Кармановский до Глининской // Уральские войсковые ведомости. 1868, 27 қазан.

³Отчет о состоянии и деятельности Оренбургской архивной ученої комиссии за 1906 г. // Труды Оренбургской архивной ученої комиссии. Оренбург, 1907, Вып. XIX, 7-б.

ратовтың және басқа да көптеген сал-серілердің шығарма-шылық, және орындаушылық шеберлігінен ән мәдениетінің классикалық үлгілері жоғары дәрежеде дамып шықты.

Біржан салдың музыкалық-ақындық шығармашылығынан демократиялық сипат ерекше айқын көрінеді. Оның әндерінде адамның қадір-қасиеті қызу қорғалып, байлардың ашкөзділігі өжуаланды, махабbat пен сүйіспеншілік терең жырланды.

Талантты ақын әрі сазгер-әнші Ақан сері Қорамсаұлының (1843–1913) көптеген шығармалары қазақтың халықтың ән классикасының қазынасына қосылды. Ақан сері әндерінде тұрмыс пен қоғамдық өмірдің әлеуметтік проблемалары жаражын көрсетіліп, ескіліктің адам қасиетін кемсітетін әдет-ғұрыптары мен әлеуметтік теңсіздікке қарсы наразылық зор көркемдік күшпен бейнеленген.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ музыкасында Мұса Байжановтың (1835–1929) шығармалары аса көрнекті құбылыс болды. Жаяу Мұса өз өлеңдерінде туған топырағының әуендерін ғана емес, сонымен қатар орыс, украин, татар және поляк әндерінің әуендерін де көнінен пайдаланған. Осы қөздерді етene үштастыра отырып, шабытпен ой елегінен өткізу Жаяу Мұсаның музыкалық ән өнерінің өзіне ғана тән ерекшеліктерін қураған.

Революцияға дейінгі кезеңде Қазақстанда ұлттық театрлар, концерт залдары, тіпті шағын клуб орындары да болған жоқ. Қешпелі өмір салты және соған сәйкес тұрмыстық жағдай, халықтың басым көшпілігінің сауатсыз болуы ұлттық театр құруға мүмкіндік туғызбады. Алайда қазақ ауылдарында халық шығармашылығының әр алуан түрінің дамыған дәстүрлері болды. Бала туған кездегі салт-жоралар, құда тұсу, қыз айттыру, той кезіндегі «Беташар», «Жар-жар», адамды жерлеу мен жоқтау, қысқы қыстаудан көктемгі-жазғы жайылымдарға көшу, наурызды мерекелеу рәсімдері өзінше бір бұқаралық көріністерге ұласатын, «онда ойын-сауық көріністерінің, театр негізінің күшті болғаны күмәнсіз»¹. Алуан түрлі әдет-ғұрыптарды, салт-жоралар мен дәстүрлерді атқаруға еңбектеген баладан еңкейген көрігे дейін көп адам қатысатын.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында қазақтар арасына орыстың театр өнері ене бастады. Бұған Орынбор театрының (1838), Орал драма театрының (1860) ашылуы себепші болды, мұның өзі өлкенің мәдени өміріндегі маңызды оқиғаға айналды. Орынборға орыс сахнасының аса

¹Львов Н. И. Академический театр драмы. А., 1972, 6-б.

көрнекті артисттері Н. А. Стрепетова, В. А. Андреев-Бурлак, М. Н. Иванов-Козловский, В. Ф. Комиссаржевская, А. А. Вишневский және басқалар гастрольге келді¹.

Орынбор және Орал театрларына қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы өкілдері, Орынбордың гимназияларында, қазақ мұғалімдері мектебінде, Орал мұғалімдер семинариясында оқытын қазақ жастары барып тұратын.

Орыс театр өнерінің ықпалымен Гурьев, Қостанай, Ақтөбе қалалары мен басқа да қалаларда әуесқойлық театр үйірмелері құрылды. Бұл театр үйірмелерінің жұмысына мұғалімдер, оқушылар, кейбір алдыңғы қатарлы чиновниктер де қатысты.

XX ғасырдың басында қазақ театрын құруға әрекет жасалды. Бірақ ол әрекеттер елеулі нәтижелерге жеткізе алмайтында еді, өйткені қазақ халқында ол кезде театр өнерін дамытуға қажетті материалдық және өзге де жағдайлар болмады. Тек бірінші дүниежүзілік соғыстан сәлбұрынғана қазақ интеллигентиясы арасында Орынбор мен Оралдағы орыс театрларының үлгісі бойынша әуесқойлық спектакльдер қоюға ұмтылыс жасалды.

Ресейдің шығармашылық өмірінің дамуына қазақ халқының рухани мәдениетінің ықпалы да болды. Орыс сазғерлерінін, суретшілері мен театр қайраткерлерінің туындыларында қазақ өнерінің тақырыптары мен қазақ ұлттық мәдениетінің бірегей элементтері көрініс тапты.

3. Қазақ халқының Ресей халықтарымен рухани байланыстары

XIX ғасырдың өзінде-ақ Қазақстан бүкілресейлік даму өрісіне толық тартылды. Орыс патша өкіметінің отаршылдық, езгісі, көшпелілерді жабайылық және азиялық орта ғасырлар шегінде ұстау саясаты, байлар мен жартылай феодалдардың жасанды жолмен сақталған институтының ауыртпалығы, патриархаттық-феодалдық тұрмыс қазақтардың әлеуметтік қатынастарындағы тоқырауды жоюға елеулі кедергі жасады. Патша өкіметі жүргізген шовинизм саясаты да, халықтар арасында оларды бір-біріне айдал салып, дүшпандық пен араздықты қасақана тұтату саясаты да елеулі тежеу болды.

Қазақ ағартушылары уағызыдаған прогресс, орыс және қазақ халықтарының рухани жағынан өзара кең көлемді қарым-қатынас жасау идеясының сол жағдайларда, кейбір

зерттеушілердің қате көрсеткеніндей, патша өкіметі мен отаршылдық саясатты мадақтау болып қана қойған жок, керісінше, ол самодержавиелік-крепостниктік мемлекеттің Қазақстандағы кертарапта отаршылдық режиміне қарсы бағытталды¹.

Аса көрнекті ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865 жж.) қазақтың тұнғыш ағартушы-демократы деп саналуы әбден орынды. Бай сұлтан әuletінен шықкан, Абылай ханның ұрпағы Уәлиханов оқу-ағарту ісінің, озық мәдениет пен прогрестің қайтпас қайсар және қызу жақтаушысы болды.

Ш. Уәлихановтың жастық шағы Омбының кадет корпусында етті, Омбыда оның педагогтары мен тәрбиешілері санында Н. Ф. Костылецкий, Е. М. Гонсовский, В. П. Лободовский және басқалар сияқты Қазақстанға жер аударылған демократиялық және революциялық піғылдағы адамдар көп еді. Кадет корпусын бітіргеннен кейін де Ш. Ш. Уәлихановтың Сібірге жер аударылған декабристер, петрашевскийшілдер және Ресейдің басқа да революцияшыл қайраткерлері арасында жүрүіне тұра келді.

Бұлайша қарым-қатынас жасау Уәлиханов дүниетанымының қалыптасуында мейлінше иті рөл атқарғанымен, оны революцияшыл демократ болуға сәл-ақ қалған деуге бола қоймайды (С. Я. Булатовтың, С. З. Зимановтың, А. Атишевтің еңбектерінде осылайшат түсіндіру кездеседі). Уәлиханов – өз халқының, өз дәүірінің перзенті. Оның көзқарастары мен іс-қимылы көп жағынан өзі өмір сүрген нақты әлеуметтік ортамен байланысты. Оған өзі айылтап, қатаң сыйнаған мешеу патриархаттық тұрмыс пен феодалдық қоғамның дағдылары мен дәстүрлөрі едәуір ықпал жасады және оның осы дағдылар мен дәстүрлерден біржола арыла алмағаны да түсінікті. Атап айтқанда, мұны оның аға сұлтан болуға ұмтылуы, қоғамның әлеуметтік негіздерін реформалар жасау және «нашар» чиновниктерді оқыған әрі ізгі адамдармен алмастыру арқылы өзгертуге қол жеткізбекші болған алдамшы үміттері дәлелдейді.

Алайда қателесіп, адасқан кезінде де Уәлиханов ағартушылық-демократиялық мақсаттарды көздеді, өз халқының мұдделерін басшылыққа алды. «Мен өзімді отандастарымның пайдасына арнау, оларды чиновниктерден және бай қырығыздардың өктемдігінен қорғау үшін қайткенде де сұлтан болуды ойладым. Бұл орайда мен өз жерлестеріме ен алдымен

¹ Қазақ ССР тарихы. 1-т., А., 1957, 504-б.

Сулейменов Р. Б. Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане. А., 1972, 99-б.

білімді билеуші-сұлтанның оларға қайткенде пайдалы болатын ез мысалыммен көрсетуді ойладым»¹.

Ағартушы ғалымның бүкіл ғылыми қызметі, бүкіл ой-құрылышы айналасындағы феодалдық ортадан түсіністік таппай, дұшпандық көзқарасқа ұшырады. Оқымысты офицерден үлкен мансап күткен ең жақын туыстарының езі де оның ғылыми ізденістері мен демократиялық көзқарастарына реніш білдірді.

Ш. Ш. Ұәлиханов қазақ халқы прогресінің ең қысқа жолын іздестірді және бұлжолды ол еңбекшілердің әл-ауқатын, олардың түрмисын жақсарту деп түсінді. Олағарту ісін, «нағыз білімді» кеңінентарату, бүкілхалықтың мәдениетін көтеру прогрестің міндетті шарты деп санаады. «Халықтың қалыпты есүі мен дамуы үшін, – деп жазды Ұәлиханов, – ең алдымен еркіндік пен білім қажет... Ең алдымен оқыту керек болып шығады»².

Қазақ және орыс халықтарының достығы үшін күресіп, ол қазақтардың мәдени прогресіне жәрдемдесе алады және жәрдемдесуге тиіс деп санаған Шоқан Ұәлиханов патша чиновниктерін қазақтарға ізгілікпен қарау қажет деп иланыруға тырысты, оларды қазақ халқын рухани дамудың діни кезеңіне соқтай өтүіне көмектесуге, қазақ, даластың оған Орта Азия мен Татарстаннан ағылып келіп жатқан надан молдадардың «топырауынан» қорғауға шақырып әуре болды. Патша өкіметі үстемдік еткен жағдайларда бұл үміттер іске аспайтын-ды. Бірақ қаншалықты адасқанымен де, Ұәлихановтың орыс достарының бірі жазғандай, «Шоқан ез халқын, ез тайпасын сүюден айныған емес. Оның арманы ез халқын европалық білімге араластырып, сақтап қалу болатын»³.

Бүкіл өмірін туған халқының көзін ашуға арнаған алғашқы қазақ педагогы Ұбырай Алтынсариннің (1841–1889) қызметінен демократиялық және ағартушылық бағыт бұдан да айқын көрінді.

«Патриархаттық-феодалдық түрмистың қатаң жағдайларында, ірі мәдени орталықтардан алыста тұрса да, ы. Алтынсарин езінің ғылымға деген зор сүйіспеншілігі мен танымға деген керемет құштарлығының арқасында европалық ғалымдар мен педагогтер қатарына қосылды. Ол өзіндік ерекшелігі өте күшті жаңа азаматтық оку орындарын: орыс-қазақ мектептерін, педагогикалық, ауыл шаруашылық және қолөнерлік оку орындарын үйимдастырыды ыбрай Алтынса-

¹ Ұәлиханов Ш. Ш. Тандамалы шығармалар. А., 1958, 562-б.

² Ұәлиханов Ш. Ш. Шығ. жинағы. I-т., А., 1961, 99-100-б.

³ Бұл да сонда, 98-б.

рин – «Қырғыз хрестоматиясы» және «Қырғыздарға орыс тілін оқытуға алғашқы басшылық» сияқты тұнғыш тұлғысқа қазақ оқулықтарының авторы, олар сол кездің езінде-ақ ағартушы араб харіпперінің орнына қолдануға ұсынған орыс харіпперімен теріліп шықты.

Еткен заманың басқа да көптеген ағартушы-демократтары сияқты. Алтынсарин клерикализм мен мистикаға жау болып, толық азаматтық білім беруді жақтады. Ұбырай Алтынсарин орыс және қазақ халықтарының достығы жолында қызыу күрес жүргізді, орыстың демократиялық мәдениетін – Толстойдың, Ушинскийдің, Чернышевский мен Добролюбовтың мәдениетін жан-тәнімен сүйді, орыс ғылымы мен әдебиетінің В. В. Григорьев, П. П. Семенов-Тяншанский, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин сияқты прогрессіл қайраткерлерімен тығыз достық және берік шығармашылық байланыстар жасады. Ол қазақ халқы орыс халқымен тығыз бірлік орнатып, оның шаруашылық жүргізуі мен мәдениетінің ең жақын, озық, дәстүрлерін белсенді түрде игеру процесінде ғана артта қалуышылық пен құрып кету мүмкіндігінен арыла алады деп санаады.

Қазақтың ұлғы ағартушы-демократтары шоққұлдызының данышпан ақын әрі ойшыл Абай Құнанбаевпен (1845–1904) аяқталуы қисынды тәрізді, оның шығармашылық ғұмыры XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында етті. Ұәлиханов пен Алтынсариннен айырмашылығы Абай жүйелі европалық білім ала алмады.

Абай достасқан айдаудағы революционерлер Е. Михаэлис, Н. Долгополов, С. Гросс, А. Блек, П. Лобановский, А. Леонтьев, Н. Коншин және басқалар оның идеялық-саяси көзқарастарының қалыптасуына әсер етті. Орыс демократиялық мәдениетінің ықпалымен Абай реалиzmнің объективті зандарын, шынайы халықтық, кәсіби поэзия принциптерін ұғынды, еңбекшілер бұқарасы арасында ең танымал және сүйікті ақынға ғана емес, сонымен қатар осы бұқараның идеялық кесеміне, «өз халқының» алыстан болжайтын «көреген көзіне» айналды.

Тарихи түрғыдағы сияқты, Абайдың шығармашылығында халықтың озық ойлыларын толғандырып жүргендердің бәрі көрініс тапты. Абай өз поэзиясында әлеуметтік әділетсіздікті, теңсіздікті, феодалдық-патриархаттық құрылыштың тоғышарлығын, мейірімсіздігін, жиіркенішті әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін әшкөрелеп, оқу-ағартуға, прогрессіл орыс мәдениеті мен ғылымын менгеруге шақырды. Ол ағартушылық, демократиялық идеяларды таратып, орыс поэзиясының тандаулы үлгілерімен таныстырыды, мұның қазақтар-

ды рухани жағынан оятуға, олардың сана-сезімінің артына жәрдемдескені күмәнсіз. Бірақ Абай тарихи идеализм қателіктерінен де арыла алмады, ейткені ол аңғалдықпен халық ағарту ісі – барлық қасіреттің емі, халық білім алып, қолөнер мен егіншілікті игерсе, адал да пайдалы еңбек етуге үйренсе болғаны, тұрмыс жағдайлары бірден өзгеріп, қоғамдағы кеселдер жойылады деп санды.

Сонымен XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Қазақстандағы оқу-ағарту ісінде феодалдық қоғамдық тәртіптің дағдарысы мен буржуазиялық қатынастардың қалыптасу кезеңіндегі прогрессілік идеология ретінде жалпы ағартушылықта тән ортақ белгілер көрініс тапты.

Ағартушылық барлық уақытта да белгілі бір ұлттық «негізде» пайда болды, демек, онда өзі пайда болған нақты елдің жағдайлары із қалдырады. Белгілі бір халықтың ағарту ісінің өзіндік ерекшелігін нақты жергілікті жағдайлар анықтайды. Біз ең алдымен және негізінен әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жергілікті немесе ұлттық жағдайлар деп есептейміз, ейткені жалпы рухани даму мен қоғамдық сана-ның әр түрлі нысандарының – философияның, өнердің, адамгершіліктің және т. б. бағыттарына байланысты елдің әлеуметтік-саяси даму сарынын солар анықтайды.

Қазақ ағартушылары өздерінің бүкіл құш-жігерін, шығармашылық мүмкіншіліктерін ең алдымен патриархаттық-феодалдық құрылым туғызыған қоғамдық өмірдің кеселдерін батыл сынауға бағыттады, оның дала өлкесінің одан әрі даму жолындағы кедергі, қоғамдық прогресске тежеу болатынын көрсетті.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында қазақтардың интеллектуалдық құштері Ресейдің әр түрлі қоғамдарымен ынтамақтаса бастайды. Мәселен, Ш. Уәлиханов Орыс Географиялық қоғамының тұнғыш қазақ мүшесі болды. Ш. Уәлихановтың сан қырлы қызметі революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі баспасөзде кеңінен баяндалды¹. Ш. Уәлихановтың ой-пікірлері мен қызметі қазақтардың сол кездегі қоғамдық-экономикалық жағдайын терең зерттеуге негіз етіп алынды. Архив құжаттары Ш. Уәлихановтың Қазақстандағы бүкіл әкімшілік-саяси жүйені түбебейлі өзгерту туралы ойлары өлкенің саяси құрылышын өзгерту қажет екендігіне көз жеткізген айғақ болғанын бұлтартпай дәлелдейді.

Ы. Алтынсарин де Орыс Географиялық қоғамының қызы-

¹ Валиханов Ч. Ч. Аннотированный указатель литературы. А., 1985; Ч. Валиханов и современность. Сб. материалов. А., 1988.

меткер-мүшесі болды. 70-жылдарда ол «Орынбор ведомстvosы қырғыздарының құда тұсу» және «Орынбор ведомстvosы қырғыздарының өлікті жерлеу және еске алу кезіндегі салтының очерктері» деген этнографиялық мақалалар жариялады. Бұл мақалаларында ол әдет-тұрьптың әлеуметтік-экономикалық қатынастарға ықпалын көрсетті. Ы. Алтынсарин өз еңбектерінде қазақтардың мал шаруашылығының ғасырлар бойында келе жатқан тәжірибесі мен дәстүрлерін терең зерттеп, сонымен бірге егіншілікті шаруашылық жүргізуін прогрессілік үлгісі деп көрсетті. Қазақтар арасындағы қоғамдық прогресс болып жатыр деген ойға баса на зар аударды. Бұл прогресті ол қазақ халқының орыс мәдениетіне тартылуымен байланыстырыды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Орынборда, Ташкентте, Семейде, Верныйда жана жағдайларда жергілікті ғылыми қоғамдастықтар пайда болды, бұл орайда белгілі бір білім алып, орыс ғалымдарымен ұзак уақыт бойы қарым-қатынас жасаған байырғы ұлт өкілдері зерттеушілер мен ағартушылар ретінде қалыптасты.

Әрине, тілмаштар мен білімді адамдардың бір белгі өлкे аумағында патша өкіметі саясатының таратушылары мен көмекшілері болды. Мұның өзі кейде қазақ халқы арасындағы миссионерлік қызмет жүргізуге дәлел етілді. Алайда XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында мұндай адамдардың қарама-қарсы еki лагерьге бөлінүі айқынырақ, анғарылды. Олардың көпшілік белгілі алдыңғы қатарлы көзқарас ұстанып, қазақ халқының мәдени және әлеуметтік жағынан дамуына көмектесті. Бұл процесс өзара ықпал жасау жолымен жүрді, бұған толып жатқан мысалдар көлтүрге болады¹.

Мәселен, өткен ғасырдың 80-жылдарында Әміре Дүрманұлы Айтбакин (1859–1919) Семей облыстық басқармасының тілмашы және кеңесшісі болып істеді. Ол қалада жер аудаурылған халық ерікшілерімен, демократиялық интеллигенция өкілдерімен қарым-қатынас жасады. 1894 жылы Томск университетінің медицина факультетін күміс медальмен бітірді. Ә. Д. Айтбакиннің өмірі мен қызметін революцияға дейінгі, тілмаштан жоғары білімді дәрігерге дейінгі жолдан өткен қазақ интелигенті қалыптасуының нақты үлгісі деуге болады.

В. В. Григорьевтің шығыстанушылар мен дипломаттар арасында жақсы мәлім болған қазақ-тілмаш және зерттеуші Әлмұхаммед Сейдалинмен өзара қатынасы мейлінше ден қоярлық жағдай. 1856 жылдан бастап Сейдалин Орынбор ше-

¹ Галиев В. З. Караванные тропы. А., 1994, 92-118-б.

каралық комиссиясында қызмет атқарды, ал бұл комиссия XIX ғасырдың 50-жылдары мен 60-жылдарының басында Ресейдегі шығыстану орталықтарының бірі болған еді. 1856 және 1860 жылдарда ол Петербургке барған қазақ депутатиясына тілмаш ретінде еріп барады. Ол қазақтарға орысша білім беруді жақтады: 1888 жылы І. Алтынсаринмен бірге оның қатысуымен Ырығыза қыздарға арналған орыс-қазақ училищесі ашылды. Қазіргі уақытта бұл зерттеушінің бірсынъра жарияланымдары табылды, олардың ішінде жер даулары, қазақтардың шаруашылық жүйесі, халықтың ауыр жағдайы туралы материалдары мейлінше ынта-ықылас туғызады.

Ә. Сейдалиннің ағасы Тілеумұхаммед Сейдалин (1837 – шамамен 1901) Ресей Географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің мүшесі болған. 1870 жылы «Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімі жазбаларының бірінші шығармында Т. Сейдалиннің «Торғай өзені алқабында егіншіліктің дамуы туралы» еңбегі жарияланған. Т. Сейдалиннің еңбегі кеңестік зерттеушілер тарарапынан жоғары баға алды. Мәселен, Ә. Масановбылай деп жазды: «Қазақтарда егіншіліктің пайды болуы, егістікте өндістері, иригациялық құрылыштар мен егіншіліктегі еңбек құралдары, оларды суару, егін жинау, астық баstryру және астықтан тамақ дайындау тарихын суреттеу жөнінен революцияға дейінгі әдебиетте қазақ этнографының осы біршама шағын мақаласынан асып түсетін бірде-бір еңбек жок»¹.

Т. Сейдалин феодал-байлардың көртартпа көзқарастарына қарсы қүресіп, өз жерлестерін прогрессіл орыс мәдениетіне тартуды жақтады. Солай бола тұrsa да, Т. Сейдалин әділеттілік, қазақ халқының бақыты жолындағы күрескерлер деңгейіне көтеріле алмады, патша әкімшілігінің еркін адаптацияшылықтары мен қызметінде дегенмен де прогрессіл-демократияшылдық сарын басым болды.

XIX ғасырдың 70-80-жылдарында қазақтардың этникалық-әлеуметтік жағдайының мәселелері жөнінен Д. Беркімбаев, қазақ фольклорын зерттеу жөнінен С. Жантөрин, қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттеу жөнінен Б. Дауылбаев, қазақтардың этнографиясы жөнінен М.-С. Бабажанов қазақ халқының қоғамдық-экономикалық өміріне елеулі зерттеулер жүргізді².

¹Масанов Э. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. А., 1966, 176-177-б.

Галиев В. З. Ссыльные революционеры в Казахстане. А., 1978, 73-б.

Сырдария статистикалық комитетінде жұмыс істеген зерттеуші-қазақтардың бірі Қазалы уезінің Қаракөл болысында туып-өскен Құдабай Қостанаев болды. Перовск қала-лық училищесін бітіргеннен кейін ол Ташкент мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1894 жылы ойдағыдан бітірді. Сол жылы Ташкенттегі оның «Перовск және Қазалы уездері қырғыздарының этнографиялық очерктері» деген еңбегі шықты.

Орынбор ведомствосының шығыс белгінде туған Сұлтанмұхаммед Жантөрин өз халқын зерттеушілердің бірі болды. Ол 1857 жылы кадет корпусын бітірген. С. Жантөрин жинаған қазақ әндерінің және халықтың ауызша шығарма-шылығы үлгілерінің көп жарияланымдары сақталған.

Кедей отбасында дүниеге келген қазақ этнографы Бейбіт Дауылбаевтың қалыптасу жолы қызықты. Ол жастайынан орыс тұрғындарына жалданып жұмыс істеп, орыс халқының тұрмысына тартылған, сөйтіп орыс мәдениетімен ерте танысқан. Кейіннен Б. Дауылбаев Торғай облысының Қостанай уезі мекемелерінің, бірінде іс жүргізуі болып істеді. 1886 жылы ол Орыс география қоғамы Орынбор бөлімінің қызметші-мүшесі болып сайланды. «Торғай облысы Николаев уезі қырғыздарының 1830 жылдан 1880 жылға дейінгі өмірі туралы әңгіме» деген мақаласы үшін Б. Дауылбаев Орыс географиялық қоғамының күміс медалімен марапатталды¹. Б. Дауылбаев азаматтық білім беру мен прогрессіл ғылыми білім тарату идеясын насиҳаттады.

Қазақ және орыс халықтарының достығын жан сала жақтаушылардың бірі Ішкі ордадан шыққан Мұхаммед-Салық Қарауылұлы Бабажанов (1832-1898) болды. 1851 жылы Неплюев кадет корпусын бітіргеннен кейін ол Ішкі қазақ ордасын басқару жөніндегі Уақытша Кеңесте тілмаш, соңан соң кеңесші қызметін атқарды.

XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап М.-С. Бабажанов ғылыммен мықтап айналысты және орыстың алдыңғы қатарлы ғалымдарымен тығыз байланыс жасай отырып, «Северная пчела», «Санкт-Петербургские ведомости», «Деятельность», «Этнографический сборник», «Известия ИРГО» журналдары мен газеттеріне, Астрахан, Саратов губернияларының, Қазан университетінің мерзімді басылымдарына мақалалар жазып тұрды. Қазіргі уақытта Ресейдің орталық журналдарында жарияланған ірі-ірі сегіз ғылыми еңбегі мәлім. Бұл мақалаларда қазақ халқы тұрмысының, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің мәселелері жоғары ғылыми

¹Известия Оренбургского отдела ИРГО. Вып. 5. Оренбург, 1894, 21-б.

денгейде зерттелген¹. Орыс ғалымдары, Географиялық қоғам (Петербург) Бабажановтың ғылыми еңбектерін макулатап, оған құрметпен қарады.

М.-С. Қ. Бабажанов этнография саласында ғылымды дамытуға лайықты үлес қосқаны үшін Ресей Географиялық қоғамының мүшесі болып сайланып, үлкен құміс медальмен марапатталды. Ол Ш. Ш. Уәлихановтан кейін Ресей Географиялық қоғамының мүшесі болған екінші қазақ және өз халқының ғылым саласындағы жетістіктері үшін ресми награда алған тұнғыш өкілі. Сонымен бірге ол Ресей Географиялық қоғамының ғана емес, Орыс Ерікті экономикалық қоғамының да мүшесі болған.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы басқа қазақ зерттеушілері арасынан Орынбор, Омбы, Ташкент және Семей қалаларының әр түрлі газеттерінде бірқатар мақалалар мен ғылыми хабарламалар жариялаған Д. Беркімбаевты, М. Тәуекінді, М. Бейсеновті, О. Әлжановты, М. Қаратаевты атап өту қажет. Ресей Географиялық қоғамының Семей бөлімшесінде Ж. Ақбаевтың және Ресей Географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі, Өкімші комитетінің мүшесі болып сайланған Ә. Бекейхановтың еңбектері басылып шықты. М. Қарабаев пен С. Нұрмұхамедов 1897 жылғы Бүкілресейлік санақты өткізуге қатысты.

Алғашқы қазақ зерттеушілерінің орталық ғылыми қоғамдар мен олардың жергілікті жерлердегі филиалдарының басылымдарында жарияланған еңбектерінің арқасында орыстың, және дүние жүзінің ғылыми жүртшылығы қазақ халқының тарихымен, сол кезде-ақ жағдайымен, оның материалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктерімен танысты.

Байырғы үлт адамдары арасынан зерттеушілердің шығузы заңды құбылыс еді. Қазақстан мен Орта Азияның Ресеймен екі ғасыр бойы үнемі тығыз байланыс жасауы экономикалық өмір саласында ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси және ғылыми ой-пікірдің дамуында да көрініс табуға тиіс болатын.

Ресейдің капиталистік дамуы кезеңінде қазақ халқының көрші халықтармен, атап айтқанда, түп-тамыры тарихтың тереңінде жатқан татар және башқұрт халықтарымен өзара қатынастары ерекше жандана тұсті. Қазақ, татар және башқұрт халықтарының қарым-қатынасына тіл ортақтығы, олардың бір этникалық-лингвистикалық туыс ұлттарға жатындығы, бір конфессионалдық (ислам) жүйеге кіретіндігі

негіз болды. Олар көптеген ғасырлар бойында бір-бірімен тікелей тығыз байланыста тіршілік етіп, кейіннен ғана іргесін бөлді. Башқұрттар, татарлар мен қазақтар XVIII ғасырдың өзінде отаршылдық пен әлеуметтік езгіге қарсы бой көрсетулерге бірге қатысқан, екінін, бірінде қазақ даласы патша өкіметі қудалаған «бүратаналарға» ғана болған.

Қазақтардың башқұрт және татар халықтарымен тарихи тағдырларының бірлігі Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін ерекше айқын көрінді. XVIII ғасырдан бастап бұл халықтарды этникалық және аумақтық белгілері бойынша ғана емес, патша өкіметінің біртұтас саяси басқаруы да біріктірді. Әлеуметтік-экономикалық жағдайларының жақындығы, құқықсыздық жағдайының үқастығы Ресей мемлекетінің барлық халықтарына тән болатын. Мұндай жағдай қазақ, татар және башқұрт еңбекшілерінің самодержавие мен жергілікті байларға қарсы бірлескен күресте бірте-бірте мұдделерінің ортақтығын туғызыды.

Патша өкіметінің қазақ халқы жөніндегі саясатының өз ерекшеліктері болды. Біріншіден, Қазақстанды қосып алған кезде дейін-ақ патша өкіметінің орыс емес халықтарды отарлау базасында жөнінен айтартылған тәжірибесі бар еді. Татар және башқұрт халықтары XVI ғасырдан бастап патшалық отарлауға үшінрады. Сөйтіп патша өкіметі бұл халықтарға қолданылып, сол кезде-ақ күш алған және басқару мен үлттық қозғалыстарды басып-жаныштау аппараты жұмыс істеп тұрған басқару әдістерін Қазақстанға көшире салды. Қазақстанды отарлау жөніндегі өз саясатын неғұрлым табысты жүргізу үшін патша өкіметі өзі бағындырған татар және башқұрт халықтарының қазақтардың тілі мен әдет-ғұрыптарын білетіндігін пайдаланды.

Ресей үкіметі өзінің саяси мақсаттарына жетуіне қарай өз саясатының түрін өзгертіп отырды. Егер XIX ғасырдың басында патша үкіметі татарлар мен башқұрттардың қазақ тілін білуін әкімшіліктің алушан түрлі тапсырмаларын орындауға пайдалану үшін олардың қазақ даласына қоныс аударуын көтермелеп келсе, XIX ғасырдың аяғында мұның қажеті болмай қалды. Патша үкіметі қазақ даласында өз ықпалын нығайтып үлгірген еді, соңдықтан 1891 жылғы Дала ережесінің 126-бабында қазақтарға «өз қыстаулары шегіндегі жерді орыс текті адамдарға жалға беруге» рұқсат етілді. Ал 136-бапта «орыс бодандығын алмаған адамдардың, сол сияқты христиан дінін ұстанбайтын барлық адамдардың жер сатып алуына» тыйым салынды. Сонымен, Ресей саясатының негізіне алынған отаршылдық, «бөлшекте де, билей бер» принципі халықтарды жақыннатпай, олардың өзара қатына-

¹Бабаджанов М.-С. Сочинения. А., 1996.

старын шиеленістірді, ұлт араздығын тұтандырып, оларды басқару оңай болу үшін жасанды кедергілер жасады. Алайда, екінші жағынан, патша өкіметінің саясатына қарамастан, он өзгерістер де орын алды: қалалар салынып, сауданы дамыту үшін жағдайлар жасалды, халықтар жаңа экономикалық қатынастарға тартылды, мұның өзі аймақ халықтары өндіргіш күштерінің дамуына объективті түрде себепші болды. Тарәрісті ұлттықрыноктардың қиратылып, олардың жалпы ресейлік рынокқа тартылуы көптеген ұлттардың еңбекшілерін біртұтас етіп байланыстыруды. Капитализм кезеңінде халықтардың ынтымақтастығы мен өзара түсіністігінің қанауға қарсы, ортақ мақсаттар үшін куресте күштерді топтастырудың объективті заңдылығы міне осында болып табылады.

Халықтар арасындағы экономикалық өзара қатынастардың дамуы басқа халықтардың мәдени қазыналарын қабылдау үшін кең мүмкіндіктер ашып, ол халықтардың мәдениет саласындағы өзара алмасуының дамуында айтарлықтай фактор болды. Мәдениеттердің өзара әсері объективті, тарихи жағынан қажет процесс және ол әрбір халықтың дамуына жәрдемдесті. Халықтар арасындағы мәдени алмасудың өзіндік ерекшелігі мынада: ол патша әкімшілігінің реттеуіне, шектеулері мен тыйым салуына азырақ ұшырады, мәдени байланыс арналары жан-жақты және халықтардың жақындаса түсініе себепші болды.

Ресейдің ұлттық шет аймақтарының шаруашылық және қоғамдық құрылышындағы өзгерістерге қоса қоғамның мәдени талап-тілектерінің жаңа факторлары – білімге, қарандылықты, патриархаттықты жоюға ұмтылыс орын алды. Қазақ халқының басқа да ұлттық шет аймақ халықтарымен мәдени жақындысуының басты шарттарының бірі оку орындары еди. Революцияға дейінгі Қазақстанда ұлттық орта оку орындарының болмауы қазақтарды өз балаларын орыс оку орындарына беруге мәжбүр етті, ал олардың оку процесінде орыс мәдениетіне басымдық берілетін және орыс тілі үстемдік ететін. Бүкіл отарлау кезеңі ішінде Қазақстанда бірде-бір жоғары оку орны ашылған жоқ. Бұл қазақтарды метрополия университеттерінде жоғары білім алуға мәжбүр етті. Сонымен бірге революцияға дейінгі Қазақстанның көптеген прогрессіл қайраткерлерінің орыс оку орындарынан білім алғанын ұмытуға болмайды. Отаршылардың күткен үміттеріне қарамастан, жаңа интелигенцияның таңдаулы бөлігі туған халқының мүдделерін қорғады, азапты рухани ізденистер жолынан өткен олар рухани құлдыққа түсіруге қарсы шығып, азаттық қозғалысын басқарды.

1868–1892 жылдарда Орынбор гимназиясында 52 қазақ оқыды. Олардың ішінде Сейітмұхаммет Сүйіншәлиев гимназияны 1877 жылы бітірген, ал Ахмет Бірімжанов табысқа жеткені үшін 1891 жылы күміс медальмен марапатталған. Орынбор гимназиясының көптеген түлектері Қазан университетінде білімін жалғастыруды. Мәселен, Қазан университетінде оқыған 25 қазақтың 10-ы – Орынбор гимназиясын бітіріп келгендер¹.

Осы кезеңде жоғары медициналық білімі бар алғашқы қазақ дәрігерлері шықты. Олар негізінен Қазан, Саратов, Томск, Москва университеттерінде, сондай-ақ Петербургтің әскери-медицина академиясы мен университетінде білім алды. Мәселен, 1868–1913 жылдарда Қазан университетінің медицина факультетін қазақтың 30 жас дәрігері бітіріп шыққан². Олардың арасында алғашқы қазақ дәрігері Мұхаммеджан Қарабаев (1858–1928) бар, ол оқуды бітірген соң Қостанай (1888–1894), Үргым (1894–1911) уездерінде, одан 1916 жылға дейін Якутск облысында жұмыс істеген. 1892 жылғы медицина бөлігіндегі есепте М. Қарабаев байырғы халықта медициналық қызмет көрсету саласындағы патшалық саясатты сынады да, сол үшін Орынбор әкімшілігінің қырына ілігіп, аз уақыт Самараға кетуге мәжбүр болды. Соナン соң Үргым уезінде дәрігер болып істей жүріп, өлкенің қоғамдық өміріне белсене қатысты. 1895 жылы ол Торғай комитетінің тольқы мүшесі болып сайланып, орыс дәрігерлерімен бірге медициналық қызмет көрсету ісін түбірінен өзгерту және қазақ халқы арасынан медицина кадрларын даярлау жолында күрес жүргізді.

Қазан университетінің медицина факультетін 1903 жылы Қазақстанның революцияға дейінгі алғашқы оба ауруы маманы М. М. Шомбалов (1873–1940), 1904 жылы – Ә. Б. Алдияров (1879–1938), 1910 жылы – М. С. Шолтырев (1884–1965), Санкт-Петербург Әскери медицина академиясын 1909 жылы Х. Досмұхамедов (1883–1938), 1911 жылы Н. Ипмәғамбетов (1883–1922) үздік бітіріп шықты. Олар қазақ халқына медициналық қызмет көрсетуді үйімдастыру жөнінде көп пайдалы іс тындырды, сондай-ақ Қазақстанның қоғамдық өміріне де белсене қатысты.

Ресейдің жоғары және орта оку орындарында Қазақстанның түрлі аймақтарынан шыққан қазақтар оқыды. Мәселең, қазақ халқы арасынан мамандар даярлау үшін Торғай

¹КР ОМА, 4-к., 1-т., 3284-ic, 4-7-п.

²Шарманов Т. Развитие здравоохранения в Казахстане. А., 1980, 5-б.

облысында Ресейдің беделді оқу орындарына стипендиялар бөлінді. Айттар болсақ, 1893 жылғы қазақ стипендианттары мынадай:

Санкт-Петербург университетінде	- 2
Қазан университетінде	- 2
Орынбор ерлер гимназиясында	- 12
Троицк ерлер гимназиясында	- 6
Орынбор мұғалімдер мектебінде	- 14
Орыс-башқұрт тәмемгі ауыл шаруашылық мектебі жаңындағы Красноуфимск өнеркесіп училищесінде	- 9
барлығы	- 45 ¹

XIX ғасырдың екінші жартысы мен Қазан революциясы на дейінгі кезеңде тарих ғылымының докторы М. Қойгелдиевтің анықтағанында 120-ға жуық қазақ жастары жоғары білім алғып, қазақ халқының жоғары интеллектуалды зиялды тобын құраған². Зерттеуші В. К. Григорьевтің тұжырымдауыша осы кезеңде 700-дей қазақ жастары гимназиялар мен прогимназияларды, орта дәрежелі арнайы оқу орындары мен семинарияларды түрлі мамандықта бітіріп шығып, қазақ интеллигенциясының айттарлықтан шоғырын қалыптасырған³.

Олардың арасынан XX ғасырдың басында қазақ халқының мұдделеріне адал қызмет еткен, қоғамдық-саяси қызметтің қатерлі жолына жалтақтамай, жаңқиярлықпен түсken озық ойлы қайраткерлер, көрнекті тұлғалар шықты. Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Шоқай, М. Дулатов, Ж. Ақбаев, Х. және Ж. Досмұхамедовтер, М. Тынышбаев, К. Фаббасов, Ә. Ермеков және басқа Алаштың асылазаматтары сондай адамдар болатын.

Сонымен Ресейдің оқу орындары білімді адамдар ауқымының кеңеюіне, 1917 жылғы қос революцияға дейінгі уақыттың езінде – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында әр халықтың өз ұлттық интеллигенциясы қалыптасуына септігін тигізді.

Қазақстанның, Еділ бойының, Орал өнірінің мәдени өміріне демократиялық мәдениеттің ошағы, оқу-ағарту ісін дамыту орталығы болған Қазан университеті зор ықпал жа-

¹Обзор Тургайской области за 1893 г. Оренбург, 1894, 23-б.

²Қойгелдиев М. К. Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905–1917 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі. Докторлық диссер. қолжазбасы. А., 1994, 141-б.

³О чём не говорили. А., 1990, 47–49-б.

сады. Озық ғылым мен мәдениеттің жалпы ықпал етуінің арқасында қазақ интелигенциясының қызметі ізгілікті мураттарға, өз халқының сарқылmas мүмкіндіктеріне сенуге бағытталды. Оқу қоғамда ұлттық тіл мен әдебиетке ғылыми көзқарастардың қалыптасуына ігі ықпал жасап, жастарды интернационализм мен халықтар достығы рухында тәрбиеледі.

Сонымен, қазақ халқының Ресей халықтарымен жақындаусы процесі, олардың экономикалық және саяси өзара байланыс саласында, материалдық қазыналар алмасу саласында байқалған процесс халықтар арасындағы рухани-мәдени байланыстардың нығаюына жәрдемдесті. Халықта білім беру жүйесін құру күрделі процесс болды және шектеулі сипаттын қарамастан, ұлттық интелигенцияның алғашқы кадрларын қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқарды.

III тарау

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-СӘСИӨМİRİNDЕГІ ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЛАРЫ

1. Қазақстанның қоғамдық өміріне қазақ интеллигентиясының ықпалы

Қазақ қоғамының экономикалық өмірінде XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында болған өзгерістер қазақ халқының қоғамдық санасын едәүір қайта құруға жеткізді. Қарастырылып отырған кезеңде Ресейдің патша үкіметі Қазақстанды отарлауын толық аяқтады деуге болады, оның ең басты әлеуметтік-экономикалық зардалтары: қазақ халқын біртұтас ел ретінде бытырату мақсатымен қазақ жерлерінің аумақтық жағынан әскерилендірілген бірнеше облыстарға бөлінуі; байырғы тұрғындарды жақсы жерлер мен шұрайлы жайылымдардан жаппай көшіру, шаруашылық жүргізу саясатын өзгерту; тұрмыс жағдайының күрт нашарлатылып, оған қоса рухани қысымның күштегілігі. Қоғамдық тұрмыстағы мұндай елеулі өзгерістер ұлттық сана-сезімді ояты, қазақ қоғамында жаңа идеялар, ой-пікірлер, көзқарастар қалыптасуын бастап берді.

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының озық ойшылдары қоғамды, адамдардың өздерін күш қолданылатын революция емес, қоғам мүшелерінің сезімін өзгерту мен адамдардың бүкіл қоғамды жаңарту практикасына тартылуы фана процесін нақты жүзеге асырды. Адамдардың бүкіл бұқарақабілетсіз, оны бірдей түсіне бермейді және оған қатысуға дәрежеде мүдделі де емес. Қоғамдық тұрмыс пен қоғамдық санаңың байланысын әдетте барша жүрт бірігіп немесе әрбір адам жеке-дара белгілемейді, қайта адамдардың ерекше топтары, санаңы әзірлеумен кәсіби түрде айналысатын интеллигенттер анықтайды. XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы төнірегіне

топтасқан жас қазақ интелигентиясы осындағы интеллектуалдар тобы болды.

ХХ ғасырдың басында Қазақстанда қоғамдық сана қалай қалыптасты, адамдардың санасын ояту үшін оларға қазақ интелигентиясы қандай идеялар ұсынды, қазақ қоғамының болашағын олар қандай деп білді? Бұл сұрақтардың бәріне осы басылымдарға талдау жасау арқылы жауап беруге болады.

Ең алдымен, Түркістанның Ресейге қосылуы нәтижесінде дала өнірінде байырғы халық тілдерінде алғашқы газеттер пайда болғанын атап өтейік. «Түркістан уәләятының газеті» 1870–1882 жылдарда өзбек және қазақ тілдерінде шығып тұрды. Газетті ішкі істер министрлігі қатаң қадағалап отырды, мұның газет мазмұнына әсер еткені күмәнсіз. «Түркістан уәләятының газеті» беттерінде орыс мемлекетінің өмірін, оның байырғы халықтар жөніндегі саясатын көрсететін материалдар, әр түрлі өкімдер мен үкімдер, орыс халқы мен басқа мемлекеттердің өміріндегі елеулі оқиғалар туралы хабарлар басылып тұрды. Патша үкіметі тарапынан қатаң цензура жасалғанына қарамастан, газет тарих, этнография, экономика, археология, орыс әдебиеті мән мәдениеті жөнінде де қазақ тілінде материалдар жариялады.

«Дала уәләятының газеті» шығуы қазақ халқының мәдени өмірінде елеулі оқиға болғаны өткен тарауда айтылды, шын мәнінде газет патша үкіметінің ресми органды еді. Газет екі бөліктен тұратын. Ресми бөлігінде – үкімет материалдары, ал ресми емес бөлігінде қазақ халқының тарихы жөніндегі материалдар, қазақтардың шаруашылық өмірі, билердің жұмысы туралы, байырғы халық арасындағы сауаттылықтың жай-күйі және дала өніріндегі көптеген проблемалар туралы әр түрлі мәліметтер басылды. Газет қазақ халқын дүниежүзілік мәдениетке тарту, қазақ ғылыми мен мәдениетін дамыту ісінде тәндесі жоқ рәл атқарды. «Дала уәләятының газеті» беттерінде орыс классиктері – А. С. Пушкин, Л. Н. Толстой, И. С. Тургенев, Н. А. Добролюбовтың шығармалары, Қазақстанды зерттеген орыс ғалымдары – Г. Н. Потанин, В. В. Радлов, И. И. Крафт, А. Е. Алекторов және басқаларының публицистикалық мақалалары мен хабарлары аударылып басылды. Аударма жасағандар Е. Абылайханов, Д. Сұлтанғазин, Р. Дүйсенбаев және Абай Құнанбаевтың інісі Халиолла Өскенбаевтар болатын. Орыс оқырмандарын қазақ халқының рухани өмірімен таныстыргандар да солар.

«Дала уәләятының газетінде» Абайдың «Жаз», «Болыс boldым, мінекі», «Күлембайға» деген өлеңдері, Ы. Алтынсариннің, М. Ж. Көпеевтің, А. Құрманбаевтың шы-

ғарнолары жарық көрді, революцияға дейінгі Қазақстанның тарихы, әдебиеті мен мәдениеті жөніндегі материалдар да на-зар аударапты. «Біздің қыргыздардағы сенім-нанымдар», «Қыргыз тілінің транскрипциясы туралы», «Саяхатшы фран-цуздар қыргыз даласында», «Қыргыздардың лирикалық әндері», «Қыргыз интеллигенциясының міндеттері», «Қыргыздардың шыққан тегі туралы аныз» сияқты мақалалардың қазақ халқының тарихы, географиясы, экономикасы, мәдениеті мен тұрмысы үшін маңызының тенденсі жоқ.

Газет беттерінде қазақтың оқығандары мен ғалымдарының өмір деректері туралы құнды мақалалар жарияланды. Ш. Уәлихановтың туғанына 60 жыл тулуына арналып берілген газеттің 1894 жылғы 18 санындағы мақалада: ...Шоқан Уәлиханов ғалым, өнер иесі, халықтың ғадет заңын біліп, даңғыл, биік жолға шықса да өзінің туған жайын жатырқамай һәм үмітпайды... Тағы да ғалым өнерінің қымбат екенін біліп, құрмет тұтып өзінің халқын бек жақсы көрер еді. Ләйкін Россия халқының қорғап, қоршап болысқаныменен Азия халықтары ілгері ба-сып һәм надандықтан құтылар ма деп ойлар еді» деп жазылған¹. Сонымен қатар газетте оқу-ағарту, өнер-білімге үндеген мақалалар көтеп базылды.

Газетте саяси тақырыптағы материалдар жарияланба-ды деуге болады. Біздің ойымызша, бұл патша үкіметінің қатаң цензурасына байланысты. Ал жалпы алғанда, газет қазақ халқының рухани өмірінде елеулі рөл атқарды.

Сонымен бірге қазақ халқының ұлттық сана-сезімін ояту және жаңа қоғамдық сананы қалыптастыру ісіне «Қазақ» газеті де зор үлес қосты. «Алаш» партиясы сияқты, оның органы болған «Қазақ» газеті (1913-1918 ж.) де үзак уақыт бойы «бұржуазияшыл-ұлтшылдық» газет саналып келді.

Қазақ даласындағы ұлттық қозғалысқа жас интеллиген-ция жаңа тыңыс берді. Тарихи тәжірибелің дәлелдеп отырғаныңдай, әлеуметтік күрт өзгерістер кезеңдерінде әрқашан-да интеллигенция едәуір белсенділігімен, дербес бастама-сымен ерекшеленіп отырған. Әлеуметтік, интеллектуалдық, және адамгершілік сезімі жоғары интеллегенция жеке адам-ның қоғамда алатын жағдайы туралы, оның санаға және сана-сезімге қатынасы туралы мәселе көтерді.

С. Асфендияровтың жазғанындей, «Мемлекеттік аппа-ратты қалыптастыру қажеттігі патша өкіметін белгілі бір дәре-жеде кадрлар даярлаумен айналысуға мәжбүр етті»². Сөйтіп

¹«Айқап». А., 1995, 11-б.

²Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). Т. 1. А., 1935, 216-б.

Ресейдің оқу орындарынан қазақтан шыққан болашақ дәрігерлер, инженерлер, мұғалімдер, чиновники, офицер-лер, аудармашылар, жазушылар жоғары білім алды.

Белгілі марксист А. Грамши Ресей интеллигенциясының қалыптасу зандылықтарын зерттей келіп былай деп жазған: «ен белсенді, жігерлі, алғыр және білімді адамдардан тұра-тын бетке ұстарлар шетелге барады, Батыстың неғұрлым ал-дыңғы қатарлы елдерінің мәдениеті мен тарихи тәжірибесін игеріп, бұл орайда өздерінің ұлттық мәдениетінің ең елеулі белгілерін жоғалтпайды, яғни өз халқынан рухани және та-рихи байланыстарын үзбейді, сейтіп интеллектуалдық даяр-лығын аяқтап, олар отанына оралады да, халықты құштеп оятып, ілгері қарай жедел қозғалуға, кезеңдерден аттап етуге мәжбүр етеді»¹.

Бұл зандылықты біз XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының қызметінен көреміз. Қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы бөлігі XX ғасырдың басындағы Ресейдегі революциялық күрес, 1905 жылғы бірінші орыс революциясы идеялары-ның және сол кездегі қазақ қоғамының тарихи нақтылық-тарының ықпалымен қалыптасты.

Оның ең басты сіңірген еңбегі мынада: ол бүкілресейлік даму кезеңінің басталуын дер кезінде бай-қап, қазақ қоғамын да қозғалысқа келтіру амалдарын іздестірумен айналысты, бұл үшін бірінші орыс революци-ясы берген әлеуметтік және саяси бостандықтарды пай-даланып, туған халқын феодалдық-патриархаттық мешеуліктен шығаруға, патшалық езгіден азат етуге, оған білім мен прогресс, мемлекеттік тәуелсіздік алу жолда-рын көрсетуге үмтүлді. Мұның қыын күрес, күрделі жан-жалдар мен ізденістер жолы болғаны күмәнсіз. Ал бұл жолда жетістіктермен қатар, әрине, қателесулер де, ада-сулар да болды. Алайда оларды, кейіннен сталиндік иде-ологияның түсіндіргеніндей, өз халқына жаулық қезқара-стар емес, халық тағдырын женілдете жолындағы күрестің табиги қындықтары туғызған еді. Қазақ интеллигенция-сының ең басты ізгі мақсаты – халқына қызмет ету болғанын «Алаш» басшыларының бірі М. Дулатов 1929 жылы Бу-тырск түрмесінен жазған хатында былай деп айқын баян-дайды: «... Мен өзімнің құлдыққа түсіріліп, езгіге салынғ-ан бейшара халқымның осы құлдық жағдайдан шығуына көмектесуді өз борышым деп санадым... Саяси саладағы оқиғаларды дер кезінде болжай алмадым деп санаймын,

¹ Грамши А. Тюремные тетради. М., 1991, 338-б.

ал қазір кеңес өкіметіне қарсы құрес деп отырғанның бәрі менің қазақ ұлтын дербес, тәуелсіз, бақытты жағдайда көргім келген тілегім ғана»¹.

1905 жылдан жас қазақ интеллигентиясы белсенділдік манифесінде азаматтық құқықтар – ар-оқдан бостандығы, жеке адамға ешкімнің тиіспеуі, жиналыстар мен одақтар бостандығы жарияланғаны мәлім. Патша Мемлекеттік думаны заң жүзінде шақыруға және оған империяның бұратаналарын қоса, қофамның барлық таптарын жіберуге үеде берді. Манифестің жариялануы қазақтардың саяси қуресінің басы болды. Митинглер үйымдастырылып, оларда экономикалық және саяси проблемалар көң талқылана бастады. Әлеуметтік өзгерістерді құту, халық тұрмысының жақсаруына деген үміт бұқараны қозғап, интеллигентияның қызыметін жаңдандыра тусты. Кептеген саяси партиялар пайда болды. 1905 жылдың аяғында қазақтардың алғашкы ресми съездері өтті: Орынборда оған Әлихан Бекейханов, Верныйда Ахмет Байтұрсынов төрағалық етті.

Қоғамдық-саяси өмір аренасына орыстың, азаттық, қозғалсының ықпалын бастаң кешірген қазақ интеллигентиясының демократиялық піғылдағы жас үрпағы көтеріле бастады. Үлттық интеллигентияның түрлі топтарының идеялық-саяси көзқарастары бірдей болмады.

Әлихан Бекейханов XX ғасырдың басында қазақтар арасында үйымдасу мүмкін саяси партиялар жөнінде былай деп жазды: «Таяу болашақта дала өнірінде қырғыздар арасында қалыптасып жатқан екі саяси бағытқа сәйкес екі саяси партия үйымдастырылуы ықтимал. Олардың біреуі ұлттық-діни партия деп аталуы мүмкін, ал оның мұраты қазақтардың басқа мұсылмандармен діни бірлігі болады. Екіншісі – батыс бағытында... Біріншісі – мұсылмандық татар партияларын, екіншісі оппозициядағы орыстарды, атап айтқанда, халық бостандығы партиясын үлгі етіп алуы мүмкін»².

Шынында да, кейіннен Әлихан Бекейхан бастаған қазак, саясатшылары болашақтағы үлттых партияны кадеттер үлгісінде құрмақ болды. Оның өкілдері кадет партиясының Бұкілресейлік съездерінің жұмысына қатысты, ал Ә. Бекейханов осы партияның Орталық комитеті құрамына сайланып,

Мемлекеттік думада кадеттерге қосылды. Қазақ интелигентиясы алдыңғы қатарлы бөлігінің кадеттермен ынтымаққа келуіне кадеттердің көшпелілердің отырықшылық өмірге бірте-бірте өтуі қажет екендігін түсінгені және отарлық аймақтарда да орталық Ресейдегідей оқыту жүйесінің енгізілуін жақтауы әсер етті. Батысша пифылға батыл бет бұрып, егер барлық саяси орыс қозғалыстарының тұғырнамасында бұра-танаңарага құқықтардың тенденция мен олардың қадір-қасиетін құрметтеуге үәде берілсе, олардың бәрімен ынтымақтастық жасауды жақтаған бұл қазақ тобының басшылары панисламизмге оппозицияда болып, оны шығыс утопиясы деп сана-ды. Екінші жағынан, патша үкіметіне адаптация болып, көшпелі халықтар арасында әскери міндеткерлік енгізілуімен де келісе отырып, олар тіл мен мәдениет жағынан орыстандыруға, сон-дай-ақ ауыртпалықты полициялық террор мен отарлауға қар-сы күресті.

Қазақ интеллигентиясы өз қызметінің басты бағытын анықтап алып, өз идеяларын кеңінен тарату үшін баспасөз арқылы саяси аренада шығуға ұмтылды. Оның екілдері үлттық баспасөз болмағандықтан әуелі татарлар мен орыстардың «Фикер», «Вакт», «Шура», «Омич», «Иртыш», «Голос степи» газеттерінің беттерінде өз пікірлерін айтты, ал «Айқап» журналы шыққаннан кейін соған жаза бастады) 1913 жылы олар сәтін түсіріп, өздерінің баспасөз органы – сапасы жөнінен де, таралымы жөнінен де қазақтардың барлық мерзімді басылымдарының ең елеулісі «Қазақ» газетін үйлемдастырып алды. Көптеген сенделістерден кейін: Омбыда, Орынборда, Санкт-Петербургте сансыз көп чиновниктер кабинеттерінің, табалдырығын тоздырып, астананың жоғары қызметтегі чиновниктері мен беделді қайраткерлерінің көмектесуімен, ақырында, қазақ тілінде газет шығаруға рұқсат алынды. Ахмет Байтұрсынов редакторы болған газет өз төңірегіне озық, ойлы қазақ интеллигентиясын, жазушылар мен ақындарды біріктірді. Газеттің саяси бағыты реформистік саяси партияның таланттарына сәйкес келді: ол негізінен қазақ халқының мәдениетін көтеруге қамқорлық жасап, үлттық тіл мен әдебиетті дамыту ісін басты мақсат етіп қойды. Бұл жөнінде бірінші нөмірдің бас мақаласында оның үздіксіз редакторы болған Ахмет Байтұрсынов былай деп жазды: «Қырғызы (қазақ) халқығасырлар бойы өз жерін мекендеп, өз тіршілігін жасап келді, ал қазір далаға қоныстанушылар қалтап кетті. Біздің болашағымыз қандай болмақ? Тарих бізге келімсек халық мәдениет түрғысынан байырғы халықтан күштірек болып шығады да, соңғысын жұтып қояды деп үйретеді. Ал егер екі жақ мәдениет түрғысынан бір-біrine тең келсе, олар да-

¹«Лада дидары», 1991, 8 мамыр

²Букейханов А. Киргизы // Формы национального движения в современных государствах. СПб., 1910, 599-б.

мып, бұл орайда тең құқықтарды пайдаланады және әрқайсысы өзінің үлттық сипатын сақтап қалады. Қырғыздардың экономикалық өмірінің өзгермей қалатыны байқалып отыр. Шаруалар біздің егістік жерлерімізді алғып жатыр, жер участекелері алынып қойды, қысқаша айтқанда, жат жерліктер біздің жер қойнауымызға еніп жатыр. Қырғыз халқының өмір сүру проблемасының өзі шиеленіскең сипат алуда. Өз автономиямызды сақтап қалу үшін біз білім мен мәдениет жолында жан салып күресуге тиіспіз. Біз ана тілінде әдебиет жасай білген халықтың ғана тәуелсіз өмір сүруге құқығы бар екенін ұмытпауға тиіспіз»¹.

Газет беттерінде қозғалған проблемалар ауқымы өте кен болды. Газет өзінің мақсатын: «қазақ халқы арасында ғылым мен білімді таратуға басшылық ету, Жер бетіндегі басқа халықтардың тіршілігімен таныстыру, қазақ халқының тарихы туралы айтып беру, шаруашылық өмір, емдеу, әдебиет, мектептер мен медреселерде оқыту проблемаларын кеңінен талқылау» деп санады².

Бұл идеяларды насихаттауға оның баспагері Мұстафа Оразаев пен бас редакторы Ахмет Байтұрсыновтың және Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бекейханов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов және басқалар сияқты патриоттық пифылдағы жазушылар мен ақындардың тамаша ұжымының күш-жігірі бағытталды.

Газет беттерінде жарияланған мақалаларға объективті түрде талдау жасау газетті XX ғасыр басындағы Қазақстаның өзіміз қарастырып отырған курделі әрі сан қылыш қоғамдық санасында елеулі орын алған деген тұжырым жасауды мүмкіндік береді. Ол кезеңде қоғамдық-саяси проблемалардың ең маңыздысы аграрлық проблема болғаны мәлім. Патша үкіметінің қоныстандыру саясаты жалғастырыла берді, жергілікті малшылар жайылымдық жерлерден, табиғи шабындықтардан айырылды, мұның өзі қазақтардың көшіп жүретінаумактарының едәуір шектелуі мен бүкілтіршілік-тынысының өзгеруіне әкеп соқты. «Қазақ» газеті өз беттерінде бұл саясатқа наразылық, білдірді, жері мен дінін, салт-санасын бұзушылардан құтқарып қалуға шақырды. «Шаруашылық өзгеріс» деп аталағын мақалалар топтамасында А. Байтұрсынов аграрлық мәселе жөніндегі өз пайымдауларын баяндаған. Олардан біздің бүгінгі, нарықтық экономика жағдайындағы өміріміздің идеяларына үндесетін көптеген

¹Дулатов М. Ахмет Байтурсунович Байтурсунов // Шығармалары. А., 1991, 299-б.

²Байтұрсынов А. Құрметті оқушылар // Қазақ, 1913, № 1.

қызықты ойлар табуға болады. Мысалы, ол қазақ халқын көшпелі тұрмыс салты мен экстенсивті мал шаруашылығынан отырықшы шаруашылық пен егіншілікке дереу көшу туралы мәселенің қойылуы қате екендігін дәлелдеуге тырыскан. «Шаруашылықтың өзгеруі, – деп санады ол, – ешқашанда тез қарқынмен жүрген емес... Бейбіт істер алға қарай секірістер, үшқалақтықтар жолымен жүрмейді, бірқалыпты, тыныш эволюция арқылы өзгереді»¹.

Қазақ халқының мұқтаждарын ойластырған «Қазақ» газеті отырықшылықта көшіру жайлы ұсыныс-пікірлерін де айтты. Аграрлық реформалар жүргізуі жақтаушылар, егер қазақтар отырықшылық нормасымен жер алса, қалалар салады, «қалалар салса, бұл дала өнірінде ғылым мен білімнің таралуына жәрдемдеседі» деп санады². Сондықтан қазақтар Мемлекеттік Дума бекіткен заң арқылы белгіленген 15 десятинадан жер алып, дереу отырықшылыққа көшуге тиіс. Бұл идеяларды «Айқап» журналының кеңінен қолдағаны мәлім. Екінші көзқарас «ottyрықшылық норма» шаруаны асырай алмайды дегенге келіп сайды. Бұдан әрі нақ сол «Көшпелі һәм отырықшы норма» деген мақалада «Қазақ» газеті бұл заның өкінші жағы бар деп сақтандырады. Әрбір қазақ отбасына отырықшы нормасы бөлінеді, жердің артылып қалған бөлігі қоныстандыру басқармасының қолына көшеді, ал мұның өзі патша үкіметінің қазақ жерлерін тартып алуы жалғастырылады деген сез.

Отырықшылықта көшу туралы проблеманы одан әрі пайымдай отырып, «Қазақ» аграрлық реформаның зардалттарын болжауға тырысты, бұл мәселеде «тұрлаусыз және зиянды қызыл сөзге» салынбай, мән-жайды мықтап анықтап алуға ұмтылды»³. Газет аграрлық мәселені шешу үшін қазақ халқының тұрмыс жағдайларын жан-жақты білу керек деп әділдетті түрде атап көрсетті, қазақтардың сол кездегі шаруашылығын құрт өзгертуден сақтандырды, өйткені бұл, оның пікірінше, сол шаруашылықты құйретуге әкеп соғатын. «Қазақ» газетінің тілшілері қоғамдық дамудың қозғаушы күштеріне қоршаған табиғатты, техникалық прогресс пен білімді жатқызды. Қоршаған ортасын әрекеше бөліп көрсетілді: «Егер қазақтардың қазіргі шаруашылығы табиғи жағдайларға сәйкес келсе, бұл шаруашылықты өзгер-

¹Байтұрсынов А. Шаруашылық өзгеріс // Қазақ, 1915, № 145.

²Байтұрсынов А. Көшпелі һәм отырықшы норма // Қазақ, 1913, № 20.

³Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. А., 1976, 267-б.

ту табиғи ортанды өзгертуге тікелей тәуелді болмақ. Қазақтар мал шаруашылығымен бұл ең женіл кесіп болғандықтан айналыспайды. Табиғат жағдайлары шаруашылық жүргізудің басқа түрлері үшін қолайсыз¹. Экономикалық білімдерінің жеткіліксіздігіне қарамастан, «Қазақ» авторлары қазақтардың негізгі шаруашылығы ретінде мал шаруашылығын сактап қалу қажет екендігін негіздеуге тырысты. Ал мұның өзі, біздің кеміл сенуімізше, үзақ, уақыт бойы түсіндіріліп келгеніндей, қазақ халқын ғасырлар бойы орын алған келген мешеуліктен шығармауға, оны әлеуметтік прогресс жолына түсірмеуге тырысқан әрекетті бүркемелеу емес еді. Мал шаруашылығын сақтау идеясының дұрыс екенін тарихтың, өзі дәлелдеп берді. Қазақ шаруалары прогресінің жолы көбінесе мал шаруашылығының егіншілікке қарай эволюциясымен үштастырылды және бұл жағдай дәлелдеп жатуды керек етпейтін шындық ретінде қабылданды. Бірақ Ж. Б. Әбілқожиннің әділ атап көрсеткеніндей, «оның тамырларын жаңа революциялық ойлаудың детерминанттарынан іздестіру қате болар еді, өйткені бұл арада дәстүр факторы анағұрлым зор әсер етті. Соңғысы шенберінде номадтық құрылымдардың әлеуметтік үйімдасқан шаруашылық-мәдени стереотиптері өркениет пен мәдениет императивтерімен бітіспес жанжалға келетін архайкалық – артта қалған және әдettentys бір нәрседеп қарастырылды»². Оттырыштылыққа көшу проблемасы революциядан кейін де Қазақстанның белгілі бір қоғамдық құштерін айтыс-тартысқа түсірген тақырып болды. С. П. Швецов, Н. А. Челинцев, М. Г. Сириус және басқа ғалымдар қазақ даласының объективті жағдайларын елемеудің апатқа ұрындыратыныңғынды және қазақтың қөшпелі шаруашылығының тағдырлары мен республиканың аридті аумақтарындағы егіншіліктің келешегіне аландаушылық білдірді. С. П. Швецов: «Қазақстандағы қөшпелі тұрмысты жою даладағы мал шаруашылығы мен қазақ шаруашылығын құрту ғана емес, сонымен қатар қуан, даланы адам тұрмайтын шөлге айналдыру үшін шайқасу болар еді», – деп ескертті. Өкінішке қарай, мұндай қөзқарасты ұстанушылар дереу кулактар мен байларды³ жақтаушылар, «ұсақ буржуазиялық және буржуазиялық қалдықтар», «ауыл шару-

¹Байтұрсынов А. Шаруашылық өзгеріс // Қазақ, 1915, № 163.

²Абылжохин Ж. Б. Традиционная структура Казахстана. А., 1991, 199-б.

³Швецов С. П. Природа и быт Казахстана // Казахское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях. А., 1926, 103-б.

ашылығының зиянкестері» деп жарияланды. Әлеуметтік прогресс пен жаппай отырышылықты бірдей деп санау қоғамдық санада мықтап орнығып, тек халық жаулары, ұлыдержавалық шовинистер мен буржуазиялық ұлтшылдар ғана төріске шығара алатын аксиома ретінде қабылдана бастады. Ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің пікірлерін елемеушілік ең ауыр зардаптарға: ашаршылық пен демографиялық апатқа, халықтың орасан зор мөлшерде көшіп кетуіне, мал санының миллиондан азайып, Қазақстанның мал шаруашылығы саласын ондаған жылдарға кейінге ысырып тастауына, жалпы ауыл шаруашылығының бұзылуына ұшыратты. Сонымен, шаруашылық тұрларін құштеп өзгертуге белсенді түрде қарсы шығып және бұл проблемаға байсалды қарауды талап етіп, «Қазақ» газетінің авторлары дұрыс істеген еді.

«Қазақ» газетінің беттерінде қоғамдық-саяси бағыт ұстанып, қазақ халқының қалың бұқарасының саяси және құқықтық санасын қалыптастыруға көп маңызы болған мақалаларға едәуір орын берілді. Қоғамдық-саяси қызметін «Қазақ» редакциясындағы жемісті шығармашылық жұмыспен ойдағыдай үштастыра отырып, Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов баспасөз бетіне шықкан сездері арқылы қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға, олардың санасына бостандық пен тәуелсіздік идеяларын қыюға мүмкіндігінше жәрдемдесуге ұмтылды. Олар отарышыл патша өкіметі жағдайында өз халқының құқықсыздығына қатты аландады, өз замандастарын әрекетсіздігі мен әлеуметтік енжарлығы үшін аяусыз айыптал, күш-қимылды біріктіруге шақырды. Ә. Бекейхановтың «Қыр баласы» деген жасырын атпен жариялаған мақалалар топтамасы осы мақсатқа арналған, бұларда ол Мемлекеттік Дума-дағы істер туралы егжей-тегжейлі айтып берген.

«Қазақ» газеті Ш. Үәлихановтың, Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың ағартушылық қызметі дәстүрлерін қайта жаңғыртты, ол XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында қазақ қоғамының қоғамдық санасының элементі ретінде көрінді.

А. Байтұрсынов, Ә. Бекейханов, М. Дулатов және басқалар қоғам өмірін халық арасында білім тарату жолымен қайта құру мүмкіндігіне жан-тәнімен шын сенді. Дүниежүзілік өркениетке ғылым мен оқу-ағарту арқылы ғана тарту мүмкін екенін түсіне отырып, газет оларды на-сихаттауға көп көніл бөлді. Тіл мен әдебиетті дамытуға баса назар аударылды. Газеттің негізін қалаушылар бұл фактордың ұлтты және оның рухани мұрасын сақтауда шешуші факторлар екенін тамаша түсінді. «Қазақ»

газетінің 1-нөмірінде жарияланған бағдарламалық мақаласында Байтұрсынов былай деп атап көрсеткен: «өз дербестігімізді сақтап қалуымыз үшін біз оқу-ағартуға және жалпы мәдениетке барлық күш-жігеріміз бен амалайламызды салып үмтүлұымыз қажет, бұл үшін біз ана тілімізде. Әдебиетті дамытумен айналысуды ең бірінші борышымыз деп білуге міндеттіміз. Өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар халықтың ғана дербес өмір сүруден үміт етуге құқылы екенін ешқашан үмитуға болмайды»¹. Қазақ тілі мен әдебиетін дамыту проблемалары жөніндегі мақалалардың көпшілігін жазған – А. Байтұрсынов, ол – араб графикасы негізінде қазақ әліпбінің тұңғыш талантты реформаторы, қазақ тілі білімінде ғана емес, бүкіл түркологияның дүниесінде де жаңашылдық деп саналатын «Жаңа әліпби» (1912), «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914–1915) деген еңбектердің авторы.

«Қазақ» беттерінде жарияланған еңбектерінде А. Байтұрсынов балаларды мектептер мен медреселерде оқытушының маңыздылығын атап көрсетті, бұл орайда ол былай деп жазды: «халықтың көзін ашу балаларды мектептерде оқытудан басталады және бұл істі арнаулы білімі бар адамдарға тапсыру керек, ейткені үлттың болашағы жас жеткіншек үрпақтың өз халықтың болашағы туралы терен білім алу дәрежесіне байланысты»². Байтұрсынов пен оның серіктері өз халықтың тағдырын ойлап мазасызданды және оқу-ағарту ісін қоғамдық прогресске жету жолындағы қажетті құралдардың бірі деп санады. Қазақ және орыс мектептерінде оқыту проблемалары туралы өз пікірлерін баяндай келіп, ол балаларды қазақ тілінде міндетті түрде екі жыл оқытууды таптаған етеді, бұл орайда ол «бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір халықтың өз тіліне, жазу мен дініне құқығы болуы тиіс» деп санайды³. Сонымен бірге ол орысша оқыту қажет екенін де атап етеді.

Газеттің негізін қалаушылар «Азамат» қоғамын құруға мұрындық болып, оның мүшелері қазақ халықтың ауызша халық шығармашылығының бай мұрасынан туындылар жинаумен айналысты. Осы қоғам баспағерлері жұмысаған күш-жігердің арқасында үрпақтар үшін халық ертеғілері, мақалдар, күйлер, мәтеддер мен жырлар жарияланған кітаптар мен журналдар жарық көрді.

«Қазақ» газеті бірінші дүниежүзілік соғыстың, барысы

туралы ұзбей жазып түрді, 1916 қатерлі кезенде халықының қамын ойлап, еліне тірек-қорған бола білді.

Газет ел өміріндегі жаңалықтардың бірі әдеби кештер өткізу тәрізді игі дәстүрлерді қолдап: «Семейдегі әдебиет кеші» (1914, № 51), «Қазақ әдебиет кеші» (1915, № 114), «Торғайдағы әдебиет кеші» (1916, № 166) т. б. мақалалар жариялады. Бұл мақалаларда әдеби кештер үйімдастырып, ел иғілігі үшін аса маңызды істер тындырып жүрген қазақтың зиялы азаматтарының есімдері аталып, еңбектеріне баға берілді. Семей кештерінің негізгі тұлғасы Нәзипа мен Нұргали Құлжановтар болса, Торғайдағы кештің үйіткьысы Гұмар Алмасов, Қосмұхамед Жабағин сыңды азаматтар болатын¹.

1917 жылдан бастап газет «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің ресми баспасөз органына айналды да, бұл оны 1918 жылы кеңес үкіметінің жауып тастауына себеп болды.

ХХ ғасырдың басында Қазақстанда қоғамдық сананы қалыптастыруда «Айқап» журналы елеулі рөл атқарды (ол жөнінде жоғарыда айтылған да болатын). Кейір зерттеушілер «Айқапты» «Қазаққа» қарсы қояды (Бейсембіев К. Көрсетілген еңбегі, 245-б.). Біздің оймызыша, біріншіден, «Қазақ» та, «Айқап» та өздерінің алдына мұндай мақсат қойған жоқ. Рас, «Айқап» пен «Қазақ» аграрлық мәселені шешуге түрліше қарады, мұның өзі осы басылымдар арасында пікірсайыс пайда болуына әкеп соқты.

Екіншіден, «Айқап» журнالының таптық жаратылысы туралы пайымдау да қате. Бұл басылымның жалынды редакторы М. Сералин 1924 жылы журналдың құрылу тарихына арналған мақаласында «Айқаптың» ешқандай да таптың органды болмағанын жазады. Ол халықтық басылым болғандықтан, ешқандай да таптық, саяси, экономикалық бағдар ұстанған жоқ. Үшіншіден, «Айқапта» айқын саяси бағдарлама болған жоқ, оны шығарушылар бүкіл қазақ халықын біріктіру туралы жалпы ұрандармен шектелді.

Бұл басылымдарға тән ортақ белгілерге келетін болсақ, олар мынадай. Біріншіден, бұл екі басылым да А. Құнанбаевтың, Ш. Ұәлихановтың, ІІ. Алтынсариннің ағартушылық идеологиясын жалғастырып, өз халықтың сауатсыздығына, қарандылығы мен құқықсыздығына қарсы жанқиярлықпен күресті. Екіншіден, «Айқап» пен «Қазақ» патша үкіметінің қазақ халықын ең жақсы жерлерінен, шұрайлы жайылымдары мен шабындықтарынан айырған қоныстандыру саясатына барынша қарсы шықты. Сонымен бірге олар Ресейдің шет аймақтарға прогрессіл ықпал жасағанын да атап етті.

¹Дулатов М. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов, 6-б.

²Байтұрсынов А. Қазақша оқу жайынан // Қазақ, 1913, № 14.

³Байтұрсынов А. Бастауыш мектеп // Қазақ, 1914, № 87.

Үшіншіден, «Айқап» та, «Қазак» та қоғамды таптарға бөлмей, бүкіл халықтың сөзін сөйледі. Олар қоғамда байлар мен кеңейлер бар екенін түсінбеді деуге болмайды. Олар қоғамды бір таптың екінші тапқа нысаналы түрде құш қолдану жолымен емес, қайта, ағартушылық және демократиялық реформалар идеяларын тарату жолымен өзгертуге үмтүлді. Төртіншіден, «Айқап» пен «Қазақ» өздерінің рухани дүниесімен, өз дәстүрлерімен және өз халқының жалпы адамзаттық қазыналармен салыстырғандағы тағдырына қатысты жарқын идеяларымен жас қазақ интеллигенциясын өздерінің төнірегіне топтастыруды. Құрделі де қын қызмет процесінде олар қазақ халқы мәдениетінің жалпы деңгейін көтеруге, оның жасампаздық, рухани және адамгершілік мүмкіншілігін ашып көрсетуге үмтүлді. Халықтың рухани негіздері мен дәстүрлерінің рөліне олар Кеңестік қоғамтануғынына тән тар көзқарас тұрғысынан қарамады, қайта олардан қоғамның одан әрі дамуы байланысты болатын белгілі бір күшті көре білді. Жалпы алғанда, «Айқап» пен «Қазак» қазақ халқының үлттық сана-сезімін оятуда орасан зор рөл атқарды және олардың идеялары мен көзқарастары XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық өмірінде елеулі орын алды.

2. Қазақ интеллигенциясының қазақтың үлттық сана-сезімін қалыптастырудың қызметі

Қазақ қоғамын саяси жағынан оятудың басты факторы – Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы, оның он маңызы да, теріс мәні де болды. С. Асфендияровтың атап көрсеткеніндей, «феодалдық-рулық қанау, кедейлерді кіріптарлықса салып, күйзелту, жерді басып алу – суретtelіп отырған процестің негізгі факторлары, міне, осылар. Ресей капитализмі бұрынғы өндіріс өдісін нығайтып, қазақтар шаруашылығының заттай-тұтынушылық сипатын сақтап қалды, сонымен бірге осы артта қалған экономикалық укладты дүниежүзілік капиталистік жүйеге тартып, миссионер-делдалдар, байлар, қоныстанушылар және т. б. жүйесі арқылы оны рыноқтың товар-ақша қатынастарына бейімделуге мәжбүр етеді. Сейтіп феодалдық-рулық және капиталистік екі жақты қанау болып шығады. Дүниежүзілік капиталдың артта қалған барлық отарлының ерекшелігі, бұрынғы патша отары ретінде Қазақстанның ерекшелігі де осында»¹.

¹Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). А., 1935, 17-б.

Ауылдық жердегі отарлау мал жаятын жайылымның тарылуына, мал саны азаюының үдей түсіүіне және көшпелілердің тұрмыс деңгейінің үнемі төмендеуіне әкеп соқты. Қазақ бұқарасының жерсіз қалуының күшеюі салдарынан орыс помещиктері мен кулактарына, байларға жалданушы батырақтар саны көбейді. «Кен рудниктеріндегі, тұз қесіпшілктеріндегі қазақ жұмысшылары аяусыз қаналды және адам төзгісіз тұрмыс жағдайында тұрды», – деп жазады Т. Рысқұлов¹.

Ресейдегі 1905 жылғы революциялық оқиғалардың ықпалымен Қазақстанның мейлінше әр алуан түкпірлерінде қазақ еңбекшілері тарапынан патша өкіметіне наразылық білдіру байқалды. Перовскіде, Оралда, Қарқаралыда, Семейде, Верныйда, Успен және Спасск рудниктерінде еңбекшілердің жаппай бас көтерулері етіп, оларда саяси және экономикалық сипаттағы талаптар қойылған².

Қазақ халқының үлттық ояну кезеңі туып, жаппай саяси мәселелерге бой ұру күшейді. Саяси жиындарда, стихиялы түрде үйымдастырылған митинглерде патша өкіметінің аграрлық саясаты мәселелері талқыланды, қазақ жерлерін тартып алуға қарсы дәлелдер келтіріліп, қазақтардың өз жеріндегі құқықсыздығы туралы айтылды, қазақ халқының тілі мен мәдениетін сақтау талабы қойылып, патша үкіметінің орыстандыру саясатына қарсы наразылық білдірілді.

Қазақ халқының дағдылы деңгейдегі саяси санасы тіршіліктің, еңбек пен тұрмыстың ауыр жағдайларының стихиялық көрінісі ретінде қалыптасты. Қазақ еңбекшілерінің негізгі бұқарасын шаруалар құрағаны түсінікті, ал олар халықтың бұл бөлігінің қоғамның экономикалық өмірінде тарихи қалыптасқан орнына байланысты саясат саласынан алыс болатын. Бірақ, көріп отырғанымыздай, XX ғасырдың басына қарай қазақ шаруалары әлсіз болса да ең ауқымды қоғамдық проблемаларды қозғады, оларға тікелей тұрмыстық тәжірибе мен практикалық мүдделер тұрғысынан баға беріп, қөзқарасын анықтады. XX ғасырдың басындағы, қазақ халқының идеологиялық өкілдері рөлін атқарған қазақ үлттық-демократиялық интеллигенциясы өзінің алдына тұған халқына – дағдылы санадан бостандықтың, тәуелсіздіктің ең жоғары мұрраттарына бастайтын нақты жолды міндет етіп

¹Рыскулов Т. Страницки из истории революционной борьбы // Казахстанская правда, 1935, 22 октября.

²Атишев А. А. Политическая мысль Казахстана второй половины XIX – нач. XX в. А., 1979, 99-б.

қойды. Ол қазақ халқының объективті мүдделері мен жағдайын жүйеге түсірілген теориялық білім ретіндегі идеологиялық деңгейде ұғынып, білдіруге, оның саяси күрес бағдарламасын тұжырымдауға ұмтылды. Жоғарыда атап көрсетілгендей, демократиялық-ұлттық интеллигенция қоғамның таптарға бөлінуін мойындаған, бүкіл халық атынан әрекет етті. XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының мұндай қезқарасын Кеңестік идеологтар оларды саяси айыптаудың басты дәлелі ретінде қарастырып, олардың қоғамдық қызметін объективті бағалауға кедергі жасады. 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін көп ұзамай-ақ қоғамдық санада таптық қезқарас басым болып, бірден-бір дұрыс методологиялық нұсқау және фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды бағалаудың өлшемі мәртебесін алғаны мәлім. Таптық апологетикасы жалпы азаматтық және жалпы тапсызыздық атаулының бәрі мәні жөнінен космополиттік, «тексіз» немесе буржуазиялық, сондықтан да социализм мен марксизмге жау нәрсенің баламасына айналатындей деңгейге жетті. Таптық қезқарасты абсолюттендіру, таптық қезқарасты ұлттық және жалпы адамзаттық дүниеден жоғары қою қазақ қоғамының рухани тарихын бұрмалады, Қазақстанның қарастырылып отырган кезеңдегі қоғамдық ойпікірінің тұтас қабаттарын «тарихтың күл-қоқыс төгетін орнына» жіберді. Тұрпайы түсінілген таптық қезқарасты қайта қарау мен жалпы адамзаттық қазыналардың басымдығын алға қоюды басшылыққа алып, біз XX ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ интеллигенциясы өзінің саяси қызметінде ұлттық қазыналарды да, жалпы адамзаттық қазыналарды да қорғауды басты мақсат етіп санағанын енді ғана түсініп отырмыз. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы күресте көмектесуге ұмтылды, әрбір адам мен әрбір халықтың жеке бостандыққа және бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуға құқығы сияқты жалпы азаматтық қазыналар жолында күресті. Осы мақсатпен қазақ интеллигенциясы 1905 жылдан бастап саяси қызметті қызу өрістетті. Француз ғалымдары А. Беннигсен, Ш. Ламарсье-Келькежей 1905 жылғы 18 ақпандағы манифест жарияланғаннан кейін қазақ қоғамындағы саяси өмірді сипаттай келіп, бұл кезеңде «ең басты ұш саяси бағыт байқалды, біреуі – діни, оны татар және түркістан молдалары жүргізді, екінші – батыстық, оны жергілікті интеллигенция басқарды және

ақырында, үшіншісі – ең әлсіз, ол жастарды орыс социалистері қозғалысының арнасына бағыттауға тырысты» деп атап етті¹. Бұдан әрі ғалымдар орыс конституциялық демократтарына жақын екінші бағыт көп кешікпей қазақ даласында елеулі қүші бар саяси құрылымға айналды деп беліп көрсетеді. Оны бастағандар – Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев және басқалар. Идеологиялық сананы жасауға идеология екілдерінің жеке қасиеттерінің ықпал етпей қоймайтыны мәлім. Жоғары интеллектуалдылық, саяси принциптілік, ғылыми-теориялық және моральдық жағынан өз заманының биғіне көтеріле білу қабілеті сияқты белгілер қазақ интеллигенциясына халық арасында танымал болуға мүмкіндік берді. Қазақ интеллигенциясының көшбасшылары халықты саяси ағарту үшін оның білімге құштарлығын арттыру, сауатсыздықты жою қажет екенін, өйткені саясат пен ағарту ісінің тығызы байланыстылығын түсінді. Қазақ интеллигенциясының бүкіл өмірі осы мақсатқа арналды деуге болады. Ұлттық «Қазақ», «Қазақстан» газеттері мен «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» және басқалары сияқты журналдардың беттерінде олар қазақ халқын білім алуға шақырды, өйткені білім ғана өркениетті дүниеге жол ашады, қазақтардың ұлт ретінде сақталуына көмектеседі.

Қазақ интеллигенциясы саяси қызметінің қорытындысында «Алаш» партиясы құрылды².

Ақпан революциясы женіп, соның нағайкесінде өкімет басына уақытша үкіметтің келуі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестердің күрт жеделдепті. Мейлінше әртекті құштердің жаппай энтузиазмы мен бірлігі, самодержавиенің санаулық құндерде құлауын қамтамасыз ету, уақытша үкімет жариялаған бостандық пен тәндік принциптері – осының бәрі Ресей өркениеттің шырқау шынына тез әрі оңай көтеріледі деген жалған үміт туғызды. Уақытша үкіметке үлкен үміт артқан қазақ ұлттық интеллигенциясы қазақтың ұлттық мемлекетін құру және өз халқын ескі патшалық режимнен, қиянат жасаушылық, пен зорлық-зомбылықтан құтқару жолдарын іздестірді. Осы мақсатпен 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында қазақтардың съезі шақырылып, онда ұлттық «Алаш» партиясының құрылғаны жарияланды, ал сол қалада 1917 жылғы желтоқсанда өткен екінші бүкілқазақ съезі

¹Беннигсен А., Ламарсье-Келькежей Ш. Пресса и национальное движение среди мусульман России 1920 г. // Алем, А., 1990, 164-б.

²Нұрпейісов К. Алаш һем Алашорда. А., 1995, 115-133-б.

Алаш автономиясын құрып, оның үкіметі - Алашорданы сайлады. «Алаштың» негізгі идеялары мен көзқарастарын қарастырайық.

«Алаш» партиясының басты мақсаты - Ресей құрамында автономиялы қазақ мемлекеттігін құру. «Ресей демократиялық федерациялық республика болуға тиіс (демократия - халық билігі, федерация - ұлы мемлекеттер одағы). Федерациялық республикадағы әрбір жеке мемлекет автономиялы болады және бірдей құқықтар мен мұдделерде өзін-өзі басқарады¹, - деп атап көрсетілді «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» бағдарламасының жобасында. Жалпы алғанда «Алашқа» мемлекеттің таптық табиғатын теріске шығару тән. Ал мемлекет үғымы аумаққа ешкімнің тиіспеушілігі мен саяси дербестікке баланады. «Әрбір халықтың жері мен сусы бар, олар оның тұрғылықты жері. Егер жер мен су оның өз билігінде болса, билік пен басқару оның өз қолында болады және билеушілер халықтың өз ортасынан шығады. Бұл мемлекет деп аталады², - деп жазған «Алаш» партиясының болашак қайраткерлерінің бірі Р. Мәрсеков 1913 жылдың өзінде-ақ. «Алаш» партиясының мемлекетке көзқарасы Ресей большевиктерінің көзқарастарымен сәйкес келмегенін атап өткен жөн. Мемлекеттің мәні туралы мәселе 1917 жылдың жазы мен күзінде большевиктер мен басқа да социалистік партиялар арасындағы шиеленіскен айтыс тақырыбына айналды³. Социалистердің негізгі көпшілігі (социал-демократ (меньшевиктер), эсерлер, т. б.) демократиялық қоғамда мемлекет мұдделердің белгілі бір өзара байланысын және сол арқылы қоғамдың прогрессі қамтамасыз ете алады дегенге сүйенгені мәлім. Большевиктер мемлекетті «бір таптың басқа таптарға зорлық жүргізу машинасы», ол үстем таптың еркін орындауды және іс жүзінде қоғам өмірінде ерекше рөл атқара алмайды, тек өз мұдделерін өткізу керек деп, оның таптық табиғатын ғана мойыннады. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінде мемлекеттің билеуші таптың еркін білдіріп, енжар рөл атқарып қана қоймайтыны, сонымен қатар белгілі бір жағдайларда сол тапты жоғары көтеріп, оның мұдделерін тез өсетін бюрократиялық аппараттың мұдделеріне бағындырып, со-

¹Жобажасаушылар: Фалихан (Өлихан) Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхamedov, Ғабдулхамид Жұндібаев, Фазымбек Бірімжанов. «Алаш» партиясының Программасының жобасы // Қазақ, 1917, № 251.

²Мәрсеков Р. Мемлекет // Қазақ, 1913, № 44.

³Коммунист, 1991, № 10, 25-б.

ңғысын бүкіл қоғамға таңатыны жете бағаланбады. «Алаш» өзі өмір сүре бастаған алғашқы кездерден бастап-ақ, зорлық атаулыға қарсы шыққанын атап өту қажет. «Алаш» басшылары қазақ қоғамының тәуелсіздігіне занды конституциялық жолмен, қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға бағытталған саяси күрес арқылы жетуге үмтүлды. Олар қантөгіс пен зорлық-зомбылықты айыптады, олардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі көзқарасын, яғни осы уақытқа дейін олардың қазақ халқының мұдделеріне «сатқындық жасады» деп қаралатын көзқарасын нақ сонымен түсіндіруге болады.

Зорлық-зомбылықты және мемлекеттің таптық табиғатын теріске шығара отырып, алаштықтар қоғамдағы бір таптың диктатурасына қарсы шықты. Олар «байлар» мен «кедейлер» үғымын қолданып, қоғамдағы осы қарама-қарсы күштердің тайталасын байқағанымен, бүкіл қазақ халқы атынан қимылдады. Бірақ «Алаш» басшыларының ешқайсысы әлеуметтік қайшылықтардың себептері мен олардың шешілуін түсіну деңгейіне толық көтеріле алған жоқ.

Алаштықтар өз бағдарламасында басқарудың президенттік нысанын және сайлауға «шыққан тегіне қарамастан жүрттых бәрі» қатысуын қамтамасыз ететін демократиялық сайлау сипатын жақтады¹.

«Алаш» өкілдерінің бәрі дерлік патшалық Ресейдің қоныстандыры саясатына қарсы шықты және мұндай көзқарас аграрлық мәселе тұрғысында мейлінше айқын көріністапты. «Қоныстанушылардың бұрын қазақтардан тартып алған барлық жері қайтарылып беруге және байырғы халыққа бірінші кезекте берілуге тиіс», - деп атап өтілді партия бағдарламасының жобасында².

«Алаш» өркениетті қоғамға жеткізетін жол білім беру арқылы өтетін түсіне отырып, халыққа білім беруді барша жүрттых иглігі деп жариялады. «Алаш» өз бағдарламасының жобасында жеке адамға ешкімнің тиіспеуін, сөз, баспасөз және одақтар бостандығын көтереді. Бір ғажабы, «Алаштың» барлық дерлік басшылары жеке бастарының сенімі бойынша дінге сенбегенімен, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы көптеген мәселелерді дінмен байланыстырган, олардың пікірінше, бұл бұқараны өз жағына тартуға көмектесуге тиіс болатын.

«Алаш» дінді мемлекеттен бөлуді жақтады. Бұл мәселе жөніндегі өзінің көзқарасын партияның көшбасшысы

¹«Қазақ», 1917, № 251.

²Бұл да сонда.

Ә. Бекейханов былай деп түсіндіреді: «Француз, орыс халықтары мен басқа да халықтардың тарихынан көрініп отырғаныңда, мемлекет қаржаты есебінен айлық алатын дін өкілдері үкіметке тәуелді болады. Осы себепті, қазақ-қырғыздардың дін ісі ойдағыдан дамысын десек, дінді мемлекеттен бөлу керек...»¹. «Алаш» бағдарламасында сот ісін жүргізу мәселелері бойынша идеялар да көп. «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметіне өз бағдарламасын жүзеге асыруға тарих мүмкіндік берген жоқ. Қазан революциясын олар үркे қарсы алды. 1919 жылы А. Байтұрсыновтың жағаныңда, «қазақтарға ақпан революциясы қаншалықты түсінікті болса, оларға Қазан революциясы соншалықты түсініксіз болып көрінді»². Қазан революциясы идеяларын осылайша түсінбеушілік, оларды қабылдамау себептеріне талдау жасай келіп, А. Байтұрсынов былай деп атап көрсетті: «Бірінші революцияны қазақтардың дұрыс түсініп, қуанышпен қарсы алу себебі, біріншіден, ол қазақтарды патша үкіметі тарапынан жасалған езгі мен зорлық-зомбылықтан азат етті және екіншіден, олардың көксеп келген арманы – дербес басқаруды жүзеге асыруға деген үмітін нығайтты. Ал екінші революцияның қазақтарға түсініксіз болып шыққанын түсіндіру оңай: қазақтарда капитализм де, таптарға белінушілік те болған жоқ, тіпті олардың меншігі де басқа халықтардағы сияқты онша айқын жіктелмеген еді. Сөйтіп Қазан революциясы өзінің сыртқы көріністерімен қазақтарға үрей туғызды. Шет аймақтарда большевиктік қозғалыс зорлық-зомбылықты, талап-тонауды, қиянат жасаушылықты және өзінше бір диктаторлық билікті жүргізумен үштасты. Қысқаша айтқанда, шет аймақтардағы қозғалыс көбінесе революция емес, қайта барып тұрған анархия болды»³. Кеңес өкіметі мен Алашорда мемлекеттілік мәселелері, таптық, әлеуметтік-экономикалық проблемалары бойынша пікір алалықтары жөнінен бір келісімге келе алмады. «Алаш» пен Алашорда қайраткерлері заңдан тыс деп жарияланып, таратылып жіберілді және оның реңми органы «Қазақ» газетінің жұмысы тоқтатылды. «Алаш» жолының қыын курестер мен күрделі жанжалдарға, қателіктер мен ізденістерге және

¹Бекейханов Ә. Мен неге кадет партиясынан шықтым? // Саярқа, 1918, № 29.

²Байтұрсынов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей, 1919, 3 августа, № 29.

³Байтұрсынов А. Көрсетілген еңбегі.

белгілі бір жетістіктерге толы жол болғаны күмәнсіз. XX ғасырдың басында «Алаш» партиясының Қазақстанда жеткілікті дәрежеде елеулі күш болғанын тарихи фактілер дәлелдеп отыр. 1917 жылғы қараша айындағы Құрылтай жиналысы сайлауында алынған дауыстар саны жөнінен «Алаш» Ресейде Қазан революциясының қарсанында болған 50 партия ішінде 8-орын (262 404 дауыс) алды¹.

Саяси куресте «Алаштың» женіліс табу себептері қандай? Біріншіден, «Алаш» өз қатарына негізінен интеллигентия өкілдерін біріктірді. 80-90 проценті сауатсыз шаруалардан тұратын қазақ қоғамына үлттық-демократиялық интеллигентиясының басшылары насиҳаттаған әділеттілік, ізгілік және тәуелсіздік идеялары толық жете алмады, сондықтан да халықтың басым көпшілігіне ол идеялар түсініксіз болды. Бұқараның қараңғылығы, саяси курес орталықтарымен байланыстың болмауы армандаған мақсатқа жету жолындағы кедергіге айналды. Екіншіден, қазақ интеллигентиясында ұзақ уақыт бойы саяси курестің нақты бағдарламасы болмады. Біздін ойынышша, «Алаш» партиясы да тым кешігіп құрылды. Оның құрылуы мен тәуелсіз қазақ мемлекеттігін құруға бағытталған саяси іс-қимылдың нақты бағдарламасын қабылдау мерзімі «еziлген халықтарға - бостандық, шаруаларға - жер, жұмысшыларға - заводтар мен фабрикаларды береміз» деген ұрандармен жөніске жеткен 1917 жылғы Қазан революциясының басталу кезеңіне түспа-түс келді.

Уақытша үкімет үлттық шет аймақтар халықтарының өзін-өзі билеуіне қарсы шығып, империялық саясатты жағдайтында анық жақтайдынына көз жеткізген қазақ интеллигентиясының басшылары өздерінің үлттық партияларын құруға кірісті. Бірақ оларға тарих берген уақыт саяси ойлаурын жүзеге асыру үшін тым аз болып шықты.

«Алаш» басшылары зорлық-зомбылыққа қарсы шықты, ал мұның өзі интеллигентияға тән белгі болатын. Олар қоғамды өзгертуге қол жеткізетін құрал адамдардың санасына ықпал жасау деп санады, сөйтіп революциялық іс-әрекеттен демократиялық жолды артық көрді.

«Алашпен» қатар Қазақстанда екі оппозициялық ағым айқындала бастады. Біріншісі – К. Тоғысов басқарған «Үш жұз» саяси тобы. Революцияға дейінгі Қазақстан тарихына арналған зерттеулерде бұл үйымның сипаты мен қызметі жөнінде мейлінше әр түрлі, мейлінше қайшы

¹Политические партии России осенью 1917 г. // Диалог, 1990, № 8, 33-б.

пікірлер кездеседі. Кейбір авторлар бұл партияны «ұлтшылдық, кеңеске қарсы» партияның бір түрі деп санайды¹, екіншілері оны социалистік партия деп сипаттайды².

«Үш жұз» партиясы мен оның басшысы К. Тоғысовтың қызметін Т. Рысқұлов та сын көзбен бағалап, партия «Бекейханов пен Байтұрсынов тобындағы интеллигенцияның кадеттенуші үстем тобына қарсылық...» нәтижесінде, «бірақ шынына келгендे идеялық жағдайлардан гөрі бәсекелестік жағдайлар негізінде» пайда болды деп атап көрсеткен³. «Алаш» және «Үш жұз» партиясының басшыларына Рысқұлов заман өктемдігімен «ұлтшылдықтың ықпалына шалдыққан, алаяқ пиғылдағылар» деген сипаттама беру-ге мәжбур болды⁴.

Зерттеушілер Г. Ф. Даҳшлейгер мен Қ. Бейсембиев «Үш жүзді» «Алаш партиясына қарама-қарсы» пайда болған және «қазақ бұқарасына «Алашорданың» контрреволюциялық, мәнін түсініп, одан қол үзуіне» көмектескен ұсақ буржуазия-шыл партия деп қарастырады⁵.

«Үш жұз» партиясы мен К. Тоғысовтың қызметіне ғалым М. С. Бурабаев та талдау жасаған: «Үш жұз» партиясы... тарихтың қынын-қыстау кезеңінде үлттық және әлеуметтік әділеттілікке жеткізетін жолды іздестірген ұсақ қолөнершілер мен халықтың басқа да топтарының мүдделерін білдіру нәтижесінде туды. Бұл ізденіс оларды большевиктердің басшылығымен кеңес екіметтің жақтаушылардың ізбасарлары қатарына әкеп қосты»⁶. М. Бурабаев «Үш жұз» қызметін еki кезеңге бөледі. 1-кезең оның М. Айтпеновтің басшылығымен ұсақ жекеменшік иелерінің мүдделерін қорғауымен байланысты. Бұл кезенде «Үш жұз» панисламистік рухта болғанын, «Алла құрған татар-түрік туы» астында автономия құруды жақтағанын атап өткен жән⁷, дейді. Кадеттердің парламенттік тобына қосылған «Алаштан» айырмашылығы – «Үш жұз» мұсылман депутаттармен біртұтас фракция құруды қолдап, социал-революционерлерге, яғни әсерлерге қосылғанында, дейді М. Бурабаев.

¹Елеуов Т. Установление и упрочение советской власти в Казахстане. А., 1971, 234-б.

²Атишев А. А. Көрсетілген еңбегі. 156-б.

³Рыскулов Т. Казахстан. М., 1927. 48-б

⁴Рыскулов Т. Көрсетілген енбегі

⁵Под знаменем ленинских идей. А 1973 161-б

⁶ Бурабаев М. С. Общественная мысль Казахстана в 1917–40-е годы. А., 1991. 14-б

⁷Ушкүз. 1917. № 12

К. Нұрпейісов болса «Үш жұз» партиясы әуел баста «Алашпен» бірлесе әрекет жасау мүмкіндігі туралы мәлімдегенімен, ол ойынан тез қайтты да көп кешікпей Қазақстанның қоғамдық-саяси мәселелері жөнінен «Алаштың» басты сынаушысына айналып, Қазан революциясынан кейін «Алаш» партиясына қарсы ашық қуреске шықты деген пікір айтады¹.

1918 жылдың басынан партияны К. Тоғысов басқарып, ол толықынан большевиктер жағына көшті.

ХХ ғасырдағы қазақ қоғамының саяси санасы – күрделі де қайшылықты құбылыстарға толы болды. Онда идеялар, дүниетаным және саяси ағымдар қақтығысы көрініс тапты. Қоғамның барлық салаларын қамтып алған аса терең дағдарыстан шығу жолында аяусыз саяси күрес жүріп жатты. Саяси күрес нысандары мен әдістерінің қашшалықты әр түрлі болғанына қарамастан, жоғарыда сипатталған саяси партиялар мен бағыттардың бәрі қазақ қоғамын қозғалысқа келтіріп, оны ғасырлық қалғып-мұлгуден серпілтү, қазақ халқының қалың бұқарасының саяси санасын (әлі әлсіз деңгейде болса да) калыптастыруға жетеледі.

Қоғамда құқықтық сана да саяси санамен тығыз байланысты келетін анық. Саяси сана сияқты, құқықтық сана да әлеуметтік-экономикалық факторлардан аулақтамайды, ол да белгілі бір ортаның мүдделерін білдіреді. Қазақстанда орталықтандырылған ұлттық мемлекеттіліктің, бірыңғай құқықтық жүйе мен құқықтық мекемелердің болмауы себепті барлық қоғамдық-экономикалық, саяси, отбасылық, тұрмыстық және басқа қатынастардың бәрін мұнда бірнеше құқық, жүйелері реттеп отырды, ал бірыңғай құқықтық сана қалыптасқан жок.

Күккүй жүйелерінің біріншісі – дағдылы құқық нормалары – еш жерде белгіленбegen, біrак, заң күші бар ережелер мен қағидалар жинағы болып табылатын әдет. Олар халық зердесінде сақталып, қысқаша нақыл сөздер мен мақалмәтелдер түрінде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келді. XIX ғасырың ортасына қарай қазактардың дағдылы құқығы қазактардың коғамдық өмірінде болған жаңалықтарға байланысты үлкен өзгерістерге ұшырады. Дағдылы құқық халықтың дәүлетті топтарының мүдделерін қорғай бастады. Ол үш құрамдас беліктен тұрды, олар: 1) әдет-ғұрып (әдет немесе заң); 2) билер сотының тәжірибесі; 3) билер сотының ережесі (ереже).

Күккүйктың екінші жүйесі – мұсылмандық құқық нормалары.

¹Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда, 127-129-беттер.

ры – шарифат. Шарифат дегеніміз діни, отбасылық-неке, азаттық, Қылмыстық және Құран негізінде өзірленген басқа да зандардың жинағы. Дағдылы құқықтан айырмашылығы – шарифат діни және азаттық зандар арасына тығыз байланыс орнатты. Бұл сотта молдалар судьялар міндеттін атқарды.

Алжоғарыда аталғандарды ығыстырып шығарған соңғы құқық жүйесі – патша үкіметінің құқықтық идеологиясы болып табылатын жалпы империялық зандар. 1854 жылғы 19 мамырдағы «Сібір ведомствосының қыргыздарына Ресей империясының жалпы зандарын тарату туралы» патша реформасымен қазақтардың дағдылы құқықтарының ықпал ерісіне шектеу енгізілді, шын мәнінде, бұл реформа патшалық Ресейдің отарлау саясатының жалғасы, қазақ қоғамының бірлігін бұзуға, оның қатарына іріткі салуға жасалған әрекет болды. Оны жүзеге асыру кезінде қазақ халқының өзіне тән ұлттық әрекшеліктері ескерілмеді, оның жаратылысына жат, мүлде таныс емес құқықтық жүйе күштеп таңылды. Патша зандарында көшпелі халықтың құқықтары дөрекілікпен бұзылып, табанға басылды, мұның өзі оның табиги наразылығын туғызды. XX ғасырдың басында стихиялы түрде ұйымдастырылған әр түрлі жиындар мен митинглерде халық саяси мәселелермен бірге құқықтық мәселелерді де талқылап, патша зандарына қарсы көзқарас білдірді. Бұл проблемалар туып келе жатқан қазақ интеллигенциясының қызметінде елеулі орын алды. Өз халқының ежелгі жерінде, туған даласында қайыршылық жағдайға ұшырап отырғаны жөнінде толық ақпараты болған олар өмірін тәуекелге тігіп, қазақ халқының әлеуметтік қажеттері туралы ақпаратты патша үкіметіне жеткізуге, халқының құқықтық мұдделерін қорғап қалуға тырысты. Олардың көшпілігі арнаулы заң даярлығын алған еді, бұл олардың қалың бүкәраның құқықтық білімін кеңейтуіне, олардың құқықтық дағдыларын байыттып, терендете түсуіне мүмкіндік берді. Ә. Бекейханов пен Б. Қаратаев Мемлекеттік Думада қазақтардың құқықтық мұдделерін білдірді (бұл жөнінде келесі параграфта негұрлым толық айтылады). Қазақ интеллигенцияларының басшылары М. Тынышбаевтың, Ж. Ақбаевтың, Ә. Ермековтің, А. Байтұрсыновтың, М. Дұлатовтың және басқаларының құқықтық қызметінде жер туралы мәселе өзекті орын алды. Ж. Ақбаев пен оның серіктегі бүкіл қазақ халқының қамын ойластырып, оның саяси, құқылық, экономикалық және мәдени жағынан жаңғыртылуын тіледі¹. Олар

¹ Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. А., 1996, 119-143-б.

өздерінің ғылыми және публицистикалық мақалаларында, патшалық әкімет орындарына жазған әр түрлі үндеулерінде патша үкіметінің қазақ халқының тіршілік жағдайларына үйлеспейтін заң нормаларын әділетті сынға алды.

Қазақ интелигенциясы қазақ қоғамының рухани саласына тараған зансыздықта өз наразылығын білдірді. 1891 жылы бекітілген «Қырғыз даласын басқару туралы уақытша ереже» арқылы қыргыздар рухани және діни жағынан Ішкі істер министріне бағындырылды, бұл қазақтардың діни істеріне өрескел араласу болатын. Дала өнірінде мешіттер мен намаз оқытын орындар жабыла бастады, оқу орындарында Құранды оқытуға тыйым салынды. Сонымен қатар патша үкіметі дала өнірінде христиан дінін таратуға белсенді түрде жәрдем көрсетіп, миссионерлердің қызметіне барлық жағдайларды жасап бақты. Қазақ халқының ұлттық тілі де қысымға ұшырады. 1910 жылы Семей губернаторының жазғаныңдай, «болып өткен қырғыз сайлауында болыс басқарушылары қызметіне және оларға қандидат болып дауысқа түсетін адамдарда бірінші рет орысша сөйлеу тілін білу талабы қойылды»². Бұл қазақ тіліне қысым жасай басталғаны еді.

Губернаторлар, уезд бастықтары, бітістіруші судьялар болып «...қырғыз тілін білмейтін және жергілікті халықтың салт-жора, әдет-ғұрпымен танысады қажет деп те санамайтын» адамдар тағайындалды, ал тілмаш болып істей алатын білімді қыргыздар «көбінесе көшпелі халықтың мұдделерімен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қызметтерге тағайындалып отырды»², соның салдарынан бірінші кезекте кедей шаруалар зардап шекті. Сонымен патшалық Ресейдің құқықтық идеологиясының түпкі мақсаты Қазақстанды құқықсыз отарға айналдыру болып табылатын саяси идеологиядан басталды деуге болады. XX ғасырдың басына қарай Қазақстанда патша әкіметі мақсатына жетті: Қазақстан ресми отарға айналды, бұл даалық облыстарды басқару туралы 1891 жылы қабылданған Ережемен заң жүзінде баянды етілді.

Патша чиновниктері қазақ халқы интелигенция әкілдерінің дүниежүзілік мәдениет қазыналарына тартылуына ықыласты болмады, олар мұны орыс мемлекетіне қатер төндіреді деп білді. Патша үкіметінің отарланған Қазақстан жөніндегі нысаналы, алысты қөздейтін саясаты осынданай еді. Ресей Білім министрлігінің құпия нұсқауларының бірінде тұра

¹ Материалы по истории политического строя Казахстана. I т., А., 1960, 460-б.

² Тынышбаев М. Ресей Министрлер Комитетінің Төрағасына хат // Өркен, 1991, 28 желтоқсан.

былай делінген: «...орыс державасының шет аймақтарында білім беру дегеніміз езінше бір рухани соғыс, ал соғысуши жақ өз жоспарларын ешқашан жария етпейді»¹.

Бірақ, патша өкіметінің қазақ халқының ғылым мен мәдениетке тартылуына кедергі жасауға бағытталған шаралары тілегеніндей нәтиже бермеді. Ресми деректерге қарағанда XIX ғасырдың аяғында-ақ Қазақстанда орысша сауаттылардың өзі 8 проценттен асып, XX ғасыр басындағы қазақтардың кем дегенде 20 проценті оқи да, жаза да білген². Қазақтардың таным құмарлығы, білімге деген өскелен ынтызарлығы Орынборда, Омбыда, Оралда, Семейде, Верныйда және басқа қалаларда оқушылар бастауыш және орта мектеп көлемінде, ал кейбіреулерінде көсіби білім алатын бірқатар оқу орындарын ашуды қажет етті. Патша өкіметі «бүрратаналарды» кейбір орта және жоғары оқу орындарында окуға рұқсат етуге мәжбүр болды, рас, бұл орайда оған отаршылдық аппараттың қажеттері шегінде ғана және Қазақстанда самодержавиенің шектеусіз үстемдігін біржола орнықтырудан туындағын міндеттерге сәйкес рұқсат етілді. Қазақ балалары Қазанның, Томскінің, Петербургтің университеттерінде, техникалық және медициналық жоғары оқу орындарында білім алды. XX ғасырдың басынан қарай нақ сол үрпақтан қазақ интеллигенциясының өз халқының көзін ашу ісінде зор рөл атқарған тамаша шоқжұлдызы өсіп шықты. Олар қандастарының отаршылдық езгіден азат, өркениетті, дербес, тәуелсіз болғанын көруді арман етті. Қазақ интеллигенциясының өкілдері патшалық өкімет орындарын дала өнірінде білім беру ісін неғұрлым интенсивті дамытқысы келмейтіндігі үшін сынады, ал өздері Қазақстан ғылымы жүйесін қалыптастырудың алғышарттарын жасауға үмтүлді. Олар дала өнірінде ғылыми зерттеулердің негізінен алғанда Ресейдің отаршылдық қажеттерін қанағаттандыру үшін жүргізілгенін түсініп, тәуелсіз мемлекеттің болашақтағы тәуелсіз ғылымының негіздерін қалауға асықты. Қазақ интеллигенциясы өз мақалаларында, сөйлеген сөздерінде өркениетті елдердегі ғылым жетістіктерін насиҳаттауға, оның қажеттігін, қоғамды түбірінен өзгерте алатын құдіретті күшін дәлелдеуге талпынды. Бұл талпындыстың бекерге

¹Мырзахметов М. Патшалық Россияның ұлт аймақтарындағы саясаты // Қазақ әдебиеті, 1990, № 5.

²Әбжанов Х. Мәдени құрылыс «актандактары» // Қазақ тарихы, 1993, № 3, 47-б.

кетпегенін атап өткен жөн. Бұрыннан да бай рухани мәдениеті, ғылымды дамытуға қажетті мол алғышарттары болған қазақ халқы білім мен танымға деген ынтықласын көрсете бастады.

XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясы дәрігерлерден, саясатшылардан, судьялардан (зангерлерден), ақын-жазушылардан құралған еді, мұның өзі мулде ерекше көсіп-ғалымдық «кәсіптің» пайда болуына негіз қалады. Қазақстан ғылымының қаз түрүп, алғашқы қадамдар жасау үшін қыруар іс тындырған А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бекейханов, Х. Досмұхamedов, М. Тынышбаев және басқалар нақ сондай адамдар болды.

А. Байтұрсыновтың қызметі туралы жоғарыда айтылды. Ең алдымен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ интеллигенттерінің жан-жақты білімдарлығы қайран қалдырады. Мысалы, Ә. Бекейханов қазақ халқының саяси және құқықтық сана-сезімін қалыптастыру жөнінде кеп іс тындырған тамаша саясатшы ғана емес, сонымен қатар ғұлама экономист, әдебиетші және тарихшы болған. Оның қазақ халқының тарихын, әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мәдениетін зерттеуге арналған монографиялық мәні бар «Қазақтар» деген мақаласы 1910 жылы Петербургте жарияланды. Бекейханов – «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества» деген көп томдық басылым, салиқалы ғылыми еңбектің 18-томы негізгі авторларының бірі, ал оның «Киргизский край» («Қырғыз өлкесі») деген 18-томы Петербургте 1903 жылы жарық көрді.

М. Тынышбаев, Ә. Ермеков, Х. Досмұхamedов және қазақ интеллигенциясының басқа да өкілдері ғылыми зерттеулермен айналысты. Қазақстан ғылымының кеңес өкіметі жылдарында қауал дамығанын теріске шығаруға болмайды, бірақ оның негізін XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясының талантты жас өкілдері қалағаны анық. Біздің социалистік қоғам идеяларына көзқарасымыз қайта қаралып жатқан бүгінгі таңда біз ғылым академиясының, әр түрлі ғылыми институттардың, ғылыми мекемелер жүйесінің Қазақстанда нақ 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін құрылып, XX ғасырдың басындағы ғылыми интеллигенциясы өкілдерінің ғылыммен шындал, нысаналы түрде айналысуга мүмкіндік алғанын мойындауға тииспіз. Бірақ 30-жылдардағы жаппай құфын-сүргіндерге дейін ғана солай болды, ал сол құфын-сүргіндер барысында қазақ интеллигенциясы мен қазақ ғылымының бетке үстар өкілдерінің бәрі дерлік җазалау шараларына ұшыратылып, жойылып жіберілді.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының қоғамдық санасы – тарихтың жол айырығына душар келген қоғамның өзі сияқты өте курделі құбылыс. Біз қарастырып отырған кезеңде шовинистік отаршылдық идеология мен бостандық, тәуелсіздік идеологиясы арасында ымырасыз күрес жүріп жатты. Қазақ даласына интеллигенция белсене таратқан саяси идеялар қазақ қоғамының оянуына жәрдемдесіп, бұл халықтың құқықтық санасына, естетикалық санасы мен өнегелі ой-өрісіне зор ықпал жасады.

Жалпы алғанда, Қазақстанды тәуелсіз, автономиялы дамыту идеясы кен өріс алды. Мұндай қоғамға жеткізетін жол, қазақ интеллигенттерінің пікірінше, адамдардың санасын өзгерту арқылы өтеді. Қоғамды күш қолданылатын зорлық-зомбылықты революция емес, қайта, керісінше, демократиялық реформалар мен адамның сана-сезіміне ықпал ету өзгертіп, өркендете алады – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақтың оқыған прогрессшіл ойшылдарының негізгі идеясы, міне, осындей.

Қазақ интеллигенциясының шығармашылық қызметі. Қазақ интеллигенциясының шығармаларында қоғамның негізгі идеялары, ой-пікірлері мен көзқарастары қарастырылған. Тәуелсіз қазақ мемлекеттілігінің даму болашағы айқындалып, өткенді сын көзben қайтадан ой елегінен өткізу, елді экономикалық және рухани дағдарыстан шығаруды іздестірудің қыны кезеңі жүргізіліп жатқан қазіргі кезде XX ғасырдың басындағы Қазақстанның озық ойшылдарының шығармаларын объективті түрде зерттеу мейлінше көкейтесті болып отырғанын атап көрсету қажет.

Бірінші кезекте А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, М. Сералиннің және басқаларының шығармашылық қызметі қоғамдық-саяси сипатта болғанын, қазақ халқының бұқарасына арналып, оның үлттық сана-сезімін оятуға қызмет еткенін атап өткен жөн. Қазақ интеллигенциясының мұндай міндеттін XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайлары белгілеп берді.

Қазақ интеллигенциясының өкілдері өз мақалалары мен кітаптары арқылы өз халқын ғасырлар бойы мүлгіген тіршіліктен оянуға мәжбүр етуге, оны экономикалық және рухани тәуелділіктен азат етуге, өркениетті даму жолын ұтсауға үмтүлді. Қазіргі кезге дейін құнын жоғалтпаған А. Байтұрсыновтың «Маса» және М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітаптары нақ сол мақсатқа арналды.

А. Байтұрсыновтың 1911 жылы Орынборда басылып шыққан «Маса» кітабында сол заман, сол дәуір өткір сыйна алынған. Туған халқының тағдыры мазасыздандырған А. Байтұрсынов оның қайғы-қасіреттерінің себептерін ашып көрсетуге тырысады, өз халқының еңжарлығын, бейқамдығын, жалқаулығы мен жалтақтығын, ауызбірлігінің болмауын айыптаиды. Ақын құнарлы жерлердің тозғанына, өзендер мен көлдердің тартылып кеткеніне, ал мауҗыраған үйқы басқан халқын қолында билігі барлардың билеп-тестегеніне өкініш білдіреді. «Жиған-терген», «Досымға хат», «Қазақ қалпы», «Жұртыйма» деген өлеңдері мен «Маса» жинағына кірген басқа да өлеңдерде ол өз замандастарын сынға алған. Ақын өз халқының тағдырын ескексіз қайықпен жүзіп бара жатқан адамның тағдырымен теңестіреді, «бірақ қайықтағы адам өз жағдайының қаншалықты қатерлі екенін сезбейді» деп күйінеді А. Байтұрсынов. Дін мен нанымды бетке үстап, қарапайым және аңғал адамдарды алдау арқылы баюға тырысатын молдаларды айыптау, шен-шекпенділерге бас үрушылықты әшкерелеу А. Байтұрсынов өлеңдерінің негізгі мазмұнын құрайды.

А. Байтұрсыновтың 1909 жылы Санкт-Петербургте шыққан тағы бір кітабы «Қырық мысал» да қазақ қоғамындағы әлеуметтік кеселдерді әшкерелеуге арналған. Бұлар – Крыловтан аударылған мысалдар. Крылов мысалдарының тәрбиелік мәнінің маңыздылығын терең түсінген А. Байтұрсынов мысалдардың сюжеттерін қазақ шындығымен етene біріктірген. Ақынның еркін аудармасында Крыловтың мысалдары жаңа сипат алады, олар қазақ қоғамының тұрмыс жағдайлары туғызған жаңа идеялармен, жаңа ойлармен байытылған. Өркөкіректік, парапорлық, кешелік, өзімшілдік, мақтаншақтық, айналасындағыларға немікүрайдылық және басқалары сияқты кеселдерді әжуа етеп отырып, А. Байтұрсынов өз халқын қарандырылған-надандықтан арылып, тыным таппай еңбек етуге, өркениетті қоғам болу мақсатында бірігүе шақырады. Ақынның негізгі ой-пікірі «Өзен мен қарасу», «Малшы мен маса» деген соңғы мысалдарында баяндалған. Қазақтардың өмірі мен тұрмысын олайналадағы дүниеге немікүрайды және енжар қарал, бей-жай жатқан шалшыққа, ал өз дамуында әлде-қашан ілгерілеп кеткен басқа халықтарды арынды өзенге тенеген. А. Байтұрсынов өзен сияқты қажымай-талмай еңбек етуге, ешқашан тыным таппай, алдыңғы қатарлы елдердің садаму денгейіне жетуге үйретеді. Мысалға тұрып қалып, сарқылып бара жатқан шалшық сияқты құрып-біту шегіне жет-

кен қазақ халқының тағдыры мен болашағына деген терең алаңдаушылық арқау болған. «Оянып, жан-жағына сал көзінді, Тұбіне жетпей қалмас қамсыз жатқан», – деп сақтандырады ол¹.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының басқа бір көрнекті өкілі Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» деген туындысынанда нақ осында үран естіледі. Оның өлеңдері патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы ашулы наразылықта толы және құреске, шынайы ағартушылықта шақыруымен құдіретті. М. Дулатов халықты санғасырлық үйқыдан оянуға, өзінің артта қалғанын мойындауға шақырады.

Қазақ әдебиетінде жаңа жанр туғанын көрсеткен тұңғыш қазақ романы «Бақытсыз Жамалда» М. Дулатов қарапайым қазақ әйелінің тағдырын баяндайды. Қазақтың осы тұңғыш романына да үлт-азаттық қозғалыс туғызған бостандық идеясы арқау болған. А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың ағартушылық қызметі олардың «Қазақ» газеті редакциясында жұмыс істеген кезеңінде мейлінше айқын көрінді.

3. Қазақ интеллигенциясының Ресей мен Қазақстан халықтарының саяси өміріне араласуы

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында, әсіресе 1905 жылғы революциядан кейін Қазақстанда үлттық қозғалыс барған сайын саяси сипат ала берді. Ә. Бекейхановтың «Қырғыздар» деген еңбегінде болжап айтқанында, дала өнірінде екі саяси ағым пайда болды². Олардың біреуі – Бұхара мен Түркістаннан бағдар алған дәстүрлі діни-саяси ағым да, екіншісі Батысқа бағдарланған саяси-реформаторлық ағым болатын. Орыс мектептері мен жоғары оқу орындарында білім алған алдыңғы қатарлы қазақ интеллигенциясының өкілдері соңғы ағымға жатты. Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев және басқалар бастаған интеллигенцияның бұл тобы саяси ұстамдылық көрсетіп, құдіретті Ресей империясына қарсы ашықтан-ашық құрес бастауға әлі ерте деп санаады.

Түркістан әкімшілігінің қазақтар арасында революциалық және үлттық пиғылдар пайда болуын қаншалықты зер

¹Байтұрсынов А. Шығармалары. А., 1989, 100–102-б.

²Бекейхан Ә. Таңдамалы. А., 1995, 75–77-б.

салып, қауіптене қадағалап отырғаның генерал-губернатордың жазысқан хаттарынан көруге болады. Сырдария губернаторы барлық уезд бастықтарына 1905 жылғы 31 желтоқсанда жіберген (№ 341) нұсқау хатында былай деп баяндауға мәжбүр болды: «Революциялық партиялардың таралып бара жатқан қызыметі соңғы уақытта қырғыз даласына да жайылуда. Алынып отырған мәліметтер үгітшілердің Торғай, Орынбор, Ақмола облыстарының қырғыз халықтары арасындағы насиҳаты қараңғы, надан халықтың үгітшілер айтатын қағидалардың дұрыс-бұрыстығын түсіне білмейтін ой иелерінің бірсыпира толқуын туғызып отырғанын көрсетеді¹.

Ресейдегі 1905–1907 жылдардағы революция қазақ қоғамындағы саяси өмірдің жандануына тұрткі болды. Дала өнірінде өткізілетін жәрменекелер қазақ жүртшылығының съезд өткізетін жеріне айналды, оларда халық өмірінің көкейкесті проблемалары талқыланып, жоғары мәртебелінің атына жазылған петициялар қабылданды және оларға қол қойылды, сондай-ақ осы петицияларды колма-қолтапсыруға үәкілдік берілген депутаттар сайланады. Мәселен, 1905 жылғы маусым айында Қоянды жәрменекесінде Министрлер Кеңесінің терағасы атына 14,5 мың қазақ атынан петиция жолданды, онда былай делінген: «Ата-бабаларының қанын төгіп қорғап қалған жерін өз меншігі деп санаған қырғыздар орыс бодандығына кірген кезде мемлекет жеке меншікке қол салуға мүмкіндік береді деп ойламаған еді, сол арада орыс мемлекеттік меншік деп танылып отыр, соның салдарынан қырғыз даласына қоныс аудару қозғалысы жасалып, ең жақсы учаскелер қоныстанушыларға берілді де, ең нашарлары қырғыздарға қалды»². Шынына келгенде, құжатта 1897 жылы құштеу жолымен енгізілген Дала Ережесін тоқтату туралы мәселе қойылды, өйткені жерді тартып алу қазақ ауылында ішкі қайшылықтардың шиеленісінен әкеп соғып,

¹ҚР ОМА, 427-к., 1-т., 113-іс, 2-п.

²Казахстан в начале ХХ века: методология, историография, источниковедение. Сборник статей. А., 1993, 23-б; Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1923 жылы жазған «Аханың 50 жылдық тойы» деген мақаласында «петиция» деген сөзді «арыз-тілек» деп қазақшалап, ондағы (арыз-тілектегі) «аталған үлкен сөздер: бірінші - жер мәселесі. Екінші... земство... Ушінші дін, муфтият мәселесі» деп көрсеткен // Нұрпейісов К. Көрсетілген еңбегі, 39, 40-беттер.

ұлт-азаттық қозғалысының өрши түсін туғызбай қоймайтын еді. 26 маусымда Қоянды жәрменекесінде ұндеу қабылданып, онда мыналар талап етілді: «...Ар-оқдан бостандығы, дінге сену бостандығы, Дала өлкесінің қырғыздары үшін ведомствосына қарамастан сайланып қойылатын ерекше басқарма ұйымдастыру, мектептер мен мешіттер салуды тікелей қатысу тәртібімен белгілеу, қырғыз, татар және араб тілдеріндегі діни кітаптарға цензураны жою... Қырғыз халқының мұddелері мен құқықтарын қорғау үшін оның депутаттары аталған зан шығарушы жиналыстарына қатысуы керек»¹.

Қылмыстық заңдар жинағы 103-бабының 2-бөлігі бойынша айыптау жөніндегі өз айғақтарында Жақып-Мырза Ақбаев былай деп көрсетеді: «Қарқаралы қаласындағы полиция участесінде тезистер мен ережелерді дәлелдедім: 1. Біздің мемлекетіміз Ресейде орын алып отырған қоғамдық және саяси құрылys пен бюрократтар басқаруының нәтижесінде шегіне жете қайыршыланды, ол Адам киімімен қалды, яғни «мемлекет жалаңаш қалды...»². 20 қазанда өткен басқа бір митингде Ақбаев былай деп атап өткен: «Біздің социал-демократиялық партия өзін дауыстап көрсету үшін әлі де жас. Қазіргі кезде партияларға бөліну мүлде көрек емес әрі қауіпті; мысалы, пропорционалды өкілдік негізінде, жынысына, діні мен ұлтына қарамастан, тен, жасырын және төте дауыс беру жолымен жалпыға бірдей сайлау құқығы сияқты жалпы принциптер мен мұрраттар барында, барлық бостандық партиялары бірлесіп жұмыс істеуге тиіс. Қайтап айтамын, барлық бостандық партиялары бірлескен жұмыс жағдайында күшті, әйтпесе жеңіс қаражұздік үкімет жағында болып шығады... Бостандық партиясының ісі – жеке адамға сәзсіз құрмет көрсету және оған ешкімнің тиіспеуі құқығын тану, сол сияқты қазіргі жеке меншік принципіне негізделген жеке капиталистік құрылystы сактау. Мұлікті талап-тонау мен жойып жіберудің ізгі ойлы адамдардың бағдарламасына кіруі мүмкін емес»³.

Қоғамды демократиялық жолмен жаңарту жолындағы қозғалыс, әсіресе бірінші орыс революциясы самодержавиені біраз кеншіліктер жасауға мәжбур етті. Бастапқыда олар саяси салада булығиндік Дума құрудан көрінді.

Петергоф кеңесі отырыстарының бірінде ішкі істер министрі Р. Булыгин көшпелі халықтарға сайлауға қатысу

¹КР ОМА, 427-к., 1-т., 120-ic, 38-п.

²Бұл да сонда, 112-ic, 1-п.

³Бұл да сонда, 5-п.

құқығын беру туралы арнаулы мәселе жөнінде сез сөйледі. Ол ішкі істер министрлігі мен Министрлер кеңесінің көшпелі және кезбе бұратаналарын сайлау құқықтарынан толық айыру туралы бұрынғы шешімдерінен бас тартуды үсынды. Алайда «Мемлекеттік Дума сайлауы туралы ережеде» көшпелі бұратаналарды сайлауға жалпы негіздерде емес, «ерекше ережелер негізінде» жіберу көзделді, оның үстіне сол Ереженің 55-тармағында «орыс тілін білмейтін адамдар Мемлекеттік Думаның мүшелері болып сайланана алмайды» деп атап көрсетілді¹.

Сайлау қарсаңында жаңа ережелер таратылды, оларда «жергілікті емес халықтардың Мемлекеттік Думада жеке өкілдері болуына құқық берілетін болып жорамалдануына байланысты тізімдер жасаған кезде жергілікті емес халықтар жеке бөлімдерге бөлінсін» деп атап көрсетілді². Жер-жерде егер жергілікті емес халықтың жеке өкілдері болуына рұқсат етілсе, «татарларды, сарттарды және басқа мұсылмандарды халықтың қай тобына – жергіліктеріне, әлде жергілікті еместері тобына жатқызу керек»³ деген сұрақ туды. Мәселен, қала старостасы И. Васильевтің Семей облысының әскери губернаторына жазған хатында мынадай жағдайлар жөнінде аландаушылық білдіріледі: «егер жергілікті емес халықты Тәрағалық етуші Сенаттың № 833 нұсқауына сәйкес жергілікті халықтан бөлу көрек болса, ол бойынша Жетісу облысының сарттары жергілікті емес халық болып саналуға тиіс, егер оларды қалалық сайлау съезінің тізіміне енгізуіне тұра келсе, олар татарлармен қоса алғанда, орыс халқынан екі еседерлік көп болады, ал мұндай жағдайда қаланың артықшылығы бар орыс халқынан өкілдік дұрыс және қалыпты деп санауға болар-болмасы негайбіл»⁴. Жетісу облысының әскери губернаторы мынадай түсінік береді: «...сайлаушылар бойынша екі-ақ тізім жасап, оның біреуіне сарттарды, татарларды және жергілікті халықтар деп саналмайтын басқа да христиан еместерді, ал екіншісіне орыстарды және жалпы орыс бодандарын, соның ішінде Дала Ережесі бойынша бұратаналар деп аталағын қырғыздарды, дүнгендерді енгізу керек»⁵.

I Мемлекеттік Думаға сайлау Қазақстанда 1906 жылы

¹КР ОМА, 44-к., 1-т., 2159-ic, 9, 13-п.

²Бұл да сонда, 2460-ic, 7-п.

³Бұл да сонда, 35-п.

⁴Бұл да сонда, 44-к., 1-т., 2160-ic, 43-п.

⁵Бұл да сонда, 68-п.

басталды. Науқанның ең қызы күндөрі сөүір – маусым айларына тұра келді. Дала өлкесінде жарияланған соғыс жағдайы сайлауды және оған халықтың қалың бұқарасының қатысуын қындағы.

I Мемлекеттік Думаның жұмысына қатысқан қазақ депутаттары: Торғай облысынан – А. Қ. Бірімжанов, Уфадан – С. С. Жантөреев, Оралдан – А. К. Кәлменов, Астраханьнан – Д. С. Ноян-Тұндітов, Ақмоладан – Ш. Қосшығұлов және Семейден – Ә. Бекейхановтар болды.

Ахмет Қорғанбайұлы Бірімжанов – 2 кластиқ училищеден кейін білімін Орынбор гимназиясында жалғастырған, соңынан соң Қазан университетінің заң факультетін 1896 жылы алтын медальмен бітірген¹.

Сәлім-герей Сейханұлы Жантөреев – көрнекті қоғам қайраткері, халықтық мұсылман партиясы жергілікті ұйымының өкілі. Орынбор гимназиясын бітіргеннен кейін ол Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсіп, сонымен бірге Москва университетінің физика-математика факультетін қоса бітірді. Оқуды бітірген соң үш жыл судья болып істеді, төрт жыл земствоны басқарды. Оның сайлау алдындағы тұғырнамасында негізгі көзқарасы айқындалды: ол ана тілінде оқытатын мектептер ашуды маңызды деп санды.

Алпысбай Кәлменұлы Кәлменов – Орынбор гимназиясын бітірген, университеттік білім алған. Үақытша үкіметтің Ішкі ордадағы лауазымды кенесшісі болды. Білім беру, жерге орналастыру, мал шаруашылығы мәселелерімен айналысқан.

Дәуіт Санжынұлы Ноян-Тұндітов – атақты бай әулеттен шыққан. Патшалық лицейде тәрбиленген. Оны бітіргеннен кейін шетелдерде көптеген университеттерде курс тындаушысы болған. Кадет партиясының мүшесі.

Шәймерден Қосшығұлов – халық қалаулысы, жергілікті молда, ізгі ниеті мен қайырымдылығы үшін құрметке бөлениген.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейханов – үш кластиқ қалалық орыс-қазақ мектебін, Қарқаралы қалалық үш жылдық училищесін, онан соң Омбының техникалық училищесін бітірген. 1890–1894 жылдары Санкт-Петербург Императорлық Орман шаруашылығы институтында оқып, оны ете жақсы бітірген соң Омбыға қайтып оралған.

I Мемлекеттік Думаға сайлау кезінде қырғыз депутат-

¹ Қараңыз: Ахмедов Ф. Алаш «Алаш» болғанда. А., 1996, 122–140-б.

тары сайлаушылардан қырғыздар орналастырылып болғанға дейін дала өлкесіне қоныстандыру тоқтатыла тұрсын деген аманат алды, ал кейбір аманаттарда «Қырғыздар орналасқан жерлер қырғыз халқының меншігі болуға тиіс және оның келісімінсіз иеліктен айыруға болмайды» деген пікір келтірілді¹.

I Мемлекеттік Дума 1907 жылғы 3 маусымдағы Манифест арқылы таратылды. Нақ сол Манифестпен бірге екінші Дума сайлауы туралы Ереже, яғни сайлау жөніндегі жана заң жарияланды.

Жаңа Дума құру жөніндегі мәселе бойынша «жоғарғы жақта» қызын күрес жүріп, талай толқу болды, мұның өзі негізінен халықтан үрейленешілік болатын. Кейіннен сайлау жөнінде жаңа заң қабылданды, сөйтіп «шаруалар» Думасы «мырзалар» Думасына айналдырылды.

Ресейдің бұрын 22 депутат жіберіп отырған азиялық бөлігінің 10 облысы мен губерниясы (сонын ішінде Жетісү) бұл облыстардың халқы «жеткілікті дәрежеде азаматтық» алған жоқ деген сұлтаумен Думадағы өкілдіктен толық айырылды. Сөйтіп, Ә. Бекейхановтың Мемлекеттік Думада қазақ халқының мүдделерін білдіруге мүмкіндігі болмады. Ә. Бекейханов 1907 жылғы 3 маусымдағы Манифестке қарсы шығып, «бұл заң қазақ халқының ғана емес, орыс шаруаларының да құқықтарына қысым жасап, ашықтанашық дворяндардың мүдделерін қорғайды» деп әбден әділетті тұрде атап көрсетті. Ә. Бекейханов халықты мұндай ережемен келіспеуге шақырды. «Біз 3 маусымдағы манифесттің көлеңкесінде қалмауға тиіспіз, біз үкімет пен халық арасындағы қатынасты талқылауды, яғни үкімет үшін қаншама ұнамсыз болғанына қарамастан, саясатпен айналысады тоқтатпаймыз»².

II Мемлекеттік Дума жұмысын 1907 жылғы 20 ақпанды бастады. Оның құрамына қазақ халқынан мына азаматтар енді: Ақмола облысынан – Ш. Қосшығұлов, Торғайдан – Т. Бірімжанов, Семейден – М. Тынышбаев, Сырдариядан – Т. Аллабергенов, Оралдан – Б. Қаратасев, Астраханьнан – Б. Құлманов.

Мұхамеджан Тынышбаев – жаратылысынан тамаша дарынды адам. Санкт-Петербург Темір жол инженерлері институтын 1906 жылғы бітірген. 1905 жылғы революцияға қатысқан. Нақ солжылы автономистердің съезінде «Қазақтар және қоғамдық қозғалыс» деген тақырыпта сөз сейледі.

¹ ҚР ОМА, 427-к., 1-т., 84-іс, 41-п.

² Бекейханов Ә. Сейдалинге ашық хат // Қазак, 1913, № 24.

Баяндамада империяның шет аймақтарының халықтары жөніндегі патша самодержавиесінің экспансионистік саясаты ашып көрсетіліп, автор шаруашылықтың құйзелісін соның салдары деп санайды. 1905 жылы қазақ халқын басқарудың негізгі принциптерінің қазақ халқының өз мүдделерімен сәйкес келмейтіндігін ғылыми жағынан негіздеуге тырысып, Ресей Министрлер Кабинетіне жолдау арнады. Ол әскери басқару жүйесін азаматтық жүйемен алмастыруды етінді.

Бақытжан Байсалұлы Қаратасев – Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1890 жылы алтын медальмен бітірген. 1907 жылғы 16 мамырда II Мемлекеттік Думаның екінші сессиясында отырысында қырғыздар қазақ халқы атынан сөз сөйлемді. Қазақстанды отарлау саясатын айыптаған, алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының қолдауы мен тілекестігіне үміт артатынын мәлімдеді.

Мемлекеттік Думадағы Қазақстаннан сайланған орыс депутаттарының көпшілігі саяси жағынан сол қанатқа кірді. Қазақ халқы Мемлекеттік Думада қазақ тілін, мәдениетін, байырғы халықтың жер жөніндегі құқығын қорғаған А. Ф. Керенскийді, В. П. Дзюбинскийді, Н. Я. Кохинді, Н. Л. Скалозубовты, И. И. Камодамъянскийді және басқаларын зор құрметпен есінде сақтайды.

II сайланған Мемлекеттік Думаның мушелері – қазақ халқының өкілдері Қаратасевтың, Бірімжановтың, Нарекенов пен Қосшығоловтың 1907 жылғы 22 және 30 наурыздағы отырыстарда жасаған мәлімдемесін қарай келіп, Дума Кеңесі төмөндегідей тұжырым жасады: «Аталған өкілдердің ұсынғанында, қырғыздарды жерге біржола орналастырып болғанша қоныстандыру учаскелерін құруды тоқтата тұру, Кеңестің пікірі бойынша, мүлде мүмкін емес. Далалық облыстарда қоныстандыру учаскелерін қазіргі заңды үкіметтік органдар заңда белгіленген тәртіппен және көптеген ерекше заң актілері негізінде құрып жатыр»¹.

Қазақ халқының ауыр жағдайы алаңдатқан Мемлекеттік Думаның депутаты сұltан Бақытжан Қаратасев Петербургке, Мемлекеттік Думаға жеделхат жолдап, онда былай дейді: «Екі жыл қатарынан қуаныштық болып, астық жоқ. Орал облысының Ілбішін, Гурьев, Темір және Орал уездері ашаршылыққа ұшырауда: кедейлердің малы жоқ, Қаратөбе, Қызылқұм, Гурьев, Темір және басқаларының базарларында аш қырғыздар қаптап жүр. Қырғыз-

дардың өзінің жергілікті азық-тұлік капиталы барлық аш қырғыздарды тамақтандыруға жетпейді. Сондықтан қырғыз халқы депутаттардың көмегіне үміт артады. 1912 жылғы ақпанның жартысынан қырғыздар қайыршылық жағдайға ұшырауы мүмкін деген қауіп бар. Сол себепті мен II Мемлекеттік Думаның депутаты ретінде өз сөзімді депутаттарға арнап, олардың жүргегін оятпақпышы². Бұған жауап ретінде бірнеше жеделхат түсті, олардың бірі Гучковтан еді, онда былай делінген: «Сіздің жеделхатыңыздан кейін мен ішкі істер министрі терағалық ететін азық-тұлік кеңесіне қырғыздарға көмектесу керек деп хабарладым»³. Депутаттар Мақсұтов пен Текеев жеделхат жолдап, былай деген: «Сіздің жеделхатыңыздан кейін біз азық-тұлік кеңесінің бастығымен сөйлестік, ол Губернаторға жеделхат жіберуге және қырғыздарға үлестіру жөнінде өзінің жергілікті капиталынан қазынадан көмек жасауға уәде берді»⁴.

Қазақтың интелигенция өкілдері Мемлекеттік Дума жұмысына қатысуымен қазақ халқын сырттан жасалатын күйретуші әсерден қорғайтын қандай да бір заң қабылдауға қол жеткізуі мақсат етті, дегенмен де олардың Думаға қатысуының ең басты нәтижесі негізінен оның қазақтың ұлттық бірлігін нығайтуға және олардың саяси деңгейін көтеруге көмектескендігінде болды.

Діни қозғалыстарға қатысу. Исламдық бағдарды ұлттық бағдармен балауды жақтаушылардың ислам дінінің қазыналары мен іліміне зор құрмет көрсетуінің ең басты себебі мұсылмандық дәстүрдің қазақтың ұлттық-мәдени мұраларын сақтау мен нығайтуға игі әсер етуі еді. Олардың бәрі бастаң кешіріп отырған ауыр үақытта да дінді құрмет тұту қазақтар үшін маңызды міндетке айналғанына көміл сенді. Экономикалық қындықтар мен материалдық жоқшылықтар кезеңінде ислам доктриналары әрдайым қоғамды қожырап кетуден сақтап келген-ді.

Мұсылман дінін сақтау проблемасы жадидтік қозғалыспен үштасты, ал оның философиялық негізі қоғам өмірінің барлық жақтарын: мұсылмандық теологиясының өзін жаңғыртууды, әйелдерді азат етуіді, білім беру реформасын, біртұтас жана әдеби тіл жасауды және т. б. қамтыды. Басқаша айтқанда, бұл патшалық империяның бар-

¹КР ОМА, 427-к., 1-т., 120-іс, 61-п.

²Бұл да сонда, 61-п.

³Бұл да сонда, 427-к., 1-т., 120-іс, 61-п.

⁴КР ОМА, 427-к., 1-т., 84-іс, 43-п.

лық мұсылман түріктегі үшін пантүріктік түрінде ортақ жана баламалылық қалыптастыруға жасалған әрекет болатын.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы Шығыстың мұсылман елдері тарихында ерекше орын алады. Европалық отаршылар езгісіне үшірап, ұлттық және діни қазына-лардың азғындауы өсеп түскен жағдайда мұсылмандық Шығыс өз жаңаруы мән қайта тұлеуі жолындағы күреске көтерілді. Бұл «құдіретті жаңғыртушылық ағым өмірді жана заманның қажеттеріне сәйкес қайта құру мақсатын көздеді»¹. Сонымен бірге ол елдерді отарлық құлдықтан құтқаруды мақсат етті. Орта Азияда және жалпы Ресейде жаңғырту мен ұлттық азаттық жолындағы бұл қозғалыс «жадидтік» қозғалыс деп аталды (арабтың «джадид» – жаңа деген сөзінен шыққан). Мұсылмандар дүниесінің жекелеген облыстарының ерекшеліктеріне қарай қозғалыстың өзіндік өзгешеліктері болды. Мәселен, мұсылмандар дүниесінің шет аймағы Қазақстанда оның идеялары біршама тез қолдау тапты, «Түркістандағы, Бұхарадағы, Хиуадағы сияқты жадидшілер мен қадимшілер арасында кескілескен күрес пен шиеленіске жаңжалдар» болған жоқ². Бұл қозғалысты жақтаушылар міндепті түрде «жадидтер» деп аталған жоқ, мәселе терминде, атауында емес, мәселе құбылыстың мәнімен орайлас келуімен екшелінді. Айттар болсақ, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Қазақстандағы Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев, Б. Қаратасев және басқалар сияқты аса көрнекті қайраткерлердің бәрі дерлік жадидтер болатын, бірақ қазақтар оларды көбінесе жайғана «ағартушылар», «интеллигенттер» деп атады. Қозғалыстың мәні: «буржуазиялық-реформаторлық сипатта» болды³.

Ресейдегі жадид қозғалысының қайнарында 1883 жылы Бақшасарай қаласында жаңа үлгіде оқытатын мұсылман мектебі мен Ресейдегі тұнғыш мұсылман газеті – «Тәржіман» газетінің негізін қалаған Исмаил Гаспринский (1851–1914) тұрды. Жалпы алғанда, қарастырылып отырған кезеңде Ресейде мұсылмандарды оятудың алдыңғы қата-рында татарлар мен әзіrbайжандар жүрді, Қазақстанға жадидтік идеялар негізінен нақ солар, атап айтқанда, татарлар (ішінәра башқұрттар) арқылы тараптады.

Сонымен, XIX–XX ғасырдың басы шебінде Орта Азия

¹Бартольд В. В. Ислам. Соч. Т. 6. М., 1966, 134-б.

²Зиманов С. З., Идрисов К. З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. А., 1989, 170-б.

³Зиманов С. З., Идрисов К. З.Көрсетілген еңбегі, 171-б.

мен Қазақстан қоғамы мәдениеттің ауысу дәуірін, европалық мәдениеттің, сауда мен өнеркәсіптің ықпалымен өзіндік өзгеріс жасалып, «бұрынғы тұрмыс салтының идеологиясы мен психикасына жарықшақ» түскен кезеңді бастан кешірді¹.

Қоғамда дәстүрлі және жаңаша (европалық) мәдениеттің екі түрінің қатар өмір сүруі бұдан bylaiy ты-рихи дамуға тән белгіге айналады. Бірақ олардың арақа-тынасы біртіндегі, әрине, европалану мен жаңғыру жағына қарай өзгере берді. Жаңа қалыптаста бастаған жас интел-лигенция жағдайының шиеленіске түйіні оның ұлттық мәдениетті мейлінше аз шығынға үшірата отырып қоғам-ды жаңғыртуға үмтілуы болып табылды. Басқаша айтқанда, отаршылдық жағдайында интелигенция жаңа мәдени өзек, өзінше бір «үшінші жол» іздестірді, ал оның тұжырымы «теріске шығара отырып екеуін де өзара байытуға» негізделді². Бұл оны екі майданда – «өз» көртартпаларына қар-сы және патша өкіметінің бағындырып алған халықтарды ұлттық дәстүрінен айыру саясатына қарсы күресу қажеттілігіне мәжбүр етті. Алғашында интелигенция өзінедәстүрлі (мұсыл-манша) білім беру жүйесіне түбірлі реформа жасауды мақсат етіп қойды.

Европалық білім аудың артықшылықтарын да, оның кемшіліктерін де (дұрысырақ айтқанда, ана тілін, ұлттың сана-сезімі мен дінін жоғалту қаупін) айқын көре отырып, қазақтың жадидтік интелигенция екілдері дәстүрлі білім берудің тандаулы элементтерін орысша білім берумен үштастыруға үмтілуды. Мұсылман мектептеріне реформа жасау: азаматтық жалпы білім беретін пәндерді (соның ішінде орыс тілін) енгізу, оқыту әдістемесін жетілдіру, араб тілін күштеп оқыту орнына ана тілін жүйелі түрде оқыту, европалық мектептің емтихан тапсыру сияқты элементін алу, көрнекі құралдарды, тақтаны, карталарды және т. б. пайдалану жолымен интелигенция оларды үлгілі ұлттық мектептерге айналдыруға үмтілуды.

Дін тұрғысына келгенде, жадидтер «өз наымын ой елегінен өткізуге, оны соқыр сенімнен және молдалардың надандығынан тазартуға» шақырды. Қазан, Уфа, Орынбор және басқа қалалар жаңа әдістемелі оқыту кадрларын даярлайтын орталықтарға айналды.

Жадидтік интелигенция ислам дініне көзқарасында,

¹Ибрагимов Г. Татары в революции 1905 г. Казань, 1925, 28-б.

²Эволюция восточных обществ: синтез традиционного и со-временного. М., 1984, 454-б.

біріншіден, исламнан бас тартпай-ақ, оған ішінара реформа жасауға үмтүлды. Бұл орайда ол исламның прогреске, ғылымға, тұрлі діндегі адамдардың тату тұруына қайшы келмейтінін көз жеткізе дәлелдеді. Екіншіден, интелигенция дін өрісін шектеуді, елдің азаматтық даму жолын жақтады. Ұлтшылдық пен ислам арасында тұжырымдамалық пікір алалығы болғанымен, Шығыстың барлық елдеріндегі ұлтжанды қайраткерлер діни сананың бұқара арасында үстем екенімен санасуға және бұл факторды отаршылдықта қарсы күресте пайдалануға мәжбүр болды, сөйтіп ұлтшылдық идеялары исламмен тікелей немесе жанама түрде біріктіріліп, ислам ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының құрамдас бөлігіне айналды¹. Міне сондықтан да түрк, ұлттық, ислам бірлігі идеясы өзара тығыз байланысты, бұл ағым азаматтық және діни негіздердің өзіндік синтезіне бастады.

1905 және 1906 жылдардағы мұсылман съездері, империядағы мұсылман халықтары өкілдерінің Мемлекеттік Думадағы бір фракция шенберінде келісіп іс-қимыл жасауы мен ынтымақ көрсетуі де олардың бірлігі арта түсінің белгісі болды. Бұқілреспейлік I мұсылман съезінің 1905 жылғы 15 тамыздағы қарапында былай делінген: «Қазіргі орыс өмірінің жалпы мәдени және саяси талап-тілектері мен міндеттері негізінде Ресейдің барлық облыстары мұсылмандарының мейлінше жақындаусы қажет»². 1906 жылғы 15–23 қантардағы Бұқілреспейлік II мұсылман съезінің қарапында болашақта Ресей мұсылмандарының «бір саяси партияға бірігі» атап өтілді.

Мемлекеттік Думадағы мұсылман парламенттік фракциясы 36 адамнан құралды (II Мемлекеттік Дума), егер империяда мұсылмандар саны 20 миллиондай болғанын ескерсек, бұл, әрине, болмашы өкілдік еді. Фракция өз бағдарламасында Түркістан мұсылмандарын кемсітушілікті айыптағы: онда 5 млн мұсылманның небәрі 6 депутат, ал келімсек 300 мың орыс халқынан 5 депутат сайланған еді³. Қазақстан мен Орта Азиядан II Мемлекеттік Думаға небәрі 10 адам: Бақытжан Қаратасев, Хажы Темірғалиев, Мұхаметжан Тынышбаев, Ахмет Қорғанбеков, Шәймерден Қосшығұлов және басқалар ғана қатыс-

¹Алиев Р. Я. Ислам как компонент национализма // Советское востоковедение. Проблемы и перспективы. М., 1988, 285-б.

²Политическая жизнь русских мусульман до февральской революции. Оксфорд, 1987, 14-б.

³Бұл да сонда, 58-б.

жұмысшылары босатылды, табижада – Е. Рыскулов пен. ти. Мұсылман фракциясының басшысы әзіrbайжан қайраткері Алимардан Топчибашев болды.

Фракциядағы адам санының аздығына, орыс консерваторларының онымен санақсызы келмегендігіне, тіпті ашықтан-ашық жаулығына қарамастан, мұсылман өкілдері Думада Ресей мұсылмандарының саяси келбетін, оның санасы мен мәдениеті есkenін көрсетті, патша өкіметінің үлттық шет аймақтар жөніндегі саясатын әшкереledі.

«Мұсылман тобы» дербес бағдарламасын жасады, ол жалпы алғанда кадеттік бағдарламамен үндес келді. Алайда кейбір ерекшеліктері де болды; ең алдымен шет аймақ мәселесінде топтың солышы бағыттағы айқын көзқарасы қалыптасты. Топ мұсылмандардың діни автономиясы мен жергілікті өзін-өзі басқаруды.., қоныстандырудың тоқтатылуын т. б. саяси талаптарды қойды⁴.

Кадеттердің айқындағасы біршама ұнамды болғанымен, Қазақстанның озық ойлы интеллигенциясының үлттық мәселе бойынша олармен ара-жігін ажыратуы болмай қоймайтын-ды.

Аймақтың рухани тарихының XX ғасыр басындағы маңызды ерекшелігі – өмірдің барлық жақтарының саясат-пен: отаршылдықта, деспотизмге және діни фанатизмге қарсы құреспен тығыз байланыстылығында еді. Сондықтан бұл кезеңдегі саясат, идеология және мәдени қызметтің ара жігі нақты айқын емес-ті.

Көп жағынан алғанда патша өкіметінің түркі тілдес халықтарды бір-бірінен ажыратуына қарсылық ретінде, метрополияның мәдени саясатына бірлесіп қарсы тұру әдісі ретінде тұған пантюркизм ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының аса маңызды элементіне айналды.

Алдыңғы қатарлы интеллигенция елді дамытудың азаматтық жолын жақтай отырып, сонымен бірге ислам дінінен бас тартқан жоқ, ол оны жаңғырту үшін қүресті.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы және қазақ интеллигенциясы. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс ауқымы, қатысушыларды қамтуы және нәтижелері жөнінен Ресей империясы құрамында отарлық құлдыққа түскен бүкіл кезең ішіндегі қазақ халқының азаттық жолындағы құресінің шырқау шыны болды.

Кеңестік тарихнама ұлт-азаттық қозғалысының әлеуметтік негізін ұзак уақыт бойы әдейі тарылтып келді, таптық принципті басшылыққа алған тарихшылар оны

⁴«Русский Туркестан». Ташкент, 1906, № 128.

біріншіден, илорынан таралған жаңынан да реформалар

Ресейдің орталық аудандарындағы пролетариат пен шаруалардың тап күресі деңгейіне дейін жеткізіп отырды. Дегенмен де, орыс және шетел капиталымен бәсекелесе дүниеге келген ұлттық буржуазия, феодалдық қатынастарды сақтап қалуға тырысқандәстүрлі шонжарлар, интеллигенцияның әр түрлі топтары азаттық қозғалысына белсене қатысты, бұл орайда олар екінің бірінде бір-бірінің мүдделеріне қайшы келетін өз мүдделерін көздеді.

Қазақ халқының тарихи зердесінде 1916 жылғы оқиғаларда қазақ интеллигенциясының алған орны мен ат-қарған рөлі туралы мәселе ең жаңға батарлық мәселеге айналды. «Алаш» партиясының негізі болған «буржуазиялық-ұлттық» деп аталағын интеллигенция «қазақ халқының жауы және сатқындары», «барып тұрған контрреволюционерлер», «патша малайлары» және т. б. деген сияқты ұғымдармен көрсетілді. Қозғалыстың әр түрлі жақтарына арналған бірқатар зерттеулерде интеллигенцияның кейіннен көпшілігі большевиктік партияның мүшелері болған революцияшыл-демократиялық белігі ғана көтерілісшілерді белсене қолдады, тіпті солармен бірге патша өкіметіне қарсы куреске шықты деген тезис басым болды¹. Алаш интеллигенциясының іс-әрекетіне сипаттама беруде зерттеушілердің бағасы бір жерден шықты: «Алаш» қозғалысы, – деді олар, көтерілістің бас кезінде бұқараны қарулы қрестен бас тартып, II Николайдың «бұратана» халықты тыл жұмыстарына шакыру туралы 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығын орындауға шакырып, сатқындық рөл атқарды.

Патшаның «Империядағы бұратаналардың ер-азаматтарын соғысып жатқан армия ауданында қорғаныс құрылыштары мен әскери қатынас жолдарын салу жөніндегі жұмыстарға, сол сияқты мемлекеттік қорғаныс үшін қажетті өзге де кез келген жұмыстарға тарту туралы» жарлығы халықтың төзімін тауысқан соңғы тамшы болды. «Патша үкіметі жергілікті халықтың жұмысшыларына орыс жұмысшылары мен шаруаларына қарағанда неғұрлым көнбіс, былайша айтқанда олардың құнқілі мен наразылығынан қорықтай, қалағанынша билік ете беруге болатын «арзан» материал деп қарады; екінші жағынан, осы шара арқылы енді өзге де шакыру жасындағылармен ұзақ уақытқа созылатын жұмыспен аланадамай, тікелей соғыс қимылдарына пайдалануға болатын орыс бұқарасы мен

Турсунов Х. Т. Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане. М., 1966; Сулайменов Б. С., Басин В. Я. Восстание 1916 г. в Казахстане. А., 1977.

жұмысшылары босатылды», – деп жазды Т. Рысқұлов пен Г. Брайдо¹.

Жергілікті халықтың «орыс қаруына» мойынсұнатынына сенген патша әкімшілігі 19 жастан 43 жасқа дейінгі еңбекке жарамды барлық бұратаналарды қара жұмысқа алуға бірден-ақ кіріп кетті. Қазақтарды әскери міндеткерлікте өтеуге тарту проблемасы бұдан ертеректе, соғысып жатқан армияның әскери-құрылыш жұмыстарының бастығы Чаев М. Тынышбаевқа осы мәселе бойынша өз пікірін айтуды өтінген кезде көтерілген болатын. Өз кезеңінде М. Тынышбаев А. Байтұрсыновқа хат жазып, онда қазақ халқын әскери қызметке тарту туралы үкімет жобасының бар екендігін хабарлады. 1916 жылғы қантар айында «Қазақ» газетінің 166-нөмірінде қазақтарды алдағы уақытта армияға шақыру туралы пікірсайыс материалы жарияланды, бұл орайда онда қызмет еткісі келетіндігі немесе одан бас тартатындығы туралы мәселе мұлдем қарастырылған жоқ. Бірқатар (168, 177, 178, 179, 184) нөмірлерде сол тақырыптағы материалдар берілді, олардың көпшілігінде қазақтарды атты әскер қатарына тартуға ынғай білдірілді. Алайда пікірсайысқа қатысушылардың көпшілігі «қазақтарда метрикалық жазбалардың болмауына байланысты оларды әскери қызметке тарту орасан зор қындыққа ұшырататынын атап көрсетті»². Мазасыздандырған лақап таралуына байланысты алаңдаған Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов және Н. Бегімбетов қазақтардың Ресей армиясына шакырылуына байланысты барлық мәселелерді анықтап алу үшін 1916 жылғы ақпанның басында Петроградқа жүріп кетті. Делегация бірқатар үкіметтік мекемелерде болды, соның ішінде әскери министр генерал Поливановтың қабылдауына қол жеткізді, ол қырғыздарды майданға тарту туралы мәселе «әзірше кейінге қалдырылды» деп мәлімдеді.

Алайда 1916 жылғы 25 маусымда «Закавказьеңін Тerek және Кубань облыстарының, Орта Азияның, Қазақстан мен Сібірдің бұратана халқын» соғысып жатқан армия ауданында «қорғаныс құрылыштарын салу жұмыстарына шакыру туралы» патша жарлығы жарияланды. 1916 жылғы 30 маусымда Даға өлкесінің генерал-губернаторы Сухомлинов қазақтарды тыл жұмыстарына алу тәртібі туралы хабарлады³.

¹Рыскулов Т., Брайдо Г. Восстание казахов и киргизов в 1916 году. А., 1937, 10-б.

²Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. А., 1935, 100-б.

³Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов. М., 1960, 25-б.; Турсунбаев А. Казахский аул в трех революциях. А., 1967, 128-б.

Патша жарлығына жауап ретінде стихиялы түрде, бір уақытта дерлік орасан зор аймақ – Қазақстан мен Түркістанның халқы көтерілді.

Жергілікті патша әкімшілігінің анықтауы бойынша, дала өнірінде «біреуі жұмысшылар бергісі келмейтін.., екіншісі бүйрықты орындауға келісетін екі партия құрылды».

Ұлттық интеллигенцияның қезқарасы қайшылықты болды. Интеллигенцияның бір бөлігі негізінен алғанда халықтың тәмемгі топтарынан шыққандар (Т. Рысқұлов, Т. Бокин, Ә. Майкетов, С. Сейфуллин, С. Менделешев, Б. Алманов және басқа да көптеген адамдар) көтерілісшілерге қосылды¹.

А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бекейханов бастаған «Қазақ» газетіне топтасқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдері басқа қезқарас ұстады. Елдің қамын ойлаған олар патша жарлығын орындаған үлкен қантегіске ұшыраудан сактандырды. Патша үкіметінің қара жұмысқа адам алмай тынбайтынын түсінген қазақ зиялышары мәселен, Семей уезінде жеті болыстың ақсақалдары мен ел жақсыларының Абайдың ұлы Турағұлдың тәрағалылығымен өткен кеңесінде, Жетісу өлкесінде М. Тынышбаев елді сабыр сақтауға, босқа қырылмауға шақырған үндеулер жолдады². Қазақ ұлттық интеллигенциясы танымал көшбасшыларының 1916 жылғы 11 тамызда «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» азаматтарына» деген үндеуі мейлінше жарқын шыққан. Бұл үндеуде Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов былай деп жазған: «...Отан қорғау ісіне көмегі тиер деп, бізді жұмысқа шақырған жарлық ұшқыты. Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбесе болмайды. Көнгенде – шаруаға кемшілік те болар, барған жігіт қазаға да ұшырап, бірақ елдің іргесі бұзылmas. Көнбенде көретін ауырлық – бағынып тұрған хұқіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, хұқімет бізге құр өкпелеп қоймас күш жұмсар, ол күшті законғе сүйеніп істер»³.

Дегенмен де, ұлттық интеллигенцияның едәуір бөлігінің көтерілісшілер қозғалысы қатарына қосылмағаны неліктен? Біріншіден, олар қарусыз, әскери өнерге үйретілмеген қазақ халқы тұрақты, бақайшағына дейін қаруланған патша армиясына қарсы тұра алмайтынын айқын да анық түсінді. Олар халықты үкіметтің жазалау шараларының

¹Қозыбаев М. К., Қозыбаев І. М. Қазақстан тарихы. Оқулық. А., 1993, 9-б.

²Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті, 95-б.

³«Қазақ», 1916 ж., 11 тамыз // Ана тілі, 1990, 7 маусым.

құрбаны болады деп қауіптенді. Екіншіден, олардың көшілігі қазақ өлкесі бір бөлігі болып табылатын Ресей мемлекетіне қауіп тәнген сын сағатта қазақтардың герман әскерлеріне қарсы күрестен сырт қалуға құқығы жоқ дегенге кәміл сенді.

1916 жылы 7 тамызда Орынбор қаласында Ә. Бекейханов пен М. Дулатовтардың үйымдастыруымен қазақ жігіттерін майдан тылышының қара жұмысына шақырған патша жарлығын талқылауға арналған бүкілқазақстандық кеңес болып етті. Қеңеске Ақмола, Жетісу, Семей, Орал және Торғай облыстарынан өкілдер қатысты. Бұл Қеңес кешегі советтік тарихнамада сынаржақ түсіндіріліп келгеніндей, патша жарлығы шығысымен «қазақтың буржуазияшыл ұлтшылдарының лидерлері.., өкімет органдарына көмек көрсету үшін» шақырылған жоқ, керісінше, мүмкіндік болғанша қазақ жігіттерін майдан жұмыстарына жіберуді кешеуілдетудің жолдарын іздестіруге, ал майдан жұмысына алынғандар мен олардың отбастарына мемлекет тарапынан женілдіктер жасау мүмкіндіктерін қарастыруға арналды⁴.

Кеңесте қабылданған 17 тармақтан тұратын талаптілектерге зейін қоя қарап болсақ алаш көсемдерінің сөз жүзінде патша жарлығын қолдаса да, іс жүзінде оған қарсы екендігі айқын аңғарылады, Алаш көсемдері қазақ даласында қантегісті болдырмауға тырысып, күрестің бейбіт жолдарын таңдалап алды.

Отарлаушы империямен парасатты ымыраласу тактикасын жүзеге асырып, халықтың аман қалуы, оның этникалық тұтастығын сақтау идеясын алдыңғы қатарға қоя отырып, қазақ интеллигенциясының өкілдері қазақтарды тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыруды, оны тиісінше дайындық жұмыстарынан кейін жүзеге асыруды ұсынды. «Қазақ жастарының көтерілісі жөнінде Мемлекеттік Думаның Тәрағасы Родзянкоға тыл және окоп жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыру туралы үкімет алдында өтініш жасап Б. Қаратаяев пен Ж. Сейдалин берген баяндама хатты» нақ осындағы ізгі инеттеп түсініруге болады.

Жазбаның авторлары бұл шақыруды дереу жүзеге асыру салдарынан болуы мүмкін келенсіз зардаптардан сактандырды. «Қырғыздар халықты тыл жұмыстарына тарту туралы мұндай зандау (1916 жылғы 25 маусымдағы) қабылдауға әзірленбеген. Бұл оларды қапылыста қалдыруды және күтпеген кезде көктен түскендей әсер етті. Бұл занмен жас шамалары бойынша біртінде шақыратын ешқандай тәртіп сақтал-

⁴Нұрпейісов К. Он алтыншы жыл және «Алаш» қозғалысы // Ақиқат, 1996, № 6, 48-б.

май, 19-дан 31 жасқа дейінгі ер-азаматтар бірден орасан көп мөлшерде майданға тартылып отыр. ... Сондықтан далалық облыстарда мұндай келенсіз құбылыстарға жол бермеуді ес-кере отырып және осындаі сүмдік дүниежүзілік соғыс кезінде тылда тыныштық орнатып, оны қолдау мақсатында азаматтың борышы қырғыздарды жұмысқа алуды ең болмағанда 1917 жылғы мамыр айына дейін кейінге қалдыруды дереу шешу, қырғыз халқының кез алдында әкімет орындарының беделін кеміту болмай, қайта, керісінше, 1916 жылғы 25 маусымдағы жоғары дәрежелі әмірдің шығарылуы мен жүзеге асырылуы туғызған әкімет орындарының қателіктерін түзету болар еді деп мәлімдеуді талап етеді¹, – депутатап көрсетті жоғарыда аталған, 1916 жылы қыркүйекте Родзянконың атына жолдаған баяндама жазбасында Б. Б. Қаратасов пен Ж. Сейдалин.

Осындаи шиеленіскең жағдайда алаш интеллигенциясының басшылары іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу үшін съезд үйімдастыру туралы шешім қабылдайды. Ә. Бекейхановтың ұсынысы бойынша үкіметке үндеу қабылданды, онда мынадай талаптар қойылды: солтүстік уездерден жұмысшылар шақыруды 1917 жылғы 1 қаңтарға дейін, ал онтүстік уездерден шақыруды 1917 жылғы 15 наурызға дейін кейінге қалдыру және әрбір отбасында жартылай жұмыскер дейтін (17 жасқа толмаған және 60 жастаң асқан) болған жағдайда шақыру жасындағы бір жұмыскер қалдыру үсінілді².

Қазақ интеллигенциясы көшбасшыларының, ең алдымен өзінің кадет партиясы орталық комитетінің мүшесі және I Мемлекеттік Думаның депутаты жағдайын пайдаланған Ә. Бекейхановтың белсенді практикалық қызметі жағдайында Земство және Қалалар одақтары (Жерқалаодак) біріккен комитеттерінің құрамында «бұратаналар бөлімі» дейтіндер құрылды, оларға мобилизацияланған қазақтардың, өзбектердің және басқа да тылжұмысшыларының еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту негізгі міндет етіп қойылды. Бөлімнің қызметін Ә. Бекейханов басқарып, ол мобилизацияланғандармен жұмысқа өзінің пікірлестері әрі достары – дәрігер А. Алдияров пен «Қазақ» газетінің хатшысы М. Дулатовты тартты.

Үлттық интеллигенцияның әкілдері патшалық жазалау отрядтарының көтеріліске шықкан қазақ болыстарындағы айуандықтарына қарсы наразылық үнін көтерді, қаруызы халықты қырып-жоюды тоқтату үшін патша әкімшілігінің,

¹ҚР ОМА, 427-к., 1-т., 144-іс, 1-5-п.

²Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сборник статей. А., 1993, 104-б.

Мемлекеттік Думаның атына хаттар жолдады. Қазақтың саяси көсемдері қазақ даласында жасалып жатқан зорлық-зомбылықтар мен атып-асу шарапалары туралы мәліметтерді Ресей орталықтарына дейін жеткізді. Мемлекеттік Думада мұсылман депутаты Джрафов қырғыздардың бірнеше болысында полицейлер мен казак отрядтары жасап жүрген басызыдатар туралы Зайсан уезінен келген хатты оқып берді. Патша әскерлері көтерілісшілерді қанға бөктіріп жазалауды жүзеге асырған кезде «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан интеллигенция жазалаушылардың айуандығына қарсы наразылық үнін көтерді. IV Мемлекеттік Думаның жұмысы ашылар алдында Ә. Бекейханов жазалаушылардың айуандығы туралы жинастырылған құжаттар негізінде депутаттарға сауал салу үшін Санкт-Петербургта барды. «Қазақтың» 209-нөмірінде сауалдың Мемлекеттік Думаға 1916 жылғы 19 қарашада түскені, бірақ «қазақтардың сауалы жабық талқыланғандықтан, депутаттардың сөйлеген сөздерін жариялау мүмкін емес» екендігі туралы хабар жарияланды¹.

Патша әкіметінің отаршылдық саясатына Ресей парламентінде айтылған қатаң сын едәүір дәрежеде байырғы халық жөнінде патша үкіметі жүргізген геноцидті тоқтатуға бүкіл күш-жігерін жұмсаған қазақ интеллектуалдық беттеге ұстарлары қызметінің нәтижесі болатын. Өлкенің бейбіт, қаруызы тұрғындарын қорғау мақсатымен үлттық интеллигенцияның әкілдері сол кезеңде мүмкін болған барлық амалдарды пайдаланды. Алаш бағытындағы интеллигенцияның мобилизацияға қолға қару алып қарсылық, көрсетуге қарсы шыққанына қарамастан, тұрақты әскерлерге қарсы күш тен, емес соғыста жеңіліс табуға тиіс болған қазақ халқының болашақтағы қасіретті тағдыры жөнінде олардың орынды қауіптенгенін атап өтпеске болмайды. Патша үкіметі көтерілісшілерді аяусыз жазалап, бейбіт халықты шұрайлы жерлерінен айырып шөлдалаға тықсырды, жұз мындаған адамдарды Қазақстаннан ауа көшуге мәжбүр етті, енбекке жарамды ер-азаматтарды тылжұмысшылары ретінде майданға жіберді. Бұл шара қазақ қоғамының асыраушысынан айрылу аштан өлуге апарып соқтыратын едәүір бөлігіне ауыр соққы болып тиді. «Алаш» басшыларының халықтың қалың бұкарасын мобилизацияға қарсыласпай, жұмыскерінен айрылған әрбір отбасын аштық пен қайғы-қасіретке ұшыратпай мобилизацияны үйімшылдықпен әрі адаптізеге жан сала шақыруының сырлы нақосы түрғыдан қарағанда түсінікті болады. 1916 жылғы үлт-азат-

¹Национальные движения в условиях колониализма: Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ. Целиноград, 1991, 115-б.

тық қозғалысы кезеңіндегі алаш интеллигенциясы қызметінің ең басты лейтмотиви қайғы-қасіретке толықын кезеңде қазақ этносын сақтап қалу, оны аман алғып қалу идеясы болғаны анық.

Халқының болашағы үшін қатерлі күреске жалтақтамай, жаңқиярлықпен түсken қазақтың саяси көсемдерінің бірі М. Дулатов: «Сайланған «сары әскер» қарсылық қылған елдерге лек-легімен аттанып, қазақ-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға кіріспін еді. Он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейдегі ұлы төңкеріс болмаса, не болар еді?» – деп қуана жазды¹. Қазақтың ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдері Ресейдегі 1917 жылғы монархияны құлатқан Ақпан буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісін зор қуаныш және үлкен үмітпен қарсылық алды.

Бостандық, тенденциалық, ұлттық автономия идеялары жігерлендірген демократиялық интеллигенция өкілдері Уақытша үкіметтің қызметіне белсенді түрде араласа бастады. Ә. Бекейханов Торғай облысындағы Уақытша үкіметтің комиссары, сонымен қатар Түркістан комитетінің мүшесі болып бекітілді. М. Тынышбаев Түркістан комитетінің құрамына енгізілді². Уақытша үкіметтің жергілікті басқару органдарына Ахмет Бірімжанов, Фалиасқар Қуанышев, Балға Құрметов, Біләл Малдыбаев, Ахмет Кенесарин, Айдархан Тұрлыбаев, Мұхтар Саматов және басқа қазақ зияншылары тағайындалды.

Олар жалпы ұлттық проблемаларды шешуге айтартылғатай талпыныстар жасады. 1916 жылдың ойранынан зардап шеккен Торғай топырағында бейбітшіліктің орнауына Ә. Бекейхановтың, Жетісуда босқыншылыққа үшіраған қазақ және қырғыз халықтарына көмек үйімдастыруда М. Тынышбаевтың еңбегі зор болды³. Жалпы алғанда, Ә. Бекейхановтың төңірегіне топтасқан А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Ермеков, Ж. және Х. Досмухамедовтер, Ж. Ақбаев және басқа ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясы өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметі қазақ халқын отарлық езгіден азат етіп, егеменді ұлттық автономиялық мемлекет құруға бағытталды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылға Ақпан революциясының жеңісі Қазақстандың дүр сілкіндіріп, тарихи процестің дамуын жеделдете түсті.

¹Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті, 100-б.

²Нұрпейісов К. Алаш һем Алашорда, 17-б.

³Ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерінің Уақытша үкіметтің құрамындағы қызметі жайлы толығырақ қараңыз: Нұрпейісов К. Қөрсетілген еңбегі, 70-133-б.; Қойғелдиев М. Алаш қозғалысы, 214-293-б.

ҚОРЫТЫНДЫ

XIX–XX ғасырдың басы шебінде қазақ халқы өзінін тарихи дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Әлеуметтік-экономикалық және мәдени алмасу, ғасырлар бойы орын алғып келген дәстүрлі тіршілік шенберінен шығу дәүірі басталды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында түбекейлі өзгерістер белен алды. Қошпелі және жартылай қошпелі мал шаруашылығы қарастырылып отырған кезеңде дағдарысты жағдайға үшінрады, мұның өзі Қазақстанның Ресей экономикалық жүйесіне тартылуына байланысты болатын. Қошпелі шаруашылықтың дәстүрлі жүйесіне жерді қоныстандыру басқармасының қорына жаппай зорлап алу салқынын тигізді. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында реформауда және жасырын жүргізілген қоныстандыру қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелерін ете шиеленістіріп, қазақ ауылдарындағы ара-жіктің ажыратылуына әсер етті, өлкे өміріндегі қөптеген саяси мәселелерді, соның ішінде үлт мәселесін де ушықтырып жіберді.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында шаруашылық жүргізуінің нақты негіздері қиратылып, мұлік тенсіздігі есептүсті. Қазақтардың жайылымдық-қошпелі шаруашылығындағы жікке бөліну мал шаруашылығы дағдарысының елеулі кезеңдерінің бірі саналды. Малдың феодалдардың және қоғамының ауқатты бөлігінің қолына шоғырлануы жерді пайдалану мен иеленуде товар-акша қатынастарының бірте-бірте неғұрлым айқын көрініне әкеп соқты. 90-жылдарда қошпелілердің егіншілікпен амалсыздандының байқалды, негізінен алғанда олар қазақ халқының жарлы-жақынайлары болатын.

Қазақ халқының өмірінде әлеуметтік-саяси өзгерістер орнықты. Патша өкімшілігінің 1867–1868, 1886 және 1891 жылдардағы реформалары, басқару жүйесін қайта құруы өлкеде отаршылдық режимін біржола орнықтырыды. Соның салдарынан Қазақстан өзінің бостандығы мен тәуелсіздігінен толық айырылды.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Қазақстанда орнықсан отаршылдық өкімет жүйесі қазақ халқын ұлттық мемлекеттігінен айырып, жалпы өркениет процесіне

ұлттық негізде дамуға дербес қатысуға мүмкіндік беретін жолдардың бәрін кесіп тастады, сөйтіп қоғамның әлеуметтік-мәдени өлшемдеріне елеулі үйқсан келтіріп, оны ең жаңа тарихи кезеңде зорлап кеңестендіруге алғышарттар жасады.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында болған өзгерістер қазақ халқының рухани өміріне терең әсер етті. Саяси және экономикалық экспансияға қоса құлдыққа түсірушілердің мәдениеті күштеп таңылды.

Патша әкіметі қазақ халқын христиан дініне кіргізу ісін белсенді түрде жүргізді, бұл оның отарлау саясатының құрамдас бөлігіне айналдырылды. Ресей үкіметінің реакцияшылдық саясаты халыққа білім беру саласынан мейлінше айқын анғарылды. Қазақ халқының мұдделері мен құқықтарын елемей, патша әкіметі оның рухани дамуын әдей тежең отырды.

Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі түбірлі өзгерістер қазақ қоғамының қоғамдық санасында елеулі құбылыстар тууына жеткізді. Мұндай елеулі өзгерістер ұлттық сана-сезімнің оянуына себепші болып, қазақ қоғамында жаңа идеялар мен ой-пікірдің, көзқарастардың қалыптасуын белгілеп берді. Мәдениет түрғысынан алғанда дәүірдің жаңалығы ең әуелі әлеуметтік үстем топ өкілдерінің, азын-аулақ адамдар тобының европалық мәдениетті, жаңа буржуазиялық қазыналарды менгеруінен көрінді.

Қазақстанның қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірінде орын алған өзгерістер ұлттық интеллигенцияның жаңа сапалы легін дүниеге келтірді.

Ұлттық интеллигенцияның қалыптасу жолы бірдей болған жоқ, ол күрделі де үзак еді. Оның барысына отаршылдық режимнің жағдайлары, патша әкіметінің бағындырылған халықтар жөніндегі кемсітушілік саясаты тежеу салды. Бұл жағдай халық шаруашылығы саласының да, мәдениет саласының да мамандары санының өсуінен айқын көрінді. Солай бола тұрса да, XX ғасырдың басы халықтың интеллектуалдық күштері дамуында жаңа кезең санауды. Тағдыр ұлттық интеллигенцияның таңдаулы өкілдеріне мейлінше қатаңдық жасады: нақ солардың өз идеялары білімсіз қаранды халықтың негізгі бұқарасы тарапынан қасіретті түсінбестік туындаған жағдайда отаршылдарға қарсы тен өмес күресте өз халықын дәстүрлі мәдениеттен қиналмай шығарып, қазіргі өркениетпен араласуын қамта-

масыз етуге тура келді. Саны аз болғанына қарамастан, елдің тарихи дамуына бұл жаңа интеллигенцияның моральдық-психологиялық, және мәдени-саяси ықпалы зор болды.

Жаратылысынан дарындылық, шығармашылық ой құрылымы, ұлттың тағдыры үшін жауапкершілік, халықты рухани жағынан тулету жолында мүмкін болғаның бәріністеуге үмтүлу – интеллигенцияның өзінің қасиетті міндетін орындауға көмектескен айқындаушы мұраты осылар еді.

Қарастырылып отырған дәүірдегі қазақ интеллигенциясының адамгершілік көзқарастарының негізінде ең алдымен орасан зор азаттық сезім жатты. Толықжатқан интеллектілік қасиеттерді (акын, педагог, жазушы, ғалым және т. б.) тоғыстырған жеке адамдардың сан қырлы болуы да соңдықтан.

Озық ойлы ұлттық интеллигенция отандастарының ұлт болып топтасуында, олардың бойында өздерінің сан ғасырлық тарихы, өзіндік ерекше мәдениеті, әдебиеті, тілі үшін ұлттық мақтандырылғанда маңызды рөл атқарды. Сонымен бірге оның өкілдері ешқашанда ерекшелік, басқа ұлттардың рухани қазыналары мен дәстүрлеріне менсінбей қарау идеяларын жақтаған емес.

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, бостандық алу, отаршылдық езгіден азат болу, ғылым мен мәдениет жетістіктерінің көмегімен өркениетті, ізгілікті қоғам орнату – жас қазақ интеллигенциясы мен оның «Алаш» партиясының негізгі мақсатын міне осылайша сипаттауға болады. Большевиктерден айырмашылығы – олар таптарды қарама-қарсы қоюдан, бір таптың диктатурасынан бас тартты, өйткені оларға зорлық-зомбылық жат болатын (мұның өзі жалпы интеллигенцияға тән). Сол себепті де олар 1917 жылғы социалистік революцияны зорлық-зомбылық деп қабылдап, қолдау көрсетуден бас тартты, оны патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының жалғасы деп бағалады. М. Дұлатов социалистік революция шеруінен кейін былай деп жазған: «Большевиктер халықтардың дәстүрін, әдет-ғұрпын, психологиясы мен тұрмысын бір күнде өзгертуге болмайтыны туралы идеяға қарсы шығады. Олар әкімет басына қырып-жою жолымен келді. Қоғамда байлардың да, кедейлердің де болмауы, қоғамның барлық мүшелеірінің тату-тәтті тұруы туралы ой – ең қастерлі ой. Бірақ ол әлі де алыста жатыр. Бұл арманды шындыққа айналдыру үшін адамзатқа ғасырлар керек. Бұған Еуропаның өркениетті елдері тамаша дәлел бола алады»¹.

¹Дұлатов М. Мемлекет іci // Қазақ, 1917, № 248.

Большевиктердің социализм идеяларын жүзеге асырудығы қателіктерін қазақ интеллигенциясы революцияның алғашқы күндерінде-ақ көре білді. Большевиктердің: «Шаруаларға жер берілсін», «Халықтарға бейбітшілік берілсін», «Аштарға нан берілсін» деген қарапайым, бірақ иланымда да дәлүран жамылған әділеттілік идеясы Ресейдің еңбекші бұқарасын шынында да баурап алды. Бірақ ол ерекше объективті жағдайда, халықтың белгілі бір мәдени деңгейі мен саяси сана-сезімі жағдайында игерілді. Бұқара арасында әділеттілік пен тәндікке кедейліктің әлеуметтік-экономикалық түп-тамырын жоюдан гөрі, байларды экспроприациялау мен олардың мүлкін жайғана қайта бөлу арқылы қолжеткізуғе инетінің күшті көріні, сөз жоқ, саяси мәдениет деңгейінің төмен болуына байланысты еді. А. Байтұрсынов большевиктер қызметінің нақосындағы жағына баса назар аударды. Большевиктер партиясының ұрандарына ерген шаруалардың саяси мәдениеті деңгейінің төмен екендігін атап көрсете келіп, ол былай деп жазған: «Социалистік революцияның нәтижесінде Ресей ұлы дер жава ретіндеғана емес, мемлекет ретінде де өмір сүруден қалды. Халық ақшасы талан-таражға салынды, өнеркәсіп тоқтап қалды, ғалымдар мемлекет ісінен шеттетілді!»¹.

Қазақ интеллигенциясының көшбасшылары большевиктердің ең басты кемшіліктерінің бірі ғылыми интеллигенцияны оқшаулау, большевиктердің пролетариат диктатурасын жариялауы және қоғамның басқа топтарына қарсы терроршылдық құралдар қолдануы деп санады.

Терроршылдық, зорлық-зомбылық, қазақ зиялы қауымын қорлау олардың көшбасшыларының Қазан революциясы идеяларын түсінбеуіне, қабылдамауына, қолдамауына себеп болды. Олар мұны кейін, В. И. Ленинмен кездесіп, «Алашорда» үкіметі танылған сонғана түсінді. Бірақ бұл социализм идеялары мен большевиктер партиясын сезіз қолдау емес-ті. Тіпті кеңес әкіметін танығаннан кейін де қазақ интеллигенциясының көрнекті әкілдері өз халқының тағдыры үшін зор жауапкершілікті сезініп, коммунистерді сынауын тоқтатқан жоқ.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясы адамдардың санасына ықпал ету, ойлау сипатын кемелдендіру, оларды қоғам құрылышын өзгерту процесіне дайындау, болашақтағы тәуелсіз, еркін қазақ мемлекетін құрушулады тәрбиелеу сияқты қыын міндеттер атқарды.

¹Байтұрсынов А. Асу керек // Абай, 1918, № 7.

«Мың, өліп, мың тірілген» қазақ халқының, оның, зиялы қауымының ел тәуелсіздігі жолындағы ұлы құресінің ең бір шарықтау шегі және құрбандыққа бастарын тіккен қаралы кезеңі де біз сөз еткен осы тұста дәл келеді.

Тарихтың ұлы көші үздіксіз алға жылжыған сайын бүгінде Тәуелсіздіктің көк байрағын көккө биіктете көтеріп отырған әр үрпақ, ел азаттығы үшін қанын да, жанын да қонға салған Әкелері мен Бабаларының ұлы ерлігін тарихымыздың бетіне мәңгілік өшпестей жазып қалдыра...

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

Деректемелер

Алаш-Орда. Сборник документов. Составитель Н. Мартыненко. Алматы: Айкап, 1929; переиздание 1992. - 192 с.

Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. Оренбург, Тип. П. П. Ефимовского-Мировицкого, 1879. - 63 с.

Аничков И. В. Киргизская былина о героях Ир-Назаре и Бикете. Казань, Типо-литогр. имп. ун-та, 1896.

Букварь для киргизов. Оренбург, Типо-литогр. Б. А. Бреслина, 1897.

Восстание 1916 года в Казахстане. Документы и материалы. Алма-Ата, 1947.

Добросмыслов А. И. Материалы по истории России. Сборник указов и других документов, касающихся управлению и устройства Оренбургского края. Т. 1. Оренбург, 1900.

Ильминский Н. И. Самоучитель русской грамоты для киргизов. Казань, Типо-литогр. М. А. Чирковой, 1894.

Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Наука, 1964.

Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб., изд. А. Ф. Девриен, 1910. - 188 с.

Кустанаев Х. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. Ташкент, 1894.

Макшеев А. И. Географические, этнографические и статистические материалы о Туркестанском крае // Записки Русского географического общества по статистике, 1871, т. II.

Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. Алма-Ата, 1960. - 441 с.

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные по обследованию степных областей под руководством Ф. Щербины: а) т. I. Кокчетавский уезд. Воронеж, 1898. б) т. II. Атбасарский уезд. Воронеж, 1902. в) т. III. Акмолинский уезд. Воронеж, 1902. г) т. IV. Павлодарский уезд. Воронеж, 1903. д) V. Кустанайский

уезд. Воронеж, 1903. е) т. VI. Каркаралинский уезд. Воронеж, 1905. ж) т. VII. Актюбинский уезд. Воронеж, 1903. з) т. VIII. Зайсанский уезд. СПб., 1905. и) т. IX. Усть-Каменогорский уезд. СПб., 1905. к) т. X. Семипалатинский уезд. СПб., 1909. л) т. XI. Омский уезд. М., 1902. м) XII. Петропавловский уезд. Чернигов, 1908.

Мушкетов И. В. Сборник документов. Ташкент, Госиздат, 1960.

Остроумов Н. П. Исламоведение. Введение в курс исламоведения. Ташкент, изд. «Туркестанские ведомости», 1914.

Харузин А. Н. Киргизы Букеевской орды (Антрополого-этнополитический очерк). М., Типография А. Левенсон и К°, 1889.

Архивтік қорлар

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві: 4-қор - Орынбор қырғыздарының облыстық басқармасы; 19-қор - Жетісу облыстық қоныстандыру басқармасының менгерушісі; 25-қор - Торғай облыстық басқармасы; 33-қор - Сырдария облыстық қоныстандыру ісінің менгерушісі; 78-қор - Ішкі қырғыз ордасын басқару жөніндегі уақытша кеңес; 64-қор - Дала генерал-губернаторының кеңесі; 90-қор - Түркістан өлкесі Жетісу халық училищелерінің инспекторы; 121-қор - Түркістан епархиялық училищелер кеңесі; 234-қор - Жетісу православиелік бауырластығының кеңесі; 643-қор - Петропавл уездік қоныстандыру басқармасы; 369-қор - Ақмола облыстық басқармасы; 460-қор - Семей облыстық басқармасы; 387-қор - Семей облыстық діни басқармасы және басқа қорлар.

Зерттеулер

Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Фылым, 1977.

Абай. Энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, Атамұра, 1995. - 720 бет.

Абжанов, Х. М., Гуревич Л. Я. Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность. Алма-Ата: Фылым, 1992. - 48 с.

Абылхожин Ж. Б. Традиционная структура Казахстана: социально-экономические аспекты функционирования и трансформации. Алматы: Фылым, 1991.

«Айқап». Энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1995. - 368 бет.

Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. - 560 бет.

Алқаласа әлеумет. Алматы: Ғылым, 1991. - 135 бет.

Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы: Қаз-
мемокупедбас, 1955. - 218 бет.

Амелин П. П. Интеллигенция и социализм. Л.: Изд-во
ЛГУ, 1970. - 151 с.

Амрекулов Н. А., Масанов Н. Э. Казахстан между про-
шлым и будущим. Алматы, 1994. - 208 с.

Аравин П. Степные созвездия: очерки и этюды о казах-
ской музыке. Алма-Ата: Жалын, 1979. - 184 с.

Аргынбаев Х. А. Историко-культурные связи русского
и казахского народов и их влияние на материальную куль-
туру казахов в середине XIX и начале XX века. Труды Ин-
ститута истории, археологии и этнографии АН КазССР, т. 6.
Алма-Ата, 1959.

Асфендияров С. Д. История Казахстана (с древнейших
времен). Второе издание. Под ред. проф. А. С. Takenova.
Алматы: Қазақ университеті, 1993. - 304 с.

Ахмедов F. Алаш «Алаш» болғанда. Алматы: Жалын,
1996. - 224 бет.

Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті. А.: Қазақстан, 1993. - 168
бет.

Әбжанов Х. Мәдени құрылым ақтандықтары // Қазақ
тариҳы. 1993, № 3.

Әбжанов Ҳ., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен
мәдениеті туралы. Алматы, 1992.

Әсіп С. Қазақ қасиretі. Алматы: Қазақстан, 1994. - 304
бет.

Әуезов М. Әдебиет тариҳы. Алматы: Ана тілі, 1991.

Әуезов М. Ақаңың елу жылдық тойы (юбилей) // Байт-
ұрсынов А. Ақ жол. А., 1991, 17-20-беттер.

Әуезова Л. М. М. О. Әуезов творчествосында Қазақ-
стан тариҳының проблемалары. Алматы: Мектеп, 1977. -
272 бет.

Бабаджанов М. С. Сочинения. Алматы: Санат, 1996. -
144 с.

Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы: Жалын, 1991. - 464 бет.

Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. - Соч. Т. II,
ч. 1. М.: Наука, 1963.

Бартольд В. В. История Туркестана. - Соч. Т. II, ч. 2. М.:
Наука, 1964.

Бейсембиев К. Из истории общественной мысли Ка-
захстана второй половины XIX века. Алма-Ата: Наука, 1957.
- 212 с.

Бейсембиев К. Очерки истории общественно-полити-
ческой и философской мысли Казахстана. Алма-Ата: Ка-
захстан, 1976. - 428 с.

Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России.
М.: Изд-во АН СССР, 1957. - 340 с.

Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40-е годы XIX века.
Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. - 400 с.

Бекмаханова Н. Е. Многонациональное население Ка-
захстана и Киргизии в эпоху капитализма. М.: Наука, 1986.

Бесғасыр жырлайды. З томдық. Алматы: Жазушы, 1989.

Бекейхан Ә. Таңдамалы. Алматы: «Қазақ әнциклопе-
диясы» Бас редакциясы, 1995. - 478 бет.

Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды.
Алма-Ата, 1935.

Бурабаев М. С. Общественная мысль Казахстана в
1917-1940-е годы. Алма-Ата: Ғылым, 1991. - 254 с.

Бурабаев М. С., Сегизбаев О. А. Идейные связи обще-
ственно-философской мысли Казахстана и России. Алма-
Ата: Наука, 1987. - 232 с.

Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. Т. I-V. Алма-Ата:
Наука, 1961-1970.

Вопросы историографии и источниковедения Казах-
стана. Алма-Ата: Наука, 1988.

Востров В. В., Муканов М. С. Родоплеменный состав и
расселение казахов (конец XIX - начало XX в.). Алма-Ата:
Наука, 1968.

Галиев В. З. Ссыльные революционеры в Казахстане.
Алма-Ата: Казахстан, 1978. - 180 с.

Галиев В. З. Караванные тропы. Алматы: Атамура, 1994.
- 128 с.

Галузо П. Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в
1867-1914 гг. Алма-Ата: Наука, 1965.

Грамши А. Тюремные тетради. М.: Политиздат, 1991.

Григорьев В. К., Шапорев Ю. Фрагменты времени. - «О
чем не говорили». Алма-Ата, 1990. - 86 с.

Гуревич Л. Тоталитаризм против интеллигенции. Алма-
Ата, А/О «Караван», 1992. - 146 с.

«Дала уалаятының газеті». Алматы: Ғылым, 1992. - 576
бет.

Джумагулов К. Т. Ибраї Алтынсарин и развитие куль-
туры казахского народа. Алма-Ата: Казахстан, 1984.

Джумалиев К. Очерки по истории казахской дорево-
люционной литературы. Алма-Ата: Мектеп, 1968. - 224 с.

Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991. -
132 бет.

- Дулатов М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. - 382 бет.
- Дулатов М. Шығармалары. I және II томдар. Алматы: Ғылым, 1997.
- Еренов А. Очерки по истории феодальных земельных отношений у казахов. Алма-Ата: Наука, 1960.
- Ерзакович Б. Г. В созвездии музыкальных культур. Алма-Ата: Казахстан, 1978.
- Ерман Л. К. Интеллигенция в первой русской революции. М.: Наука, 1966. - 373 с.
- Жданко Т. А. Специфика этнических общностей в Средней Азии и Казахстане (XIX – начало XX в.) // Расы и народы. М.: Наука, 1974.
- Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. - 346 бет.
- Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет мәселелері. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1958. - 308 бет.
- Зарождение идеологии национально-освободительного движения (XIX – начало XX в.). М.: Наука, 1973.
- Зиманов С. З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. Алма-Ата: Наука, 1958.
- Зиманов С. З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX в. Алма-Ата: Наука, 1960. - 296 с.
- Зиманов С. З., Идрисов К. З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. Алма-Ата: Наука, 1989. - 168 с.
- Знаменский О. Н. Интеллигенция накануне Великого Октября (февр.-окт. 1917 г.). Л.: Наука, 1988. - 349 с.
- Игibaев С. К. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана (1861–1917). Алматы: Ғылым, 1991.
- Ислам. Энциклопедия. Алматы: «Қазақ әнциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. - 286 бет.
- История и историография национально-освободительных движений второй половины XIX – начала XX в. в Средней Азии и Казахстане: итоги, поиски, перспективы изучения. Ташкент, 1989.
- Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995. - 352 с.
- Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сборник статей. Алматы, 1993. - 168 с.
- Какишев Т. Поступь. Алма-Ата: Жазушы, 1987. - 318 с.
- Канапин А. К., Яндаров А. Д. Расцвет культуры казахского народа. Алма-Ата: Казахстан, 1977. - 254 с.

- Карагусов Ж. Казахская советская интеллигенция, рожденная Октябрьем. Алма-Ата: Казгосиздат, 1960. - 142 с.
- Касымбаев Ж. К. Семипалатинск в канун Октябрьской революции. Алма-Ата, 1970.
- Кекішев Т. Садақ. Алматы: Жалын, 1986.
- Козыбаев М. К. История и современность. Алма-Ата: Наука, 1991.
- Козыбаев И. М. Историография Казахстана. Уроки истории. Алма-Ата: Рауан, 1992.
- Козыбаев И. М. Историческая наука Казахстана (40–80-е годы XX века). Алма-Ата, 1992.
- Кудаш С. По следам юности. Рассказы о прошлом. М.: Советский писатель, 1968. - 198 с.
- Қазақ ССР тарихы (қөне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. III том. Алматы: Ғылым, 1982. - 560 бет.
- Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы: Дәуір, 1993. - 446 бет.
- Қазақтың халық творчество. Алматы: Ғылым, 1989.
- Қозыбаев М. Қ. Ақтаңдақтар ақыраты. Алматы: Қазақ университеті, 1992.
- Қойгелдиев М. Отаршылдықта қарсы күрес кезендері. - «Қазақ тарихы», 1993, № 1.
- Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. - 368 бет.
- Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? Алматы: Ана тілі, 1993.
- Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988. - 560 бет.
- Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. Алматы: Жеті жарғы, 1996.
- Құрманғазы. Сарыарқа. Алматы: Өнер, 1995. - 192 бет.
- Лейкина-Свирская В. Р. Интеллигенция в России во второй половине XIX в. М.: Мысль, 1971. - 346 с.
- Лейкина-Свирская В. Р. Русская интеллигенция в 1900–1917 г. М.: Мысль, 1981. - 285 с.
- Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы: Санат, 1996. - 656 с.
- Масанов Э. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата: Наука, 1966.
- Мустафина Р. Представления, культуры, обряды у казахов. Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 172 с.
- Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы. Алматы: Атамұра, 1994. - 80 бет.

- Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы: Атамұра, 1993. - 128 бет.
- Национальные движения в условиях колониализма: Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ. Материалы Всесоюзного «круглого стола» 27–28 июля 1990 г. Целиноград, 1991. - 120 с.
- Нұрпейісов К. Әлімқан Ермеков ОГПУ төргеушілері алдында. – «Ақиқат», 1993, № 4.
- Нұрпейісов К. Ұлт-азаттық күрес және «Алаш» қозғалысы. – «Ақиқат», 1996, № 6.
- Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. - 256 бет.
- Нұрпейісов К., Құлженов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. Алматы: Санат, 1996. - 176 бет.
- Өтенияз С. Шоқан өсken орта. Алматы: Ғылым, 1995. - 200 бет.
- Потапов Л. Н. О сущности патриархальных отношений у кочевых народов Средней Азии и Казахстана. – Вопросы истории, 1954, № 6.
- Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч. V. СПб., 1875.
- Радлов В. В. Из Сибири. М.: Наука, 1989.
- Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. А.: Наука, 1950. - 44 с.
- Сапаргалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1966. - 396 с.
- Сегизбаев О. А. Традиции свободомыслия и атеизма в духовной культуре казахского народа. Алма-Ата: Наука, 1973. - 168 с.
- Сегизбаев О. А. Казахская философия. Алматы: Ғылым, 1997.
- Субханбердина Ү., Сейфуллина Д. С. Қазақ кітabyның шежіресі. 1807–1917. Алматы: Рауан, 1996. - 286 бет.
- Сулейменов Б. С. Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX – начале XX века. Алма-Ата: Наука, 1963.
- Сулейменов Б. С., Басин В. Я. Восстание 1916 года в Казахстане (причины, характер, движущие силы). Алма-Ата: Наука, 1977. - 166 с.
- Сулейменов Р. Б. Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1972. - 494 с.
- Султанов Т. И., Кляшторный С. Г. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: Рауан, 1992. - 375 с.
- Тажибаев Т. Т. Просвещение и школы Казахстана во

второй половине XIX века. Алма-Ата: Казгосполитиздат, 1962.

Тастанов Ш. Ю. Казахская советская интелигенция (проблемы становления и развития). Алма-Ата: Наука, 1982. - 255 с.

Толыбеков С. Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века. Алма-Ата, 1971.

Торайғыров С. Екі томдық шығармалар. Алматы: Жазуши, 1967.

Турсунбаев А. Б. Казахский аул в трех революциях. Алма-Ата: Казахстан, 1967. - 484 с.

Турсунов Х. Т. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. М.: Знание, 1966.

Турсунова М. С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. Алма-Ата: Наука, 1977.

Тынышпаев М. История казахского народа. Алматы: Санат, 1993.

Ушаков А. В. Революционное движение демократической интелигенции в России. 1895–1904. М.: Мысль, 1976. - 239 с.

Федюкин С. А. Великий Октябрь и интелигенция. М.: Наука, 1972. - 471 с.

Федюкин С. А. Социалистическая революция в России и интелигенция. М.: Наука, 1980. - 238 с.

Хозяйство казахов на рубеже XIX–XX вв. Алма-Ата: Наука, 1980.

Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. Алма-Ата, 1960.

Шалекенов У. Х. Казахи низовьев Амударьи. Ташкент: Фан, 1966.

Шахматов В. Ф. Казахская пастбищно-кочевая община. Алма-Ата: Наука, 1964.

Шоқай М. Туркестанның қылы тағдыры. Алматы: Жалын, 1992. - 184 бет.

Шоқай Мұстафа, Шоқай Мария. Естеліктер. Стамбул, 1997.

Шортанбай. Алматы: Айқап, 1993. - 65 бет.

Мерзімді басылымдар

Журналдар

«Абай» – 1918 жылы М. Әуезов пен Ж. Аймауытов негізін салған әдеби-көркем журнал.

«Айқап» – Троицкіде 1911–1915 жылдар аралығында

шығып тұрған демократиялық-ағартушылық бағыттағы журнал. Шығарушы-редакторы – М. Сералин.

«Ақықат» – Үлттық қоғамдық-саяси журнал.

«Жұлдыз» – Ай сайын шығатын әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журнал.

«ҚазССР Ғылым Академиясының хабаршысы»

«ҚазССР Ғылым Академиясының хабарлары» (қоғамдық ғылымдар сериялары)

«Қазақ тарихы» – «Қазақстан мектебі» журналының екі айда бір шығатын қосымшасы.

Газеттер

«Ана тілі» – 1990 жылдан шығатын тіл және елтану апталығы.

«Жас алаш» – Үлттық тәуелсіз қоғамдық-саяси газет.

«Егемен Қазақстан» – Үлттық қоғамдық-саяси газет.

«Қазақ» – 1913–1918 жылдары Орынбор қаласында қазақ тілінде шығып тұрған газет.

«Қазақ әдебиеті» – Қазақстан Жазушылар Одағының органды.

«Қазақ елі» – Еларалық апталық газет.

«Түркістан» – Халықаралық тәуелсіз апталық газет.

МАЗМУНЫ

KIPIСПЕ	3
---------------	---

I тарау. ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ ҚАЛЫПТАС- УЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ АЛҒЫШАРТАРЫ

1. Қазақтың дәстүрлі шаруашылық өміріндегі өзгерістер	17
2. Қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси жағдайы	32
3. Қазақтардың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі мәдениеті	42

II тарау. XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ- НЫҢ РУХАНИ ӨМІРІ

1. Халықтың наым-сенімі. Діни конфессиялар	61
2. Қазақ халқы зايырлы өмірінің нысандары	73
3. Қазақ халқының Ресей халықтарымен рухани байла- ныстары	82

III тарау. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ ҚЫЗМЕТИНІҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЛАРЫ

1. Қазақстанның қоғамдық өміріне қазақ интеллигенция- сының қыпбалы	96
2. Қазақ интеллигенциясының қазақтың үлттық сана- сезімін қалыптастырудығы қызметі	108
3. Қазақ интеллигенциясының Ресей мен Қазақстан халықтарының саяси өміріне араласуы	124

ҚОРЫТЫНДЫ	143
-----------------	-----

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	148
--------------------------------	-----

ШЕГЫНГИ ТУРҒЫДА ДОМОКРАТИЯЛЫҚ-АДАРТУУШЫЛЫҚ БАСЫТТАМ
ЖУРНАЛ. ШЫГАРУШЫ-РЕДАКТОРЫ - М. СЕРАЛИН.
АДАРТУУШЫЛЫҚ АДАРТЫ - ҮЛТТЫҚ ТООАНДЫК «САСИ ЖУРНАЛ»
«ЖУЛДЫЗ» - АЙ САЙЫЛШЫГАТЫН ОДЕБИЙДОРКЕМ, КОГДА
ДЫКСАСЫН ЖУРНАЛ.
«КазССР» - МАССАРДЫК АДАРТЫ.
«КазССР» - МАССАРДЫК АДАРТЫ.
Ә. Б. ПІРМАНОВ, А. Т. ҚАПАЕВА
«КазАқ Интеллигенциясы»

«Атамұра» баспасының бас директоры
Мұхтар Құл-Мұхаммед

Редакторлары Т. Жексенбаев, Р. Райбаева
Техн. редакторы В. Голубцова
Суретшісі А. Ысқақов
Көркемдеуші редакторы Л. Полатова

«Атамұра» компьютерлік орталығында терілген.
Компьютерде беттеген Н. Развинавичене
Компьютерде терген Э. Омарова.

ИБ № 71

Теруге 19.05.97 қол қойылды. Басуға 30.07.97 қол қойылды. Пішімі
84 x 108 1/32. Гельветика гарнитурасы. Есептік баспа табағы
9,021. Шартты баспа табағы 8,4. Таралымы 5 000 дана. Бағасы
келісімді. Тапсырыс № 780.

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі,
157.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бүқаралық ақпарат
істері жөніндегі Үлттық агенттігінің Полиграфиякомбинаты.
480002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41